
ISSN 2788-659X

ASTANA ARHIVI
MEMLEKETTIK MEKEME



ARHİV HABARŞYSY

3
2026



Қазақ тілі қандай да бір әкімшілік, тіпті саяси мәжбүрлеусіз өрісі кеңейіп, көпшіліктің тіліне айналды. Әсіресе, жастарымыздың қазақ тілінде еркін, сауатты сөйлейтіні қуантады. Ана тіліміз мемлекеттік тіл ретінде сұранысқа ие, ұлттық мәдениетімізді, болмысымызды шырайлы да шұрайлы туған тіліміз арқылы көрсетеміз. Қазақ тілінде бір ауыз сөз айта алмау білімсіздіктің белгісіне айналды.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

ISSN 2788-659X

АРХИВ ХАБАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК,
АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 3 (23) /2026

2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығады

ВЕСТНИК АРХИВА

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ,
ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3 (23) /2026

Издается с 2021 года ежеквартально

Астана, 2026

ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ: «Астана қаласының Мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесі
ҒЫЛЫМИ ӘРІПТЕС: Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресі

Бас редакторы: **Бимолдин Ж.Б.**, Астана қаласының Мемлекеттік архивінің директоры

Бас редактордың орынбасары: **Қышқашбай Т.Ә.**, МАНПО академигі, п.ғ.д., профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Редакциялық кеңес мүшелері:

Есіркеп С.З.	Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы
Сыдықов Е.Б.	ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор, тарихшылардың ұлттық конгресі басқармасының төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филол.ғ.д., профессор
Аяған Б.Ғ.	ҚР ҰҒА құрметті академигі, т.ғ.д., профессор, Қазақстан тарихшылары мен қоғамтанушылары Академиясының, ҚР Саясаттану ғылымдары Академиясының академигі, ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары
Қабылдинов З.Е.	ҚР ҰҒА академигі, т.ғ.д., профессор, ҚР ҒЖБМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры
Көкебаева Г.К.	Т.ғ.д., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры
Курманов З.К.	Т.ғ.д., профессор, ҚТҚА академигі, Қыргызстан Республикасының СІМ Дипломатиялық академиясының ғылым жөніндегі проректоры
Ишанходжаева З.Р.	Т.ғ.д., Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетінің профессоры
Алпысбаева Г.А.	Т.ғ.д., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры
Мыңбай Д.К.	Техн.ғ.к., мемлекет және қоғам қайраткері
Годовова Е.В.	Т.ғ.д., Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының профессоры
Мусабалина Г.Т.	Т.ғ.д., МАНПО академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры
Шілдебай С. К.	Т.ғ.к., Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінің директоры
Сатаева С.А.	Т.ғ.к., архивтанушы, архив ісінің үздігі
Маликова С.З.	Т.ғ.к., Солтүстік Қазақстан облыстық Мемлекеттік архивінің директоры
Исахан Ғ.Т.	Архивтанушы, архив ісінің үздігі
Қақан Ж.С.	Астана қаласы мемлекеттік архивінің Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы, хатшы

Редакцияның мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, М. Әуезов көшесі, 3-үй
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 119, 134). E-mail: info@gosarhiv.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 14.10.2020 тіркелген, тіркеу № KZ04VPY00027990

© Астана қаласының Мемлекеттік архиві

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ЗЕРТТЕУЛЕР, МАҚАЛАЛАР, ІЗДЕНІСТЕР

Қамзабек Д.	Ақаң және ұлт қаламгерлері	5
Жұртбай Т.	Жан жегісі	8
Шәріп А.	Қазақ «қазақ» болғанда	22
Ишанходжаева З.	Культурное строительство в Узбекистане в 1930–1940-е годы: достижения и противоречия советской модернизации	31
Ильясова К.	Түркістан ұлттық комитетіндегі шығармашылық топтың қызметі	38
Мажитова Ж. ***Жалмурзина А.*** ***Бимолдин Ж.*** ***Жуматаева Б.***	Массовая иммунизация против дифтерии в Казахской ССР: эпидемиологические итоги 1958–1961 гг.	45

АРХИВТЕР СӨЙЛЕЙДІ

Кәрібай Е.	Көшпенділердің өлім жөнелту және кесене салу дәстүрі	70
Мүбәрәк К.	Қаған болған сахаба	90
Нұрасыл Б.	Ғұндар салған қала	99
Өскембаев Қ. ***Есқалиев С.***	Кеңестік биліктің 1920-1930 жылдардағы дінге қарсы науқаны: Қазақстан тәжірибесі	106
Қақан Ж.	Ақмола өңірі: 1929 жылғы арабшадан латыншаға көшу науқаны туралы	118
Ахмет Ә.	Қартқожа Тоғанбаев: тарихи тұлға, алаш зиялысы және қазақ ғылыми-аударма тілінің қалыптасуы	129

АРХИВ ІСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ және ІС ЖҮРГІЗУ

Исахан Ғ.	Қазақстанның тәуелсіздік қарсаңындағы және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы архив ісі: Марат Хасанаевтың қызметі	137
Құсайынова Т.	Ұлттық архивтің қалыптасу тарихы	144

БИБЛИОГРАФИЯ және СЫН

Дәлейұлы Ұ.	Дала империясының табиғаты: Мари Фаверо және Алтын орда феномені	149

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

АҚПАРАТ және ХРОНИКА

ӘЛЕМ АРХИВТЕРІНЕН

How fida funding helped strengthen archival risk management in Senegal 153

How pcom funding supported siati 2026 and archival cooperation across ibero-America 154

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ЕЛОРДАЛЫҚ АРХИВТЕРДЕН

Қараөткел – Астана: ғасырлар сабақтастығы 157

«Тарихтан тағылым, бүгінге тағзым, болашаққа бағдар» көрмесі 160

Қосшығұловтар әулетінің кәсіпкерлігі экранға жол тартпақ 162

Бабев И. Қазақстан ТМД елдерінің отырысында архив ісін дамыту тәжірибесін таныстырды 165

Дихан ҚАМЗАБЕКҰЛЫ,

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы,
профессор

АҚАҢ ЖӘНЕ ҰЛТ ҚАЛАМГЕРЛЕРІ

Большевиктік өкіметпен мәмілеге келу туралы алғашқы ойын Ахмет Байтұрсынұлы 1919 жылы 3 тамызда Мәскеуде шығатын «Жизнь национальностей» газетінде жариялапты. Тығырықтан жол іздеген ой, ұсыныс қашанда оңай емес. «Төңкеріс және қазақтар» («Революция и киргизы») атты мақаласында қайраткер Алаш пен большевизм арасындағы күрделі түйінді тарқатпақ болады. «Ақылға салайықшы, кімнікі дұрыс, кімнікі бұрыс?» деген ізгі пікірін ортаға салады. «Большевиктер қазақ қайраткерлерінің қызметін заңсыз деп тауып, әрқайсысының басын алғанға 25 мың рубльге дейін ақша тағайындады. Алаш Орда Орталық өкіметпен тікелей байланысқа шығып, келіссөз жүргізбек болды. …Жобаға жауап болмады. Ол жоба кеңес өкіметі жариялаған «Ресей халықтарының құқы» Декларациясының шеңберінде жасалған еді. …Біз әрі қарай не істерімізді білмедік», дейді Ақаң.

Аталған мақаланың айрықша жеңісі – жаңа өкімет басшылығына («Жизнь национальностей» газеті – Ұлт істері комиссариатының үні) қазақ халқының төңкерісті қалай қабылдағанын дәлелді түрде жеткізуі және большевизм қағидаларындағы қателіктерді ұғындыруы дер едік. Осы орайда А. Байтұрсынұлы былай деп жазды: «Қазақтар ақпан өзгерісін зор қуанышпен, ал қазан төңкерісін зор қорқынышпен қарсы алды. Алғашқысының қуанышты болатын себебі: біріншіден, ол халықты патшалық езгі мен зорлықтан құтқарды, екіншіден, елдің ежелден келе жатқан өзін-өзі билеу арманын жүзеге асыруға деген үмітті бекем етті. Екіншісінің түсініксіз болатынын дәлелдеу оп-оңай: қазақта капитализм де, таптық жіктеліс те, жекеменшік те жоқ. Мұнда ел мүддесі ортақ, игілік ортақ. Теория жүзіндегі социализм мен коммунизм туралы біз ойланған емеспіз, өйткені тіпті патша өкіметі тұсында орыс текті жұмысшылар мен крестьяндар иеленген азаматтық құқық қазақта іс жүзінде болған емес».

Ахмет мақаласының тұжырымы төмендегідей.

Біріншіден, жаңа өкіметтің ұраны – ізгі, көздегені теңдік болса, ол бәрін тең дәрежеде – шындықпен орайлас құрсын.

Екіншіден, теория – тәжірибенің арқасында ғана теория, ол қатып-сембеуі керек, ендеше көпұлтты мемлекет құру қисыны негізгі ұлттардың сұранымы мен мүддесін ескеруі қажет.

Біз Алаш зиялыларының патша өкіметі мен большевизм тұсындағы тактикалық әрекетін ұлттық мүдде қағидаты дей аламыз. Төңкеріс пен Алаш арасындағы «Қытай қорғанын» соңғысының теңдігін, мүддесін сақтай отырып қалай алып тастауға болатынын талқылаған А.Байтұрсынұлының ендігі бір елеулі еңбегі «Қалам қайраткерлерінің жайынан» деп аталады. Ол 1922 жылы 8 шілдеде «Еңбекшіл қазақ» (бүгінгі «Egemen Qazaqstan»)газетінде жарияланған. Бұл шақта Ақаң кеңестік биліктің мән-жайын өз көзімен көріп үлгерген еді.

Мақала мазмұнынан аңғарылатын жай: 1922 жылы маусым айында сол кездегі Қазақстан астанасы Орынборда жазушылар съезін өткізу көзделген. Бірақ белгіленген уақытта бар болғаны «үш-ақ кісі» келгендіктен, жиын өтпей қалған.

Әлбетте, бұл съезді жоспарлауға Алаш зиялылары мұрындық болған. Осылай деуге А.Байтұрсынұлының аталған мақаласы бұлтартпас дерек ұстатады. Тіпті осы еңбек съезде

жасалынуға тиіс бас баяндаманың қысқартылған нұсқасы да болуы мүмкін. Өйткені мұнда бағдар алар ой, ағымдағы мәселелер туралы тұжырымдамалар бар.

Алғаш «съезд не үшін керек еді?» деген сұраққа жауап іздейік. Мәскеу жақтан соққан пролеткульттің құбыла соққан желі шағында ақын-жазушылардың басын қосып, негізгі бағыттарды анықтау және оны кеңес өкіметінің шындығына сай құру маңызды іс болатын. Съезді шақыру осы қазақ әдебиетін қорғау мен қамқорлыққа алудың үлкен шарасы еді.

Бірақ осы игі іске, яки маңызды жиынға неге қаламгерлер жиналмады? Ахмет мақаласында ақын-жазушылардың келмеуінің төрт себебін былайша байыптайды: «…Бір жағынан жол қаражатына қаржы жоқтығы себеп болған шығар; екінші жағынан Жүсіпбек жолдас сияқты «керексіз сиез» деушілік те себеп болған шығар; үшінші жағынан қазақ қайраткерлерінің Орынбор қаласынан қараңғы үйден жаман қашатындығы себеп болған шығар; төртінші жағынан өзгеріс уақытында қайрат жолы өзгеріп, қарқын беті қайтқаны себеп болған шығар».

Ағартушы соңғы екі себеп («шығар») – шешуші себеп деген қорытынды жасайды. Бұлардан, Әлихан Бөкейхан жазатындай, «қаламның ұшын мүжілткен» (цензураны сездіреді) ой да аңғарылады. Қаламгердің «Орынбор қаласынан «қараңғы үйден жаман қашатындығы» дегені – ұғымды толықтырған нақыл ғана емес, белгілі бір мақсатты көздеген тұжырым. Яки Орынбордың қараңғы үй екені де рас, большевизм дүрбісімен қарағанда ұлтқа жанашыр жазушының жаман екені шындық. Ақаң тұжырымы «жаманды» кінәлап тұрған жоқ, жағдайды түсіндіріп тұр.

Ахмет Байтұрсынұлы – ағартушы күрескер. Сондықтан ол жаңа өкіметке және рухани мәселелерді саралауға қабілеті аз саясаткерлерге қазақ қаламгерлерінің қайдан және қайтіп шыққанын қарапайым тілмен, ретімен тәптіштеуді артық санамайды (ол шақта айрықша қазақша материалдар билік басындағы тілді білмейтіндерге аударылып берілген). Қайраткер былай деп жазады: «1) Қазақ қалам қайраткерлері орыстың қорлық көрген, таяқ жеген, орыстың табанында езілген жұрттан туған; 2) Қазақ қалам қайраткерлері қазақ басына қиын-қыстау бар заман түсіп, үстін торлап, қайғы бұлты қаптаған шақта шыққан».

Осы тезис – жоспарланған съезде Ақаң мәселені қай тұрғыдан қарастырмақ болғанын айқын аңғартады. Бұған қарап, ағартушыны қиялшыл (утопист) немесе кеңес шындығына мүлде қайшы ой айтушы деу қисынсыз. Қазақтың өз тағдыры һәм тарихы бар, сондықтан рухани мәселелері соған сәйкес шешілуі қажет деген пайым, түптеп келгенде, марксизм іліміне кереғар емес еді. Осы жайды А.Байтұрсынұлы төмендегіше түсіндіреді: «Құл болған халықтан туып, құлдықтың қорлық, зорлығын көріп отырып, қазақ қалам қайраткерлері қаламын ұлтының ауырын жеңілдету, ауруын азайту жолына жұмсамасқа мүмкін емес. Олай болмаған болса, онда табиғат заңынан тысқары, адамнан шошқа, шошқадан күшік туған сияқты болып шығады».

Ақаңның мақаладағы ділгір пікірі – төңкеріс пен Алаш жазушысының арасы. Қаламгер «әлімсақтан бері кәмөнест емес… қазақтың бауырмал қалам қайраткерін» төңкеріс неліктен дағдарғанын зерделейді. Дағдарысқа себепші – төтеннен басқа бағыттың басталуы екенін дәлелдейді. Осы ретте ол дағдарыс себебіне мән бермей, ұрандатуды қалаған шолақ белсенділердің жайын: «Қазақстанға ұлық болғандардың лағуы – төңкеріс болса, істің бәрі өзінен өзі өзгеріп кететіндей көруі. Қалыпты өзгертетін адамның ісі, яғни жұмсайтын күші, қайраты, ісі, білімі екендігін (олар) ойламады», деп сипаттайды. Қаламгердің пайымынша, осындайлардың артынан ерсе, қазақ ел болудан қалады. Жаңа өкімет қазақты құрту үшін құрылмағаны рас болса, төңкерісті төңкеру деп түсінетін ұлықтар бауырмал Алаш баласына ғана емес, кеңес билігінің өзіне де жау. Енді не істемекке керек? …Қазақтың көрген қорлығын, зорлығын айтатын адам болса, ауызға қағып сөйлетпейтіндей болды. «Қазақ өзгеріс үшін құрбан болса, несі құриды?» деуші болса, арқаға қағып, дұрыс пікір осы дейді. Солай болып тұрғанда қазақтың жұртшыл, ұлтшыл, бауырмал қалам қайраткерлері қалайша белсеніп, қалам қайратына кіріспек? Қалай қаламды қолға алуға көңілі ша¬уып, ықыласы түспек?» дейді Ақаң. Бұл – әрі сұрақ, әрі жауап.

Қоғамдағы күрделі үдерістерді тереңінен түсінген ағартушы: «Қалам қайраткері жолын тастап, көрінген жолаушыға ере беретін бұралқы ит емес. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері, я бояумен түсін өзгертіп, я тілеумен түгін өзгертіп бибауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бибауырмал үкіметтің ыңғайымен болып, қазақты басқалар пісіріп жесін, шикі жесін, үндемей қарап отыру керек, не бауырмал деген сөзді басқалар ауыр мағынада айтса да, қазақ азаматтары ауырламай, қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеуі керек», деп жазады.

Ағартушы билік басындағыларға мынаны ұсынады: біріншіден, қазақтың өз ішін теңестіру – елге «жік салу», одан гөрі мәдениетін өзге ұлттармен теңестіру қажет; екіншіден, үкімет «мәдениеті жетілгенше қазақты басқалардың зорлығынан қорғауы» жөн; үшіншіден, «қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады»; төртіншіден, «үкімет міндеті – қазақ қаламгерлерін өзге жұмыстан алып, өз жұмысына салу». Әрине, ағартушы бұларды билік тұтқасындағыларға ультиматум етіп қоймайды (жағдай мәлім). Ұсыныстың жеткізу барысында «қазақтың жақсы болмағына сен де мүдделі болсаңшы» дейді...

Шүкір, қазір өз қолымыз өз аузымызға жетті. Уақыт қай кезеңде де тіл, діл, жалпы руханият мәселесін орайлы шешуді қоғамға, атқарушы билікке жүктейді. Өзекті жайтты халыққа талдап-таразылап көрсету, қисайғанды іспен де, сөзбен де түзеу, жалпыұлттық мәміле жолын дәйектеу – ең әуелі зиялылардың, соның ішінде қалам ұстаған ағайынның абыройлы міндеті.

Большевизмнің күрделі кезеңінде жария етілген Ақаң ойы, тұжырымдамасы осыны айқындайды.

ХҒТАР 03.20

Тұрсын ЖҰРТБАЙ

филология ғылымдарының докторы, профессор,
алаштанушы, абайтанушы

ЖАН ЖЕГІСІ

Аңдатпа. *Мақалада 1921–1922 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылық, оның қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық жағдайына тигізген зардабы, сондай-ақ аштықпен күрескен ұлт зиялыларының қоғамдық қызметі қарастырылады. Автор ашаршылық жылдарында Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Әлихан Бөкейханов және басқа да Алаш қайраткерлерінің халықты аштықтан құтқаруға бағытталған қайырымдылық және ұйымдастырушылық жұмыстарын тарихи деректер негізінде баяндайды. Мақалада кеңестік билік органдарының ашаршылыққа қарсы жүргізген саясаты, көмек көрсету ісіндегі теңсіздік, ұлттық зиялыларды саяси құдалау және Жүсіпбек Аймауытовқа қатысты сот процесі талданады. Сонымен қатар архивтік құжаттар, мерзімді баспасөз материалдары, тергеу хаттамалары мен тарихи зерттеулер арқылы кеңестік жүйенің ашаршылық себептері мен салдарын түсіндіру тәсілдері сараланады. Зерттеу ұлт зиялыларының азаматтық ұстанымын, адамгершілік жауапкершілігін және халық тағдыры үшін күресін ашып көрсетуге бағытталған.*

Түйін сөздер: *1921–1922 жылдардағы ашаршылық, Алаш қозғалысы, қазақ зиялылары, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, аштарға көмек, кеңестік саясат, саяси қуғын-сүргін, тарихи деректер.*

М. Әуезовтің жеделхатын алысымен «Алашорданың» шығыс бөлімінің астанасы болып табылатын Семейдегі қайраткерлер ерекше белсенділік танытты. Қазақ елінің сол тұстағы шынайы рухани астанасы ретінде танылған және Сібір ревкомының, сол арқылы Ресейдің құрамынан шығу қозғалысы бастау алған бұл шаһарда «Алаш» идеясы әлі өшкен жоқ еді. Ертістің Сарыарқа жақ беті «Алаш» деп аталуы соның бір белгісі болатын.

Қазақ ұлтын сақтап қалудың бірден-бір жолы – ашаршылыққа қарсы күрес қозғалысы екенін түсінген Міржақып Дулатов бастаған Семейдегі алаш азаматтары бұл науқанға шұғыл кірісті. Бұған Орталық Атқару Комитетінің Әуезов пен Досов сияқты екі бірдей белді өкілінің келуі де қарқын берді. «Ашаршылыққа» қарсы күрестің ресми емес ұйымдастырушысы міндетін атқарған Жүсіпбек Аймауытов «Қазақ тілі» газеті арқылы салауат-сауынның екпінді жүргізілуіне зор үлес қосты.

Әттең, сол еңбектері үшін басы дауға түсіп, он жылдан кейін өлім жазасына кесілетінін Жақаң – Міржақып та, Жүсіпбек те білген жоқ.

Бұл науқаннан Меңдешев пен Жангелдин, Сейфуллин іспетті автономия басшылары тыс қалды. Мұның өзі олардың ел ішіндегі беделін түсірді. Қазақ оқығандары аштарға мал, азық-түлік жиып, еріні кеуіп ел аралап жүргенде пәуескемен серуен құрып, қыз айттырып жүрген сері «большевик» қайраткерлер де табылды. Мұның барлығын халық біліп, көріп отырды. Түскен беделін қалпына келтірудің қамын қарастырып, «Алашорданың» көсемдерін кеңес өкіметіне қарсы астыртын әрекет жасады-мыс деген желеумен Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовты түрмеге қамады.

Тергеушілердің 1921-1922 жылы астыртын: контрреволюциялық ұлтшыл төңкеріс ұйымдастыру үшін, Түркиядан астыртын келген Әнуар паша мен Заки Валидовтің басмашыларына қосылу үшін қазақ әскерін жинап, ел-жұртты соған үгіттеу мақсатымен қырға шыққан», деген бопсасын жоққа шығара отырып, М. Дулатов бұған ешкімнің атын атамай, сыпайы ғана:

«1921 жылы Торғай, Ырғыз, Қостанай уездеріндегі Орал губерниясының біраз бөлігіндегі тұрғындар аштыққа ұшырады. Мен Семейдегі «Қазақ тілі» газеті арқылы бірінші болып: қырдағы аудандардың темір жол торабына 400-500 шақырым қашықтықта жатқандығынан да және тұрғындардың шашыраңқы орналасқандығынан да мемлекеттік көмектің оларға толық жетпейтіндігін айтып: барлық қазақ қызметкерлері атқа мініп, ел аралап салауат-сауын (добровольные пожертвование) жиюы керектігі, жиналған малды қыр жолы арқылы аштық жайлаған аудандарға тура айдап апарудың әлде қайда тиімді болатындығы туралы бастама көтердім. Менің бұл ұсынысымды көпшілік те қабыл алды, осы мәселе жөнінде өткізілген мәжілісте бұл жобаны қолдады, кейіннен губерниялық Аштарға көмек комиссиясы мен оның орталық ұйымы да қостап, іске кірісу туралы рұқсат берді. Шұғыл кірісіп кетудің нәтижесінде 2-3 айдың ішінде 15 мың ірі қара жиналып, олар аз уақыттың ішінде аштыққа ұшыраған аудандарға жеткізіліп, халыққа бөлініп берілді. Бұл салауат-сауынның жетекшісі әрі ұйымдастырушысы ретінде мен жаз айында Семей губерниясының үш уезін аралап шықтым. Қырдан қайтып, Семей қаласына келген соң мені тұтқынға алды, ОГПУ-дің Қазақстандағы өкілінің бұйрығымен Орынборға жөнелтті, біраздан кейін босатты» [1.14-15], – деп баяндады.

Міне, коммунист-колонизаторлар мен кеңес өкіметінің және қазақ автономиясы атқару комитетінің өздері басқарып отырған халықты аштықтан алып қалған қайраткерлерге көрсеткен сыйы мен айтқан рақметі. Бір таңданарлығы, ашаршылыққа сол тұста партия мен мемлекеттің басында отырған Әліби Жангелдиннің, Сейтқали Меңдешевтің, Сәкен Сейфуллиннің (Бетпақдала) ауылдары ұшырап еді. Олар неге соншама салқынқандылық танытты, алаш азаматтарын тұтқындауға неге бөгет жасамады?

Өзге-өзге, дәл мұндай жауапты науқанның кезінде арандату мен алауыздыққа, аңдуға жол бермеуге олардың толық мүмкіндігі бар еді.

Мүмкіндіктері болды, бірақ істемеді. Бейне бір, ашаршылыққа ұшырағандардың қасіретінен ләззат алуына оларға көмектескен алашордашылар бөгет жасаған сияқты, оларға кектене қарап, жау ретінде құшырлана әшкерелеп жазды. Мағжан Жұмабаевтің ашаршылыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссияның төрағасының орынбасары ретінде атқарған игі істері профессор Зарқын Тайшыбайдың еңбектерінде байыппен жинақтала талданған. Біз автордың рұқсаты мен пұрсатын ала отырып, сол мәтінді назарға ұсынамыз:

З.Тайшыбай: *«Ақпан айында Қазақстанның аштық жайлаған солтүстік өңірінде жағдай тіпті асқынып кетті. Күн суытты. Жер-жерден үрейлі хабарлар келіп жатыр. Аштық пен ажал аранын ашып, Қазақстанның солтүстігінен, орталыққа қарай жылжи тарап барады. Оны тоқтатар күш жоқ сияқты.*

«Көкшетау уезіндегі 65 болыста аш-арықтар саны 150 мың адамға жетті, оның ішінде 130304 адам мүлде аш. Әсіресе, қазақ болыстары қатты күйзеліс үстінде» [19]. Аштар қайыңның қабығын, қарағайдың мүгін, тіпті ұн араласқан топырақты талғажау қылуға мәжбүр.

«Атбасар уезінде арам өлген малдардың терісін, сүйегін кеміруде» [20]. Іш сүзегі індеті жаппай таралуда, дәрігерлік көмек туралы айтуға да болмайды.

Атбасар уезіндегі Баганалы болысының қазақтары оңтүстікке, Түркістан өлкесіне ауа көшіп жатқаны туралы мағлұмат та осында. Олар қазіргі әкімшілік бөлісі бойынша Қарағанды облысына қарайтын Ұлытау өңірі, Сарысу өзенінің бойындағы наймандар, тарақты рулары болатын.

«Еңбекші қазақ» газетінің бетінде 1922 жылғы 21-ақпанда басылған мақаласында Ғаббас Тоғжанов былай деп жазды: «Бұрын қазақтың үйінде мамыражай тыныштық болатын, қымыз сапырылып, қазан қайнап, дастарханынан сарыла тұздықты қазы-қарта кетпеуші еді. Табын-табын жылқы, келе-келе түйе, мыңғырған қой мен сиыр даланың сәнін кіргізуші еді... Енді қазір қазақ сорлының азығы шөп-шалам, құрт-құмырсқа болды. Олар иттің етін, тышқанды азық қылып отыр...»

Ақмола губерниялық «Мир труда» газеті күн сайын аштыққа ұшыраған халықтың жағдайын айнадағыдай көрсетіп отырды. Тіпті, адам етін жеу көбейіп бара жатқан соң, Орынбордан Петропавлға келген жеделхаттың түрі мынадай:

«Аштыққа ұшыраған аудандарда кісі етін жеу фактілері кездесіп отырғандықтан, оған жол бермеу үшін НКВД мұндай адамдарды сотқа тартпай, әкімшілік жаза бермей-ақ қоюды ұсынады. Кісі етін жейтіндер ақыл-есі дұрыс емес деп танылып, жеке қамалсын, олардың есін осылай жиғызу керек».

1922 жылғы 30-қыркүйектегі мәлімет бойынша Ақмола уезінде ашарық ретінде 128 698, Көкшетау уезінде 20083, Атбасар уезінде 14585 адам тіркелген. Осы мерзімге дейін Ресей жақтан өз бетімен келген 10 мың босқын бұрынғы тұрған жеріне қайтарылды.

Жағдайды осындай шиеленіскеніне қарамастан, деп атап көрсетілді, тағы бір құжатта: «Орталық (Мәскеудегі үкімет билігі.-З.Т.) өзіміздің Ақмола губерниясындағы жергілікті халықтың аштан қырылып жатқанын мойындамай, үнемі қысым көрсетіп келеді. Орталықтың нұсқауы бойынша Орынборға бес мың пұт, Башқұрт Республикасына бір мың пұт астық жөнелтілді.

1922 жылдың алғашқы үш айында шамамен есептегеннің өзінде 440 мыңнан аса адам аштыққа ұшыраған» [21].

Мамырдың 5-күні Ақмола губерниясының орталығы Қызылжарға Қияқов деген қызметкер төтенше өкіл болып келді.

Сол күні аштыққа қарсы күрес жөнінде губерниялық төтенше комиссияның мәжілісі болды. Мәжілісте уездер бойынша қалыптасқан жағдай сараланды. Көкшетау, Атбасар, Петропавл уездерінде, Атбасар мен Ақмола қалалары маңайында орналасқан қазақ ауылдарының қиын жағдайы тұңғыш рет баса көрсетілді. Тұңғыш рет деп отырғанымыз, осы комиссияның архивте сақталған бүкіл іс-қағаздарын қарап шыққанымызда, бұл аймақтың аштық тауқыметін өзгелерден гөрі көп тартып отырғаны бұрын айтылмайтын. Қабылданған қаулының 5-ші бабында ПОМГОЛ комиссиясының құрамына қазақтардан адам кіргізу туралы Мағжан Жұмабаевтың өзі ұсыныс енгізген көрінеді. Бұл ұсыныс қабыл алынып, М.Жұмабаев аштыққа қарсы күрес комиссиясы төрағасының орынбасары болып бекітіледі [22]. Сол күні М.Жұмабаев Қостанай губкомының өкілдері ретінде Любимов пен Клочковты Семей губерниясына іс-сапарға жіберу қағазына қол қояды. Ертеңіне, ягни, мамырдың 6-күні Иван Михайлович Бебен мен Георгий Елисеевич Сальниковты Петропавл уезі Вознесен болысы Надежда поселкесінің өкілдері ретінде Ақмола уезіне мал мен астық жинауға жіберіп, мандаттарына қол қояды. Мамырдың 22-күні Бигозин Ғалымның Атбасар уезіне өкіл болып баратын мандатына қол қояды. 1922 жылғы 9-маусым күні ПОМГОЛ төрағасының орынбасары Жұмабаев губерниялық әскери комиссар Приморскийге қазақтың 100 жетім баласын және мүмкін болғанша орыс балаларын қамқорлыққа алуды сұрап, хат жолдайды.

1922 жылғы 11-маусым күні Мағжан «Мир труда» газетіне мақала жазып, қазақ даласындағы аштықтың тұтас ұлтқа қатер төндіріп отырғанын көрсетіп, орыс тілді қауымға ащы шындықты жайып тастайды. Мағжанның ой жүйесінен хабар беретін, қарасөздегі қалам-қайратын көрсететін бұл мақаланы тұтас келтірдік.

«Сарыарқадағы аштық

«Еділ қатса, кім кешпес, Едіге өлсе, кім келмес?». Әзір Еділ қатпайды, әзір Едіге өлмейді, Еділдің ханы Едіге өлсе күн сөнеді, ай тұтылады.

Тарих тереңінен ұмытылмай келе жатқан осы бір қанатты тіркестер қазақ халқының тағдырында Еділдің қандай орын алатынын, қазақтың Сарыарқасы мен мол сулы Еділ дариясының үзілмес байланысын көрсетеді. Еділ жағасында басталған алапат аштық алып өзеннің алабындағы қалың елді жайпап, Сарыарқаның маң даласына келіп жеткелі де бірталай болды. Қазақтың тұтас өңірі Орынбор мен Бөкейлік, Ақтобе мен Орал, Қостанай губернияларындағы қазақ ауылдары аранын ашқан аштықпен алысып, діңкесі құрыды. Бұл елдердің бір кезде қазы мен қарта шайнаған қазақтары тышқан аулап, иттің етін азық қылатын жағдайға жетті, сапырылған сары қымыз көзден бір-бір ұшып, құрттап кеткен құдықтың, сасыған шалшықтың борсыған суымен сусындауда.

Өңсіз-түссіз, бетінен қаны қашқан тірі аруақтар шетсіз-шексіз далаға қаңғып кетті, олар саршұнақ аулап, әлі біткен жерде құлап жатыр, сол саршұнақтарға өздері де жем болуда. Тамақты таңдап, талғап ішетін қазақ малдан жұрдай болып, өлексеге таласуда. Бірінің етін бірі жеуден тайынбайды. Аранын ашқан аштық ақырын жылжып, біздің губернияның шебіне кірді.

1921 жылдың күзінен біздің Ақмола губерниясы аштықтың қанды шеңгеліне ілікті. Екі жылдан бері жоғарыда айтылған губерниялардағы бауырларымыздың басындағы қасірет бізге де келді. Менің алдымда Петропавл және Көкшетау уездеріндегі қазақ болыстарынан келген ресми хабарлар жатыр. Еменәлі болысының төрағасы жазады: «Біздің болыста аштық 1921 жылдың қарашасына қарай тіпті асқынып кетті. Күзге дейін тігерге тұяғы қалмаған халық ұрлыққа бет қойды. Былтырғы алапат жұттан малдың үштен екісі қырылып қалған болатын. Адамдар ісіп-кеуіп өліп жатыр. Қарашаның қысынан мамыр, көктемге дейін 270 адамның аштан өлгенін қағаздадық...»

Сарыайғыр болысынан: «Қаңтардан мамырға дейін 72 адам өлді, аштық күннен күнге қысып барады. Сәуірдің сары аязында қалған мал қырылды. Ұрлық белең алып кетті».

26-қазақ мектебінің мұғалімі Ізбасаров Петропавлдан 18 шақырым жердегі Байғабыл ауылының жайы туралы былай деп жазыпты: «Байғабылда 40 шақты түндік кедей-жатақ бар еді, былтырғы жұт оларды тұралатып кетті. Бір қыста 17 адам аштан өлді. Малсыз ауылдың адамдары босып қалаға кетті, қаңғып жүріп көшеде өліп жатыр...»

Көкшетау уезінің Бәйімбет және Айыртау болыстарынан да осындай суық хабар алып отырмыз.

Ақмола және Атбасар уездерінен әзір хабар жоқ. Тек таяуда Ташкенттің «Ақ жол» газетінде Ақмола уезі Шу ауданының екі қазақ болысы Түркістан республикасының Әулиеата, Шымкент және Түркістан уездеріне тік көтеріліп ауып келді деген ақпар басылды.

Осы айтылғандардың өзі-ақ қырдағы қазақтардың қайғылы халін көрсетеді. Жалғыз Семей губерниясын қоспағанда Каспийден Ертіске дейінгі аралықтағы бүкіл Сарыарқа өңірі аштыққа ұшырап отыр. Мал қырылып, елдің берекесі кетті, бұлай бола берсе, бірнеше миллион қазақ құрып бітер күн де алыс емес. Алайда, осы жағдайды басқа жұрт біле ме? Өкінішке қарай қалың қауым нақты жағдайды білмейді.

Ал, енді осындай қанды қырғынның себебі неде? Былтыр, Еділ бойы ашыққанда бүкіл Ресей дабыл қақты. Кең арналы Еділ бүкіл елді дүр сілкіндірді. Өйткені, Еділ орталыққа жақын, екіншіден, Еділ бойы халқының қазақтардан гөрі көзі ашық, әлбетте, мәдениетті халық басқаларға өз сөзін тыңдата алады. Ал, бұған керісінше, қасіретке мойын ұсынып, үн шығармай жатқан Сарыарқа, сол аштықпен арпалысуда, қауқары біткен соң жеңіліп, тұяқ серіппей жан тапсыруда.

Аштық қабырғаға батқанда адамның есі кетеді, шырқырап жан даусы шығады, осындай кезде басқалар Сарыарқа ұлының ыңырсып қана жан тәсілім бергенін байқамайды. Мәдениетті қала адамы айқай-шу көтеруге бейім, ол өзінің осы шуымен Сарыарқаның әлсіз ғана ыңқылын басып кетеді, естіртпейді. Міне, қазақ даласындағы аштық сұмдығын орыс жұртшылығы білмеуінің бір себебі осында.

Әйтеуір, қандай себеп болса да, нақты жағдай осындай, басқаша емес. Аштықтың ауыртпалығынан ауыл құрып барады, ал қазақ халқы адамдық бейнесінен ада болуда.

Мен бұл сөздерді жазғанда Сарыарқадағы аштық Еділ бойындағыдан да алапат дегім келмейді, деген болсам, ақиқаттан аттаған болар едім. Айтпағым мынау ғана: Сарыарқа дабыл қақпаса, ол тойғандықтан, немесе жаны жай тапқандықтан емес.

Байлыққа бөккен, қырғыз-қайсақтың берекелі, Екатерина заманындағы, Жиделібайсын өлкесі деп қарамайық оған.

Сары қымызы өзендей сарқыраған, сүрленген еті тау-тау болып үйіліп жататын Сарыарқа жоқ. Сарыарқаның жан күйзелісіне құлақ салып, қазақ халқының ауыр ыңырсыған, азалы үнсіздігін түсінетін кез келді.

Мағжан
11-шілде, 1922 жыл»[9.294-299].

Мағжанның мұндай сауапқа толы жанкешті ісі большевиктік белсенділерге жақпады, олардың өлермендік өшпенділігін туғызды. Сол ашаршылыққа қарсы күресуге тиісті және аштардың өліміне тікелей жауап беретін азық-түлікпен қамтамасыз ету жөніндегі губерниялық комиссияның төрағасы әрі талантты қалам иесі (!) Сабыр Шәріпов Мағжанның бар жақсылығын жоққа шығарып: алашордашылар аштарға көмектесу арқылы өздерінің ұлтшылдық ықпалын жүргізуге тырысты деген сықпытта мақала жариялады.

Соның ішінде, көктемнен бастап бүкіл Семей губерниясын аралап мал жиып, Сарыарқаны кесіп өтіп, жердің түбі Торғайға – екі мәрте барып, 8 мың мал айдап апарған, ең адал азамат ретінде жұрт сеніп тапсырған өкіл Жүсіпбек Аймауытовқа қарсы астыртын арандату әрекеті жүргізілгені тіпті де түсініксіз. Тіміскі тыңшылар өзі аштықтан ашынған, аш өзегі өртенген адамдардың ашкөзденген сәтін пайдаланып, арғын мен қыпшақ руларының аштарын бір-біріне айдап салды, сүйекке таластырды. Оны ұйымдастырған жергілікті жердегі кеңес өкіметі мен партия ұйымдарының белсенділері еді. Ал олар жоғарыдан арнайы нұсқау түспесе, өз бетімен мұндай әрекетке бара алмайтын. Солар ұйымдастырған арыздың салдарынан Жүсіпбек Аймауытов жауапқа тартылды. Сот кезінде ол айыпталушыдан айыптаушыға айналды. Жүсіпбектің тергеу барысындағы куәлігі мен соңғы сөзі сол кездегі кеңес тергеу орындарының арандату әрекетін әшкерелеген үлкен саяси айыптау болды. Абзал азаматтың:

«Азаматтық, адамшылық жүзінен қаралса, бір кісі аштарға жан салып, қызмет көрсетсе мендей-ақ көрсетер еді деп шүкіршілік етемін. Мүмкін, менің еткен еңбегім себеп болып, ондаған, жүздеген аштар ажалдан аман қалған болар, қалмады деп Торғай елі айта алмас. Еңбегім – салауат: ниетім – арам, жүрегім – қара, қазаққа – зиянды адам болып табылсам, бұ да бір уақыт шығар. Жазаға мойынымды ұсынамын, аштар үшін мен-ақ құрбан болайын. Елімнің заңына көнемін», – деген жүрек сөзі де кеңес өкіметінің жазалау саясатының бетін қайырмады.

Жүсіпбек аштар үшін ғана емес, ел үшін құрбан болды. Бірақ ол үкім бес жылдан кейін орындалды. Бұл жолы да Ахмет Байтұрсынов пен Смағұл Сәдуақасов жазықсыз жанды жандарын сала қорғады. Оқу-ағарту комиссары, «Еңбекші қазақ» газетінің жауапты редакторы Смағұл Сәдуақасов Мәскеуде жүріп:

«Түрмедегі айып орындығында отырған торғайлықтардың ісін толық ақтайтын аса маңызды дерек менде бар. Мен келгенше сот ісін тоқтата тұруыңызды өтінемін» [3.241], – деп жеделхат жолдапты.

«Алашордашылардың» үстінен жүргізілген «аты шулы сот ісі» Голощекиннің «дабылымен» тіптен үстемеленіп, қоңыраулатып өтеді. Ж.Аймауытов пен И.Байменовтың үстінен жүргізілген соттың нәтижесі туралы Ораз Исаев Голощекинге берген есеп хатында Ж.Аймауытовтан көрі С.Сәдуақасовты айыптау басым. Бұл мәселенің ұзын-ырғасы деректермен барынша қанық баяндалса да, Орталық комитеттің көзқарасын білдіретін ресми тұжырым болғандықтан да толық келтіреміз. Өйткені, бұл тек кана Жүсіпбек Аймауытовтың ғана емес, бүкіл «Алашорданың» үстінен жүргізілген сот және алдағы үлкен тергеу ісінің дайындығы болатын. Бұл сот процесі: енді күш ала бастаған кужақтардың голощекиншілердің «Алашорданың» аштық тұсында ел үшін еткен еңбегін еш кетіруге, оларды өз туыстарының қамын ойлаған пайдакүнемдер ретінде көрсетуге тырысқан. Бұл Ораз Исаевтың да «Алашордаға» қарсы науқанды ұйымдастырудағы «алғашқы қадамы» еді:

О.Исаев: *«Аймауытов және басқалардың үстінен жүргізілген сот процесі» туралы әр түрлі алып қашпа сөз айтылып жүргендіктен де, екінші жағынан алғанда соған қатысты кейбір жайлардың шектен шыққанын ескеріп, сол кезде бюро мүшелерінің көпшілігі жоқ кезде Өлкелік комитеттің хатшысының орынында қалғандықтан да, хат арқылы төмендегіні мәлімдегім келеді.*

Осы істің барысы туралы мәселе Қазаткомның президиумында қаралған сияқты еді, сонда Президиум мүшелері Мыңбаев пен Сәдуақасов елден ерекше пікір ұстанып: бұл партияда жоқ интеллигенцияның арасында ішінара назарылық тудыруы мүмкін, деген сылтаумен істің сотта қаралуына қарсы болған. Бұл наразылық Өлкелік комитетке берілді ме, жоқ па, оны білмеймін.

Мен мұны тек сот процесі өтердің алдында ғана, Жоғарғы соттың төрағасы Демме жолдас маған Өлкелік комитеттен арнайы қоғамдық айыптаушыны белгілеп беру туралы ресми түрде хабарласқанда ғана білдім.

Сотқа менің өзімнің қатысуымды өтінді. Киселев жолдастың қолдауымен мен одан бас тарттым. Киселев жолдастың Сырдарияға іссапармен кетуіне байланысты хатшының орынында қалатынымды, сондықтан да уақыттың болмайтынын және менің қатысуым ыңғайсыз екендігін желеу еттім. Мұның басты кілтипаны: ашаршылық жылдары келтірілген шығын болғандықтан да ғана «үлкен адамдар» іске тартылып отырғандығын баса көрсеттім. Одан басқадай (төменде айтылатын) шиеленіс ойыма да келмеді. Жоғары соттың өтінішіне орай алғыр әрі қолы менен көрі бостау жолдас Бековті ұсындым. Соттың құрамы туралы сөз болған жоқ.

Сөйтіп процесс басталып кетті. Баспасөздер әр түрлі пікір білдіріп жатты, бірақ соның ішінде «Советская степь» газетінде дөрекілеу мәнерде жазылған мақала мен хабарландырудан басқа белсенділік танытқан ешкім болған жоқ. Бұл ретте қандай да бір ұйымдасқан іске қатысты қарсы мақаланы Қазаткомның органдары жариялаған емес.

Соттағы айыпкердің орындығында өте белгілі адамдар, соның ішінде Аймауытов пен коммунист Байменов отырды.

Істі тыңдау барысында мәселенің басқа жағы көріне бастады. Процесс барысында көпшіліктің пікірі: айыпкерлерге жаны ашығандардың тобы болып және соттың үлкен жазаға кесуіне мүдделілердің тобы болып екіге жарылды. Мұның орын алуына түрткі болған жай кейін баяндалады. КИНО (Қазақ оқу-ағарту институты мен Өлкелік партия мектебі оқушыларының айыпталушыларды жақтайтыны байқалды, КӨПМ-нің тыңдаушылары сот кезінде Байменовті (КӨПМ-нің бұрынғы оқу ісінің меңгерушісі) еркіндікте ұстау туралы сотқа мәлімдеме тапсырды. Тіпті сот процесінде (айыптаушы топ – Т.Ж.) айыпкерлерді қамақта ұстау туралы талаптар қойды. Сот төрағасы жолдас Бекбатыров: олар өздерін тым еркін ұстағандықтан да солай істеуден басқа амалы қалмағанын айтты.

Осы іске байланысты жолдас Сәдуақасовтың жөнсіз іс-әрекетін атап өтпей кете алмаймын. Сот тергеуі аяқталар тұста жолдас Сәдуақасов Москвадан (әлде Орынбордан ба) Тоқжігітов арқылы жедел хат жолдап, бұл іске байланысты оның маңызды айғақтары бар екенін хабарлайды. Сот ісінде бұл адамның (С.Сәдуақасовтың Т.Ж.) аты-жөні тіркелмегенін және оның Қызылордадан сырт жүргенін ескеріп, өтінішін ескерусіз қалдырады. Сәдуақасов келген кезде сот тергеуі аяқталып, екі жақтың жарыссөзіне кезек беріледі. Ол келе сала бұл мәселені Өлкелік комитеттің бюросында талқылауды ұсынып, мәселені ушықтырып жіберді.

Мен Нұрмақовпен сөйлестім, сот төрағасы Бекбатыровты шақырып, істің барысын сұрадық. Ол: Байменов пен Қарпықовтың және басқалардың қылмысы дәлелденгенін, ал Аймауытовтың кінәсі аз екенін айтты. Нұрмақов екеуміз оған: егерде Аймауытовтың кінәсі елеусіз болса, нақты дәлел болмаса, онда біздің ойымызша оған 3-4 айдан артық кесім жасамаңыз, бұл партияда жоқ интеллигенттердің арасында бізді (өкіметті) «жала жабуға», құдалауға тырысты деген пікір тудырады. Қалғандарына заң бойынша жаза беріңіз, – дедік.

Біз осымен шектеліп, 2 адамнан тұратын бюро мәжілісін шақырмай-ақ қоюды ұсындық. Алайда Сәдуақасов бюроны шақыруды, онымен де шектелмей, Өлкелік комитеттен олардың барлығын, тым құрығанда Байменовті ақтауды талап етті. Нұрмақов жолдас та бюроны шақыруды қолдады. Бюроны шақырудың мүмкіндігі болмағандықтан да, Нұрмақовтың, Сәдуақасовтың, Исаевтің, Кадиктің, Арықованың, Бокштың және басқалардың қатысуымен кеңес өткіздім.

Мен біздің неге жиналғанымызды, сондай-ақ, сот төрағасымен арадағы әңгімені баяндап бердім, ал Сәдуақасов жолдас арнайы баяндама жасағандай сөйледі. Оның пікірі мынаған саяды:

1. Бұл үлкен оқиға, өйткені сот орындығында Аймауытов сияқты қазақтың Вересаеві, Алексей Толстойы отыр, ол «Интернациональ» мен «Жас гвардияны» аударды. Бұл партияда жоқ интеллигенцияның арасында наразылық туғызады, осы күндері Қызылордада кім билікті ұстап қалса, соған сөз келтіреді.

2. Бұл сот процесі – «Алашорданың» үстінен жүргізілген сот, одан басқа ештеңе де емес, сондықтан да соттың құрамы (Бекбатыров, Арықова және Ашмаев) ол деңгейден төмен (көрнекті адамдар емес).

3. Сотта жалғыз ғана қорғаушы бар, оның өзі орыс екен, сондықтан да сотқа жетекшілік жасау керек.

4. Сотқа тартылғандарды, соның ішінде Аймауытовты қорғап жазылған жалғыз мақаланы, Дулатовтың мақаласын «Еңбекші қазаққа» жариялауға келісім бермеу деген қандай шектен шығушылық (бұл мақала Сәдуақасов келісімен «Еңбекші қазақтың» бетінде жарияланды).

5. Бұл іс ескіріп кеткендіктен де және «айыпты болмағандықтан да» сотталуға жатпайды, бәрін босату керек.

6. Маған (Сәдуақасовка) сотта не куә ретінде, не қоғамдық қорғаушы ретінде сөйлеуге рұқсат беріңіздер, қазақтың қаламгерінің бірі ретінде оларды қорғауға тиіспін.

7. Сондай-ақ, партияда жоқтар бұл процеске қазақтардың партия ішіндегі бір тобының екінші тобына көрсеткен қыры деп баға береді, деген пікір білдірді.

Кеңес мұның бәрін бекітпеді және біздің сот төрағасымен болған әңгімемізді қостады. Бұдан шығаратын менің қорытындым:

1. Өлкелік комитет оқиғаның ұйымдастырылуы тұрғысынан алғанда оның қалай дамитынына мән бермеді.

2. Сәдуақасов жолдастың алашордашылармен арасындағы жігі ажыратылмаған. Қазақ интеллигенциясының мәдени деңгейі туралы пікірі қылмысқа жалғасып жатады. Онын кенес соты жөніндегі көзқарасы да жағымсыз әсер қалдырады.

3. Алашордашылар осы сотта өзінің азуын көрсетті, Сәдуақасовты пайдалана отырып, партия мен өкіметке ықпал етуге тырысты.

4. Оқушылардың тәртіптері де алаңдатады және тиісті шара қолдануды талап етеді.

5. Сотта зиян шеккен үкімет мекемелерінің, мысалы, басында мал жинау ісін жүргізген «Аштарға көмек» комитеті өкілдерінің болмауы да жарасып тұрған жоқ.

6. Сәдуақасовтың мақаланы жариялау туралы пікірі де дұрыс емес, қайта сот жүріп жатқанда оны жариялламау керек еді. Сергеевті айыпталушының өзі таңдап отырғандық-тан да, қорғаушы жөніндегі пікірі де орынды емес.

7. Соттың үкімінен кейін Сәдуақасовтың әлдекімге: Аймауытовтың қорғау кезіндегі сөзі оны ақтап алды, дегені де жеңілтектік, өйткені мұны ол соттың үкімнен бұрын төрағасының өзінен естіп алған болатын.

«Алашорданың» осындай белсенділік танытып отырған ісіне Қазаткомның қаулы шығаруы орынсыз деп есептеймін. О. Исаев» [2.240-243], – деп пікір білдірді.

Біз бұл хатқа талдау жасап жатпаймыз. Тек:

«Бұл сот процесі Жүсіпбек Аймауытовтың үстіне ғана жүргізілген сот деген емес, «Алашорданың» үстінен де жүргізілген сот», С.Сәдуақасовтың пікірі өте орынды болатын.

«Ашаршылық» тұсында өзінің туған ұлты мен туған ауылын аштыққа ұшырата отырып, Ресей мен Украинадағы аштарға азық-түлік жіберумен шұғылданған большевик қазақтар, соның ішінде Меңдешев пен Исаев та бар, алашордашылардың халыққа жасаған қайырымдылығын кешіре алмай жүр еді.

Тағдырдың тәлкегіне орай, олардың бұл «өкінішінің орынын толтыруға» тағы да мүмкіндіктері болды. Ал олар болса, керісінше отызыншы жылғы ол ашаршылықтан туған халқын қорғап қалудың орнына, қайта, сол аштықты өз қолдарымен жасады. Олар бұл кінәні «алашордашыларға» жауып, оларды шетінен соттатты. Сөйтіп, ар алдында өздерін-өздері ақтай алмайтындай күнаға батты.

Қызылордаға келген соң айыпкердің қорғаушысы, тым болмағанда куәсі ретінде сөз алуды өтінгеніне қарамастан С. Сәдуақасовқа рұқсат берілмеді. Аса жауапты мемлекеттік қызметтегі лауазымды адамның тілегін қанағаттандырмағанына қарағанда, сотқа Орталық және Өлкелік партия комитеті мен Біріккен Мемлекеттік Саяси Басқарманың қысым жасағаны байқалады. Күрескер, өжет қайраткер Смағұлдың қолынан келгені соттың барысы туралы күн сайын «Еңбекші қазақ» газетіне есеп жариялатып отырды. Мұның өзі қоғамдық пікірді қалыптастырып, ақыры Жүсіпбек Аймауытов бастатқан Шайқы Құлшанов, Ахметсафа Юсупов, Рүстем Әбдіғапаров, Ілияс Байменовті сот ақтап шығарды.

Бұған Жүсіпбектің ақырғы сөзі де үлкен әсер етті. Ол өзінің басын бәйгеге тіге отырып, заң мен дәстүрдің арасындағы қайшылық туралы азаматтық құқық саласындағы мүлде жаңа пікірді сарапқа салды. Тек таптық мүддені ғана қорғайтын заң әділетсіз заң дегенге сайды. Алаш азаматтарының беделін қалайда төмендетіп, жек көрінішті көрсету үшін айла-тәсілдің бәрін қолдаған ОГПУ тергеушілері Жүсіпбек Аймауытовқа:

«1). Малды аштарға таратып беретін комиссияның мүшелігіне қасақана кіріп, «Алашорда» Үкіметінің туыстарына заңсыз үлес берді. Кедейлерді үлестен қақты. 2). Үлестірген малды кім алғаны туралы қолхат алмады. 3). Өз бетінше бақташыларға мал үлестірген, – деген айып тақты.

Жүсіпбек Аймауытов бұл айыптың саяси астарын кеңінен аша қамтып, оны былай әшкереледі:

«Біз қазақтың өз алдына ел боламыз деген заманында, өз алдына сот құрып отырғанда алғашқы сот алдын көріп отырмыз. Бұған шүкіршілік ету керек. Себебі қазақ соты – қазақтың әдетімен санаспақ. Қазақ ісінің қылмысты түрі қандай, қылмыссыз түрі қандай (соны) әбден қарастырмақ. Бұл іске, меніңше, кейбіреулер заң жүзінен ғана қарап, кейбіреулер сұрқиялық көзбен арап, құрғақ сөзге салып жатқан көрінеді.

Бұл малдың жиналу ретінде келсек, қазақ арасында жиналған мал қазақ әдетімен жиналды, сондықтан болу де қазақшылық ретімен болды.

Ал енді малдың бөлігі туралы наразылық көрінеу түрде, ру ретімен, қазақтың ескі әдетімен шыққандығы көрінеді. Торғай еліне 4000 мал келгенде көктен түскендей болды. Мал адамның етіне жақын (болғандықтан да олар) өте қуанып, тік көтеріле даярланды. Малдың басына барған кезде адам, халық малды таптап кеткен еді. Аштарға малды бере бастағанда халықтың қызығуы, алқымнан алуы солайша күшейе бастады. Бір жағынан аштардың тізімін алып жатсақ, екінші жағынан – мал бер деп жағадан алып жатты.

Жалпы, қазақтың бұл туралы әдетін алсақ: 8000 малды үлестіріп алу түгіл, 8 кез сисаны жанжалсыз үлескен емес. Соған қарағанда бұл іс 12 том түгіл, әлденеше том болуы керек еді. Оның үстіне, ақсақалдық дәуірі басынан кетпеген надан Торғай оязында болған іс болса, мұның ақырынан қандай ынтымақтық күту керек? Сондықтан бұл іске дау шықпайды деуге болмайды... Менен басқа тәсілші біреу болса, бәрін қағаз жүзінде тап-түйнақтай қылып істер еді.

Менде ол болған жоқ. Мені: «Неге кемесияға кірдің?», – деп айыптайды. Мұның қисыны жоқ.

Себебі, ала жаздай бейнеттеніп келіп, кемесияға кірмей, малдың қалай бөлінгенін білмей кетуім дұрыс па еді? Әрине, дұрыс емес. Бұл сөз: «Жаны ашымастың қасында бас ауырмас», – деген сөз ғой деймін. Мен Торғайға жеткенше бір мал жоғалттырмай келдім, ақырында ашыққан ел оған қарамады, 90 малды талап әкетті, оның 30-дан артығы табылды. Ал енді 2 жұма баққан 74 малшыға 74 қара, малшылардың тамағы, киісі деп 30 шамалы қара берілген. 2-ші (рет айдап әкелген) малдан менде ондай шығын болған жоқ.

Ал енді: азаматтарға мал берді (үлестірді), дегені туралы. Мен (малды) кедейлерге беру жолында болдым. Мысалы, Орынборда жатқан Жангелдинге 15 қара бер дегем жоқ. Соның кедей аш-арық туыстарына береді деп сенгенмін.

Мен Торғай оязының партия құмарлығын, ақсақалдар дәуірі кетпеген ел екенін газетте де жазғамын. Сондықтан да уәкіл сайлауын сол елдердің өз ортасына жіберген күнде де, (олар) бізге дұрыс уәкілдерін сайлап бермес еді. Сондықтан біз сенімді (адамды), Торғайдың жауапкер қызметкерлерінің алдында сайлатуды мақұл көрдік. Сондықтан: қалада, ауатком алдында сайлады деп айыптау қате. Ал енді мені айыптаушылар: қазақ арасында таптық сезім жетіп болды деп айта ала ма екен? Әрине, айта алмайды. Оған дәлел: бүгінгі «Еңбекші қазақтағы» жазылған бір мақала...

Ру тартысы біткіп, тап тартысы ғана қалды деп, қазақ елін ешкім айта алмайды. Сондықтан ондай елдің ортасында қиянаттың болмауы, кедейдің ақысын жемеуі мүмкін емес. Ол болмайды деп мен де айта алмаймын. Оның үстіне менің (өзім) қазақ елінің ішінде өтірік, өсекке, шағымға шебер елді көргенім Торғай елі, сондықтан да бұл істі (жаланы), (былай қойып), бұдан да ауыр іс істеулері (жала жабуы) ғажап емес еді.

Ал енді осы тәрізді істен саяси астар шығаруды ойлайтындар да бар көрінеді. Бірақ оны жоғарыда айтқан Торғай елінен шығаруға бола ма? Себебі, Торғай елінің большевигі де, Алашы да – жуаннан шыққан, атқа мінгендері де – оқығандар. Мысалы, пәлен жерде большевик бар десе, біреуі большевик болады. Алаш бар десе – Алаш болады. Міне, осыдан саясат шыға ма? Бұдан қазақшылық шығады.

Қағаз (қолхат) алмады деседі. Ол үшін бұл істің қандай уақытта болғанын еске алу керек. Бұл ат үстінде болған іс, талмау уақытта болған іс. Бұл туралы қағазды жақсылап (хаттап) шығармақ түгілі, сол уақытта менде бір жапырақ қағаз да болған жоқ еді. Сондықтан мен ойлаймын, ондай уақытта қағаз жағын орындай алмапсың деп дәлел айтуға болмайды. Бұл арада Ленин сөзін дәлелге келтіремін: «Сөзге нанбау керек, іске нану керек», деген. Сондықтан істеген істі еске аларсыздар.

Менің сотты болып, ауыр не жеңіл жаза алуымнан қазақ халқына үлкен кемдік болады-ау деп ойламаймын. Бірақ, қазақ соты әдетін, қазақ жайын, оның мінезін-құлқын еске ала (отырып), біздің тағдырымызды дұрыс шешер деп ойлаймын.

Мені жек көргендер: «Шынды айтасың, жалпы кемшілікті көрсетесің», деп жек көреді. Шындық айтқан адам халыққа жаққан емес. Әсіресе, біздің қазақ халқына. Себебі, біздің ел әлі жетілмеген. Сондықтан мен құрбан болармын. Бірақ, мен – жетілген елдің баласы болсам, бұл сотты, іс комиссиясын көрмеген болар едім. Бірақ амал қайсы. Өз елімнің ортасында құрбан болып кетсем арманым жоқ. Ел заңына бағынбауға болмайды. Егер халқымның заң, ғұрпы мені айыпты десе, амалым не?», – деп сөзін бітіреді.

Қысқаша ғана үзіндінің өзінен Жүсіпбектің жан сырын аңғару қиын емес. Міне, осы Торғайға жеткізілген 15 мың малдың ішінде Әлихан Бөкейхановтың Шыңғыстауды, Міржақып Дулатовтың Семей уезін, Мұхтар Әуезовтің Ертіс бойын аралап жүріп жинаған сауын-салауаты да бар еді. Олар өздерінің жиған малдарын Баянауылдағы Жүсіпбектің қосына қосты. Әрине, ол мал, Жүсіпбек айтқандай «ондаған, жүздеген емес», мындаған отбасының шаңырағының түтінін түтеткені анық. Өйткені, жылуға негізінен сауын сиырлар жиналған болатын. Ал олардың қаншасы отыз екінші жылғы зауалдан аман калды, ол тек бір Аллаға ғана аян.

Халықтың басына түскен қасіретті – ұлтшылдардың дұшпандық әрекетінің кесірі деп көрсетпек болғанымен де, бүкіл бір ұлттың аштан қырылып қалу қаупінің төнгенін Қазақ Автономиясын билеген коммунист колонизаторлар да, коммунист-қазақтар да жасырып қала алмады. Ақыры бар шындықты мойындап, Мәскеуге мәлімет беру үшін «Аштарға көмек комиссиясының жұмыс қортындысын» дайындады. «Аса құпия» деген бұрыштамасы бар бұл мәлімет дербес кітапша ретінде дайындалғанымен де, жарияланбаған күйінде қалды. Тарихшы Ақыжан Игенбаевтің назарына іліккен бұл құпия деректер жан түршіктіреді. Алаш азаматтарының қандай күй кешіп, неге тәуекелге барғанын түсіну үшін «Қорытындыдан» бірнеше Мысал келтіреміз.

Құжат Мәскеудің көңілін аулап, өздерін ақтау үшін жазылған.

Сондықтан да «жұттың шығу себебін:

1) Патша өкіметі де кезінде ашаршылықпен күресуге ынталы болмады, царизмнің өзіне қауіп төндіретін болғандықтан да оған қарсы шара қолданбады. Байлық иесі болған тап өкілдері осы сияқты барлық апатты жағдайды аш-жалаңаштарға жүргізетін үстемдігін одан әрі күшейтуге ұмтылды.

2) Қазақ даласы мен қазақтар үшін жұт – табиғат сыйы. Қазақтардың ашаршылыққа еті үйреніп қалған. «Жұт» қазақ малшыларына апат әкеледі... Мұндай апаттар қазақ даласында тұрақты түрде орын алып отырады. Мысалы, мұндай жағдайлар кейінгі он, жиырма жылдың ішінде: 1891-1892 жж., 1911-1912 жж. және 1921-1922 жылдары қайталанды. Бұл жылдары малшы қазақтардың малдары жаппай қырылды, шаруашылықтары күйзелді... Тарихи деректерге назар салсақ, КССР-дің территориясында қуаңшылық әр 10-12 жылда қайталанып отырады және сол екі аралықта да орын алады ...1920-1921 жылы қыстың бұрын-соңды болмаған ерте мезгілде, қазан айының алғашқы күндерінде түсуі жем-шөп қорын ертелете дайындауға, қысты күні жаңбырдың жаууы тебіндікті пайдалануға мүмкіндік бермеді, соның салдары (жұттың кесірі)

мал басының жаппай қырылуына әкеп соқты. Мал шығыны 1917 жылғымен салыстырғанда 50-80 пайызға жетті... КССР губерниялырындағы 1921 ж. азық-түлік саясатына келсек, тұрғындардың көпшілігінің азық-түліксіз қалуы былай тұрсын, тіпті көктемгі егіс пен күзгі сүдірге себетін тұқым да қалмады», – деп түсіндіріп, «табиғи құбылыстарды» баса көрсетеді.

Ал ашаршылықтың зардабын жою туралы шаралардың басым көпшілігі еуропалық тұрғындарды қамтамасыз етуге, «Ресей мен Украинадан келген келімсектерге ең бірінші көмек көрсетуге бағытталды»:

«3.... ВЦИК-тің 1921 жылғы 21 маусымдағы Қазақ Республикасында тұратын украин шаруаларын қайтадан Украинаға көшіру туралы кеңесі Қаулы етті: Қазақстанның (түпнұсқада Киргизиянын) ашаршылық ауданы деп есептелмеуіне, керісінше, ашаршылыққа ұшыраған губерниялардың тұрғындарын (Украинадан Т.Ж.) сонда көшіріп әкелу ұйғарылып отырғандықтан да және қоныс аударудың аса қиыншылық жағдайда жүргізілуіне байланысты: а) Қоныс аударушыларды Қазақстаннан (Киргизиядан) Украинаға қайта көшіру тиімсіз деп есептелсін; б) Бір ғана тиімді жол Кирреспубликаның ішіндегі қоныс аударушыларды қолайлы облыстарға орналастыру екені ескерілсін. Осыған орай, Жер жөніндегі халық комиссариятына: қоныс аударушыларды (еуропалық Т.Ж.) Кирреспубликаның ішіндегі қолайлы облыстарға қайта орналастыруды ұйымдастыруға, ол үшін ең алдымен Жер жөніндегі Қазақ халық комиссариятының аппаратын күшейтуге барынша жан-жақты ықпал ету ұсынылды» [3.164, 168-169; 173].

Мұхтар Әуезов ашынып айтса айтқандай, «Аштарға көмек комиссиясының» құрамына бірде-бір қазақ қызметкері кірмепті. Олар көмекті тек еуропалық ұлттар қоныстанған мекендерге көрсеткен. Халықаралық көмек ұйымдары қазақ даласына ат ізін салмаған. Сондай-ақ, «ашаршылықтан құтқару үшін 1921 жылдың жазында Түркістанға 20 мың еуропалық тұрғындар» жіберілген. Демек, осы «Қорытынды» да аталып өткеніндей, ашаршылыққа ұшыраған қыр қазақтарына ешқандай көмек көрсетілмей, тағдырдың тәлкегінде қалған.

Түркістанда ашаршылыққа ұшырағандардың жағдайы туралы З.Валиди:

«Орыс партиялары мен еврейлердің «Бундынан» құралған комиссия мүшелері азық-түлікті тек орыс тұрғындарына ғана бөлу, ал жергілікті тұрғындарға шамалы ғана үлес қалдыру, тіпті, оларға ештеңе де бермеу туралы шешім қабылдады. Убайдолло Ходжаев пен қазақтардың арасынан шыққан адвокат Әбдірахман Оразаев қана олардың бұл шешіміне батыл қарсы шықты. Жұмысшылардың социал-демократиялық партиясының төрағасы Першин сол мәжілісте қысылып-қымтырылмастан: «Жергілікті тұрғындар ажалдың тырнағына ілініп тұр, Ресейден келген азық-түлік оларды бәрі бір өлімнен құтқара алмайды», деді... Жәрдемге жіберілген азық-түлікті болу жөніндегі осы пікір талқысы бізге орыс партияларының шынайы пиғылын ашып берді, бұл біз үшін алдағы уақытта ескере жүретін маңызды сабақ болды. Сол бір жағымсыз көзқарасты революция жылдарындағы іс-әрекетімнің әр сәтінде сезініп жүрдім» [4.188-189].

Түркістан мен Қазақ автономиясының, Қазақ автономиясы мен Батыс Сібір өлкесінің шекарасын анықтайтын мемлекеттік комиссия құрылған тұста «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 28 қазандағы санында Ә.Бөкейханов өзінің «Қазақ қанша?» атты шағын шолуында:

«1914 жылы Руссиядағы бар адам 161 миллион 700 мың болатын. Ол жылы қазақ қанша еді? 1896, 1907 жылы он жыл аралатып Көкшетау уезіндегі қазақты екі қайта есептеген. Осы екі есепті (өзара) салыстырсақ, қазақ өсімі жалпы адам баласының өсімінен артық көрінеді. Қазақта бір жылда екі жүзге үш адам қосылып өседі десек, 1914 жылғы қазақтың саны 6 миллион 470 мың болған болады.

Соғыс басталғаннан бері 10 жыл өтті. (Сонда) қазақтың он жылғы өсімі 979 мың. 17-21-жылдарда алаш жайын (елін) сүзек жайлады. 1917-жылы Түркістан, 1921-жылы Қазақстан жұтады. Ашаршылық болды, адамдар аштан өлді. Сонда қазақтың 10 жылғы өсімі өлді десек, осы күні қазақ 6 миллион 470 мың болады. Сүзектен, аштан өлген адам (саны) 970 мыңға есеп десек, өлікті көбейткен (де), осы күнгі қазақ санын азайтқан да (сол есеп) болады. 6 миллион

470 мыңнан 970 мың адам өлсе, бұл өзге сөзбен айтқанда жүзден (жүз адамға шаққанда) он бес (адам өлген) болады. Бұл не? Бұл мынау алаштың жайында (елінде) ашы бар, тоғы бар, ауруы бар, сауы бар, 20 үйден 15 адам өлдіге (есеп) болады.

Қазақ өтірік айтсын, есепші (бұл арада Ә.Бөкейханов ашаршылықтың құрбандарын кемітіп жазған кеңес хатшыларын меңзеп отыр – Т.Ж.), көр соқырша жерді қармап, есебін дұрыс жаза алмасын (сонда да) осы күнгі Түркістан (мен) Қазақстанның қазағы (мұнда Бұқара мен Хиуа қазағы жоқ) 6 миллион 470 мыңнан кем емес» [5] – деп жазды.

Қасіреттің аты – қасірет. Оны қанша әсірелеп жазғанымен де, өкініштің орынын толтыра алмайсың. Тек арнайы зерттеудің арқауына айналмаған 1921-1922 жылдардағы қазақ даласындағы ашаршылыққа көзі қарақты қауымның назарын аудара кету үшін қысқаша ғана мағлұмат береміз. «Аштарға көмек комиссиясының жұмыс қортындысы» мынадай:

«Қазақ Автономиялы республикасының бес губерниясында 1 миллион 559 мың адам аштықтың тырнағына ілініпті. Әрине, бұл толық дерек емес екендігі түсінікті.

Қазақ Республикасындағы баспанасыз, қаңғып қалған балалардың саны 1921 жылы 1 желтоқсанда – 128 мыңға, 31 желтоқсанда – 158 мыңға, 1922 жылдың қаңтар айында – 333 мыңға, наурыз айында 408 мыңға жетіпті. Бұлар тек есепке алынған аш балалар. Ал, қалаға жете алмай далада сүйегі шашылып қалғандар қаншама.

Қазақ даласына ажал сепкен аштықтың қалай жайылғанын мына төмендегі екі кестеден анық байқайсыздар.

1921 жылдың наурыз айының соңындағы мәлімет
1921–1922 жылдардағы аштыққа қатысты статистикалық кестелер

Губерниялар	Тұрғындардың	Халық саны	Орналасу тығыздығы
1. Орынбор	680.271	526.401	80.3
2. Қостанай	455.598	414.350	74.5
3. Ақтөбе	501.637	361.049	72.0
4. Орал	470.028	446.536	99.0
5. Бөкей	224.028	66.255	29.5
6. Ақмола	1 млн. 021.164	472.000	46.2
Жиыны:	**3 млн. 353.228**	**2 млн. 286.591**	**68.2**

Екінші кесте: 1921–1922 жылдары аштық пен індетке ұшырағандардың (мың есебімен) тізімге іліккен мөлшері (жақшаның ішіндегі сан – өлгендердің есебін көрсетеді)

Айлары	Орынборда	Оралда	Ақтөбеде	Ақмолада
1921 жыл.				
Қараша	3044(210.7)	112 (39)	1112(1.010)	250(172)
Желтоқсан	2.835 (2.022)	947(481)	749(1.642)	224(184)
1922 жыл				
Қаңтар	2.241(1.908)	813(503)	1.050(981)	483(350)
Ақпан	770.3(625)	850(545)	1.438(138.9)	105.0(730)
Наурыз	520.1(378.5)	868(428)	712(602)	103.1(150.9)
Көкек	433.3(340.1)	712(472)	630(530)	226.0 (149.1)
Мамыр	347.9(270.0)	536 (418)	548(474)	704(502)
Маусым	682(376)	338(57)	505(430)	57(17)
Жиыны:	**2.957.8 (2.253.5)**	**5.178(3.003)**	**7804(70.58)**	**6659(4955)**

1. Екі кестенің соңына да: «Бұл толық есеп емес. Аштардың да, өлгендердің де саны бұдан әлдеқайда көп. Әсіресе, 1922 жылдың басындағы өлгендердің саны ТЫМ көп: 16 000 адамы бар. Ор қаласындағы өлгендердің саны 11 000 адамға жетті. Ақтөбе губерниясының Можаров ауданына қарасты Тоқан болысындағы 1 500 адамның 600 адамы аштан өлді, сонымен қатар, мұқым поселкалар мен ауылдырдың толықтай аштан қырылып қалғандары да бар» [3.186], – деп ескерту берілген.

Содан-ақ, бұл ашаршылықтың қандай көлемде зауал әкелгенін болжай беріңіз.

Бұл қолжазбада қасіретті көріністер көп. Адамның жанын түршіктіру үшін емес, мұқым Қазақстан халқының басына түскен нәубәттің сұмдығын *сездіре кету үшін Орталық комитетке қаратыла жазылған ресми құжаттың езінде жазылған мына мәліметпен ойымызды тұжырымдаймыз:*

«Ит пен мысықты ұрлап, сойып жеу, шын мәнінде, індетке айналды. Осынау «бір кесім ет үшін» бірінің жағасын бірі жыртқандар көшеде жыртылып айырылды. Өмірдің өзінен алынған шындықтың сиқы осындай; қу құлқыны үшін, күн көруі үшін әлгіндей бір хайуанның сонынан бірнеше адам жүгіріп бара жатады. Қалайда тірі қалудың қамын жасап, жансебілдікпен жанталасқан әлгі адамның өмірге құштарлығын түсіну үшін оның қуып жүрген хайуанды ұстаған кезіндегі қуанышын көрсеңіз ғой, аштықтың қасіретті сайқымазағын сонда түсінесіз. Жол жиегінде өліп жатқан, өліп бара жатқан адамдарға әлгі «жансебілердің» өзі қарауға қорқады, өйткені келесі сәтте оның өзі де соның кебін құшуы мүмкін. Иә, ол да гажап емес... Сотта, бірде аштық сотта тұрақты түрде адамның етімен қоректенген үш адамның ісі қаралап жатса, келесіде адамның етін пұттап сатқанға үкім шығарып жатады.

Міне, дәл осындай көріністен мағлұмат берген Орал губерниясындағы Елек аудандық аштарға комек комитетінің 1922 жылғы 14 қаңтарындағы есебінде: «Кешке жақын көшеге шығу қорқыныпты, адамдарды, әсіресе, толық адамдарды аң сияқты аулауға шығатындар бар. Аштар өлгендердің етін жеп жатыр. Тек аш өзегін жалғау үшін гана, алдын-ала ойластырып не кездейсоқ жағдайда жасалған ұрлықтар қаншама десеңізші. Базардағы нан сатушылардың жанына келіп, нандарын ала қашады. Олардың сонынан қуып жеткенше, оны күтіп тұрған аш серіктері ауыздарына жұлмалай тығып үлгереді... Мұқым бір тобымен келіп, болмашы гана болса да, жеуге жарайтын нәрсені үптеп кеткен жағдайлар да кездесті...» [сонда], деп жазылған екен

Сұмдық!

Адамға адамның етін жегізген өкімет те жетпіс жыл өмір сүрді.

Жә, тергеуші мен тергелушілердің жортақ желдірмесіне ілеспей, дұрыс сөзге көшейік. Оң істің тонын дәл осылай теріс айналдыру кеңес өкіметінің тергеу жүйесінің аса әккі және сынақтан өткен тәсілдерінің бірі болатын. Қазақ ұлтының ашаршылықтан жарым-жартылай аман шығуы бүкіл бір ұлт кеңес өкіметі мен коммунистік партияның қылмысты саясатының тірі куәсі боп қалды деген сөз еді.

Ал куәларды бұл қоғам да, Сталин де, Голощекин де ұнатпады. Ұлт істері жөніндегі халық комиссары Сталиннің қылмысын ашатын бұл аштықтың арашашылары – алаш азаматтарының көзі жойылмаса «ұлттар көсемінің» үйқысы тынышталмайтын еді. Партия қатарындағы ұлт өкілдерінің ішіндегі ірі тұлғалардың бірі, татар обкомының хатшысы Сұлтанғалиевті 1923 жылы түрмеге қамағаннан кейін Сталин шарап ұрттап отырып Дзержинский мен Каменевке өмірден алатын ең үлкен рахатты сәті:

«Құрбандығыңды алдын-ала белгілеп, барлық қастандығыңды дайындап ап, жауыңды табан астында аяусыз жайратқаннан соңғы үйқы» [6.130], екенін айтыпты.

Сөйтіп, кеңес қайраткерлері ашаршылықты жоюмен күресудің орнына, аштарға көмек көрсетуді ұйымдастырған ұлт зиялыларының соңына тыңшы қоюмен, тіміскілікпен шұғылданды. Қыс бойы Қазақстанның партия мен кеңес ұйымдары азық-түлік жөнелтіп, ажал тырнағынан арашалаудың орынына: «Ұлтшылдар ашаршылықты өсіріп көрсетіп отыр», деп даурығып, оларға идеологиялық тұрғыдан шабуыл жасап, қалайда аяқтан шалуға кірісті. Нақты іс-әрекеті мен халық арасында үлкен құрметке бөленген оқыған ұлт қызметкерлерінің беделін қызғанып, қорланды.

1922 жылдың қаңтар-ақпан айында Орынборда өткен Атқару комитеттің мәжілісі мен II партконференцияда аштыққа қарсы шара қолдануға дәрменсіз үкіметтің пәрменсіз өкілдігіне ыза болған Түркістан Республикасының уәкілдері К.Жаленов, Г.Тоғжанов, Е.Қапин іспетті өкілдер оларды қатты сынға алды. Шыдамы таусылған қазақ оқығандары енді жиналыс ашып, даурығудан пайда жоқ екенін түсініп, өзара ақылдасып іске кірісті Ахмет Байтұрсынов қызметтен кетті. Өзінің бұл қаламын: «Ғылыми педагогикалық жұмыспен еркін айналысуым үшін», деп түсіндіруі жай ғана сылтау еді. Шын мәнінде бұл оның:

«Ақ болсын, қызыл болсын, бәрібір, мен тек қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын мемлекетті ғана жақтаймын», деп ашық жариялаған әйгілі саяси мәлімдемесі болатын.

Мұны сол тұстағы қазақ кайраткерлерінің бәрі де түсінді. 1921-1922 жылдары «Алашорда» үкіметінің мүшелері ішкі-сырткы жағдайды кенінен талдай отырып:

«Бұрынғы аты танымал қайраткерлерді кеңес өкіметі түбінде бәрі-бір жазаға тартады. Сондықтан да, ұлттың санасын тұмандатпас үшін: ұлт-азаттық қозғалысының мақсаты толық орындалмағанын, оны жүзеге асыруға кеңес өкіметі мүмкіндік бермейтінін халыққа үнсіз жария ету үшін, сондай-ақ кеңес өкіметімен жік-арасын толық ашу үшін ұлт зиялылары ғылыми-ағарту саласына ауысып, рухани тәуелсіздіктің ұрығын себуге ұмтылсын. Ал екінші толқындағы қайраткерлер мемлекеттік мекемелердің ісіне белсене араласып, саяси сахнаға шығып, ұлттың мүддесін көздесін. Дәл қазіргі жағдайда бұдан басқа амал жоқ», – деген ішкі ұйғарымға келеді.

Бұл – Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов ұсынған күрес тәсілі еді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Алаш қозғалысы Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы//А. Ахин, 2007 - Т. 3-2 кіт.-3446.

2. Алаш қозғалысы 2007-1 3-1 кіт.-3046. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы //-А. Алаш

3. Алаш қозғалысы Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Документы, допросы и ответы, синхронные переводы, материалы судов, конфискованные письма. Авторские издания профессора Т.К. Журтбая. 1-3 том/ А. Ел-шежіре, 2011. Т.1.-415 0.

4. Заки Валиди Тоган. Воспоминания. Борьба народов Туркестана и других восточных мусульман-тюрков за национальное бытие и сохранение культуры / пер. с турецкого Г. Шафикова и А. Юлдашева. Кн. 1. Уфа: Китап, 1994. - 400 с.

5. А. Бөкейханов. Қыр баласы. Қазақ қанша? // Енбекши казах, 1924. 28 октября.

6. Троцкий Л. Сталин / под ред. Ю.Г. Фельштинского / вступ. ст. В. Козлова, А. Ненарвов, М. Терра, Издательство политической литературы, 1990-Т1-194 с. 1996.- Т.2.-286 с

7. Алаш қозғалысы Движение Алав. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Документы, допросы и ответы, синхронные переводы, материалы судов конфискованные письма. Авторские издания профессора Т.К. Журтбая. 1-3 том.// А. Е шежіре, 2011. Т.2.-374 с.

8. ҚР ҰКК архиві Кеңес өкіметін құлату мақсатында алашордашылардың астыртын террористік ұйымын құрған Байтұрсыновтың және басқа да қылмыстық әрекеті үшін жаңа тартылғандардың үстінен жүргізілген №№ 2370 тергеу ісі [Негізгі істе, алғашында: Д.Әділевті. М. Дулатовты. Г.Бірімжановты, Х. Болгамбаевті, Битілеуовті, А. Байдоллаевті, М.Исполовты, К. Жаленовті т.б. айыптау ісі», «Е.Омаровты т.б. айыптау сі», ең соңында: «Байтұрсыновты және басқа да қылмыстық әрекеті үшін жауапқа тартылғандардың үстінен жүргізілген № 2370 тергеу ісі. 1-7 гг.», – деп көрсетілген) – Т.1-7.

9. Тайшыбай З. Атадан асыл аманат. Тандаулы мақалалар – Алматы. Қазақ университеті 2017-484 6.

МРНТИ 03.20

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
Доктор филологических наук, писатель, алашевед, абаевед

ПОДАВЛЕНИЕ ДУШИ

Аннотация. *В статье рассматриваются голод 1921–1922 годов в Казахстане, его социально-экономические и демографические последствия для казахского населения, а также общественная деятельность национальной интеллигенции, участвовавшей в борьбе с голодом. На основе исторических источников автор освещает благотворительную и организационную работу деятелей движения «Алаш», в том числе Миржакипа Дулатова, Жусупбека Аймауытова, Магжана Жумабаева, Мухтара Ауэзова, Алихана Букейханова и других представителей национальной интеллигенции. Особое внимание уделяется политике советских органов власти в условиях голода, неравномерному распределению продовольственной помощи, преследованию национальных деятелей и судебному процессу над Жусупбеком Аймауытовым. На основе архивных документов, материалов периодической печати, следственных протоколов и исторических исследований анализируются подходы советской системы к объяснению причин и последствий голода. Исследование направлено на раскрытие гражданской позиции, нравственной ответственности и борьбы представителей национальной интеллигенции за спасение народа в период гуманитарной катастрофы.*

Ключевые слова: *голод 1921–1922 годов, движение «Алаш», казахская интеллигенция, Жусупбек Аймауытов, Магжан Жумабаев, Миржакып Дулатов, помощь голодающим, советская политика, политические репрессии, исторические источники.*

IRSTI 03.20

Тұрсын ЖҰРТБАЙ
Doctor of Philology, writer, scholar of the Alash movement and Abai studies

THE CONSUMPTION OF THE SOUL

Abstract. *The article examines the famine in Kazakhstan in 1921–1922, its social, economic, and demographic consequences for the Kazakh population, and the public activities of national intellectuals who participated in efforts to combat hunger. Drawing on historical sources, the author discusses the charitable and organizational work of figures associated with the Alash movement, including Mirzhakyp Dulatov, Zhusupbek Aimauytov, Magzhan Zhumabayev, Mukhtar Auezov, Alikhan Bukeikhanov, and other representatives of the national intelligentsia. Particular attention is given to the policies of Soviet authorities during the famine, inequalities in the distribution of relief supplies, the political persecution of national intellectuals, and the trial of Zhusupbek Aimauytov. Archival documents, periodical publications, interrogation records, and historical studies are used to examine the Soviet system's approaches to explaining the causes and consequences of the famine. The study aims to highlight the civic commitment, moral responsibility, and efforts of national intellectuals to protect the population during a humanitarian catastrophe.*

Keywords: *famine of 1921–1922, Alash movement, Kazakh intelligentsia, Zhusupbek Aimauytov, Magzhan Zhumabayev, Mirzhakyp Dulatov, famine relief, Soviet policy, political repression, historical sources.*

«Ұраным – алаш!..» I том. Төртінші тарау. 109-123 бб. Алматы. «Кітап» 2019 ж.

ХҒТАР 03.20

Амантай ШӘРІП

ҰҒА академигі
филология ғылымдарының докторы,
профессор, әдебиеттанушы

ҚАЗАҚ «ҚАЗАҚ» БОЛҒАНДА

Аннотация. *Мақалада 1925 жылғы V Бүкілқазақ кеңестер съезінің қазақ халқының тарихи атауын қалпына келтірудегі және Ақмешіт қаласын Қызылорда деп қайта атаудағы тарихи маңызы қарастырылады. Автор архивтік құжаттар, мерзімді басылымдар, тарихи зерттеулер мен естелік материалдар негізінде осы шешімдердің қабылдану барысын саралайды. Сұлтанбек Қожановтың ұлт атауын заңдастыру, Қазақстан астанасын Орынбордан Ақмешітке көшіру және жаңа астанаға Қызылорда атауын беру жолындағы бастамаларына ерекше назар аударылады. Мақалада қазақ зиялыларының ұлттық мүдде жолындағы қызметі, отарлық атауларды өзгерту мәселесі және қазақ этнонимінің тарихи қолданысы кеңінен талданады. Зерттеу 1925 жылғы саяси-әкімшілік өзгерістердің ұлттық сана мен мемлекеттілік тарихындағы орнын айқындайды.*

Кілт сөздер: *қазақ этнонимі, V Бүкілқазақ кеңестер съезі, Сұлтанбек Қожанов, Ақмешіт, Қызылорда, Қазақстан астанасы, ұлттық сана, қазақ зиялылары, тарихи атау, архивтік құжаттар.*

1925 жылғы сәуір айының 15-19-ы күндері аралығында V Бүкілқазақ кеңестер съезі өтіп, ел тарихында із қалдырған айтулы оқиғаға айналды. Жиын барысында халқымыздың «қазақ» деген төл аты қалпына келтіріліп, жаңа астана – Ақмешіт қаласын «Қызылорда» деп атау жөнінде шешім қабылданды.

Таңғаларлығы, бұл екі мәселе де съездің күн тәртібінде жоқ еді. Мән-жайды байыптау үшін ғылыми іс-сапарларымыз барысында Мәскеу, Орынбор, Ташкент қалаларының архивтерінен, сондай-ақ Президент архивінен көшірмелері алынған тарихи құжаттарға және Ресей мемлекеттік кітапханасының Химки бөлімшесінде сақтаулы ескі басылымдардың бетінде жарық көрген мақалаларға жүгіндік. Академик М.Қойгелдиевтің жетекшілігімен әзірленген «Алашорда ісі» атты құнды жинақтан да тақырыпқа қатысты кейбір деректер ұшырасты.

РКП(б) Қырғыз облыстық комитеті (ол кезде солай аталатын – А.Ш.) бюросының 1925 жылғы 27 ақпандағы өткен мәжілісінде ҚКСР Кеңестері 5-ші Өлкелік съезінің (әуелгі құжаттарда жиынның аты осылай болды – А.Ш.) мынадай күн тәртібі бекітілді:

КСРО-ның халықаралық және ішкі жағдайы;

2. Үкіметтің есебі (Меңдешов пен Нұрмақов жолдастардың баяндамалары); 3.Сауда және кооперация;

4. Халық ағарту;

5. Жерге орналастыру және ирригация;

6. ҚССР-дағы қаржы жағдайы [1] Сол күннен бастап Қыробкомның (Қазобком) мәртебесі ауысып, Қырөлкеком (Қазөлкеком) болып қолданысқа енгенін де атап өткен жөн. Ал бастапқыда ашылуы 1 сәуірге белгіленіп, кейін 15 сәуірге шегерілген V Бүкілқазақ кеңестер съезінің бірінші мәжілісінде күн тәртібі келесі айырмамен мәлімделді:




1. ҚАССР Үкіметінің есебі;
2. Халық ағарту;
3. Жерге орналастыру және ирригация;
4. Сауда және кооперация;
5. ҚАССР қаржылық жағдайы;
6. Сайлау [2] Көріп отырғанымыздай, «қазақ» тақырыбы мен астананың атын ауыстыру жөніндегі мәселе қарастырылмаған. Мұның сәл алдында, 9 сәуір күні өткен БКП(б) Қазақ өлкелік комитетінің 2-ші Пленумында да осы төңіректе сөз қозғалмаған [3] Съездің жұмыс кестесі күн сайын таңертеңгі сағат оннан түскі екіге, сосын үзіліс жасалып, сағат бестен кешкі тоғызға дейін созылды. Ең ақырғы – 19 сәуір күні, онда да жиын аяқталуға таяған кезде Қазақ өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы (республикадағы екінші дәрежелі қызмет) Сұлтанбек Қожанұлы кенеттен сөз сұрады. Аудармада ауытқушылық орын алмауын қалайтын ресми құжат болғандықтан, мәтінді орыс тілінде бергенді жөн көрдік [3] Біріншіден, С.Қожанұлы «қазақ» пен «Қазақстан» атауларын заңдастыру туралы былай деді:

«У нас до сего времени существует одно недоразумение; киргизы сами себя называют казаками. Это они не переняли у русских казаков, а назывались казаками еще гораздо раньше. Первый союз кочевников уже носил название казачества, так что можно думать, что русские казаки переняли это название. Теперь киргизы полагают, что слово казак по-русски означает киргиз. В декларации говорится «Киргизская Республика», а тов. Токжигитов называет «Казакской Республикой», так что это перевод. Надо все это расследовать, т.к. мы знаем, что это остаток старого; может быть переводчики, потворствуя колонизаторским силам, так называли казаков (смех). Между прочим, называют киргиз еще и кара-киргизами. Но это не кара-киргизы, их так назвали русские. Мы просто казаки, чтобы отличить киргиз от казаков их назвали кара-киргизами или черными киргизами. Надо теперь узаконить, чтобы в будущем киргиз называть казаками и Республику Казахской, т.е. Казахстаном. Я предлагаю установить за киргизами это название и прежнее не совсем красивое клеймо надо смыть. Пусть V Всекиргизский Съезд Советов узаконит название «казак» за киргизским народом, а «Казакстан» за Киргизской Республикой (Аплодисменты)».

Съезге қатысып отырған 446 делегат бұл ұсыныстыбірауыздан қолдап дауыс берді. Олардың 394-і шешуші, 52-сі кеңесші дауысқа ие болатын. Делегаттардың 65,5 пайызын түрік халықтарының өкілдері (қазақтар, өзбектер, қарақалпақтар, т.б.), қалған бөлігін еуропалық ұлт азаматтары (орыстар, украиндар, т.б.) құрады.

Көп ұзамай, С.Қожанұлы тағы сөз алып, Ақмешіттің атын өзгерту туралы мәселені алға тартты:

«Город Ак-Мечеть до завоевания царским правительством назывался Ак-Мечетью. При царской власти он был переименован в честь графа Перовского в город Перовск. К началу революции ему опять дали старое название Ак-Мечеть. Как бы он не назывался раньше, он был заброшенным городом, заурядным городом. V Съезд Советов мы считаем переломным в жизни Казакской Республики. Этот съезд мы называем первым съездом. Увеличивает значение этого съезда и то, что съезд проходит в новом центре Казахской Республики Ак-Мечети и заурядный городок Ак-Мечеть превращается в центр Казахской Республики.



322. О разъяснении порядка применения декрета Совета Народных Комиссаров Р. С. Ф. С. Р. от 28-го марта 1921 года о конфискации имущества лиц, добровольно уехавших с белыми.

Всероссийский Центральный Исполнительный Комитет постановляет:

Председатель Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета М. Калинин.

Секретарь Всероссийского Центрального Исполнительного Комитета А. Николаев.

15 июня 1925 года.

Я предлагаю в связи с этой переменой значения этого города, переменить и его название в чисто казахское. Раньше существовали центры ханских образований, как например – Ак Орда, знаменитый хан назвал свой центр Кок Орда, что значит синяя, и мы свой центр можем назвать красным центром – Кзыл-Орда. Я предлагаю центр Ак-Мечеть (Перовск) назвать отныне Кзыл-Орда (Аплодисменты)».

С.Қожанұлының бұл ұсынысын да съез делегаттары толық мақұлдады.

Сөйтіп, V Бүкілқазақ кеңестер съезі қазақ халқының тарихи дұрыс атауын қалпына келтіру жөнінде шешім шығарды.

Мұнан соң, БКП(б) Қазақ өлкелік комитеті бюросының 1925 жылғы 9 мамырдағы мәжілісінде V Бүкілқазақ кеңестер съезінде қабылданған Ақмешіттің атын – Қызылорда, Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының атын Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы деп өзгерту туралы қаулыны бекіту үшін Бүкілодақтық Атқару Комитетіне ұсыныс жасау туралы С.Қожанұлы сөз сөйлеп, бұл істі аяғына дейін апару ҚазОАК төрағасы Жалау Мыңбаев пен ҚазХКК төрағасы Н.Нұрмақовқа жүктеді Нәтижесінде, 1925 жылғы 15 маусымда БОАК «Қырғыз Автономды Социалистік Кеңес Республикасының атын Қазақ Автономды Социалистік Кеңес Республикасы деп өзгерту туралы» декрет, ал КСРО ОАК Президиумы 1925 жылғы 24 шілдеде «Ақмешіт қаласының атын Қызылорда деп өзгерту туралы» қаулы қабылдады.

Бірақ мұнан кейін де орыс тілінде ұлтымыз «казак», республикамыз «Казакстан» аталып, біршама қолайсыздық тудырды. Тек ҚазАКСР ОАК-і 1936 жылғы 9 ақпанда шешім шығарған соң ғана тиісінше «қазах», «Казахстан» деп жазылатын болды.

Сонымен, өзін ғасырлар бойы «қазақпын» деп келген қазақ Ресей империясының қол астына қараған дәуірде «қырғыз» боп шыға келгені аян. Екіұдай түсінік пайда болды: қазақтың өз аузында – «қазақ», патшаның ресми құжаттарында – «киргиз», «киргиз-кайсак». Абай: «Біріңді, қазақ, бірің дос, Көрмесең, істің бәрі – бос», – дейді. Ыбырайдың жинағы «Киргизская хрестоматия» деп аталғанымен, ішіндегі мысалдарда қазақ өз атымен кездеседі. Міржақып ұлт-азаттық қозғалыстың манифесі саналатын кітабына «Оян, қазақ» деп ат қойды. Соның үлгісімен жарық көрген кітаптардың мұқабаларында «Тұр, қазақ», «Жатпа, қазақ» деген жазулар тұрды. Сүйегі тәжік топырағында жатқан ел қайраткері, ақын Елеусін Бұйрин 1911-1913 жылдары тұңғыш рет «Қазақстан» деген атпен газет шығарды. Алаш жұртының мінберіне айналған «Қазақ» газетінің (1913-1918) де осы атты иемденуі

бекер еместігі белгілі. Сұлтанмахмұт: «Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын» деп өлең жазды. «Түрік баласы» деген бүркеншек есімді автор (Әлихан, Ахмет, Міржақып үшеуінің бірі деген пікір бар) «Қазақтың тарихы» атты мақаласында: «Тарих кітаптарындағы көп қатенің бірі – тарих жазушылардың ешбірі қазақ пен қырғызды айырмайды. Қазақ – қазақ! Қырғыз – өз алдына қырғыз... Орыстың атты ғаскері «казак» атанғандықтан, біздің қазақ өзінің атынан айырылып, «қырғыз» атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ болып жасамақ», – дей отырып, әрі қарай: «Орысша оқыған қазақ жастарының мойнына алатын бір жұмысы... «қырғыз» деген жаңылыс атты қойып, «қазақ» деген атты қолдануы тиіс», – деген мәселе қойды [5]

Кеңес өкіметі орнаған соң да – басылымдарымыз «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан» деген аттармен жарық көргенімен – «баяғы жартас – бір жартас» күйінде қала берді. Тіпті, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы мен дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллиннің «Жизнь национальностей» апталығында басылған 1919- 1920 жылдардағы мақалалары сәйкесінше «Революция и киргизы», «О киргизской интеллигенции» деген бастақырыптармен ұсынылды. Сондықтан Міржақып Дулатұлы «Қазақ-қырғыздың аты, тегі туралы» еңбегін 1923 жылы «Шолпан» (Ташкент) мен «Қызыл Қазақстан» (Орынбор) журналдарында бірдей жариялап, онда: «Қазақ пен қырғызды бөтен жұрттар бұл күнге шейін дұрыс атамайды. Мәселен, орыс халқы қазақты «киргиз-кайсак» деп бір сөз орнында атайды... Қазақ өзін қашаннан «қазақ» деп, қырғыз өзін «қырғыз» деп келеді... «қазақ» атты қазақтың өз алдына жұрт болғаннан бері өзгерілмей келе жатқаны, еш уақытта қазақ өзін өзге атпен атап көрмегені анық. Қазақтың «қазақ» аты Парсы, Бұхар, Хиуа һәм өзге Азия жұрттарының көбіне мәлім», – деп жазды. Сол мезгілдегі республикамыздың Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы Сәкен Сейфуллиннің «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласы «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 15 ақпандағы санында «Манап Шамиль» деген бүркеншек атпен жарық көрді. Ұлт қайраткері: «Қазақтың орталық үкіметі «киргиз» дегенді қойып, «қазақ» деген есімді қолдануға жарлық (декрет) шығару керек», – деп, нақты іске шақырды. Бұл осы тақырыпқа қатысты қазақ қоғамында ұзақ уақыттан бері әбден пісіп-жетілген көңіл күйді дөп басты. Расында да, билік жүйесінің тәртібі бойынша мұндай қаулыны қабылдау ХКК емес, ОАК-інің құзырында болатын.

Бірақ мәселенің шешімі кешеуілдеді. Бұған объективті себеп те бар еді. 1924 жылы Кеңес билігінің ұйғарымы бойынша Орталық Азияны ұлттық- территориялық жағынан межелеу саясаты жүзеге асты. Бұрын араласа-құраласа өмір кешкен қазақ, өзбек, түрікмен, қырғыз, тәжік, қарақалпақ халықтары Түркістан республикасының аумағын бөлісіп, әрқайсысы тиісінше автономды республика, облыс және аудан болып өз алдына отау тікті. Жетісу мен Сырдария облыстарының қазақтар басым бөлігі (негізінен қазіргі Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Алматы, Жетісу облыстарын қамтитын жерлер) Қазақстан құрамына қосылды. Республика орталығы Орынбордан Ақмешітке ауыстырылды.

Сөйтіп, V Бүкілқазақ кеңестер съезі өтіп жатқан кезде, 1925 жылғы 17 сәуір күні «Ақ жол» газетінің бетінде «Енді қазақ демей болмайды» атты мақала жарқ ете қалды. Авторы – Ахмет. Біз қай Ахмет екенін айта алмаймыз, өйткені дәйегіміз жоқ. Газет редакциясында сондай адам қызмет істеді ме екен? Оқымысты көп зиялының бірі ме? Әлде, Ахмет Байтұрсынұлының беделін пайдалану үшін шартты түрде қойылған есім болар, кім білсін...

Ең бастысы, араға бір күн салып, қазақ аты қалпына келтірілді.

Қазір айтуға оңай, ал сол заманда, одан кейінгі зобаладар тұсында да «қазақ» атын дәріптегені және мақтанышпен жырлағаны үшін ақындарымыз қатал сынға ұшырады.

Қасым Аманжолов:

Ей, тәкаппар дүние!

Маған да бір қарашы.

Танисың ба сен мені?

Мен қазақтың баласы!», – деп бастап бергені сол еді, көпке бармай «ұлтшылдық» айыбы тағылды. Оның ізбасар досы, кейін Халық жазушысы атанған Қуандық Шаңғытбаев соғыс жылдары «Мен – қазақ!» атты өлең жазған соң баспасөз бетінде: «Қ.Шаңғытбаев

шығармаларындағы ұлтшылдық сарын ең алдымен «Қазағым»-нан басталады. Ол қазақ, оның қаны да, жаны да, өлеңі де қазақ ұлты үшін ғана», – деген секілді жала жабылып, тіпті «қазақ деген ұғымды Отан деген ұлы сөзден бөліп сарнағаны» туралы үкім айтылды («Екпінді» газеті, 1951 жыл). Ақын бұл жөнінде: «...осы өлең үшін мен көп соққы көрдім. «Мен – қазақ!» деген сөздің өзі менің тағдырымды, көп уақытымды күйінішке толтырып кетті», – деп еске алды. «Мен – қазақпын» поэмасының авторы, егеулі қалам иесі Жұбан Молдағалиев 1943 жылы жазылып, алғаш рет майдандық «Отан үшін» газетінде басылған, ізінше Әбу Сәрсенбаев, Сәбит Мұқанов, Мұқан Иманжанов секілді жазушылардың қолдауымен Қазақстан Жазушылар Одағында оқылған, республикалық радио эфирінен таратылған, «Социалды Қазақстан» газетінде қайта жарияланған «Қазақ» атты өлеңін 38 жыл бойы суырмасында сақтауға мәжбүр болды. Онда да өзінің атақты поэмасы секілді, советтік цензура тарапынан күзеліп, түзеліп барып жарық көрді. «Мен қазақпын мың өліп, мың тірілген» деген танымал тіркестің бір кілтипаны осында.

Астананың Ақмешітке көшуінің де қилы тарихы бар. 1920 жылғы 13 маусымда РКСФР ХКК төрағасы В.Ленин РК(б)П ОК қабылдаған «РК(б)П-нің Түркістандағы міндеттері туралы» шешімнің жобасына өз ескертпелерін жазып, онда: «1) Түркістанның Өзбекстан, Қырғызстан (Қазақстан – А.Ш.) және Түрікменстан деп сараланған картасын (этнографиялық және басқа) жасау тапсырылсын; 2) Бұл 3 бөлікті қосу немесе ажырасу шарттары неғұрлым егжей-тегжейлі анықталсын», – деп тапсырма берді. Көп ұзамай, 1921 жылы Әулиеатада өткен қазақ-қырғыз съезінде Түркістан қазақтарының Қазақстанға қосылу мәселесі қаралды. Ал 1922 жылғы 22 наурыз күні Ташкентте болған ТүрОАК жанындағы қазақ бөлімінің мәжілісінде Жетісу мен Сырдария облыстарын Қазақстанға қосуды кешеуілдете тұрудың келесі себептерін көрсетеді:

1) Түркістандағы жер реформасын аяғына дейін апару;

2) Қазақстанның астанасын Орынбордан көшіру;

3) Қазақстанда кеңес жұмысына жергілікті жұрттың адамдарын кеңінен араластырып, отаршылдықтың қалдықтарын жоюға қол жеткізу [6] Алайда осы шарттар орындалмай тұрып, Орталық Азияны бөлшектеу науқаны басталып кетті. Республикадағы ең жоғары мемлекеттік орган – Түркістан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарып, межелеу комиссиясы жұмысының алғы шебінде жүрген С.Қожанұлы әуелде Орталық Азия Федерациясын құру идеясын ұсынды. Оған тойтарыс берілгесін, «Қазақ ұлт мемлекеті жасасын!» атты мақаласын жариялап [7] РКП(б)П ОК Саяси бюросының 1924 жылғы 11 қазандағы мәжілісінде Қазақстанның КСРО құрамына шарттық негізде кіргізілуін және Қазөлкекомның Қазақ коммунистік партиясы болып өзгертілуін ұсыныс етіп енгізді. Бірақ бұл мәселені де жария талқылауға тыйым салынды [8] С.Қожанұлы енді елорда тақырыбымен белсенді шұғылданды. Пікірлерін «Ақ жол», «Еңбекшіл қазақ», «Тілші», «Ленинші жас» басылымдары арқылы көпшілік талқысына салды. Мысалы, «Ұлт шекарасын ашу һәм Қазақстан» мақаласында: «Жарияланғанына 5 жыл болса да, Қазақстан (Қазақ ұлт республикасы) әлі қазақ ұлт мемлекеті болып аяқталған жоқ. Астанасы – Еуропа топырағында, қалың орыс ортасы – Орынбор қаласында. Халқының көпшілігі жат ұлттар болып, Қазақстанда ұлт мемлекеттерінде жүргізілетін саясат осы кезге дейін жүргізілген жоқ», – деді [9] Қазақтар үмітті болған Ташкент шаһары РК(б)П ОК-інің шешімімен 1924 жылдың қазанында біржолата өзбек ағайынның қанжығасына байланды. Астана туралы айтыс өрбіп, Ақтөбе, Ақмола, Ақмешіт, Әулиеата, Семей, Шымкент, т.б. қалалар ауызға алынды. Бір қызық факт: РКП(б) Қыробкомы атқару бюросы 1924 жылғы 8 шілдеде және 14 қыркүйекте, сондай-ақ ҚырОАК-і сол жылғы 29 қыркүйекте Қазақстанның орталығын Шымкент қаласына көшіру туралы қаулы шығарған еді. Бірақ бұл шешімдер орындалмады.



«Мемлекет астананың жұртшылығына сүйеніп жұмыс істемесе, бас хүкіметтің ісі оңбайды. Олай қылайын десе, Қазақстан хүкіметінің аз ғана күш, азын-аулақ дәулеті Орынбор губерниясынан артылмайды» деген С.Қожанұлы орталықтың шалғай шетте орналасқанын қаламады. Орынборды ол Ресей империясы Шығысқа жол ашатын қақпа ретінде салған «отар қоныс» деп бағамдады [10] Оның ұстанымы қазір елге кеңінен танымал боп кеткен: «Қайда болса да, Қазақстан кіндігі қазақ ішінде болсын. Киіз үйге орнаса да, қалың қазақтың ортасы болсын», – деген сөздерінен көрінді [11]. С.Қожанұлы бастапқыда: «Ауылжақтықты қоздырып, әркім өзіне тартып өшігіп, ақырында қиысып келісе алмағандықтан, жүк ескі орнында қалып жүрмесін. Ортаға қойылған мәселе Қазақстанның жалпы астанасы екені ұмытылмасын», – деп алаңдаса [12], соңыра «Қазақстан кіндігі қай қала болсын?» атты мақаласында: «Аты аталып жүрген Ақмешіт қаласы түстігі – Қарақалпақ облысы мен Сырдария губерниясы, күншығысы – Жетісу, теріс түстігі – Ақмола мен Торғай, күнбатысы – Ақтөбе мен Орал болып, үлкен жолдың үстінде тұрған ыңғайлы қала. Қазақ ұлт мемлекетін жасау ісін аяқтағанша, Ақмешіт үлкен қала болып кететіні анық», – деген тұжырымға келді [13].

1925 жылғы 9 ақпанда Қазақстан Орталық Атқару Комитеті астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру жөнінде қаулы қабылдады. С.Қожанұлы «Лениншіл жас» журналының сол жылғы 1-2 санында «Ақмешітті неге орталық қылып сайладық?» деген сауалға жан-жақты жауап қайтарды. Қаланың орналасқан жерінің экономикалық байланысқа қолайлы екенін, табиғи байлық көздеріне таяу тұрғанын, Сырдария өзенінің егіншілікті өркендетуге мол мүмкіншілік беретінін, ең бастысы – шаһар халқының тоқсан пайызын қазақтар құрайтынын тілге тиек етіп, көші-қон жұмыстарын аялдатпауға шақырды. Ол БК(б)П Қазөлкекомының орталықты Орынбордан Ақмешітке көшіру бойынша іс-шараларды әзірлеу жөніндегі комиссиясын басқарып, мәжілістеріне төрағалық етті және хаттамаларына қол қойып отырды.

Сайын сахарада ат жалы, түйе қомында күн кешіріп дағдыланған қазақ қоныс жаңалаудың бұрын болмаған таңсық түрі – астана көшіне қамданды. Орынбордан Ақмешітке дейін үш жарым тәулік жүрген он екі вагонды отарбаның жолаушыларымен бірге бастан кешкен тарихи сәттер туралы жазушы Сәбит Мұқанов «Есею жылдары» кітабының «Көңілді сапар» атты тарауында баяндап берген. Ал көрнекті ақын Әбділда Тәжібаев өз естелігінде: «Астана көшіп келісімен-ақ, сәуір айында (15-19 күндері) Қазақ автономиялы республикасы Кеңестерінің съезі болып, онда Сұлтанбек Қожановтың ұсынысымен сол кезге дейін ұлтымыздың «қырғыз» делініп келген жалған атын өзгертіп, өзінің тарихи-этникалық «қазақ» деген атын қалпына келтіру туралы қаулы қабылданды. Тағы бір есімде қалғаны, Кеңестердің сол құрылтайында жаңа астананы Қызылорда деп атауға шешім шығарылды. Бұл да Сұлтанбектің ұсынысы арқылы өтті», – деп жазды [14].

С.Қожанұлы бұған дейін де Исатай-Махамбет, Жанқожа көтерілістерін жойып-жаншуда, Ақмешітті бағындыруда қаталдық көрсеткен қандықол генерал Перовскийдің аты берілген қаланың тарихи тағдырында із қалдырып үлгерген болатын. Оны мына құжат растайды: «Қазақ бөлімі және қазақ тұрмысын зерттеу жөніндегі комиссияның 1922 жылғы 11 сәуірдегі бірлескен мәжілісінің №7- хаттамасы. Тыңдалды: Бірқатар облыстар мен уездердің отаршылдық атауларын өзгерту туралы. Қаулы етілді: Сырдария облысының Перовский мен Голодностепский уездері, сондай-ақ Семиречье облысы патша үкіметі белгілеген отаршылдық атауларды иемденіп отырғаны назарға алынып, бұдан былай олар өз тарихи атауларына сәйкес: Перовский уезі – Ақмешіт уезі, Голодностепский уезі – Мырзашөл уезі, Семиречье облысы – Жетісу облысы болып өзгертіліп аталсын. Қаулы ТүрОАК коллегиясының шешімімен 1922 жылғы 12 сәуірде бекітілді. Қол қойған: ТүрОАК төрағасының орынбасары С.Қожанов» (Өзбекстан Республикасының орталық мемлекеттік архиві. [15]. Ақмешіттің атын ауыстырарда қазақ зиялыларының өзара ақылдасқаны белгілі [16]. Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың тергеушілеріне 1931 жылғы 20 қыркүйекте берген жауабында белгілі қайраткер Қоңырқожа Қожықов: «Ақмешіттің аты Қызылорда боп өзгеру тарихын мен жақсы білемін. Бұл былайша болды: 1925 жылғы Кеңестер съезі кезінде мен, Жандосов, Қожанов және басқалар қазақтардың бірінің үйінде түскі асқа жиналдық. Түскі ас үстінде жаңа астананы қалай атау керек екені жөнінде мәселе көтерілді. Мен оны «Қызылорда» деп атауды ұсындым және бұл бәріне ұнады, мұнан соң Қожанов бұл атты Кеңестер съезінде ұсынып, ол қабыл алынды», – депті [17]. Дінше Әділовке қатысты іске жүгінсек, 1928 жылғы 24 және 27 желтоқсан күндері жүргізілген тергеу материалдары да бұл деректі растайды. Өз жауабында ол Емберген Табынбаев деген семинария бітірген мұғалімнің үйінде өзі, Қожанов, Есболов, Қожықов түскі ас ішкенін, «Қызылорда» атауын бірінші Қожықов ойлап тапқанын, «неге олай?» деген сұраққа «қызыл» большевиктерге ұнайтынын, ал «орда» ұлттық атау екенін, сондықтан бұл екі тараптың да көңілінен шығады деп айтқанын, одан әрі Қожановтың съезде кезектен тыс сөз сұрап, ұсыныс енгізгенін келтіреді [18]. Ендеше, Қызылорда қаласының шежіресінде Қоңырқожа Қожықовтың ойып орын алатыны айқын.

Әзербайжан, түрікмен тілдерінде «қызыл» сөзі алтынды білдіретінін, қазақ жеріндегі алтын шығатын кен орнының бірі «Қызыл» деп аталатынын ескерсек, «Қызылорда» атауының түп мағынасы «Алтын Орда» атауымен де ұштасып жататыны назар аудартады.

Жалпы, «қазақ» этнонимін қалпына келтіру, республика астанасын көшіру мен оған жаңа ат қою секілді тағдыршешті мәселелер сол мезетте ұлт қайраткерлерінің басын біріктіріп, ортақ мақсат жолына жұмылдырды деп айтуға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Орынбор мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві. Қ.1. Т.1. Іс.499. Б.33. артқы беті.
2. Бюллетень V-го Всекиргизского Съезда Советов. 15.05.1925, №1, С.3.
3. ҚР Президентінің Архиві. Қ.141. Т.1.Іс.7.
4. Бюллетень V-го Всекиргизского Съезда Советов. 19.05.1925, №8, С.5-7.
5. ҚР Президентінің Архиві. Қ.141. Т.1. Іс.13.

6. «Қазақ» газеті, 1913 жыл, №3.
7. Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві. Қ.17. Т.1. Іс.277. Б.82.
8. «Ақ жол» газеті. 24.08.1924.
9. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві. Қ.62. Т.2. Іс.80. Б.23.
10. Тілші. 31.08.1924.
11. Ақ жол. 12.11.1924.
12. Ақ жол. 28.01.1925.
13. Ақ жол. 23.12.1924.
14. Ақ жол. 28.01.1925.
15. «Егемен Қазақстан» газеті. 10.05.1998.
16. Қ.17. Т.1. Іс. 277. Б.105.
17. «Алашорда ісі. 1920-1940
18. жж. Құжаттар мен материалдар» көптомдық жинағы. Алматы: Кітап Пресс, 2023.
19. Алашорда ісі, 4-том, 66-бет.
20. Алашорда ісі, 1-том, 188-189-беттер.

МРНТИ 03.20

Амантай ШӘРІП
Академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, литературовед

КОГДА КАЗАХ СТАЛ «КАЗАХОМ»

Аннотация. *В статье рассматривается историческое значение V Всеказахского съезда Советов 1925 года в восстановлении исторического названия казахского народа и переименовании города Ак-Мечеть в Кзыл-Орду. На основе архивных документов, материалов периодической печати, исторических исследований и мемуаров автор анализирует процесс принятия данных решений. Особое внимание уделяется инициативам Султанбека Кожанова, направленным на законодательное закрепление этнонима «казах», перенос столицы Казахстана из Оренбурга в Ак-Мечеть и присвоение новой столице названия Кзыл-Орда. В статье подробно рассматриваются деятельность казахской интеллигенции в защиту национальных интересов, проблема переименования колониальных топонимов и историческое употребление этнонима «казах». Исследование раскрывает значение политико-административных преобразований 1925 года в истории национального самосознания и государственности.*

Ключевые слова: *казахский этноним, V Всеказахский съезд Советов, Султанбек Кожанов, Ак-Мечеть, Кзыл-Орда, столица Казахстана, национальное самосознание, казахская интеллигенция, историческое название, архивные документы.*

IRSTI 03.20

Amantay SHARIP
Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan,
Doctor of Philological Sciences, Professor, literary scholar

WHEN THE KAZAKH BECAME «KAZAKH»

Abstract. *The article examines the historical significance of the 5th All-Kazakh Congress of Soviets in 1925 in restoring the historical name of the Kazakh people and renaming the city of Ak-Mechet as Kyzylorda. Based on archival documents, periodical publications, historical studies, and memoirs, the author analyzes the process through which these decisions were adopted. Particular attention is paid to the initiatives of Sultanbek Kozhanov aimed at legally establishing the ethnonym "Kazakh," transferring the capital of Kazakhstan from Orenburg to Ak-Mechet, and giving the new capital the name Kyzylorda. The article explores the activities of the Kazakh intelligentsia in defending national interests,*

the renaming of colonial place names, and the historical use of the ethnonym "Kazakh." The study highlights the significance of the political and administrative transformations of 1925 in the history of national identity and statehood.

Keywords: *Kazakh ethnonym, 5th All-Kazakh Congress of Soviets, Sultanbek Kozhanov, Ak-Mechet, Kyzylorda, capital of Kazakhstan, national identity, Kazakh intelligentsia, historical name, archival documents.*

Paydalanğan ädebïetter tizimi:

1. Orynbor memlekettik äleumettik-saiasi tarih arhivi. Q.1. T.1. Is.499. B.33. artqy beti.
2. Biulleten V-go Vse kirgizskogo Sъezda Sovetov. 15.05.1925, №1, S.3.
3. QR Prezidentiniñ Arhivi. Q.141. T.1. Is.7.
4. Biulleten V-go Vse kirgizskogo Sъezda Sovetov. 19.05.1925, №8, S.5–7.
5. QR Prezidentiniñ Arhivi. Q.141. T.1. Is.13.
6. «Qazaq» gazeti, 1913 jyl, №3.
7. Özbekstan Respublikasynyñ Ortalyq memlekettik arhivi. Q.17. T.1. Is.277. B.82.
8. «Aq jol» gazeti. 24.08.1924.
9. Resey memlekettik äleumettik-saiasi tarih arhivi. Q.62. T.2. Is.80. B.23.
10. Tilşi. 31.08.1924.
11. Aq jol. 12.11.1924.
12. Aq jol. 28.01.1925.
13. Aq jol. 23.12.1924.
14. Aq jol. 28.01.1925.
15. «Egemen Qazaqstan» gazeti. 10.05.1998.
16. Q.17. T.1. Is.277. B.105.
17–18. «Alaşorda isi. 1920–1940 jj. Qūjattar men materialdar» köptomdyq jinağy. Almaty: Kitap Press, 2023.
19. Alaşorda isi, 4-tom, 66-bet.
20. Alaşorda isi, 1-tom, 188–189-better.

МРНТИ 67.07.11

Замира ИШАНХОДЖАЕВА

доктор исторических наук, профессор
Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека
факультет истории, профессор кафедры истории Узбекистана
zamira.i@rambler.ru

КУЛЬТУРНОЕ СТРОИТЕЛЬСТВО В УЗБЕКИСТАНЕ В 1930–1940-Е ГОДЫ: ДОСТИЖЕНИЯ И ПРОТИВОРЕЧИЯ СОВЕТСКОЙ МОДЕРНИЗАЦИИ

Аннотация. *В статье анализируются основные направления культурной политики советского государства в Узбекистане в 1930–1940-е годы в условиях сталинской модернизации. Рассматриваются процессы трансформации системы образования, науки и культуры, а также особенности реализации политики культурного строительства в республике. Особое внимание уделяется вопросам ликвидации неграмотности, введения всеобщего начального образования, расширения сети учебных заведений, подготовки национальных кадров и развития высшего образования. На основе анализа архивных материалов, периодической печати и научной литературы раскрываются достижения советской культурной модернизации, выразившиеся в росте уровня грамотности населения, создании образовательной инфраструктуры и формировании интеллектуального потенциала республики. Вместе с тем исследуются противоречивые аспекты данного процесса, связанные с усилением идеологического контроля, доминированием классового подхода, ограничением интеллектуального плюрализма и подчинением культурной сферы задачам партийно-государственной системы. Делается вывод о том, что культурное строительство в Узбекистане в рассматриваемый период представляло собой сложный и неоднозначный процесс, в котором модернизационные преобразования сочетались с существенными ограничениями общественного и духовного развития.*

Ключевые слова: *сталинизм; культурная политика; социокультурная модернизация; Узбекистан; советская модернизация; система образования; культурная революция; идеологический контроль; национальная интеллигенция; культурное строительство.*

Проблемы культурного развития Узбекистана в советский период продолжают оставаться одним из наиболее актуальных направлений исторических исследований. Особое место в этом процессе занимает эпоха сталинизма, когда масштабные социально-экономические преобразования сопровождались глубокими изменениями в системе образования, науки и культуры. В 1930–1940-е годы культурная политика советского государства приобрела комплексный характер, став важным инструментом модернизации общества и одновременно механизмом идеологического воздействия на население.

В условиях ускоренной индустриализации и коллективизации руководство СССР рассматривало культурное строительство как необходимое условие формирования новой социальной среды и подготовки кадров для реализации масштабных государственных задач. Вместе с тем развитие образовательной и культурной сферы происходило в рамках жесткой централизованной системы управления, основанной на принципах партийного контроля и идеологической регламентации общественной жизни. Это обусловило сложный и противоречивый характер социокультурных процессов, сочетавших элементы модернизации с ограничением интеллектуальной и творческой свободы.

Целью настоящего исследования является анализ основных направлений культурной политики советского государства в Узбекистане в период сталинизма, выявление её достижений и ограничений, а также определение влияния идеологических установок на развитие системы образования, науки и культуры республики.

Вместе с тем, объективно оценивая этот мрачный период истории, было бы неверным утверждать, что в культурном строительстве второй половины 20-х начале 50-х годов наблюдался исключительно негатив. В этом отношении безусловно права Ю.А. Эргашева, отметившая, что «благодаря открытому и скрытому противостоянию народа, его созидательным усилиям культурное развитие в рамках «красной империи» предстало в виде сложного противоборства созидательных и деструктивных процессов» (Эргашева 1998:24.)

В системе приоритетов советской культурной политики особое место занимали вопросы повышения образовательного уровня населения и расширения доступа к знаниям для социально менее обеспеченных слоёв общества. В официальном дискурсе того времени ликвидация неграмотности, введение всеобщего начального образования, реформирование школьной системы и развитие политехнического обучения рассматривались как важнейшие направления реализации политики культурных преобразований. Так, газета «Правда Востока» подчёркивала, что борьба с неграмотностью и развитие народного образования являются необходимыми условиями осуществления культурной революции (Правда Востока. 1930: 8 июля).

Несмотря на жёсткий политико-идеологический контроль, характерный для сталинской эпохи, в сфере образования и культуры происходили процессы, объективно способствовавшие модернизации общества. Реализуемые государством преобразования создали предпосылки для формирования новых отраслей науки, расширения культурно-просветительной деятельности и развития системы образования в республике. Важное значение в этом отношении имел курс на ускоренную модернизацию экономики и социальной сферы, провозглашённый советским руководством в конце 1920-х годов, который сопровождался масштабными мероприятиями по повышению уровня грамотности населения.

Существенную роль в этих процессах сыграло постановление «О всеобщем начальном обучении», принятое в июле 1930 года. В соответствии с данным решением по всей стране, включая сельские районы, осуществлялось расширение сети образовательных учреждений, открывались начальные и средние школы, создавались условия для вовлечения широких слоёв населения в систему организованного обучения. Эти меры стали важным этапом в формировании образовательной инфраструктуры и подготовке кадров, необходимых для реализации задач социально-экономического развития республики.

В русле общесоюзного курса на модернизацию системы народного образования 25 июля 1930 г. в Узбекистане было принято Постановление о введении всеобщего обязательного начального обучения (Хронологическая таблица по истории Узбекской ССР (1917–1977 г.) 1977:39). Документ предусматривал охват системой образования всех детей школьного возраста, прежде всего в возрастной группе от 8 до 10 лет, а также завершение перехода к всеобщему начальному образованию уже к 1931–1932 учебному году. Одновременно государственная политика была ориентирована на вовлечение в образовательный процесс подростков 11–15 лет, ранее не получивших начального

образования. Для этой категории создавались специальные двух- и трёхгодичные школы и курсы, а также расширялась сеть образовательных учреждений для девочек, что способствовало постепенному повышению уровня женской грамотности и расширению доступа женщин к образованию.

Реализация данных мероприятий сопровождалась активным развитием образовательной инфраструктуры. Увеличивалось количество сельских школ, вводилось обязательное семилетнее обучение в городах, рабочих посёлках и промышленных центрах республики. Одновременно предпринимались меры по совершенствованию содержания образования, внедрению элементов политехнической подготовки и адаптации учебного процесса к задачам индустриализации страны. Важным направлением образовательной политики стало также создание школ с обучением на языках национальных меньшинств, включая таджикский и армянский, что способствовало расширению охвата населения системой образования.

Преобразования в сфере народного образования заложили основы формирования кадрового потенциала республики. Созданная в этот период система подготовки специалистов обеспечивала потребности экономики, науки, культуры и государственного управления. Особое значение имело развитие высшего образования, ставшего важным инструментом формирования национальной интеллектуальной и профессиональной элиты.

В рассматриваемый период были созданы и реорганизованы высшие учебные заведения, сыгравшие значительную роль в подготовке квалифицированных кадров для различных отраслей народного хозяйства. Так, в 1929 г. на базе инженерно-мелиоративного факультета Туркестанского государственного университета был образован Среднеазиатский хлопково-ирригационный политехнический институт, а в 1934 г. – Институт ирригации и механизации сельского хозяйства. Существенное развитие получила и система педагогического образования: в 1935 г. был создан Педагогический институт, ставший одним из ведущих центров подготовки учительских кадров. Одновременно расширялась сеть научно-исследовательских и культурно-просветительных учреждений, создавая условия для развития научной деятельности, литературы и искусства.

Данные таблицы демонстрируют разнонаправленную динамику смертности и летальности от дифтерии. В 1961 г. по сравнению с 1960 г. число зарегистрированных случаев заболевания сократилось с 7320 до 3688, то есть на 50,6%, а абсолютное число умерших – с 480 до 318, или на 33,8%. Одновременно показатель смертности населения уменьшился с 0,48 до 0,30 на 10 тыс. человек, то есть на 37,5%. Однако на фоне снижения заболеваемости и смертности летальность среди заболевших, напротив, возросла с 6,5 до 8,6%, увеличившись на 2,1% процентного пункта, или приблизительно на треть.

Данное расхождение не является статистическим парадоксом, поскольку смертность и летальность характеризует разные стороны эпидемиологического процесса. Смертность рассчитывается относительно всего населения и отражает общей демографический ущерб, тогда как летальность показывает долю умерших среди зарегистрированных больных. Следовательно, снижение смертности свидетельствует об уменьшении распространённости дифтерии и числа обусловленных ею смертей, тогда как рост летальности указывает на то, что число умерших сокращалось медленнее, чем количество выявленных больных. Иными

словами, успехи профилактики и иммунизации, вероятно, способствовали сокращению общей заболеваемости, но не обеспечили сопоставимого улучшения исходов у уже заболевших лиц.

В 1961 г. наиболее высокая летальность отмечалась в Кзыл-Ординской области – 19,5%, что более чем в два раза превышало среднереспубликанский показатель. Высокими значениями также характеризовались Алма-Атинская – 12,7%, Гурьевская – 11,3%, Актюбинская – 10,5%, Целиноградская – 10,34% и Кустанайская области – 10,0%. Минимальные показатели зарегистрированы в Алма-Ате – 3,2%, Карагандинской – 5,2% и Павлодарской областях – 5,7%.

Особо имеет значение имеет сочетание летальности и смертности. Наиболее высокая смертность населения в 1961 г. наблюдалось в Гурьевской области – 0,73 на 10 тыс. населения. Далее следовали Кзыл-Ординская – 0,52, ЗКО – 0,48, Актюбинская и Кустанайской области – по 0,43. Гурьевская и Кзыл-Ординская области одновременно отличались высокими показателями как смертности, так и летальности, что позволяет отнести их к территориям наиболее неблагополучного эпидемиологического и лечебно-диагностического положения.

Особенно неблагоприятная динамика отмечалась в Актюбинской, Гурьевской, Джамбулской и ЗКО, где, несмотря на уменьшение числа заболевших, абсолютное число умерших увеличилось. Например, в Джамбулской области количество зарегистрированных больных сократилось на 42,9%, тогда как число умерших возросло с 13 до 19 человек. В Актюбинской области при уменьшении заболеваемости на 46,8% число умерших увеличилось с 16 до 19, а в Гурьевской – с 20 до 23 человек. Такая динамика может указывать на позднее выявление заболевания, ошибки первоначальной диагностики, несвоевременную госпитализацию и запоздалое введение противодифтерийной сыворотки.

На территории Целинного края в 1961 г. было зарегистрировано 118 смертей, составлявших 37,09% всех умерших от дифтерии в республике. При этом летальность здесь равнялась 7,9%, то есть была ниже среднереспубликанского показателя, тогда как смертность – 0,37 на 10 тыс. населения – превышала республиканский уровень. Это показывает, что значительный вклад Целинного края в общую смертность был обусловлен прежде всего масштабом заболеваемости, а не исключительно тяжестью клинических исходов.

Заключение (Conclusion). Проведенный анализ позволяет охарактеризовать 1958–1961 гг. как переломный, но внутренне противоречивый этап борьбы с дифтерией в КазССР. В конце 1950-х гг. эпидемиологическая обстановка оставалась напряженной: сокращение числа заболевших в 1958 г. не приобрело устойчивого характера, и в 1959 г. было зарегистрировано 10733 случая. Начавшаяся в 1959 г. массовая иммунизация не обеспечила немедленного снижения заболеваемости, однако уже в 1960 г. число случаев уменьшилось до 7500, а в1961 г. темпы снижения заметно ускорились. Следовательно, речь должна идти не об отсутствии результата вакцинации, а о постепенно и неравномерном проявлении ее эпидемиологического эффекта.

Среднереспубликанские показатели вместе с тем скрывали значительные территориальные различия. В 1959–1960 гг. наряду с областями, где заболеваемость сокращалась, сохранялись регионы с ее ростом или замедленным снижением; неодинаковой была динамика в городской и сельской местности. Даже в 1961 г., когда снижение приобрело практически повсеместный характер, в ряде областей интенсивные показатели оставались выше среднереспубликанского уровня. Это показывает, что единая общая тенденция складывалась из различных региональных траекторий, обусловленных неодинаковыми сроками и качеством проведения профилактических мероприятий, особенностями расселения и возможностями местной системы здравоохранения.

Возрастная структура заболевших показывает, что дифтерия продолжала представлять серьезную угрозу прежде всего для детского населения. Клиническая структура заболевания, неодинаковый охват лабораторным обследованием, сохранявшиеся случаи поздней диагностики и несвоевременного введения противодифтерийной сыворотки

объясняют наличие тяжелых и летальных исходов, в том числе различия между городским и сельским населением.

С позиции эндогенно-примарного подхода результативность массовой иммунизации определялась не только общесоюзным решением о ее проведении, но и внутренними возможностями республиканского (областного, районного) здравоохранения: организацией прививочной работы, кадровым и лабораторным обеспечением, эпидемическим наблюдением, своевременностью диагностики, госпитализации и лечения. Таким образом, массовая иммунизация создала предпосылки для коренного перелома эпидемиологической ситуации, однако 1961 г. следует рассматривать не как момент окончательной победы над дифтерией, а как начальный этап перехода к устойчивому контролю над инфекцией.

Список использованной литературы:

1. Государственный архив города Астаны (далее – ГА города Астаны). – Ф. 23. – Оп. 3. – Д. 44. – Л. 1–10.

2. Центральный государственный архив Республики Узбекистан (далее – ЦГА РУз). – Ф. – И-17. – Оп. 1. – Д. 1632.

3. ЦГА РУз. – Ф. И-17. – Оп. 1. – Д. 29040.

4. ЦГА РУз. – Ф. И-17. – Оп. 1. – Д. 1289.

5. ЦГА РУз. – Ф. И-1. – Оп. 20. – Д. 6821.

6. Бароян О.В. Итоги полувековой борьбы с инфекциями в СССР и некоторые актуальные вопросы современной эпидемиологии. – М.: Медицина, 1968. – 303 с.

7. Алексанян А.Б. Дифтерия: Эпидемиология, профилактика. – М.: Медгиз, 1957. – 208 с.

8. Российский государственный архив научно-технической документации (далее –РГАНТД). – Ф. 47. – Оп. 5-1. – Д. 10.

9. РГАНТД. – Ф. 47. – Оп. 1-1. – Д. 10.

10. Титова А.И. Дифтерия. – М.: Медгиз, 1958. – 156 с.

11. Молчанов В.И. Дифтерия. – М.: Медгиз, 1960. – 199 с.

12. Kostina K.A., Dardik F.G. On the status of the campaign against diphtheria in Kazakhstan // Zdravookhranenie Kazakhstana. – 1962. – Vol. 22. – No. 4. – P. 57–60.

13. Фаворова Л.А., Астафьев Н.В., Корженкова М.П. и др. Дифтерия. – М.: Медицина, 1988. – 208 с.

14. Vitek C.R. Wharton M. Diphtheria in the Former Soviet Union: Reemergence of a Pandemic Disease // Emerging Infectious Diseases. – 1998. – Vol. 4. – No. 4. – P. 539–550.

15. Dittmann S., Wharton M., Vitek C., et al. Successful Control of Epidemic Diphtheria in the States of the Former Union of Soviet Socialist Republics: Lessons Learned // Journal of Infectious Diseases. – 2000. – Vol. 181. – Suppl. 1. – P. 510–522.

16. Kembabanova G., Askarova J., Ivanova R. et al. Epidemic Investigation of Diphtheria, Republic of Kazakhstan, 1990–1996 // Journal of Infectious Diseases. – 2000. – Vol. 181. – Suppl. 1. – P. 594–597.

17. Даниярова А.Б., Амиреев С.А., Нажмеденова А.Г., Куатбаева А.М. Анализ заболеваемости дифтерией в Республике Казахстан // Вестник Казахского национального медицинского университета. – 2014. – № 2(2). – С. 480–483.

18. Бегайдарова Р.Х., Байгутанова Г.Ж., Жараспаева Б.Н., Мукашева Д.К., Жумагулова Р.Б. О состоянии вакциноуправляемых инфекций в Республике Казахстан и Карагандинской области // Медицина и экология. – 2010. – № 3. – С. 116–119.

19. Zhalmurzina A., Mazhitova Zh., Omurova J., Kurumbaeva G. Infectious diseases and the causes of their spread in the Akmola region of Kazakh republic (1954–1965) // Medicina Historica. – 2026. – Vol. 10. – No. 1. – P. 1–15 https://doi.org/10.69124/MH.2026.18566

20. Kozina V., Yeleukhanova S., Mazhitova Zh., Zhalmurzina A., Kurbanova D. Ecology and health of the population in the city of Tselinograd in 1964 (the case of infectious hepatitis and typhoid fever outbreak) // E3S Web of Conferences. – 2023. – Vol. 371. – No. 06019. – P. 1–9 https://doi.org/10.1051/e3sconf/202337106019

21. Центральный государственный архив научно-технической документации (далее – ЦГА НТД). – Ф. 85. – Оп. 3-6. – Д. 288.
22. ГА города Астаны. – Ф. 23. – Оп. 3. – Д. 77.
23. РГАНТД. – Ф. 47. – Оп. 6-6. – Д. 2.
24. РГАНТД. – Ф. 47. – Оп. 6-6. – Д. 3.
25. ЦГА НТД. – Ф. 73. – Оп. 2-1. – Д. 111.
26. ГА города Астаны. – Ф. 23. – Оп. 3. – Д. 80.
27. ГА города Астаны. – Ф. 23. – Оп. 3. – Д. 81.
28. ГА города Астаны. – Ф. 23. – Оп. 3. – Д. 98.

ХҒТАР 03.09.55; 76.01.09

Ж.С. Мажитова[1], А.Ж. Жалмурзина[1,2], Ж.Б. Бимолдин[3], Б.А. Жұматаева[4]
[1]Астана медицина университеті, Астана, Қазақстан
[2]Ж. Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан
[3]Астана қаласының мемлекеттік мұрағаты, Астана, Қазақстан
[4]Ғылыми-техникалық құжаттаманың орталық мемлекеттік мұрағаты, Алматы, Қазақстан

1958–1961 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ КСР-ІНДЕГІ ДИФТЕРИЯ: ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ЖАППАЙ ИММУНДАУДЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕЛЕРІ

Аннотация. *Мақалада балаларды жаппай иммундауға көшу жағдайында 1950–1960 жылдар тоғысындағы Қазақ КСР-інің эпидемиологиялық ахуалының өзгеруі зерттеледі. Зерттеудің мақсаты 1958–1961 ж. дифтериямен сырқаттанушылық динамикасының қарқынын, аумақтық ерекшеліктерін және факторларын анықтау, сондай-ақ вакциналық профилактиканың алғашқы нәтижелерін бағалау болып табылады. Зерттеудің дереккөздік негізін денсаулық сақтау органдары мен санитариялық-эпидемиологиялық қызметін облыстар, қалалық және ауылдық жерлер, жас топтары, егілу мәртебесі, ошақтылық, зертханалық растау және аурудың нәтижелері туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық есептік-статистикалық құжаттары құрады. Салыстырмалы-тарихи, проблемалық-хронологиялық және статистикалық әдістер қолданылды. Материалды түсіндіру эпидемиологиялық нәтижелерді республикалық денсаулық сақтау жүйесінің ішкі мүмкіндіктермен байланыстыратын эндогендік-примарлық тәсіл негізінде жүзеге асырылды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы аз зерттелген статистикалық кестелерді ғылыми айналымға енгізіп, жалпыодақтық және орташа республикалық көрсеткіштерде көрінбеген өңірлік үдерістерді анықтаудан тұрады. 1950 ж. соңында эпидемиологиялық жағдайдың шиеленісті күйде қалғаны анықталды. Науқастар санының біршама азаюынан кейін 1959 ж. 10733 дифтерия жағдайы тіркелді. 1960 ж. олардың саны 7500-ге дейін төмендеп, ал 1961 ж. алдыңғы жылмен салыстырғанда шамамен екі есе қысқарды. Алайда оң динамика барлық аумақта бір мезгілде байқалған жоқ: 1959–1960 ж. жекелеген облыстарда сырқаттанушылықтың өсуі жалғасты, ал қалалық және ауылдық жерлердегі өзгерістердің бағыттары көбіне бір-біріне сәйкес келмеді. 1961 ж. көрсеткіштердің барлық жерде төмендегеніне қарамастан, бірқатар аумақтардағы сырқаттанушылық деңгейі орташа республикалық көрсеткіштен әлі де жоғары болды. Жас ерекшеліктері мен егілу мәртебесі бойынша деректерді салыстыру вакцинацияның профилактикалық маңызын растады, сонымен бірге екпемен формалды қамту халықтың қорғалуын бағалаудың жеткілікті өлшемі болмағанын көрсетті. Егілген және ревакцинацияланған балалар арасындағы ауру жағдайлары вакцинация курсының толықтығын, ревакцинация мерзімдерін және екпелердің сапасын ескеруді талап етті. Ұйымдастырылған балалар ұжымдарындағы ауру жағдайлары бірнеше ошақтың қалыптасуының және тіркелген өршулер инфекцияның белсенді таралуының жалғасқанын көрсетті. Жаппай иммундау эпидемиологиялық бетбұрыстың шешуші шартына айналғанымен, оның нәтижелері біртіндеп және аумақтар бойынша әркелкі көрініс тапқаны туралы қорытынды жасалды.*

1961 ж. Қарай республикасы дифтериямен сырқаттанушылықтың тұрақты төмендеу кезеңіне өтті, алайда инфекцияны толық бақылауға әлі қол жеткізілген жоқ. Иммундау науқанының нәтижелілігі вакцинациямен қамту деңгейімен, оны ұйымдастыру сапасымен, зертханалық қадағалаумен, ауруды ерте анықтаумен, уақытылы ауруханаға жатқызумен және емдеумен ұштасуына байланысты болды.

Түйін сөздер: *Қазақ КСР, дифтерия, инфекциялық аурушаңдық, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет, медициналық кадрлар, санитариялық инфрақұрылым, эндогендік-примарлық тәсіл.*

IRSTI 03.09.55; 76.01.09

Zh.S. Mazhitova[*1], A.Z. Zhalmurzina[1,2], Zh.B. Bimoldin[3], B.A. Zhumatayeva[4]
[1]*Astana Medical University, Astana, Kazakhstan*
[2]*Kyrgyz studies at J. Balasagyn Kyrgyz National University, Bishkek, Kyrgyzstan*
[3]*State Archives of Astana, Astana, Kazakhstan*
[4]*Central state archive of scientific and technical documentation, Almaty, Kazakhstan*

MASS IMMUNIZATION AGAINST DIPHTHERIA IN THE KAZAKH SSR: EPIDEMIOLOGICAL OUTCOMES, 1958–1961

Abstract. *The article examines the change in the epidemiological situation in the Kazakh SSR at the turn of the 1950s and 1960s, considering the shift towards the mass immunisation of children. The objective of the study is to identify the rates, territorial characteristics and factors of the dynamics of incidence in 1958–1961, as well as to evaluate the initial results of the vaccination program. The source base consisted of archival reports and statistical documents from health authorities and the sanitary-epidemiological service. These documents contained information on regions, urban and rural areas, age groups, vaccination status, disease focality, clinical forms, laboratory confirmation and disease outcomes. The comparative-historical, problem-chronological and statistical methods were employed. The material was analysed using the endogenous-primary approach, which links epidemiological results with the internal capabilities of the republican healthcare system. The scientific novelty lies in the comprehensive introduction of little-studied statistical tables to research circulation, which made it possible to reconstruct regional processes that were not reflected in All-Union or average republic dynamics. A review of the evidence suggests that the situation remained tense at the end of the 1950s. Following a decline in the number of patients, 10,733 cases were registered in 1959. In 1960, their number decreased to 7,500, and in 1961 it was approximately half that of the previous period. However, it should be noted that the positive dynamics were not synchronous: in 1959–1960, growth continued in some areas, while the directions of change in cities and rural areas often differed. Despite the overall decline in 1961, cases in several territories continued to exceed the national average. A comparison of age and vaccination data confirmed the protective effect of vaccination but showed that nominal coverage alone was not sufficient for protection. The diseases observed in vaccinated and revaccinated children required consideration of the completeness of the vaccination course, the timing of the revaccination and the quality of the vaccines. Continued active transmission of the infection was indicated by cases in organised groups, multiple focal spots and registered outbreaks. It was concluded that mass immunisation was a decisive factor in the epidemiological shift. However, its impact was gradual and uneven across different territories. By 1961, the Republic had entered a period of steady decline in disease incidence, though it had not yet achieved full control of the infection. The effectiveness of the campaign was determined by a combination of factors, including vaccination coverage, organisational quality, laboratory surveillance, early diagnosis, hospitalisation and timely treatment.*

Keywords: *Kazakh SSR, diphtheria, infectious diseases, sanitary and epidemiological service, medical personnel, sanitary infrastructure, endogenous-primary approach.*

Spisok ispolzovannoy literatury:

1. Gosudarstvennyj arhiv goroda Astany (dalee – GA goroda Astany). – F. 23. – Op. 3. – D. 44. – L. 1–10.

2. Central'nyj gosudarstvennyj arhiv Respubliki Uzbekistan (dalee – CGA RUz). – F. – I-17. – Op. 1. – D. 1632.

3. CGA RUz. – F. I-17. – Op. 1. – D. 29040.

4. CGA RUz. – F. I-17. – Op. 1. – D. 1289.

5. CGA RUz. – F. I-1. – Op. 20. – D. 6821.

6. Baroyan O.V. Itogi poluvekovoj bor'by s infekciyami v SSSR i nekotorye aktual'nye voprosy sovremennoj epidemiologii. – M.: Medicina, 1968. – 303 s.

7. Aleksanyan A.B. Difteriya: Epidemiologiya, profilaktika. – M.: Medgiz, 1957. – 208 s.

8. Rossijskij gosudarstvennyj arhiv nauchno-tekhnicheskoj dokumentacii (dalee –RGANTD). – F. 47. – Op. 5-1. – D. 10.

9. RGANTD. – F. 47. – Op. 1-1. – D. 10.

10. Titova A.I. Difteriya. – M.: Medgiz, 1958. – 156 s.

11. Molchanov V.I. Difteriya. – M.: Medgiz, 1960. – 199 s.

12. Kostina K.A., Dardik F.G. On the status of the campaign against diphtheria in Kazakhstan // Zdravookhranenie Kazakhstana. – 1962. – Vol. 22. – No. 4. – P. 57–60.

13. Favorova L.A., Astaf'ev N.V., Korzhenkova M.P. i dr. Difteriya. – M.: Medicina, 1988. – 208 s.

14. Vitek C.R. Wharton M. Diphtheria in the Former Soviet Union: Reemergence of a Pandemic Disease // Emerging Infectious Diseases. – 1998. – Vol. 4. – No. 4. – P. 539–550.

15. Dittmann S., Wharton M., Vitek C., et al. Successful Control of Epidemic Diphtheria in the States of the Former Union of Soviet Socialist Republics: Lessons Learned // Journal of Infectious Diseases. – 2000. – Vol. 181. – Suppl. 1. – P. 510–522.

16. Kembabanova G., Askarova J., Ivanova R. et al. Epidemic Investigation of Diphtheria, Republic of Kazakhstan, 1990–1996 // Journal of Infectious Diseases. – 2000. – Vol. 181. – Suppl. 1. – P. 594–597.

17. Daniyarova A.B., Amireev S.A., Nazhmedenova A.G., Kuatbaeva A.M. Analiz zabolevaemosti difteriej v Respublike Kazahstan // Vestnik Kazahskogo nacional'nogo medicinskogo universiteta. – 2014. – № 2(2). – S. 480–483.

18. Begajdarova R.H., Bajgutanova G.Zh., Zharaspaeva B.N., Mukasheva D.K., Zhumagulova R.B. O sostoyanii vakcinoupravlyaemyh infekcij v Respublike Kazahstan i Karagandinskoj oblasti // Medicina i ekologiya. – 2010. – № 3. – S. 116–119.

19. Zhalmurzina A., Mazhitova Zh., Omurova J., Kurumbaeva G. Infectious diseases and the causes of their spread in the Akmola region of Kazakh republic (1954–1965) // Medicina Historica. – 2026. – Vol. 10. – No. 1. – P. 1–15 https://doi.org/10.69124/MH.2026.18566

20. Kozina V., Yeleukhanova S., Mazhitova Zh., Zhalmurzina A., Kurbanova D. Ecology and health of the population in the city of Tselinograd in 1964 (the case of infectious hepatitis and typhoid fever outbreak) // E3S Web of Conferences. – 2023. – Vol. 371. – No. 06019. – P. 1–9 https://doi.org/10.1051/e3sconf/202337106019

21. Central'nyj gosudarstvennyj arhiv nauchno-tekhnicheskoj dokumentacii (dalee – CGA NTD). – F. 85. – Op. 3-6. – D. 288.

22. GA goroda Astany. – F. 23. – Op. 3. – D. 77.

23. RGANTD. – F. 47. – Op. 6-6. – D. 2.

24. RGANTD. – F. 47. – Op. 6-6. – D. 3.

25. CGA NTD. – F. 73. – Op. 2-1. – D. 111.

26. GA goroda Astany. – F. 23. – Op. 3. – D. 80.

27. GA goroda Astany. – F. 23. – Op. 3. – D. 81.

28. GA goroda Astany. – F. 23. – Op. 3. – D. 98.

ХҒТАР 13.91

Ерзат КӘРІБАЙ

Тарихшы

КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ ӨЛІМ ЖӨНЕЛТУ ЖӘНЕ КЕСЕНЕ САЛУ ДӘСТҮРІ

Аңдатпа. *Мақалада көшпенді халықтардың өлімді жөнелту және кесене салу дәстүрлері тарихи-мәдени тұрғыдан қарастырылады. Автор сақтар, ғұндар, қаңлылар, түркілер, қыпшақтар және моңғол-татарлар дәуіріндегі жерлеу рәсімдерін салыстыра отырып, олардың дүниетанымындағы аруаққа құрмет, ата-баба рухына сенім және өлімнен кейінгі өмір туралы түсініктерді талдайды. Сонымен қатар көшпенділердің жерлеу ғұрыптарындағы отқа, жылқыға, аспан денелеріне және табиғат күштеріне қатысты наным-сенімдерге назар аударылады. Мақалада балбал тастар орнату, оба тұрғызу, мәйітті өртеу немесе жерлеу, марқұмға арнап ас беру, жоқтау айту сияқты дәстүрлердің тарихи сабақтастығы көрсетіледі. Кесене салу дәстүрінің ислам діні таралғанға дейінгі кезеңдерден бастау алатыны және кейінгі қазақ халқының жерлеу рәсімдерімен байланысы сараланады. Зерттеу көшпенділердің рухани мәдениетін, тарихи жадын және жерлеу дәстүрлерінің эволюциясын түсінуге мүмкіндік береді.*

Кілт сөздер: *көшпенділер, жерлеу дәстүрі, өлім жөнелту, кесене, аруақ, ата-баба рухы, сақтар, ғұндар, түркілер, қыпшақтар, қазақ халқы, тарихи-мәдени сабақтастық.*

Туылу – өмірдің басы болса, өлу – оның соңы. Адам рухы жер бетіне келген қонақ, ал денесі талдаған ерекше киімі іспетті. Демек біз жер деген секундына 32 км жылдамдықпен күнді айналып ұшып келе жатқан алып кеменің уақытша қонағымыз. Күн де құс жолын айнала қозғалады. Бабаларымыз тірі адам тән мен рухтан тұрады, тән мен рухтың ажыраған кезін – өлім деген. Оны «тәңірге ұшты!», «қайтты!», «қайтыс болды!» деп жақсы сөздермен айтқан. Көшпенді халық өлген соң рух еркіндікке шығады, өмірге қайта келеді деп те түсінген. Сол үшін өлім оларға қорқынышты болмаған. Сол үшін де өлімнен қорықпайтын батыр болған. Сонымен қатар тірісінде мықты, ұлы адамдардың рухы яғни аруағы күшті болады деп керісінше аруақтан қорыққан және сыйлаған. Өйткені аруақ жердің екі шетіне қас қаққанша (электромагниттік толқын іспетті информация, сигналдар) бара алады, адамға күш-қуат бере алады, адамның санасына әсер ете алады деп қараған. Керісінше тірі адам тәнге қамалған тұтқын іспетті, мүмкіндігі шектеулі әлсіз, ал аруақ еркін әрі құдыретті деп қараған. Әрқашан аруаққа арнап мал сойып малдың жанын аруаққа бағыштаған, әр жылы аруақтарға арнап дүбірлі бас қосу жиыны мен тасаттық берген. Соғыста немесе апатта, қысылтаяң сәтте аруақ шақырған, аруақ көмектеседі деп қараған. Сондықтан адам өлгенде оған дабыралы түрде аттандыру жосынын істеген, арулап, әдемі киіндіріп жерлеген, аруақтың тәні жерленген жерге кесене немесе қорған тұрғызған. Көшпенділер туралы деректерден олардың неше мыңдаған жылдар бойы аруақты сыйлап келгенін көреміз.

Сақтар ата-баба аруақтарына, аспан денелеріне, жұлдыздарға, күнге табынып, жылқы сойып оларға тасаттық берген. Отырықшы сақтар жерді Ана Тәңірі деп сыйынған. Сақтар соғыс тәңіріне де сыйынып, қылышты жерге шаншып, үстіне сүт, қан құйып тәуәп еткен. (1)

Сақ тайпаларының әрбірінің өз алдына ханы болған. Хан қаза болғанда сүйегін арбаға салып аралатқан. Оны көрген бұқара (әйелдер) құлағын тесіп, шашын жұлып, бетін тырнап қанатып жылаған. Ерлер оқпен қолын тесіп, көзін тырнап қайғырған. Хан үлкен қорғанға жерленген, өлікпен қоса алтын, күміс ыдыстар, жылқы қоса жерленген. Тіпті ханмен қоса ханымын, қызметшілерін қоса жерлейтін жоралғы болған. Адам жерленгеннен кейін сүйектің қасында болғандар түгел жуынып бой тазартқан.(2)

Жерлеу материалдарына қарағанда сақтарда ата-баба аруағына табыну, отбасылық, рулық әулиелермен желеп-жебеушілерге табыну ғұрыптары болған. Бұл ғұрыптар өлген адам рухының мәңгі жасайтынына, өлген соң да өз руының салты, үйреншікті ғұрыптары бойынша өмір сүре беретін о дүние бар дегенге негізделген. Өлген адамның денесі негізінен өзінің қыстаулығына жерленген.

Шығыс Қазақстан аумағындағы сақтар моласында ақсүйектердің денесін мумиялау болған. Қазақстандағы мал өсіруші тайпалардың отқа, жылқыға, Күнге басқа да аспан шырақтарына табынуы да тарихи тұрғыда анықталып отыр. (3)

Біз көріп жүрген алтын адамдар сақтардың жоғары жіктері, оларға алтын киімдері алдын ала дайындалады деуге болады. Мәртебелі адамдарды алтынмен әшекейлеп жерлеу бұл аруаққа деген құрметтен туындаған.



Боралдай сақ қорымдары және Есіктен табылған алтын адам

«Тәңіркұт Луантек затынан (руынан) қойылады. Елі оны «Тәңірдің гөдегі – Тәңіркұт деп атайды. Ғұндар көкті (аспанды) «Тәңірі», ұлды «годек» дейді. Тәңіркұт (Занғуағ) немесе (Занғұғ) – дарқан (шексіз кең) деген мағынада, яғни аспандай аялы деген сөз» ғұндар жер мен көкке сыйынды. Ғұн патшасы өзін «Тәңірдің ұлы» деп атады. Әр күні таңертең шығып келе жатқан Күнге тағзым етті. Түнде Айға сәлем берді, әр жылы көктемде Ұлубалыққа жиналып ата-баба аруағына арнап мал шалып, тасаттық береді» дейді.(4)

Ғұндар да кейінгі қаңлы, түрік, моңғолдар да көктемде ата-бабаларының моласының басына барып, аруақтарға арнап мал сою, тіпті мемлекеттік көлемде жүргізу үрдісі болған. Хағанич тәңіркұт Хань еліне бағыну туралы сөз айтқанда өзге ел ағалары: «Атай көрмеңіз, біз ғұндар – ерлікті даңқ, бағынуды намыс санайтын елміз, қазір аға-інілер таққа таласып жатқаны рас, тақ ағаға бұйырмаса ініге бұйырар, Хань елі күшейіп тұрса да бізді қосып алатын қуатқа жеткен жоқ, өзге көшпенділер арасында әлі де ең күштіміз, өзгеге бағынардай басымызға не күн туыпты? Бұлай істесек өткен тәңіркұттардың аруағын қорлаймыз!» – депті.(5) Бұл көшпенділердегі аруақшылық, өмірден өткен әр адамның аруағын құрметтеген. Әсіресе ел билеген әділ хан, қол бастаған батыр, ел сыйлаған абыздардың

аруағына сыйынған. «Аруақ ренжиді» деп түсінген, бұл тәңірлік дүниетанымдағы «адам өлсе де рухы өлмейді» деген түсінікке саяды.

Бұл моладағы жерлеу дәстүрі сақ обаларынікіне ұқсас, далалық көшпенділерде бертінге дейін әдемі киіндіріп жерлейтін дәстүр болған да, кейін ислам діні келгеннен кейін ақ кебінмен орап жерлейтін болған. Суреттегі бұйымда тағы самұрық құстың бейнесі бар, ол да ғұндардың тотемінің бірі екенінде күмән жоқ.

«Ғұндардың тәңірқұтты табытымен қызметкерлерімен, күңдерімен, ханымымен, алтын, күміс асыл киімдерімен қоса жерлеуінен олардың рухы өлмейді, басқа әлемге осы дүниедегідей өмір сүреді деп түсінетінін байқауға болады»(6).



I ғасырда Хентай аймағы Баянадарға сұмынынан табылған ғұн моласы. (Моңголия. Ұланбатыр. Шыңғыс хан музейі).

Тәңірлік сенімде дене қалады, рух ұшып кетеді де жалғасы сақтала береді, кезі келгенде өмірге жаңа келген нәрестеге қонады деп қарайтындықтан, рух әлемінде де оған қажет болуы мүмкін деп ел басыларының қызметшілерін бірге «көр жолдас» ету құбылысы болған. Бірақ бұл кейінгі кездерде тоқтатылып, тек мал шалынып, кейбір құнды заттар бірге көміліп, керісінше ай аралатып рухқа арнап мал сойып, май қоңырсытатын болған. Шоқан Уәлиханов 19 ғасырдағы қазақ дүниетанымы бойынша қазақ тірі рух қонған бақсыға, өлі рух онгонға сенген (аруақ). Адам өлгеннен кейін рух азаттыққа шығып еркін тәңірге айналады. Оған кіші тәңірлер мен өзге рухтардың әмірі жүрмейді. Сондықтан бұл дүниедегі игілік пен қырсық, жақсылық пен жамандық, бақыт пен бақытсыздық тәңірге (жазымыш) байланысты болған, рахат пен азап күнәға ере келетін болған. (7)

«Ғұндар әр жылы үш рет жиналып, көктемде тәңірқұт ордасында тасаттық береді. 5-айда Ұлубалыққа жиналып ата-бабаларына, аруақтарға, жерге тасаттық береді. Күзде мал семіргенде тағы жиналып мал санын, адам санын есептейді. Тәңірқұт жылына үш ұлу (айдаһар) ғибадатханасына тасаттық береді. Ағуандар ғұндардың молаларын қопарғанда ғұндар төтенше ашуланып, ағуандарға күйрете соққы береді»(8).

Қаңлылар ата-баба аруағына табынады. Әр жылы маусым айында ата-бабаларының мазарына жиналып тасаттық береді. Некелену, өлімді ұзату салты түріктермен ұқсас. Буддаға сиынады, қаңлыларда буддаға сенгендер де болған.(9)

Қазақ ұғымында да адамның аруағы осы дүниедегі туыстарымен әрқашан жанама байланыста болады. Ал аруақтың ол әлемде жақсы тұруы осы дүниедегі туыстарының жылдық асын, қырқын, жетісін ойдағыдай беруіне байланысты, жақсы өтсе разы болып туысқандарына қамқорлық жасап отырған, жаман өтсе шамданып зиянын тигізетін болған. Аруақ жазадан құтылады, ол еркін(10)

Ғұндардың көктемде аруақтарға арнап тасаттық беру салты сақтарда да болғанын жоғарыда көрдік. Кейінгі қаңлылар мен түріктерде, моғол-татарларда да осы салт болған. Көшпенділерде өлгеннің моласын қырату – ол кешірілмес қылмыс саналған. Сол үшін де Шыңғыс қаған сияқты көсемдердің зираты құпия болып, оны ешкім білмеген.

1767 жылы қазақ Көкжал Барақ қырғыздардың әулиесінің зиратын қорлап кеткеніне қатты намыстанған қырғыздар қалың қол жиып келіп, Барақтың 2000 сарбазын қырып, бастарынан мұнара тұрғызған екен.

«Батыры өлсе қанжары сүйегімен бірге жерленеді, өлгенде жылайды, жерлеген кезде әндетіп шығарып салады (жоқтау айтып). Семіз иті, өлушінің аты, киімі, сауыты бірге өртеледі. Ерекше төбеттерді де сөйтеді. Осылай істесе өлушінің аруағын қорғап жүреді деп сенеді. Жерлегеннен кейін туыстары аттар мен төбеттерді тізіп қояды да, кеште жылап өлең айтады. Екі адам шығып дұға оқиды, өлушінің аруағына бағышталады. Бөгеттерден ада, жын-шайтаннан сақта делінеді, онан аттар мен төбеттер, киімдер өртеледі. Аруақ, кие, жер мен көк, күн, ай, жұлдыз, тау, өзен және өткен атақты адамдардың атын атайды. Сиыр мен қойды да тасаттық ретінде өртейді, сусындықтарды да тасаттық қылып шашады»(11). Сянби, ахуандар сияқты, қазірге дейін қазақтар да күйеуі өлсе, оны жерлеуге апара жатқанда зарлы жоқтаумен шығарып салады. Бұл XIII-XIY ғасырдағы моңғол-татарларда да болған. Қазақтардағы итті сенімді қолғанат, күзетші ретінде пайдалану сонау сянби заманынан бері жалғасқан дағды екенін көреміз. Исламға кіргенге дейін (XYIII ғасырдың соңы) өлген адамға арнап мал шалған, ертеректе малды жемей, өртеп жіберетін. Аруаққа арнап дұға оқу да әлі күнге жалғасып келеді. Әсіресе жесір қалған әйел жоқтау айтқанда өлушінің аруағына дұға оқылады. Қазақтардағы парқы тек дұғаға құран сүрелерін оқитын болған. Ғұндар, түріктер, моңғол-татарларда да аруаққа, жер, су, күн, ай, жұлдызға сыйынған. Бұл салттар XIX ғасырдың соңына дейін қазақта берік сақталып келген. Ал аруаққа арнап қымыз шашу қазақтарда бертінде ұмыт болған, бірақ жауын жауғанда «сүт көп, көмір аз» деп шөмішпен үйді айналдыра ұрып, сүт шашуы соның сарқыншағы сияқты.



Шығыс Қазақстандағы сянби молалары (12)

Сянбилерден кейінгі теле (терік) тайпаларының жерлеу ғұрпы мынадай болған:

Өлікті жерлегенде оны қазылған көрге отырғызып қолына тартылған садақ ұстатады, беліне қылыш іледі, қолтығына найза қыстырады, сөйтіп тірі кездегі қалпына келтіреді, қабір жабылмай ашық қойылады. Егер біреу жай түсіп өлсе немесе індеттен өлсе, онда оған бақыт тілеп мінәжат етіледі. Егер қауіпсіздікте басқа істер болмаса тасаттық беріледі. Көп мал шалынып, сүйегі отқа өртеледі. Сонан кейін әлгі жерді атпен айналады, кейде тіпті жүздеген рет айналады, бұл жиынға жасына, жынысына қарамай барлық адам қатыса алады»(13) Қаңғар, телелер түріктерге бағынғанымен, салттарында түрік тайпасынан сәл парқы болған. Түріктер өлікті өртейді, ал қаңғарлар жерлеген. Жай түсіп өлген адамды моғол-татарлар да, қазақтар да қарғысқа ұшыраған деп біліп, ол жерге бақсы абыздар мал шалып, дұға оқыған.

Түріктердің өлім жөнелтуі былай болған:

«Өлген адамның денесі оңаша киіз үйге жатқызылады. Балалары, немерелері, туыстуғандары, ер-әйел демей құрбандыққа қой, жылқы сойып, етін есіктің алдына жаяды (келгендер үшін), беттерін теміртекпен жыртып дауыс салып жылайды, қан мен жас қоса төгіледі.» (14).



Түрік Будданы жоқтап бетін тіліп қан шығаруы.
Қызыл, Мингой, Майя үңгірі 224, б.з. 550-600 жж.

Жоқтау, көріс, бұл – моңғол дәуірінде жалғасын тауып қазақта сақталған. Қазақта әйелдер, өлушінің әйелі солай істейді, бетін тырнап қан шығару XIX ғасырдың соңына дейін болған. Кемпірлердің тілін алмағандарға: «Бетің тілінгір!» – деген қарғыс «күйеуің ерте өлсін» дегенді білдіреді. Қазақтағы қайтыс болған адамға арнап қонақасын беру сянбилерден түріктерге, одан монғолдарға жалғасып, бізге жеткен салт.

«Бұл рәсім жеті қайталағанда барып аяқтайды. Көктемде немесе жазда өлген адамды жапырақтар сарғайған кезде (сүйек күлі), ал күзде не қыста өлген адамды көктемде жерлейді. Қабір басына белгі ретінде қада, тас(балбал) қойылады, қада саны адамның тірісінде өлтірген жауының санына қарай болады. Бұл күні ерлер де, әйелдер де бір киерлерін киіп, қабір басына жиылады. Егер онда жігітке қыз ұнаса, қыздың үйіне құда түсуге адам жібереді, оған әдетте қыздың әке-шешесі қарсы болмайды.(15)



Түрік балбал тастары мен кесененің жұрттары ,
ҚХР, Шыңжаң, Алтай аймағы, Шеміршек ауылындағы түрік қорымдары.
(Балбал тас түрік батырының өз өмірінде өлтірген жауының
бейнесі ретінде кесененің алдына қойылатын болған)

Алтайда түрік балбалтастары шоғырланған қорымдар көп. Түріктер ең алғаш осы арада орда тіккен, Бумын қаған мен Ай қаған қорымдары осы маңда болуы мүмкін.

«Әкесі, ағасы өлсе, інісі, әкесінің інілері жеңгесіне не ұлдары өгей шешесіне үйлене береді. Олардың есігі шығысқа қаратылады, онысы күнге болған құрметі болса керек.(16). «Олар жыл сайын өзінің мәртебелі адамдарын бастап, ата-баба үңгіріне барып құрбан шалады. Ал мамырдың ортасында Тарын өзеніне барып, Көк Тәңіріне тасаттық береді. Өтукен тауынан батысқа қарай 500 шақырым жерде басына ағаш та, шөп те өспейтін биік шоқы бар, оны Ба тәңірі(жер құдайы) деп атайды.(17)

Шытырлап жанып жатқан бір бұтақты ортаға әкеліп құтырына айғайлап, кәрін төгіп, ойнақтаған жын-шайтанды қуғандай болды. Жұрт бұл адамдарға жын-шайтандарды аластап, бізді кесел-пәледен құтқарады деп сенеді. Осы арқылы барлық пәлені аластадық деп сенген олар Земархтың өзінде осы оттан өткізіп, өзімізге төнген пәле-жаладан аластадық деп сенгендей болды (18).

Сыр бойын мекен еткен оғыздардың ұлы абызы, әулие Қорқыт ата туралы аңызда Қорқыт ажалдан қашады, ажалмен арбасады. Ал исламда ажалдан қашуға болмайды. Қазақта «қорқыт ажалдан қырық жыл бойы қашып соңында ең бірінші рет қазылған көріне түскен екен» деген тәмсіл қалған.

Енесей қырғыздарында өлім жөнелту былай болған екен:

«Қырғыз (немесе хакастар) тек шөп, су құдайларына ғана сыйынады, тұрақты мінәжат уақыты болмайды, бақсыларын қам дейді. Қыз айттырғанда қалың малына жүздеп, мыңдап жылқы береді. Адам өлгенде бет жыртпайды, мәйітті үш айналып жылайды да қояды. Сосын өртеп күлін бір жылдан соң жерлейді, сонан кейін жоқтау ырымын жасайды» (19). Десе де Таң патшалығы жарғыларында осы дерекке қайшы мынадай мәліметтер бар: «Қалыңдық айттырғанда қалыңмал айдатпайды, күйеуі өлген әйел теміртекпен бетін жыртып қанды жасын саулатады, мүрдені өртеп жыл уағы болғанда көмеді (20). Енесейдегі

руна жазуымен жазылған көптеген бітіктастардың бәрі бұрын кесене немесе зираттар, қазыр тек біз көріп жүргеніміз балбал тастар мен қайтыс болған адамның өмірі, өсиеттері жазылған бітіктастар.



Қорқыт ата мазары. 1870 жылдардағы сурет

Тыбалар құдаласқанда байлар жылқы айдатады, кедейлер бұғы терісі мен шөптің тамырын береді. Өлген адамды ағаш табытқа салып тау ішіне қояды немесе ағашқа асып қояды. Өлгенге түріктер құсап жылайды, мал ұрлағандар еселеп айып төлейді, жаза заңы болмайды (21).

Бұрын көшпенділерде әр адамның өз жұлдызы болады, адам өлгенде оның жұлдызы да ағып түседі деп қараған. Мысалы қидан көсемі Абауке өлген кездегі жағдай тарихи деректе былай жазылған: «Бір күні Абаукенің шатырының алдына бір жұлдыз ағып түсті, көп ұзамай Абауке Фу юй қаласында қайтыс болды» (22).

Қазақта «жұлдыз ақса бір адам өледі, ал жарық жұлдыз ақса бір арыс батыр не патша өледі» деген сенім бар. Сондықтан қазақтар жұлдыз ақса: «Менің жұлдызым жоғары!», – дейтін болған. 916 жылы құрылған моңғол тілдес қидандардың күшейуіне байланысты тоғыз оғыздың қун(ұн) тайпалары батысқа көшті, олар куман және қыпшақ деп аталды. Олар көктүріктердің дәстүрін жалғастырушылар болды, бірақ олар адамның денесін өртемей жерлеген.

Кейінгі қимақтар мен қыпшақтарда түркілік салт сол қалпында жалғасты.

IX ғасырдың аяғынан бастап ата-бабаларға арналған, ішінде мүсіні (немесе мүсіндері) бар қоршалған шағын киелі орындар салу кундар мен қыпшақтардың айрықша белгісіне айналды. Обелискілер көбіне қарапайым дөрекі стеллалар болды, бөлшектері жоқ фигуралардың беттері терең ойылған сызықтармен көрсетілген, жүрек пішінді. Әйел мүсіндері ерлерге қарағанда дөңгелек кеуделерімен ерекшеленді (23). Қасиетті орындар көбіне бай және текті көшпенділер үшін салынған.

Низами қимақтардың ата-бабаларына деген құрметін сипаттайды. Аруақтар қимақтар мен құмандар, қыпшақтар ерекше күшке ие деп есептелетін. Сондықтан соған сәйкес қасиетті деп саналатын көптеген мүсіндерді орнатқан: «Барлық кундар қыпшақ тайпалары сол жерден өтіп бара жатқанда, осы обелискінің (балбалдардың) алдында екі рет тағзым етеді. Олар атқа қонғанда да немесе жаяу жүргенде де тағзым етеді.» (24).

Қыпшақтар діни нанымы жағынан ежелден түркілер арасына кең таралып келген тәңіршілікті ұстанып келген. Олар Көк Тәңіріне, жер-су киелеріне, Ұмайға, отқа, аруақтарға, аруақтардың тас мүсініне сыйынды. Оны мына деректен көруге болады: «Ал егер олардың ішінен бір адам өлсе, оған үй пішіндес үлкен шұңқыр қазылған, оған күртеше, белбеу, садақ ... кигізіп, қолына ағаш тостаған ұстатады. Нәбиздің алдына нәбиз салынған ағаш

ыдыс қояды, қолындағының бәрін әкеліп, өзімен бірге сол үйге жатқызатын... Сосын оны соған салып, үстіне үйді палубамен жауып, үстіне топырақ үйіп тастайтын. Сосын жылқы алып, санына қарай жүз, екі жүзден біреуін сойып, басы, аяғы, терісі, құйрығынан басқа етін жейді. Ал, шынында да, олар мұның бәрін: «Мынау оның жұмаққа мінетін аттары», – дейді. Ал егер ол жауын өлтірген ержүрек болса, олар ағаштан оның өлтірген адамдарының санымен тең мүсіндерді қашап, қабірінің басына қойып: «Мынау оның жас балалары, оған жұмақта қызмет етеді», – деп айтатын (Ибн Фадлан)

Қыпшақтардың өлген адамның қабіріне балбал орнату салты да, тілі де көк түріктерге қатты ұқсайды. Сондай-ақ өлген адамға сауыт кидіріп, қару ұстатып, керекті заттармен қосып жерлеуі теле-оғыздардан аумайды.

«Қыпшақтар өлген адамның бейітіне жүзін шығысқа қаратып балбал орнатады. Олар кейде оба үйеді, кейде шошақ төбелі пирамида тұрғызады» (25).



Шикул қыпшақ моласы. 13 ғасыр . Шығыс Еуропа. (26)

Қайтыс болған адамның жанына ыдыс-аяқ және өзге керекті заттар бірге қойылған.



Днепр маңындағы қыпшақ балбалдары

Көшпелілер о дүниеде әрқашан сойылған жылқылармен, кейде басқа жануарлармен, ал оның өлтірген жаулары қарапайым стеллалармен немесе тастан немесе ағаштан жасалған адам бейнелерімен бейнеленген. Жылқылар жылдам өту үшін, бір әлемнен екінші әлемге жаттықтыру үшін қажет болады деп ойласа керек. Олар неғұрлым көп болса, соғұрлым жақсы. Оғыздарда марқұмның бейнелері бейіттердің үстіне де, арнайы киелі орындарға да орнатылмаған. Ол әдет тек Қимақ қағанатының халқы арасында, негізінен қыпшақтар арасында болған (27).

Үнгүт тайпасы – несториандық христиан дінін ұстанатын тайпа. Олар ежелгі шато түріктерінің ұрпақтары. Несториандық христиандық Батыс Азияда X ғасырдың басында пайда болды және YII ғасырда Қытайға енгізілді, ол Тан династиясында несториандық христиандық деп аталды. Түркі тілдес керей тайпасы (Орталық Моңғол үстіртіндегі көшпелілер) және түркі тілдес найман тайпаларының (Батыс Моңғол үстіртіндегі көшпелілер) екеуі де христиан дініне сенеді (28).

Қыпшақ-кумандардың Қырым тарапында христиан дініне сенетіндері де болған, 11 ғасырда нисториянды бағыттағы христиан діні керей, найман, үңгіт тайпаларына тараған. 13-ғасырдағы үңгіт тайпасынан қалған моланың басына Сирия жазуымен жазылған ескерткіш тастар қойылған.



Үнгүттердегі несториан тасы

Мәтіні: Alecsandros khan sakhshi myñ beş yüz altemyş törūt, tabğaş sahşe ūd yil abram aye igirme ekki, bū ordo igesi yaunan kömekke señuin yetimiş bir yşenda teñir yarlliğini bitirdi. Būl beğniñ özide teñir mäñgū ūşmahta ornatpage bolsūn. Bişik abauegra uerhua derhudşa(Сирия тілі).

Makadonya baleğleğ, Pilip han oğle Aleksandrus han sapşe, meñ alte yüz ikkiyilinda tabğaş sahşe, bares yil oninşe yil yeti yañida otūz üş yaşinta teñir yarlliğini bitirdi. yat bolsūn özide mäñgū, üşmahta ornatmah bolsūn, ämin, ämin!

Būl habira Abram tömirasiniñ ol kiñ sao pu ta taruğaşi sunle hiula gerün kubegüt, ikki süyin süyinla,üş siunla ha otūz alte yaşinta teñir yarlliğini bitirdi. Tabşhan yil altinşi ay, yigirmi tört.

Başmeh dmaran yeşue!(Сирия тілі)

Aleksandrūs han saheşe yil meñ alte yüz yigirmi sekküz yilinta, tūrik saqşi yilan yil,üşünşi ay, toqūz yañida, tay tūtūh Yañ Si sim şaniñ esligi alişbah hatūn otūz üş yañida teñir yarlliğini ibitirdi! Yaş hobti ät özi bū şin habra işinte hizländiler! Özite mäñgū üşmahha tahi!

Sara repha tahel areh hūnşilar birla yūrūt orūn tutup mäñgū mäñgū at yañgi bolsūn! Ud keş üdlärke taği yat helmiş bolsūn! Ämin yin wamin!

Көшпенділердің өлім жөнелтуі отырықшы халықтардан басқаша болды. Ғұндар туралы олардың жерлеу ғұрыптары туралы, арғы дүниеге көзқарастары туралы тоқталдық. Сянбилер туралы тарауда олардың өлім жөнелту салты тура қазақтармен ұқсас екенін

көрдік. Түркілер мен телелердің салттарында сәл өзгешеліктер бар. Түрік тайпасындағылар өлікті өртеп күлін көмсе, телелер өлікті тірі адамша отырғызып қоятын болған. Ал одан бергі қыпшақтардың салты бізге жақын, ал моғол-татарлар туралы деректерге қарайық: Карпини: «Біреу дертпен ауырса үйінің сыртына қара қауырсынды найза қыстырып қояды, оны көрген адам ол үйден аулақ жүреді. Өлген адамды оңаша жатқызып, бағалы заттарын тұлдайды. Марқұмға арнап бие матап, бес тұрманы сай атын тұлдайды. Жыл мерзімі болғанда мол дастарқан жайып, табақ тартып, қымыз құяды. Аттың еті желініп болған соң терісіне сабан тығып керіп тіктеп қояды. Бұл о дүниеде де осындай басында үйі, ішер асы, қымызы, белдеуде аты болсын деген ырым. Осындай ырымды топты әйел жыл толғанша үнемі жасап тұрады екен» (29).

Бұл дерекке қарасақ дәл қазақтың өлім жөнелту салтынан еш айырмасы жоқ екенін көреміз, қазақта да өлген адамның заттарын айырым қояды, атын не түйесін тұлдайды, жылы толғанда жылдық асын беріп көп елді шақырып мал сойып ас береді. Жылы толғанша жетісі, қырқы, жүзінде қонақ асын беріп қана қоймай жоқтау рәсімі жылы толғанша көңіл айта келгендер үйге келгенде қайталана берген.

Карпини: «Ақсүйектерді жерлеудің мынадай түрі бар екен, адам баспаған кең даладан терең көр қазады да жанақым шығарады, оған марқұмның туысы не жақын серігі жатып байқайды. Мәйітті қойған соң жанақым жабылады, сосын қабірды жауып, бұған ешкім соқтықпайтын болады. Онан соң марқұмның отбасындағылар түгелдей отпен аластаудан өтеді, ол былай болады: Бір жерге екі найзаны тұрғызып байлайды және оған ақтық байлайды. Сосын от жағады, марқұмның барлық үй-мүлкі найзаның астындағы оттан өткізіледі, екі бәйбіше найзаның екі жағында тұрып отқа су шашып зарлы жоқтау айтады (30).

Қазақта да өлікті жерлегенде көбінесе жанақым қазылған, қазып болған соң қайтыс болған адамның туысы кіріп жатып көреді (менің әкем қайтыс болғанда қазылған қабіріне інісі жатып тексеріп шыққан болатын). Қазақтар мәйітті жерлегенде әйелдер бармайды, ал көне түркілерде әйелдер де жерлеуге бара берген. Моғол-татар әйелдері сияқты өлікті шығарғанда әйелі, қыздары зарлы жоқтау айтса ол салт сянбилерде де болғанын көрдік, түрік дәуірінде де әйелдер бетін жыртып қанын қоса ағызып, шашын жайып жоқтаса, XIX ғасырға дейін қазақ әйелдері де солай істеген. Жоқтау жылдық асы беріліп қаралы ту жығылғаннан кейін айтылмайтын болған. Ал заттарды отпен аластау туралы жоғарыда айтып өттік.

Ал жерлеуге қатысқан адамдардың оттың арасынан өтуі 19 ғасырда да болған, Шоқанның айтуынша: «Қазақтар өлікпен бірге табақ, ыдыс-аяқ көмеді, өлген адам жатқан үйдегі заттардың бәрін оттың арасынан өткізіп аластайды. Үйткені ажал келіп адамды көрінбей бауыздағанда қан үйдегі барлық затты былғап кетеді» дейді.

Арғы өмірге көзқарасы:

Көшпенділердің дүниетанымында арғы дүние, қиямет, махшар соты, тозақ, жәннәт ұғымы болмаған. Тамұққа жер асты жын-шайтандар әлемі жазаланатындар солай түседі деп сенсе рухтар әлемі ұжмақ (ұшпақ). Көшпенділер рух өлмейді тек денеден ажырап рухтар әлемі О дүниеге кетеді деп сенген. Ол туралы авраамдық діндердегі сияқты әр түрлі әңгімелер айтылмаған.


Карпини: «Татарлар өлген соң арғы өмірдің болатынын, тозақтың болатынын да білмейді, арғы өмірде де осылай тамағымызды ішіп, малымызды бағып жүре береміз деп ойласа керек», – депті (31).

Марко Поло: «Олар рухтың өлмейтіндігіне сенеді. Адам өлген кезде оның рухы басқа денеге көшеді, өмірінде істеген жақсылығы мен жамандығына қарай оның болашағы жақсы немесе жаман болады деп сенеді. Егер ол кедей болса және өзін асыл ұстаса, онда ол бірінші рет әдепті әйелден қайта туады және ол екінші рет ақсүйек ханымның үйінде қайта туады да ақсүйек адам болады, құдаймен бір болғанша өмір баспалдағымен көтеріле береді. Ал, ақсүйек адамның баласы болса да, мінез-құлқы нашар болса, кейінгі өмірінде кедейге, тіпті итке айналып, азайып, төмендей береді. Олар үлкенге кішіпейілділікпен сөйлеп, бір-бірімен амандасып, күлімдеп, сыпайы, білімді жандардай жүреді. Тамақтану

кезінде де тазалыққа ерекше мән береді. Олар ата-анасына үлкен құрмет көрсетеді. Егер ұл әке-шешесіне немқұрайлылық танытып, дөрекілік танытса немесе қажет кезде ата-анасын асырау міндетін мойнына алмаса, онда сот бұл адалдыққа жат қылмысын өткізген болып қатаң жазалайды. Түрлі қылмыс жасаған зұлымдар алдымен түрмеге жабылып, кейін дарға асу жазасына кесілді. Үш жыл түрмеде отырғандар, яғни хан белгілеген кәдімгі түрмеге қамалғандар, түрмеден босап шыққанда, оларды басқалардан ерекшелеу үшін бетінің бүйір жағында белгісі болған» (32).

Моғол-татарлардағы қайта туылу ұғымын буддизмнің ықпалынан келген деген пікір де бар, дегенмен бұған нақты дәлел жоқ (бәлкім екі сенімде де болған ұқсастық). Қазақтар күні бүгінге дейін осы дүниені жалған дүние, шынайы өмір ана жақта деп қараған.

Шоқанның айтуынша бұрынғы қазақтар ұлы, күшті адамдар қайтыс болса ұлы күшті аруаққа айналады, ал жәй адамдар қайтыс болса, болмашы аруаққа айналады деп қараған. Шыңғыс қаған өлгеннен кейін оған құдайдай табынды (Бұл исламға терең өткенге дейін қазақта да болған). Өздері қысылған сәтте ата-бабаларының аруағын атап шақырады. Сәті түскен істің бәрін аруақ қолдады деп түсінген, аруақтардың зиратының басына барып түнейді, кейде баласы жоқтар бала тілейді. Ертеде ұлы адамдардың зираты жасырын немесе күзетілетін болған, сірә жау қорламасын дегеннен шыққан болса керек.



Ішкі моңғолдағы Шыңғыс қаған кесенесі және оның тасаттық орыны (Бұнда Шыңғыс қаған жерленбеген, тек аруағына сыйынатын орын)

Карпини, Рубруктардың дерегі бойынша оның ұрпақтары Батулар Шыңғыс қағанның аруағына сыйынған, оның арнайы тәуәп үйі болған, бір Италияндық монахты Шыңғыс қағанның аруағына бас ұруын талап еткен, ол зорласа да көнбеген соң өлтірілген.

Шыңғыс қағанның үлкен ұлы Жошы Алтын Орданың негізін қалаушы, алайда ол әкесінен бұрын қайтыс болып Ұлытауда жерленді, бастапта оның жерленген орны құпия болған болуы мүмкін, тек тіке жақындарына белгілі болған.



Жошы кесенесі. Ұлытау

Қазақ хандығы дәуірін сипаттайтын Розбехан исфаханидың дерегінде қазақтардың салты, діни сенімі былай делінген: «Сенімді адамдардың әңгімесіндей олардың ортасында (қазақтарда) пұтқа табыну, жерге табыну салттары кең таралған. Сенімді адамдардың айтқанындай олардың ортасында олардың өздері табынатын құдай бейнесі бар. Бейнеге табыну бұл күпіршілік, құдай заңын қорлау... Демек қазақтар исламды қабылдағаннан кейін аруаққа табынса ол бұдқа табынғаны. Бұл жағдайда олардың аруаққа табынғаны діннен безу, бұдқа табынушылық болатынын білмеуі есепке алынбайды... Бірақ бұл шарт қазақ халқына қатысты емес, себебі олар исламды қабылдағанына 200 жылдан асса да, үлемдері және ғалымдар жан-жақтан Түркістан мен Мәуераннахр үлемдері, енді бір жақтан Қажытархан үлемдері, Дербенд-ширван үлемдері, Хорезм, Хорасан үлемдері келеді. Көпестер қазақтарға ислам елдерінен келіп тұрды, оларға ислам парызын жаттатады, қазір олардың хандары, сұлтандары мұсылмандар, олар құран оқиды, намаз оқиды, балаларын мектепке береді, ораза ұстайды, неке оқытпай үйленбейді. Алайда бұл ережелер қазақтардың арасына таралмайынша олар оны орындамайды. Олар осы білімді алып, аруаққа табыну бұдқа табыну екенін білмедік деп қалай айта алады?»(33)

Демек бұл 1507 жылғы оқиға, ол кезде қазақ халқының жартысы әлі исламды қабылдамаған еді. 1582 жылы Тәуекел хан Ұлытаудағы қалмақтарды жеңіп, Қашқариядан Ысқақ Қожа Ишанды алдырады. Ол он жыл қазақ жерінде жүріп, 180 мың адамды исламға кіргізді.(34) Осыдан бастап толық исламға кірген халықтың жерлеу ғұрыптары мен өлім жөнелту салтына ислам элементтері толық араласты деуге болады.

Қырғыздардағы аруаққа сену туралы Шоқан былай деген:

Олар құдайдың атын естеріне жиі алады, ертедегі моңғолдар сияқты Көк Тәңір деп айтады. Олар отты, айды, жұлдыздардың бәрін қадір тұтады. Отты бәрінен де жоғары ардақтаған, бастарына қиын күн туған кезде қарақырғыздар мойындарына белбеулерін іліп (орта ғасырдағы мадақтау жырларын айтқанда осындай белгілер болған) отқа май құя отырып оған құрбандық берген. Сондай-ақ өлгендердің рухы құдайдай мән-мағынаға ие болады деп санап, оларға арнап шырақ жағып, қой сойып құрбандық шалған. От пен рухқа табынғанда: «От ана, немесе ата аруағы сенің рухыңа тағзым! Тоба, тоба кешіре гөр!» – деп жалбарынған. Бұл кезде құрбандық шалушы құдай алдында тік тұрғандай бір тізесін бүгіп отырып оң қолын маңдайына алып барып тәу еткен.

Бақсылар мен шаман абыздарын бұл ордада аса құрмет тұтқан. Манаптар осы атағын мақтаныш етеді, сарыбағыштардың қазіргі жетекшісі Үмбетәлінің осындай атағы бар.(35)

Кесене тұрғызу

Кей қазақтар әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан жәй адамдарға бейіт тұрғызу, ұлы жане батыр адамдарға кесене тұрғызуды исламнан келген деп қарауы мүмкін, бірақ ол теріс түсінік. Кесене, бейіт тұрғызу көшпенділерде неше мың жылдардан бері жалғасып келе жатқан салт. Ғұн заманында Ғалукка тәңірқұттың тұсында (Заманымыздан бұрынғы 96-85) Нейсүн генерал деген адамды соғысқа шығар алдында құрбандыққа атамақшы болады. Ол: «мен өлсем де ғұнның тұқымы құриды!» – деп лағнет айтты, ақыры өлтірілді, сонан бірнеше ай толассыз қар жауып, жұттан мал қырылды, елге оба тиіп, егін піспей қалды. Осыдан қорыққан тәңірқұт оған арнап киелі тәуәп үйін салдырды(36).

«Түріктерде жерлеу кезінде өлген адамның туыстары өлген күніндегідей тасаттық беріп атпен шабады, беттерін жыртады. Қабір басына қада тас тұрғызылып, қабірды қоршай үй тұрғызылады. Үйдің ішіне өлген адамның тірі кезіндегі өткерген шайқастары баяндалған суреттер салынады. Ол бір адам өлтірсе бір тас қойылады, кейбірінде бұндай тастар жүзге тіпті мыңға жетеді. Құрбандыққа шалынған қой мен сиырдың басы түгел қадаға ілінеді» (37).





Михо жерлеу диванында шашы ұзын түркі салт аттылары.
570 ж. Солтүстік әулеттер, Қытай. Тайюан қаласы
Бұл жоғарыдағы сурет екеуі бір сурет.


634 жылы Таң империясына қолды болған Елік қаған қайтыс болғанда түрік салты бойынша өртеліп жерленді. Оның ябғұсы тегінде шешесінің Буаштың шаңырағына міниіп келген құлы екен, аты Ғуния еді. Ол Елік туғаннан бауырына салған екен, ол қайғыға шыдамай, Еліктің аруағына арнап өз-өзін бауыздап, сол жолда құрбани болды да Елікпен бірге жерленді»(38)

«Күлтегін қайтыс болғанда оған Таң патшасы арнайы көңіл айтуға Жаң Чүй мен Лю Шияң жіберілді, құлпытас орнатуға арнайы бәдізші жіберілді. Патша арнайы жоқтау сөзін жазды. Күлтегіннің басына кесене тұрғызылды, оған мүсіні мен балбал тас тұрғызылды. Кесененің төрт қабырғасына оның соғыстағы ерліктерін сызып қашау ісі жүргізілді. Сурет-оюлардың дәл айнымай сызылғаны сондай Білге қаған әр жолы барып қайтқанда қайғыра жылаушы еді»(39)

Күлтегін мәңгі тасында да осыған ұқсас сөздер жазылған: «табғаш, тибет, авар, риым, отыз татар, қырғыз, тоғыз оғыздан адамдар келіп жоқтасты, сықтасты... (Күлтегінгі) мәңгітас тоқыттым, бұл киелі жер, қазір де киелі жер, табғаш қаған бәдізші жіберді. Мүсін, сурет, барық(тәу ететін орын), ішіне, тасына өрнек салдырдым. Күлтегіннің алтынын, күмісін, ақтығын (өзге елдер әкелген заттар), дүние мүлкін, 4000 жылқысын, ірі қарасын қағанның айтуы бойынша тұйғындар (елге садақа ретінде) таратты. Батыстан дауыс шығарылды, інім Күлтегіннің киелі орынына күзет қойылды, тұйғындарыңызды да, ұрпағыңызды да табындырып, сиындырдыңыз, ұша бердіңіз, тәңірде тірлік иелік кеше беріңіз» – делінеді. Демек бүгінгі Күлтегін мәңгі тасы тұрған жерде бұрын оған арнап салынған кесене болған, адамдар келіп оның аруағына сыйынған. Кейін уақыт өте келе ол кесене құлаған, көп заттары жойылған.



Күлтегіннің мәңгітасы және бас мүсіні




Кесененің схемасы(40):
1. Қоршаған қорған.
2. Ішкі дәліз жол.
3. Текшетас (бод тәңірінің символы).
4. Төрт қанатты мемлекет туы орнатылған ту тұғыр.
5. Барық (аруаққа сиынатын төбесі жабық үй).
6. Барықтың сыртқы қабырғасы,
7. Барықтың сыртқы айналма жолы.
8. Күлтегін мен ханымының мүсіні.
9. Мүсіндер,
10. Бақа тасқа орнатылған мәңгітас.
11. Қой тастар.
12. Балбалдар.
13. Жерден бір метір биіктетілген кешен алаңы

Демек біз көріп жүрген түрік бітіктастарының маңы бұрын кесене болған, мейлі Күлтегін, Білге қаған, Таспар қаған, Нири қағандар, Тұниұқұқ болсын, балбалы бар Енесейдегі қалың жазуы бар тастар болсын бәрі зираттықтар мен қорымдар.



Моңғолиядан табылған көне түркі кешеніндегі қабырғадағы марқұмның тірі кездері бейнеленген суреттер. Шороон Бумбагар кешені. VII г. Моңголия

Көшпенділер қайтыс болған адамды енді жоқ демейді, денесін тастап рухы ұшып кетті дейді. Білге қаған тасында: «Білмессіздіктен ағам қаған бұл дүниеден ұшты, кесенеңе бас етіп қырғыз қағанының балбалын тіктім» – дейді. Ол таста тағы мынадай мәтіндер бар: «Үлкен ұлым ауырып ұша берді, Ху сеңуіннің балбалын тіктім. Әкем қаған ит жылы оныншы айдың 26 сында ұша берді, доңыз жылы(келесі жылы) 5-айдың 27 күні киелі орын жасаттым. Маған Лисүй сеңуін бастаған 500 адам келді. Сәнді қыш ыдыстар, алтын, күмісті есепсіз әкелді. Киелі орынға жұпар ағаш әкеліп отырғызды. Осыншама халық шашын жұлып, құлағын қанатып, бетін жыртты. Жақсы атын, қара бұлғын, көк тиын (ақша) есепсіз шашылып жатты» – дейді Білге қаған. Тағы Күлтегіннің басына: «Табғач қағаны сөзімді бұзбады, мүсін, тасынғ барқын (тәуәп ететін орын) тұрғыздырттым. (кесене) ішіне, тасына сурет, өрнек салдырттым, көңілімдегі сөзімді бастырдым... мәңгі тас орнаттым, киелі жерге қойдырдым» – дейді.



Білге қаған кесенесінің қалпына келтірілген суреті және оның мәңгітасы

Шоқан айтады: «қазір қазақтардың арасында өлген адамға кесене немесе зират тұрғызу, ескерткіш орнату артында қалғандардың сөзсіз істеуге тиісті борышы саналады әрі қазақтардың ең қастерлейтін орындары» – дейді. Бұл тіпті қазірге дейін бар салт. Аруаққа арнап шалынатын малдар түйе, жылқы, қой, өгіз сияқты ерекше белгісі бар мал сойылады. Қазақтар бастарына іс түссе болды мал соя бастайды, оны обаларға емес, ата-бабаларының басына апарып сояды. Мал сойылатын кезде дұға оқып, малдың түсін атай бастайды. «Уа аруақ, ай мүйізді, айыр тұяқты, салпаң құлақ, бауырсақтай тілік құлақ, қос тісі бар жануарды саған арнаймын!» – дейді. (41)

Алайда көшпенділер салған көне зираттар мен кесенелер көбі топырақтан жасалғандықтан уақыт өте келе ескіріп құлап, тозған, түрлі соғыстардан кейінгі қоныс аударуларда қараусыз қалған.

Айта кетерлігі шығыс халықтары саналатын қытай, корей, жапон халықтарында да ата-баба аруағына, әулиелердің, ұлы адамдармен батырлардың зиратының басына арнаулы кесене сияқты тәуәп ететін ғибадатхана салынады.



Конфуций кесенесі және оның іші

Көшпенділер отырықшы елдерді жаулап алып билегеннен кейін сол елдердің дінін ұстанатын болған. 10 ғасырдан бастап Жетісу мен Қырғызстанды, Мәуераннахрды билеген қарахандар мемлекетінің билеушілері исламға кірді. Сатұқ Бұғыра хан исламды мемлекеттік дін етіп өз елінде таратты. Ягма, шігіл, қарлық, тухси тайпалары исламға сене бастадыы. Осылайша олардың өлім жөнелту, кесене салу ғұрпында өзгерістер болды. Өлген адамды сауытымен, әдемі безендірілген киімімен емес, ақ матаға орап көметін болды. Қабірге өзге заттар қойылмайтын болды, жаназа намаз қосылып, ол араб тілінде оқылатын болды. Мүсін және тасаттық мінбері болмайтын болды. Алайда кесене мен

зираттың формасы өзгермеді. Зират басы құбылаға қаратылып, басына ай орнатылды. Ескерткіш тас орнатыла берді, келіп аруаққа сиыну жалғасты, онан кейін аруаққа құран оқитын болған. Онан ілгері аруаққа буддизмдік, христиандық дұғаларда оқыла берген.

Алайда зират тұрғызу, кесене салу исламнан емес еді. Ендігі жерде жерлеу ғұрыптарына ислами элементтер араласты.



Сатұқ Бұғыра хан кесенесі. Шыңжаң ұйғыр автономиялы ауданы. Атұш қаласы.

Кейінгі Қожа Ахмет Яссауидің суфистік ағымы да исламнан бес парызды алу арқылы тәңір сенімі негізінде жасалды. Онда көшпенділердің Тәңірі мен исламдағы Алла бір деп қаралды. Сол үшін ешқандай ғұрыпты харам деп шектемеді.



Қожа Ахмет Яссауи кесенесі. Түркістан қаласы

16 ғасырдың соңында қазақтар негізінен исламды формалық тұрғыдан қабылдап, енді бәрі сүндетке отырған, айдары алынған адамдар болды. Бірақ далада шәриғат үкімі жүрген жоқ, исламға кірдік, мұсылман дегенмен бұрынғы тәңірлік ғұрыптың дені сақталып қала берді. Десе де өлім жөнелту мен кесене бейіт тұрғызуда өзгерістер болды. Молда жоқтың қасы еді. Бірақ мүмкіндігінше исламша жаназа шығартып, ақ матаға орап жерледі. Ендігі жерде жерлеуге әйел адамдардың қатысуына шек қойылды, өлгенге құран оқылды. Бет жыртып жоқтау, естірту, дәуір жүргізу, жетісі, қырқы, жылдық асы жалғаса берді. Зират кесенеде сурет пен мүсін болмайтын болды, бірақ ескерткіш тас қойылды. Аруаққа арнап мал сою жалғасты, қара жамылып, қаралы ту тігу, атпен шауып келу, көрісу, ат тұлдау, марқұмның киімдерін іліп қою, аруаққа апта сайын мал сойу не май иісін шығарып шелпек пісіру, қырқына дейін шырақ жағу, бейітке түнеу, белдігін мойынына асып жүгініп, аруаққа сыйынып, тілек тілеу жалғаса берді. Моңғолдар тибеттік буддизмді қабылдағаннан кейін тибеттіктер сияқты өлікті далаға тастайтын болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақтың қысқаша тарихы. Нығмет Мыңжан. 65-бет. Алматы. Жалын баспасы. 1994

2. Хан патшалығы тарихы. Бангу. Батыс өңір шежіресі

3. Қазақстан тарихы. 1-том. 231-232 беттер. Алматы «Ата мұра» .2010.)

4. Қазақтың қысқаша тарихы. Нығымет Мыңжан. 106-107-беттер Алматы. Жалын баспасы. 1994

5. Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 1- том. Тарихи жазбалар. Сыма Цянь, Ұлттар баспасы. 2013. Пекин

6. Ғұндар тарихы. Лин Ган. 171-173-беттер. Халық баспасы. 1986. Пекин

7. Шоқан Уәлиханов таңдамалы шығырмалары. Қазақтағы шамандықтың қалдықтары. Жаңа өмір баспасы. 23-24 беттер. 1956

8. Ғұндар тарихы. Лин Ган. 171-173-беттер. Халық баспасы. 1986. Пекин

9. Қазақтың қысқаша тарихы. Нығмет Мыңжан. 95-бет. Алматы: Жалын баспасы. 1994

10. Шоқан Уәлиханов таңдамалы шығырмалары. Қазақтағы шамандықтың қалдық-тары. Жаңа өмір баспасы. 26-27 беттер

11. Үш патшалық кітабынан. https://ctext.org/text.pl?node=603328&if=gb&remap=gb

12. https://www.heritagedaily.com/2024/08/xianbei-tombs-discovered-in-kazakhstan/153323?fbclid=IwY2xjawFPvWdleHRuA2FlbQIxMAABHdItzxIPEEitwYiww6Tz3pCe9NhGwXs3C9M_0UHJQ5tgFH_0TBdyxDg_hg_aem_6TWvGggb3o2QKn1HETxGDA

13. Жүңго жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-том, 66-бет. Ұлттар баспасы. 2013. Пекин

14. Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-том. 163 б. Ұлттар баспасы. 2013. Пекин

15. Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-том. 102 б Ұлттар баспасы. 2013. Пекин

16. Жүңго жылнамаларындағы ғұн, түрік баяндары. 281 бет. Іле халық баспасы

17. Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 2-том. 163 б.Ұлттар баспасы. 2013. Пекин

18. Қазақстан тарихы. 1- том. 385- бет. Алматы: Ата мұра баспасы. 2010

19. Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 3- том. 147-бет. Ұлттар баспасы. 2013. Пекин

20. Қазақ салт-дәстүрі. Ясин Құмар. 574- бет. Шыңжаң халық баспасы. Үрімжі. 2006

21. Жүңго тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер. 3- том. 143-бет. Ұлттар баспасы. 2013. Пекин

22. Жүңго жылнамаларындағы қазаққа қатысты деректер, 3-том, 5-7- 24-беттер. Ұлттар баспасы. 2013. Пекин

23. S.A.Pletneva, «Kipchaks», p.30

24. Kimball L., «The Vanished Kimak Empire», Western Washington U., 1994, p.381

25. Рубруктың шығысқа сапар естелігі. 13-бет. Шинхуа баспасы. Пекин. 1989

26. https://www.reddit.com/r/MedievalRus/comments/1r1hfkz/chingul_kurgan_eastern_europes_most_renowned_and/

27. S.A.Pletneva, «Kipchaks», p.31), (5. May, Timothy (7 November 2016). The Mongol Empire: A Historical Encyclopedia (2volumes): A Historical Encyclopedia. ABC-CLIO. pp. 221.

28. 17. Roux, Jean-Paul, Histoire de l'Empire Mongol, Fayard,, p -40)(https://zh.wikisource.org/wiki/%E8%B3%87%E6%B2%BB%E9%80%9A%E9%91%91/%E5%8D%B7246

29. Карпинидің шығысқа сапар естелігі. 11-бет

30. Карпинидің шығысқа сапар естелігі. 12-13-бет

31. Карпинидің шығысқа сапар естелігі. 11-бет

32. Марко Полоның саяхат естелігі. 71-бет

33. Тарихи адамзат ақыл-ойының қазынасы, 3-том. Розбехан Исфахани. Бұхара қонағының естелігі. 364-бет. Фолиант баспасы. Астана. 2005

34. Мұхаммед Садық Қашқари. Тазкира-йи азизан. Қазақстан тарихы туралы түркі дерек-темелері 4-том. 70- бет. Қожа Ысқақ Уәлидің қырғыз-қазақ жерлерінде ислам таратуы

35. Шоқан Уәлихановтың көп томдық шығармалар жинағы. 84-85-86 беттер. Алматы. 2010
36. Жұңго жылнамаларындағы ғұн, түрік баяндары. 27 бет. Іле халық баспасы
37. Жұңго жылнамаларындағы ғұн, түрік баяндары. 281 бет. Іле халық баспасы
38. Жұңго жылнамаларындағы ғұн, түрік баяндары. 408 бет. Іле халық баспасы
39. Жұңго жылнамаларындағы ғұн, түрік баяндары. 442 бет. Іле халық баспасы
40. Қаржаубай Сартқожаұлы. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. 1- том. 172 бет
41. Шоқан Уәлиханов таңдамалы шығырмалары. Қазақтағы шамандықтың қалдықтары. Жаңа өмір баспасы. 27-33-49-50 беттер

Түсіндірме сөздер:

Кундар – тайпа аты
Сянби – 2-3 ғасырлардағы Һинган тауынан Алтай тауларына дейінгі тайпалар одағының атауы
Үлемдер – дін таратушы миссионерлер
Ғалукка – ғұн қағанатының 9-ұрпақ билеушісі
Бәдізші – тасқа қашап жазу, сурет салатын адам

МРНТИ 13.91

Ерзат КӘРІБАЙ
Историк

ТРАДИЦИИ ПРОВОДОВ УМЕРШИХ И СТРОИТЕЛЬСТВА МАВЗОЛЕЕВ У КОЧЕВНИКОВ

Аннотация. *В статье рассматриваются традиции проводов умерших и строительства мавзолеев у кочевых народов в историко-культурном контексте. Автор анализирует погребальные обряды эпох саков, хунну, кангюев, тюрков, кипчаков и монголо-татар, сопоставляя их и исследуя представления о почитании умерших, вере в духов предков и жизни после смерти, характерные для мировоззрения этих народов. Кроме того, особое внимание уделяется верованиям, связанным с огнём, лошадьми, небесными светилами и силами природы в погребальных обрядах кочевников. В статье прослеживается историческая преемственность таких традиций, как установка балбалов, возведение курганов, кремация или захоронение усопших, проведение поминальных трапез и исполнение причитаний. Рассматриваются истоки традиции строительства мавзолеев, восходящие к периоду до распространения ислама, а также её связь с погребальными обрядами казахского народа в последующие исторические эпохи. Исследование позволяет глубже понять духовную культуру кочевников, их историческую память и эволюцию погребальных традиций.*

Ключевые слова: *кочевники, погребальные традиции, проводы умерших, мавзолей, духи умерших, духи предков, саки, хунну, тюрки, кипчаки, казахский народ, историко-культурная преемственность.*

IRSTI 13.91

Erzat KARIBAI
Historian

TRADITIONS OF FUNERAL RITES AND MAUSOLEUM CONSTRUCTION AMONG NOMADIC PEOPLES

Abstract. *The article examines the traditions of funeral rites and mausoleum construction among nomadic peoples from a historical and cultural perspective. The author compares burial practices from the eras of the Saka, Xiongnu, Kangju, Turkic, Kipchak, and Mongol-Tatar peoples, analyzing their worldview, including respect for the deceased, belief in ancestral spirits, and concepts of life after death. Particular*

attention is also paid to beliefs associated with fire, horses, celestial bodies, and the forces of nature in the burial rituals of nomadic peoples. The article traces the historical continuity of such traditions as the erection of balbal stones, construction of burial mounds, cremation or burial of the deceased, commemorative feasts, and mourning laments. It examines the origins of the tradition of mausoleum construction, which dates back to periods preceding the spread of Islam, as well as its connection with the burial practices of the Kazakh people in subsequent historical periods. The study contributes to a deeper understanding of the spiritual culture of nomadic peoples, their historical memory, and the evolution of burial traditions.

Keywords: *nomadic peoples, burial traditions, funeral rites, mausoleum, spirits of the deceased, ancestral spirits, Saka, Xiongnu, Turks, Kipchaks, Kazakh people, historical and cultural continuity.*

ХҒТАР 03.09.25

Көкбөрі МҰБАРАК

зерттеуші

ҚАҒАН БОЛҒАН САХАБА
(Үкаша–Оққөша–Өгіше: араб, қытай және қазақ шежірелеріндегі тарихи тұлға сабақтастығы)

Аннотация. *Мақалада араб, қытай және түркі деректеріндегі тарихи мәліметтер негізінде Үкаша сахаба, Оққөша (Ақкөсе), Өгіше (Иүйгуше), Оқшы және Өксе есімдерімен белгілі тұлғалардың тарихи сабақтастығы қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – VII ғасырдағы ислам тарихындағы Үкаша сахаба туралы араб деректері мен Батыс Түрік қағанатының қағаны Ибек-Дулы (Өгіше, Иүйгуше) жөніндегі қытай жылнамаларындағы мәліметтерді қазақтың шежірелік және тарихи-діни жадындағы деректермен салыстыра талдау. Мақалада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Оққөша (Ақкөсе) бастаған түркі сарбаздары туралы жазбалары, Шоқан Уәлиханов еңбектеріндегі Өксе атауы, Үкаша атаға қатысты Оңтүстік Қазақстандағы тарихи-діни аңыздар және Қытай деректеріндегі Өгіше қағанның қызметі өзара сабақтастық тұрғысынан сараланады. Сонымен қатар есімдердің әр тілдегі дыбыстық өзгерістері, тарихи тұлғалардың географиялық байланыстары, түркі тайпаларының исламның алғашқы кезеңіндегі ықпалы және кейінгі қазақ шежіресінде сақталған деректер қарастырылады. Автор Үкаша, Оққөша, Өгіше, Оқшы және Өксе есімдері бір тарихи тұлғаның әр дәуір мен әр тілдік ортада өзгеріп жеткен нұсқалары болуы мүмкін деген ғылыми болжам ұсынады. Бұл тұжырым түпкілікті тарихи факт ретінде емес, араб, қытай және түркі деректерін кешенді салыстыруды қажет ететін зерттеу гипотезасы ретінде қарастырылады.*

Түйін сөздер: *Үкаша сахаба, Оққөша, Ақкөсе, Өгіше, Иүйгуше, Ибек-Дулы, Батыс Түрік қағанаты, сахабалар, қазақ шежіресі, түркілер, ислам тарихы, Қаратау.*

Батыс Түрік қағанатының он екінші қағаны – мұсылман. Иә, жаңылыс естіп отырған жоқсыз. Қатардағы мұсылман емес, ең ардақты сахабалардың қатарынан табылған даңқты ұлымыз бар.

618-626 жылдары ислам пайғамбары Мұхаммед дін тарату мақсатымен Қытайға төрт шәкіртін жіберген. Олардың арасында қытайша 阿布·宛葛素 деп хатталған, пайғамбардың нағашы ағасы Әбу Оқас (Сейт ибн Әбу Уақас) та болған. Әбу Оқас – исламды қабылдаған жетінші адам. Садақ атудан шеберлігімен танылған батыр, жәннатпен сүйіншіленген он сахабаның бірі.

Гонконгтың Арнайы әкімшілік аймағының Білім беру бюросы дайындаған тарихи-танымдық ресурстар жинағына жататын «Шетелдік сауда орталығы – Таң және Цин дәуірлеріндегі Гуанчжоу» (海外贸易枢纽－唐代与清代的广州) жинағында айтылуынша, ол теңіз жолы арқылы Гуанчжоуға келіп, Таң елінің императоры Гаоцзунның қабылдауында болған. Император оған Гуанчжоуда мешіт салуға рұқсат берген.[15]

Осыдан кейін қалада тұратын арабтар қаржы жинап, 627 жылы Гуанчжоуда «Хуайшың» мешітін тұрғызған. «Хуайшың» сөзі қытай тілінде «пайғамбар» деген мағынаны білдіреді. Бұл мешіттің орны қазіргі Гуанчжоудың Юэшю ауданындағы Гуаңта көшесі, 56-мекенжайда орналасқан. [15]

623-624 жылдары Мединелік мұсылмандар мен Меккеліктер арасында бірнеше қақтығыс болды. Соның ең ірілерінің бірі – 624 жылдың наурызында болған Бадр шайқасы. Watt Montgomery-дің Оксфорд университетінің баспасынан 1961 жылы шыққан «Мұхаммед: пайғамбар және мемлекет қайраткері» еңбегінің 124-бетінде көрсетілгендей, шайқасқа мұсылмандар жағы 371 адаммен, небәрі екі ат және жетпіс түйемен шықса, Меккеліктер жағы мыңға жуық адаммен, жүз ат және көп түйемен келген.[14]

Шайқас нәтижесінде мұсылмандар 14 адамынан айырылса, Меккеліктер жағынан 70 адам қаза тауып, тағы 70 адам тұтқынға түскен.[14]

Осы шайқаста «Усд әл-Ғаба фи мағрифати әс-Сахаба» («Сахабаларды тану туралы. Орман арыстандары») еңбегінің Уккаша ибн Михсан туралы бөлімінде айтылатын Уккаша есімді сахаба да болды. Аңыз-деректерде оның қылышы қолында сынып қалғанша шайқасқаны, исламға сіңірген еңбегі үшін кейін есепсіз жәннатқа кіретін сахабалардың қатарында сүйіншіленгені, жорық туын ұстаушы және өзінің ерекше келбетті болғаны айтылады. [3]

Араб деректерінде оның 588 жылы туғаны көрсетіледі. Өмірі туралы деректер 633 жылдан кейін үзіледі, сондықтан сол жылы қайтыс болған деп есептеледі. Ол Бадр шайқасынан кейін Пайғамбардың көзі тірісінде болған барлық жорықтарға қатысқан. Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін исламнан бас тартқан араб тайпаларына қарсы соғыстарға қосылып, Халид ибн әл-Уәлидтің қол астында ерлік көрсеткен. [3]

Ислам аңыздарында Пайғамбардың сол жақ жауырынына жақын, жүрек тұсында орналасқан, көлемі көгершін жұмыртқасындай қызыл түсті мөрі болғаны, оның бетінде «Лә иләһә иллаллаһ, Мұхаммадур расулуллаһ» («Алладан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед – Алланың елшісі») деген жазу болғаны айтылады. Бұл мөрді көрген сахабалар қатарында Сайб ибн Язид, Жәбир ибн Сәмура және Сәлман әл-Фариси аталады. Аңыз бойынша, Пайғамбардың қоштасу сәтінде жасағының туын ұстаған Уккаша сахаба осы мөрге көзін сүртіп, оны бір рет сүйген. Сонда Пайғамбар оған: «Жәннатпен сүйіншіленгендердің бастаушысы боласың, сен шыққан әулеттің ұрпағы ақырында менің үмбетіме қосылады», – деп қуантқан. [3]

«Сүйнаманың (隋书)» 84-бөліміндегі Пей Жүйдің (裴矩) баянында Сүй императоры Яндидың уәзірі Пей Жүй Батыс Түрік қағанатының қарастылығындағы соғдылар туралы: «Түріктер негізінен еркөңіл келеді, оларды араздастыру оңай. Бірақ олардың арасында айлакер соғдылар көп, солар түріктерге жол көрсетіп, ақыл үйретеді», – деген пікір айтады. [4]

Соғды және қыпшақ тілдеріндегі дыбыстық ерекшеліктерді салыстырсақ, біз «а» дыбысымен айтатын кейбір сөздердің соғды-өзбек тілдік ортасында «о» дыбысына ауысқанын көреміз. Мәселен, қыпшақ тілдік қабатындағы қазақтың «ақ» сөзі өзбекше «оқ», «алма» – «олма», «ата» – «ота», «ана» – «она», «ай» – «ой», «аяқ» – «ойоқ», «алтын» – «олтын» деп айтылады. Бұл құбылысты соғды тілдік ортасының бүгінгі өзбек тіліне тигізген ықпалы тұрғысынан қарастыруға болады.

Батыс Түрік қағанатында соғдылардың мәдени-экономикалық ықпалы ерекше болғанын ескерсек, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының 2010 жылы «Ел-Шежіре» баспасынан жарық көрген көптомдығының 10-томының 195–198 беттерінде баяндалатын Аққөсе есімді түрік рулары көсемінің есімін осы дыбыстық сәйкестікті негізге ала отырып, соғды-өзбек тілдеріндегі «о» дыбысына негізделген дыбыстық нұсқамен «Оққөша» деп оқуды ұсынамыз. [8]

Мәшһүр Жүсіп түркі текті Оққөша (Аққөсе) туралы оны Пайғамбардың жауырынындағы мөрін көрген әрі жорық туын ұстаған сахаба ретінде куәландырады. Оққөшаның жанындағы сардарлары Ақтам, Мәлік, Құттықожа, Ямамбайыр (Имамбайыр) деп аталады. [8]

Араб жұртынан Мұхаммед деген пайғамбар шыққаны туралы хабардың әлемге жайылғанын естігенде, Түркістаннан (Тұраннан) Оққөша (Аққөсе) бастаған 92 батыр атқа қонады. Мәшһүр Жүсіп жазбаларының тағы бір тұсында осы сардарлардың қатарында Ер-Қоян есімді адамды атап, Аққөсені «Акаша» деп те береді. Аққөсе қаза болғанда, Ер-Қояннның да бірге өлтірілгені айтылады. [8]

Олар: «Сол пайғамбарды барып көрелік, жақсы болса, жанына жолдас болып ерелік», – деп жолға шығады. Мінген көліктері – ат, қарулары – бір-бір сойыл. Құрғақ шөлді кесіп өтіп, Мұхаммед пайғамбардың алдына жеткенде, ол бұған дейін екі соғысты өткізіп, үшінші соғыстың үстінде жүрген екен. Бұдан кейінгі Мәшһүр Жүсіптің баяндауы өздерінен үш есе көп жауды жеңген Бадр шайқасының оқиғаларымен сабақтасады. [8]

«Күншығыстан бір шаң шықты. Ол да кәпірлерге қосылады ғой», – деп мұсылмандар күдіктеніп тұрған кезде, шаң кәпірлер жағына бұрылмай, мұсылмандар тобына келіп килігеді. Алдарына келгендерге Пайғамбар арабша және парсыша сөйлегенімен, олар бұл тілдерді түсінбейді. Сонда Әбу Бәкір Сыдық тұрып: «Менің атам Кахафа Түркістаннан (Тұраннан) келген екен. Бұлар Түркістан жұртының саяқтары болса керек», – деп, түркі тілінде сөйлейді. Олар бірден түсініп, бастарын изеп, ризашылықтарын білдіреді. [8]

Пайғамбар олардың діні туралы сұрағанда, олар өздерін Озған (Уыз хан), яғни Оғыз ханнан бері бір Жаратушыға ғана сеніп жүрген түрік баласы екенін мақтанышпен айтып, ислам діні туралы бұрын хабарлары болмағанын жеткізеді. [8]

Шайқас басталғанда олар кәпірлерге қарай лап қоя шауып, дүрсе қоя береді. «Кірген жерін есік, шыққан жерін тесік қылып», аз уақыттың ішінде жау шебін ойрандайды. Көп кәпірдің ислам дініне кіруіне себеп болған бұрын-соңды болмаған ғажайып майдан болғаны баяндалады. Бұл кезде олармен танысқандардың қатарында Сәлман әл-Фариси де болғаны айтылады. [8]

Содан кейін олар Пайғамбардың қасында жүріп, «ансар» атанады. 2007 жылы Мәскеуде жарық көрген әзербайжандық зерттеуші Әбдүлкерім Әлизаданың «Ислам энциклопедиялық сөздігінде» «ансар» (араб. «жәрдем берушілер, қолдаушылар» деп Мәдинада Пайғамбар Мұхаммедке қолдау көрсеткен мұсылмандардың аталғаны түсіндіріледі. [1]

Түркілердің жаңағы бес сардарының ішінде Ақтам сол жерде әзіреті Әлидің жолында құрбан болады да, қалған төртеуі өз топырағына аман қайтып, Омар халифаның заманында Қаратауда кәпірлердің қолынан шейіт болады делінеді. [8]

Араб деректерінде Уккаша сахабаның өмірі 633 жылмен үзіледі деген мәліметті ескерсек, ол осы жорықтан кейін сол жылдары Түркістанға қайтқан болуы мүмкін деген болжам жасауға болады. [3]

Мәшһүр Жүсіп мәтінінде кейінгі исламдық дыбыстаумен Мәлік, Имамбайыр немесе Ямамбайыр деп берілген екі батырдың есімін түркілік дыбыстауға икемдесек, «Білге» және «Аманбайыр» деген нұсқалармен байланыстыруға болады. [8]

Мәшһүр Жүсіп мәтінінде аталған Кахафаға қатысты дерек Әбдүлкерім Әлизаданың 2004 жылы Мәскеудегі «Умма» баспасынан жарық көрген «Хижраның I–VII ғасырларындағы мұсылман мемлекеттерінің шежірелері» атты еңбегінің «Абу Бакр ас-Сиддик (11/632-13/634)» тарауындағы мәліметпен үндеседі. Аталған тарауда ислам әлемінде турашылдығымен «әс-Сыддық» атанған, 632-634 жылдары Араб жеріндегі Рашида халифатының алғашқы халифасы болған Әбу Бәкір әс-Сыддықтың атасы Құһафа деп көрсетіледі. [2]

Яғни, бұл мәлімет Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Түркістаннан барған Кахафа туралы берген дерегімен үйлесетін тұс ретінде қарастыруға болады. Мәшһүр Жүсіптің мәтінінде Кахафаның баласы болған Әбу Бәкір Түркістаннан келген түріктермен өз тілінде сөйлесе алатын адам ретінде сипатталады. [8]

Ислам тарихында оның бойындағы ең үлкен бес қасиет те аталады. Олар: рутайпалардың таралымын жетік білетін шежірешілік, жомарттық, шыншылдық, ақынжандылық және исламға дейін де пұтқа табынбай, бір Құдайға сенген бірқұдайшылық. Бұл қасиеттер көшпелі түркілердің дәстүрлі дүниетанымында жоғары бағаланған адамгершілік құндылықтармен бірдей.

Ал Мұхаммед пайғамбардың жұбайы, мұсылман тарихындағы аса белгілі тұлға Айша анамыз – Әбу Бәкір әс-Сыддықтың қызы болған. [2]

Әбубәкір әс-Сыдықтың тегі түркі болған болса, қазақ шежіресінде Сейт- Омар Саттарұлының 2016 жылы Алматыдағы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Қожалар шежіресінің» 538-591-беттерінде өз шежіресін Әбубәкір Сыдықтан тарататын Түркістан қаласы мен Жаңақорған ауданындағы Сунақтар, Сарыағаш ауданындағы Сиықтар, Түркістан облысындағы Қылауыз қожалар мен Шәмші қожалар – алысқа кетіп, араға ғасырлар салып қайта оралған өз балаларымыз болып табылады. [9]

Мәшһүр Жүсіп араб жеріндегі шайқастарда ерлік көрсеткен 92 түрік жігітін бастаған Оққөша (Аққөсе) бастаған бес сардарының төртеуі Омар халифаның заманында Қаратауда кәпірлердің қолынан шейіт болғанын атап өтеді. Омар ибн әл-Хаттаб – 634-644 жылдары билік еткен Рашида халифатының екінші халифасы. Осы бойынша Қаратау жерінде шейіт болған жауынгер аталарымыздың құрбан болған уақыты 644 жылға дейінгі кезеңге сәйкес келеді.

Енді осы деректі Қытай тарихында қаған ретінде қатталған Үкаша жайлы мәліметтермен қабыстырып қарастырамыз.

1996 жылы Жұңхуа баспасынан жарық көрген, Иүй Тайшан, Чын Гаухуа, Чие Фаң қатарлылар құрастырған «Шыңжаңдағы әртүрлі ұлттардың тарихы мен мәдениеті сөздігі» (新疆各族历史文化词典) атты еңбекте көрсетілгендей, 638 жылы Батыс Түрік қағанатының солтүстік бөлігінің тағына қытайша Иүйгуше (欲谷设), яғни Өгіше атанған бабамыз отырды. Оның Мүйіз (乙毗设) деген аты да болды.[5]

Батыс Түрік қағанатындағы он ірі тайпаның бесеуі Бес Дулы (五咄陆) деп аталды. Өгіше қаған солардың бегі ретінде Дулылардың қолдауымен Ибек-Дулы (乙毗咄陆) қаған атанды. Ол астанасын Суық тауына орналастырып, оны «солтүстік астана» деген мағынада Байтоқ деп атады. Бұл мекен бүгінгі Шіңгіл ауданының шығысындағы Бәйтік тауы деп есептеледі.[5]

Ибек-Дулы қағанның иелігі Іле өзені арқылы Батыс Түріктің оңтүстік бөлігін билеген Ибек-Шапурдың жерімен шектесті. 641 жылы Ибек-Дулы қаған Шаш (Ташкент) елінің тұтығымен (тұтқасымен) одақ құрған Ибек-Шапурды жеңіп, оны өлтірді. Осыдан кейін Батыс Түрік жерін қайта біріктіріп, Қорық (贺鲁) батырды өзінен кейінгі еге лауазымына (葉護), яғни бас қолбасшылық лауазымға тағайындады. [5]

Сол кезеңде Дөөлөс (多邏斯) деп аталған Ертіс өзенінің бойына бекіністер салып, Таң елінің салықшыларын Орта Азиядағы елдерге өткізбеді. Осы арқылы Орта Азиядағы бірқатар елдерді Қытайға қарсы көтеріліске шығуға итермеледі. 642 жылы Шүйе мен Шөмей руларын Таң қарамағындағы Еуірғолға (қазіргі Құмыл) шабуыл жасауға жіберді. Көнші елінің әскері де қағанды қолдады. Алайда бұл шабуыл сәтсіз аяқталды.

Ибек-Дулы қаған бұдан кейін Қаңлы елі мен Самарқанның оңтүстік- батысында орналасқан Маймырақ (Байбарақ, Маңырақ) елін басып алды. Қағанның қолбасшысы Енші Шораны өз бетінше тұтқындар алып кеткені үшін өлім жазасына кесуі оның жақтастарының наразылығын туғызды. Соның салдарынан Қойлау (Қойлы) руы көтеріліске шықты.[5]

Көтерілісшілердің шабуылынан Ибек-Дулы қағанның қауымы бытырап, Ақсуғол қамалына (қазіргі Сайрамдағы Ақсукентке) келіп бекінді. Сол кезде бұрын Ибек-Шапурдың қол астында болған, кейін Ибек-Дулы қағанға бағынған Оңшыби рулар тобы мен Ибек-Дулының қол астындағы Үле Шора Таң еліне елші аттандырып, қағанды тақтан тайдыруды сұрады.[5]

Таң елі олардың өтінішін қолдап, сол ордадағы Ибек-Шекейді (乙毗射匮) қаған деп таныды. Ибек-Шекей тұтқынға түскен бұрынғы Таң елшілерін босатып, Ибек-Дулыға қарсы жорыққа шықты.

Ибек-Дулы тайпаластарынан әскер жинамақ болған кезде, олар: «Мыңымыз өліп, біріміз ғана тірі қалсақ та, саған ермейміз», - деп жауап берді. Ақыры, Ибек- Дулы Тохарстанға кетуге мәжбүр болды.

Руластарының одан бет бұруын оның қауымының күнделікті тұрмысында болмаған діни рәсімдерді, соның ішінде намаз оқуды ұстануымен байланыстыруға болады деген

болжам айтамыз. Ислам діні әлі кең тарамаған ортада мұндай ғұрыптардың пайда болуы оның руластары тарапынан жат құбылыс ретінде қабылдануы әбден мүмкін.

Қытай деректерінде оның бекінген қаласы қазіргі Шымкент төңірегіндегі өңірмен байланыстырылады. Ал Қаратаудың батыс сілеміндегі Өгізтау шатқалы маңындағы қырат қазақтың тарихи-діни жадында Үкаша сахабаның қаза болған жері ретінде сақталған. Бұл жерде қаза болу Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының дерегінде баяндалатын Оққөша (Аққөсе) қаза болған орын туралы әңгімемен де өзара үндеседі.[8]

Үкаша ата зираты Түркістан қаласынан шамамен 60 шақырым жерде, Серт ауылының солтүстігіндегі Қаратау етегінде орналасқан.

Мұхтар Қожа «Оңтүстік Қазақстанның киелі орындары» атты 2013 жылы Шымкентте жарық көрген еңбегінің 48-бетінде келтірген дерекке сәйкес, Үкаша сахаба таң намазын оқып тұрған кезінде өлтіріліп, оның кесілген басы сол маңдағы құдыққа домалап түсіп кеткен деп баяндалады.[6]

Үкаша атаның қаны тамған деген жерде ұзындығы шамамен 21 метр болатын саздан белгі жасалған. Зияратшыларға шырақшылар оның басы домалап түскен деп саналатын құдықты да көрсетеді. Осы құдықтың суы сол үшін қасиетті саналып, зиярат етушілер оған кезекпен шелек салып, су алуға әрекет етеді. [6]

Мұхаммед пайғамбардың Үкаша сахабаға: «Сен шыққан жердегі әулетің түбінде маған үмбет болады» дегенінің мәні де осы тұста айрықша назар аудартады. Уақыт өте келе Түркістан өңірі ислам дінінің тамыры тереңдеп, бұтағы жайқалған аймаққа айналды. Ал Үкаша сахаба қаза болды деп саналатын жердің бүгінгі күні киелі орын ретінде ардақталуы – сол киелі сөздің шынға айналып, халық жадында үзілмей сабақталғанын аңғартады.

Бұл тұста Қаратаудағы Өгізтау атауы да назар аударарлық. Оның дыбыстық тұлғасы біз бұған дейін қарастырған Үкаша, Оққөша, Иүйгуше (Өгіше) нұсқаларымен белгілі деңгейде үндеседі. Бұған қоса, Шоқан Уәлихановтың 1984 жылы Алматыда жарық көрген таңдамалы шығармалар жинағының I томы болған «Предания и легенды Большой Киргиз-Кайсацкой орды» атты еңбектің 273–274-беттерінде бұл есім «Өксе» түрінде беріледі. [7]

Кеңес дәуірінде Үкаша атаға қатысты жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстарының Е. Смағұлов емес, М. Мырзабаев тарапынан жүргізілгені туралы дерек бар. Қазба жұмыстары барысында аталған орыннан мәйіт қалдықтары табылмаған деген мәлімет келтіріледі. Бұл жағдай Үкаша атаның дәл осы жерде жерленбегені туралы жергілікті аңызбен де сәйкес келеді. Алайда археологиялық қазбадан мәйіттің табылмауы оның бұл жерде қаза болмағанын емес, жерлеу орнының басқа жерде болуы мүмкін екенін ғана көрсетеді.

Егер Өгізтауда Үкаша (Оққөша) сахабаның басы кесілгенімен, оның денесі сол жерде жерленбеген деген археологиялық және жергілікті деректерді негізге алсақ, онда оның жерленген жерін басқа өңірден іздеуге тура келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қызылорда облысы Шиелі ауданындағы Оқшы ата мазары ерекше назар аудартады. Қазақтың діни-тарихи жадында сақталған Оқшы ата мен Үкаша (Оққөша) есімдерінің дыбыстық жақындығы да бұл болжамды күшейте түседі.

Бұған қоса, Қытай жылнамаларында Ибек-Дулы қаған (乙毗咄陆可汗) атымен белгілі болған Өгіше (欲谷设, Иүйгуше) басқарған тайпалық бірлестіктің Дулы атауымен белгілі болуы да назар аударуға тұрарлық. Шиелі ауданында Телі көлі деген жер атауының Дулы атауымен үндесе сақталуы және осы аумақта Оқшы ата атанған ежелгі зираттың болуы біз қарастырып отырған атаулар сабақтастығын одан әрі шырмай түседі. Өгізтау шатқалы тұрған Сауран ауданы мен Оқшы ата мазары орналасқан Шиелі ауданының арасындағы Жаңақорған ауданында Өгізмүйіз тауы тұр. Бұл Өгіше қағанның Мүйіз (乙毗设) деген есімінің жалғасымен үйлеседі.

Ең қызығы – бұл нысандардың Қаратаудың батыс сілеміндегі Өгізтау шатқалы орналасқан өңірмен қашықтық тұрғыдан жақын болуы. Осыған сүйене отырып, Өгізтауда қаза тапқан Үкаша (Оққөша) мен Шиеліде жерленген Оқшы атаның бір тарихи тұлға болуы мүмкін деген болжам ұсынуға болады.

Сонымен, біздің пайымдауымызша, Үкаша, Оққөша (Аққөсе), Өгіше (Иүигуше), Оқшы және Өксе – әр дәуірдің деректері мен халықтық жадында әртүрлі дыбысталып жеткен бір тарихи тұлғаның есім нұсқалары сыңайлы. Егер осы болжамды араб, қытай және түркі деректерінің өзара сабақтастығы арқылы байлай түссек, онда бұл тұлға бұдан он төрт ғасыр бұрын өмір сүрген, Түрік даласына ислам дінінің алғашқы ізін жеткізген сахаба әрі түркі текті алғашқы мұсылман билеуші болған тарихи қайраткер ретінде танылуы ықтимал.

Қытай деректерінде Өгіше (Иүйгуше) 642 жылы биліктен шеттетіліп, 653 жылы қайтыс болғаны айтылады. Ол дүниеден өткеннен кейін оның Жебетартыс (颉苾达度设) атты ұлы әкесінің жолын жалғастырып, өзін «Жұмсақ (Інжу) еге» (真珠叶护) деп жариялаған. [5]

632 жылы Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Араб түбегінде Рашида халифаты құрылып, оның алғашқы халифасы Әбу Бәкір әс-Сыддық болғанын жоғарыда атап өткенбіз. 650 жылдарға қарай араб-мұсылман әскерлері Сасанидтер мемлекетін біржола күйретіп, Иранды жаулап алуды аяқтауға жақындады.

Ахмад әл-Балазуридің «Кітап футух әл-булдан» («Елдерді жаулап алу кітабы») еңбегінде баяндалатын дерекке қарағанда, Сасанидтердің соңғы шақтардың шахы – Жездігердің араб-мұсылман әскерлерінен жеңіліп, 651 жылы мол қазынасы мен кітаптарын алып, өзіне қарасты Мерв қаласына келіп паналайды. Мервтің әмірі Мәкей оны алғашында жақсы қарсы алғанымен, кейін жағдай күрт өзгереді.[13]

Мерв маңындағы түркілердің көсемі Бижан Тархан Йәздегердтен оның қызын сұрағанда, шах қатты ашуланып: «Сен менің құлым Мәкейдің құлысың», деп оны қорлайды. Бұл сөз Бижан Тарханның намысына тиіп, жағдайдың ушығуына себеп болады. Артынша түркілер шахтың күзет жасағына шабуыл жасап, оларды таратып жібереді. Қашып құтылуға тырысқан Жездігерді ақырында бір диірменші өлтіреді. Ал Мәкей мен оның үш ұлының да түркілер тарапынан өлтірілгені баяндалады.[13]

Осылайша, Мерв төңірегіндегі түркілер Сасанидтер билігіне белгілі бір дәрежеде бағынышты болғанымен, ақыр соңында Сасанидтер әулетінің соңғы шахының тағдырын шешкен күшке айналды.

Жездігердің 651 жылы Мервте қаза табуы – Өгіше (Ибек-Дулы) қағанның Қытай деректеріндегі соңғы кезеңімен уақыт жағынан өте жақын. Ол Қытай деректерінде 642 жылы тағынан айырылып, 653 жылы өмірден өтеді емес пе?[5]

Егер Өгіше (Ибек-Дулы) исламды қабылдаған мұсылман билеуші әрі сахаба Үкаша (Оққөша) болған деген жеңімпаз талдауымызды негізге алсақ, оның Мерв төңірегіндегі түркілермен байланысы болуы әбден мүмкін. Өгішенің Рашида халифатының Сасанидтерді әлсірету мүддесіне сай Мерв маңындағы түркілердің әрекетіне ықпал етуі ықтимал. Өйткені, біз қарастырып отырған нұсқада Өгіше (Ибек-Дулы) исламды қабылдаған сахаба әрі түркі даласындағы алғашқы мұсылман билеуші ретінде көрінеді.

Мәшһүр Жүсіп өз мәтінінің соңында Оққөша (Аққөсе) мен Мәлікті бір атаның балалары ретінде атап өтеді. Сондай-ақ Мәліктен Әнес тарайтынын көрсетеді. Қазақтың шежірелік дәстүрінде Әнес «Әнес сахаба» ретінде ардақталып, түрікпен, қарақалпақ және қазақ руларының арғы аталарының бірі ретінде айтылады. [8]

Бұл қалай десек, Иран энциклопедиясының (Encyclopaedia Iranica) «ANŪŠTIGIN ĠARČAʾĪ» атты мақаласында қазіргі Ауғанстан аумағындағы Ғаржыстан (Ғарша) өңірінен шыққан, түрікпеннің Бекделі руына жататын Ануш есімді көсем туралы мәлімет беріледі. Осы тұлғаның атымен мемлекетті билеген әулет Ануштегинилер, ал оның билеушілері Хорезмшахтар деп аталған. Ануштың өзі 1077–1097 жылдары билік жүргізген алғашқы Хорезмшах ретінде белгілі.[11]

Ануштегіннің этникалық-тектік шығу тегіне қатысты тарихнамада әртүрлі пікірлер бар. Кейбір зерттеушілер оны Бекделімен қатар Қаңлы, Қыпшақ, Шығыл, Қалаш сияқты түркі тайпаларымен байланыстырады. Бұл аталған тайпалар мен олардың кейінгі тармақтары қазақ, қарақалпақ және түрікпен халықтарының этникалық құрамында елеулі орын алады. [11]

Осы тұрғыдан қарағанда, қазақтың кейбір шежірелік нұсқаларында Әнес есімінің қазақ, қарақалпақ және түрікмен руларының арғы аталары қатарында аталуы назар аударуға тұрарлық.

Бұған дейін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының Оққөша (Аққөсе) туралы мәтінінде кездесетін Мәлік есімін түркілік Білге атауымен салыстырып қараған едік. Енді осы жіптің тағы бір ұшы Зия Буниятовтың еңбегінен көрінеді. Әзербайжандық тарихшы Зия Буниятовтың 1999 жылы Бакуде «Элм» баспасынан жарық көрген үш томдық таңдамалы шығармалар еңбегінің III томында Ануштегінге қатысты мәліметтер келтіріледі. Онда XI ғасырда өмір сүрген Ануштегіннің алғашқы қожайынының Білге-тегін болғаны, кейін оның Селжұқ сұлтаны Мәлік шахтың ең сенімді адамдарының біріне айналғаны баяндалады. [10]

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының жазбасындағы Аққөсе (Оққөша) соңынан ерген туысқаны Мәлік VII ғасырдың адамы ретінде көрінсе, бұл шежіредегі Мәлік пен кейінгі XI ғасырдағы тарихи тұлғалар арасында хронологиялық алшақтық бар екенін аңғартады. Осыған қарағанда, қазақ шежіресінде «Аққөсенің туысы Мәлік, Мәліктен туған Әнес сахаба, одан әрі үш ұлтқа тән рулар тарады» деген тізбек нақты бір әулеттің биологиялық ұрпақтарын ғана емес, әр ғасырда өмір сүрген ірі билеушілер мен әулеттердің мұрагерлік тарихының кейінгі шежірелік жадқа бір желі ретінде тоғысып енуін білдіреді. [8]

Ануштегіннің Бекделі руына жатқызылуы жөнінде ортағасырлық деректер бар. Ал біз Қытай тарихнамасынан қарастырып отырған түркі көсемі Өгіше (Иүигуше) Ибек-Дулы деген қағандық атаумен белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, Бекделі атауының қалыптасуы мен тарихи дамуын Ибек-Дулы есімімен байланыстыруға болады деген болжам туындайды.

Сонымен қатар, түрікмен шежіресінде Бекделі руының өзін Оғыз хан ұрпақтарының бірі ретінде көрсетуі мен Аққөсе (Оққөша) тобының араб жеріндегі өмірі туралы аңыздарда өздерін Оғыздың, яғни Уыз ханның ұрпағы ретінде таныстыруы арасында да мазмұндық үндестік байқалады.[8]

Назар аударарлық тағы бір жайт – кеңестік зерттеуші Сергей Поляковтың Мәскеу университеті баспасынан 1973 жылы жарық көрген «Орта ғасырлардағы Солтүстік-Батыс Түрікпенстанның этникалық тарихы» («Этническая история северо-западной Туркмении в средние века») атты еңбегінің «Бекделі – ортағасырлық түрікпен тайпасы» бөлімінде біз Ибек-Дулының есімімен тарихи тұрғыдан байланысты болуы мүмкін деп қарастырып отырған Бекделі руының Түрікпенстанның Балқан аймағында ежелгі жерлеу орны бар екені туралы дерек келтіріледі.[12]

Бұған қоса, біз Сасанидтер елінің соңғы билеушісін өлтіруге жұмылған Мерв маңындағы түрік тобының көсемі Бижан тарханның Ибек-Дулымен бірлесе әрекет еткен болуы ықтимал екенін атап өткен едік. Мерв – қазіргі Түрікпенстанның Мары аймағындағы көне қала.

Ал Мары аймағының солтүстігінде орналасқан Лебап аймағында бүгінгі күнге дейін Бекделі руының өкілдері өмір сүреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдүлкерім Әлизаданың «Ислам энциклопедиялық сөздігі». Мәскеу, 2007.

2. Әбдүлкерім Әлизаданың «Хижраның I–VII ғасырларындағы мұсылман мемлекеттерінің шежірелері». Мәскеу: «Умма» баспасы, 2004. 445 б.

3. «Усд әл-Ғаба фи мағрифати әс-Сахаба» («Сахабаларды тану туралы. Орман арыстандары») еңбегінің «Уккаша ибн Михсан» тарауы.

4. «Сүйнама» (隋书). 84-бөлім. Пей Жүйдің (裴矩) баяны.

5. Иүй Тайшан, Чын Гаухуа, Чие Фаң қатарлылар құрастырған «Шыңжаңдағы әртүрлі ұлттардың тарихы мен мәдениеті сөздігі» (新疆各族历史文化词典). Жұңхуа баспасы, 1996.

6. Мұхтар Қожа. «Оңтүстік Қазақстанның киелі орындары». Шымкент, 2013. 48-б.

7. Шоқан Уәлиханов. «Таңдамалы шығармалар жинағы». Алматы, 1984. I том. «Предания и легенды Большой Киргиз-Кайсацкой орды». 273–274-бб.

8. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. «Ел-Шежіре» баспасы, 2010. 10-том. 195–198-бб.

9) Сейт-Омар Саттаруұлы. «Қожалар шежіресі». Алматы: «Атамұра» баспасы, 2016. 538–591-бб.

10. Зия Буниятов. «Избранные сочинения в трех томах» («Үш томдық таңдамалы шығармалар»). — Баку: «Элм», 1999. III том.

11. «ANŪŠTIGIN ĞARČAʾĪ» — Encyclopaedia Iranica.

12. Сергей Поляков. «Этническая история северо-западной Туркмении в средние века» («Орта ғасырлардағы Солтүстік-Батыс Түрікпенстанның этникалық тарихы»). Москва: Издательство Московского университета, 1973.

13. Ахмад әл-Балазури. «Кітап футух әл-булдан» («Елдерді жаулап алу кітабы»).

14. Уильям Монтгомери Уотт. «Мұхаммед: пайғамбар және мемлекет қайраткері». Оксфорд университетінің баспасы, 1961. 124-б.

15. Гонконгтың Арнайы әкімшілік аймағының Білім беру бюросы дайындаған «Шетелдік сауда орталығы – Тан және Цин дәуірлеріндегі Гуанчжоу» (海外贸易枢纽—唐代与清代的广州) тарихи-танымдық ресурстар жинағы.

МРНТИ 03.09.25

Көкбөрі МҰБАРАК
Поэт, исследователь

КАГАН БЫЛ СПОДВИЖНИКОМ
(Укаша – Оккёша – Угеше: преемственность исторической личности в арабских, китайских и казахских генеалогических источниках)

Аннотация. *В статье на основе арабских, китайских и тюркских источников рассматривается историческая преемственность между личностями, известными в различных источниках под именами Укаша сахаба, Оккёша (Аккёсе), Угеше (Юйгуше), Окшы и Өксе. Основная цель исследования заключается в сопоставительном анализе арабских сведений об Укаше сахабе, жившем в эпоху пророка Мухаммада, и китайских хроникальных данных о правителе Западнотюркского каганата Ибэк-Дулу (Угеше, Юйгуше), с учетом сведений казахской родословной и историко-религиозной памяти. Особое внимание уделяется сообщениям Машхур Жусупа Копеева об Оккёше (Аккёсе) и группе тюркских воинов, преданиям об Укаше-ата в Южном Казахстане, имени Өксе в трудах Чокана Валиханова, а также сведениям китайских источников о деятельности Угеше-кагана. Анализируются возможные фонетические трансформации имен в арабской, китайской и тюркской языковых средах, географическая взаимосвязь рассматриваемых топонимов и сакральных объектов, а также роль тюркских племен в раннем распространении ислама. Автор выдвигает гипотезу о том, что имена Укаша, Оккёша, Угеше, Окшы и Өксе могли представлять различные языковые и историко-культурные варианты имени одной исторической личности. Данное положение рассматривается не как установленный исторический факт, а как исследовательская гипотеза, требующая дальнейшей проверки на основе первичных арабских, китайских и тюркских источников.*

Ключевые слова: *Укаша сахаба, Оккёша, Аккёсе, Угеше, Юйгуше, Ибэк-Дулу, Западнотюркский каганат, сахабы, казахская родословная, тюрки, история ислама, Каратау.*

IRSTI 03.09.25

Kökböri MŪBARAK
poet, researcher

THE COMPANION WHO WAS KAGAN
(Ukasha-Okkosha-Uicheye: the continuity of historical figures in the Arab, Chinese and Kazakh Chronicles)

Abstract. *This article examines the possible historical continuity between figures known in different sources as Ukasha al-Sahabi, Okkosha (Akkose), Ugese (Yugushe), Okshy, and Ökse, drawing on Arabic, Chinese, and Turkic historical traditions. The primary objective of the study is to comparatively analyze Arabic accounts of Ukasha, a companion of the Prophet Muhammad, and Chinese chronicle records concerning the Western Turkic Khaganate ruler Ibek-Dulu (Ugese/Yugushe), while also taking into consideration Kazakh genealogical traditions and historical-religious memory. Particular attention is paid to the writings of Mashhur Zhusup Kopeev concerning Okkosha (Akkose) and a group of Turkic warriors, traditions associated with Ukasha-Ata in southern Kazakhstan, the name Ökse recorded in the works of Chokan Valikhanov, and Chinese historical accounts of Ugese Khagan. The study also considers possible phonetic transformations of personal names across Arabic, Chinese, and Turkic linguistic environments, the geographical relationships between relevant place names and sacred sites, and the role of Turkic groups in the early history of Islam. The author proposes the hypothesis that the names Ukasha, Okkosha, Ugese, Okshy, and Ökse may represent different linguistic and historical-cultural forms of the name of a single historical figure. This hypothesis is not presented as an established historical fact, but rather as a research proposition requiring further verification through primary Arabic, Chinese, and Turkic sources.*

Keywords: *Ukasha al-Sahabi, Okkosha, Akkose, Ugese, Yugushe, Ibek-Dulu, Western Turkic Khaganate, Companions of the Prophet, Kazakh genealogy, Turks, history of Islam, Karatau.*

Paydalanylǵan ädebietter:

1. Äbdülkerim Älizadanyñ «Islam энциклопедиялық сөздігі». Mäskew, 2007.

2. Äbdülkerim Älizadanyñ «Hijranyñ I–VII ǵasyrlaryndaǵy musulman memleketteriniñ şeji¬releri». Mäskew: «Umma» baspasy, 2004. 445 b.

3. «Usd äl-Ğaba fi maǵrifati äs-Sahaba» («Sahabalardy taný turaly. Orman arystandary») eñbeginiñ «Uqqaşa ibn Mihsan» tarawı.

4. «Süinama» (隋书). 84-bölim. Pei Jüidiñ (裴矩) baıany.

5. Iüi Taışan, Çyn Gauhua, Çie Fañ qatar¬lylar qūras¬tyrǵan «Şyñjañdaǵy ärtürli ūlttardyñ tarihy men mädenieti sözdigi» (新疆各族历史文化词典). Jūñhua baspasy, 1996.

6. Mūhtar Qoja. «Oñtüstik Qazaqstannyñ kiieli oryndary». Şymkent, 2013. 48-b.

7. Şoqan Uälihanov. «Tañdamaly şyǵarmalar jinaǵy». Almaty, 1984. I tom. «Predaniia i legendy Bolşoi Kirgiz-Kaisaçskoi ordy». 273–274-bb.

8. Mäşhür Jüsip Köpeıūly. Şyǵarmalary. «El-Şeji¬re» baspasy, 2010. 10-tom. 195–198-bb.

9. Seıt-Omar Sattarūly. «Qojalar şejiresi». Almaty: «Atamūra» baspasy, 2016. 538–591-bb.

10. Zia Buniyatov. «İzbrannye soçineniia v treh tomah» («Üş tomdyq tañdamaly şyǵarmalar»). — Baku: «Elm», 1999. III tom.

11. «ANŪŠTIGIN ĞARČAʾĪ» — Encyclopaedia Iranica.

12. Sergeı Polıakov. «Etniçeskaia istoriia severo-zapadnoi Turkmenii v srednie veka» («Orta ǵasyrlar¬daǵy Soltüstik-Batys Türikpenstannyñ etnikalyq tarihy»). Moskva: İzdatelstvo Moskovskogo universiteta, 1973.

13. Ahmad äl-Balazuri. «Kitab futuh äl-buldan» («Elderdi jaulap alu kitaby»).

14. Uilıam Montgomeri Uott. «Mūhammed: paıǵambar jäne memleket qaıratkeri». Oksford universitetiniñ baspasy, 1961. 124-b.

15. Gonkongtyñ Arnaıy äkimşilik aumaǵynyñ Bilim beru bürosy daıyndaǵan «Şeteldik sauda ortalyǵy – Tan jäne Çin däuirlerindegi Guançjou» (海外贸易枢纽—唐代与清代的广州) tarihi-tanymdyq resurstar jinaǵy.

ХҒТАР 03.91

Бүркіт НҰРАСЫЛ

Журналист

ҒҰНДАР САЛҒАН ҚАЛА

Аннотация. *Мақалада Астана қаласының көне дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейінгі тарихи даму жолы қарастырылады. Қаланың тарихы 1830 жылы Ақмола бекінісінің негізі қалануынан ғана емес, Есіл мен Нұра өзендері аралығындағы ежелгі қоныстар мен қалалық мәдениеттің қалыптасуынан бастау алатыны баяндалады. Ғұн дәуіріне қатысты тарихи пайымдар, «Ақмола» атауының этимологиясы, Прокопи Кесарийскийдің жазбалары және көне карталардағы деректер талданады. Сонымен қатар Батығай, Бозақ және басқа да тарихи қалалардың орны, Ақмола бекінісінің қалаға айналуы, оның әкімшілік, сауда және мәдени орталық ретінде дамуы сипатталады. Мақалада Астананың тарихи-мәдени мұрасы, сақталған сәулет ескерткіштері және елорда мәртебесіне дейінгі тарихи өзгерістері қамтылады.*

Кілт сөздер: *Астана, Ақмола, Қараөткел, ғұндар, Батығай, Бозақ, Прокопи Кесарийский, тарихи-мәдени мұра, көне қалалар, елорда тарихы.*

Бүгінге дейін Арқа төріндегі Астана қаласының ресми тарихын патша заманынан, яғни 1830 жылдан бастау алады деп көрсетіп келдік.

Өйткені дәл сол жылы Батыс-Сібір губернаторы Вельяминовтың Қараөткел аймағында Ақмола деп аталатын төртінші округ құру жөніндегі бұйрығы негізінде қаланың қазіргі орнына қазық қағылды. 1830 жылдың 28 мамыр күні басталған қала құрылысы тұп-тура екі жылға созылып, 1832 жылдың 22 тамызында аяқталды.

Алайда бұл датаны бас қаламыздың нақты іргетасы қаланған мерзім дей алмаймыз. Ары кетсе, бертінгі «күнделігі» ғана деуге болады. Тарихшылардың айтуына қарағанда, Астананың сан ғасырлық тарихы бар. Яғни Есіл өңірінде жатқан осы бір қаланың тарихы тым әріге, керек болса, ашель-мустьер заманына кететін көрінеді. Оған Астана маңынан табылған алуан түрлі тас құралдар мен қазба жұмыстары мен құрылыс салу барысында табылған жәдігерлер куә болса керек. Өңір халқы тұрақты тірлік кешіп, біздің дәуірімізге дейінгі VIII-V ғасырларда егіншілікпен айналысқан. Оған да қала маңынан әлі де табылып жатқан сол заманға қатысты қола орақтар мен топырақ өңдейтін құралдар дәлел. Астананың дәл іргесінде жатқан көне мекен – Бозақ қаласының орнын тазалап, зерделеп көрген ғалымдар да бас қаланың тарихы тым тереңде, сонау ғұн дәуірінде жатқанын аңғарып отыр.

Ғұндардан қалған мұра

Сол ғалымдардың пайымына салсақ, көшпелі салт ұстанған халқымыздың тарихи тегі саналатын осы бір Ғұн атты алып империяның көсемдері Сарыарқаның төсінде, Нұра мен Есіл өзендерінің арасында жатқан Тайтөбенің үстіне қамал салып, оны «Ақмола» деп атапты. Ғұндардың тілінде «ақ» сөзі – батыс, «мола» – қамал ұғымын білдірсе керек. Сонда Ақмола атауы «Батыс қамал» деген сөз болып шығады. Бұл ғылыми тұжырымды алғаш жазбаша түрде жеткізген Византия ғалымы – Прокопи Кесарийский. Оның бұл Ақмола туралы жазбасы 1939 жылы «Вестник древней истории» журналында басылған дейді ғалымдар. Кейін белгілі тарихшы Ғалым Қайратханұлы қытайдың көнежазбаларына сүйене отырып, бұл пайымның аңыз еместігін тағы бір мәрте дәлелдеп өтті.

Кейін сол ғұндар соққан батыс қамалдың айналасы жанға, мыңғырған малға толып, өркениет ошағына ұласады. Үлкен-үлкен қалалардың іргесі қаланады. Солардың бірі деп – Астанадан қол созым жерде жатқан Батығай қаласын айтуға болады. Өкінішке қарай, Батығайдың бізге бір сілемі ғана аман-есен жетті. Қазіргі «Хан шатыр» ойын-сауық сауда орталығы мен болашақта салынады деп жоспарланып отырған «Батығай» жабық қаласының аумағы өз заманында Қорғалжын елді мекенінің аумағындағы Тәуке ханның ордасы болған Батығай қаласының орны дейді ғалымдар. Одан басқа да осы өңірде Сұлу там, Сырлы там, Хан сүйегі, Бозақ… секілді қалалар болған екен. Сондай-ақ, елордамыздың маңайында Анжатам, Болған ана, Жұбан ана секілді қалалар болған деген деректер де айтылып жүр.

Әрине, мұның барлығы аңыз, дәйексіз дүние емес. Тарихи құжаттармен, фактілермен дәленденіп, көз жеткізілген деректер. Көне карталар мен қолжазбаларға сүйеніп жасалған дүниелер. Көне карта демекші сонау 1375 жылы Италияда құрастырылған «Каталон картасынан» да Есіл мен Нұра өзенінің бойында сауда жолдары, қалалар болғанын анық байқауға болады. Сондай-ақ, 1459 жылы Венецияда жасалған италия картографы, монах ди Мурандо Фра-Мауранық картасынан да зерттеушілер көптеген олжаға кенелді. 1742 жылы Францияда өңделіп, тың деректермен байытылып қайта шығарылған аталмыш картада Солтүстік және Орталық Қазақстан аумақтары анық көрсетілген. Сарай, Сүзгентұра, Қашлық, Ақтоғай, Іскер, Қайнақ, Ханыкей, Батығай секілді қалалардың географиялық орналасу реті, халқы туралы мәліметтер молынан қамтылған.

Сонымен қатар, кейбір зерттеушілер «Чертежная книга Сибири» атты кітапта да Арқа аймағының географиялық бедері дәл түсірілген, табиғаты, жерасты байлығы туралы деректер келтірілген айтады. Онда Тобыл, Есіл, Қорғалжын атаулары, Нұраның сағасындағы Батығай қаласының орны туралы нақты мәліметтер беріліп, сипаттама жасалады.

1694 жылы Ресейде жасалған картадан да Батығай қаласы туралы көп дерек табуға болады. Зерттеушілердің айтуынша аталмыш картаны сол жылы әз Тәуке ханның ордасына келіп түскен орыс елшілері Ф. Скибин мен М. Трошин жасаған. Карта 20 парақтан тұрады. «Казачья орда» деген атау берілген аса құнды осы мұрағатта әз Тәукенің Нұра өзені бойында орда тігіп отырғаны, оған бару үшін Есілден өтуге тура келгені баяндалады. Сол жерден Қорғалжын көлінен алыс емес жерден (орда мен көлдің ортасы) ағатын Нұра өзенінің жағасында Батығай атты қала бар екені әңгімеленеді. Елшілер өз жазбасында бұл шаһардың тазалығы мен сәулетіне және діни орындардың тым көптігін таңданыс білдірген. Батығай қаласы сауда керуендері үздіксіз келіп-кетіп жататын айрықша қала екен деп жазған. Ресей елшілері Ф. Скибин мен М. Трошиннің мәліметіне назар аударсақ, атақты әз Тәуке ханның жазғы ордасы қазіргі Астананың дәл түбінде орын тепкенін байқауға болады. Алайда, бүгінде бұл қалалардан жұрнақ та қалған жоқ.

Кезінде дүрілдеп тұрған сондай қалалардың бірі – Бозақ қаласы Есілдің бойында, Қараөткелден оңтүстік-шығыс бағытқа қарай бес шақырым қашықтықта орын тепкен. Шамамен VIII ғасырда іргесі қаланған қала. Көне қаланың алғашқы зерттеушісі Әлкей Марғұлан болатын. Ол өткен ғасырдың 50-70 жылдары аралығында бірнеше рет үлкен экспедиция ұйымдастырып, Бытығай және Бозоқ қалаларының жұрнағын табу жұмыстарымен айналысты. Кейін бұл жұмысты белгілі археолог Кемел Ақышев жалғастырды. 1998 жылы Бозақ қаласының орнын тауып, 1999 жылы алғаш археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Жалпы аумағы 30 гектар жерді алып жатқан көне қаланың орны Астана қаласынан не бары бес шақырым жерде жатыр. Зертеушілер Бозақ қаласын VIII-X ғасырларда Ұлы Жібек жолының бір тармағы Дала жолы бойындағы қала-қорған болғанын айтады. Ол сондай-ақ қыпшақ билеушісінің ордасы, діни-мәдени орталығы болған. К.Ақышев атындағы археологиялық ғылыми-зерттеу институтының директоры Марал Хабдулинаның айтуынша, Бозақ – түрік-оғыз термині. Яғни, көне түрік мемлекеттерінің әкімшілік құрылымының шығыс бөлігінің атауы. «Бозақ» сөзі түрік-оғыздың «бузук» (боз оқ) сөзінен алынған. термині – «жебе» немесе «ақ жебе» деген ұғымды білдіреді. Сонымен бірге түркі ұғымында «боз» сөзі «дала», «ақ», «қоныс» дегенді білдіреді» дейді Марал Хабдулина.

Бозақ туралы алғашқы мәліметтер қалдырған адам патша армиясының офицері, геодезист И.Шангин болып саналады. Ол 1816 жылы Есіл өзеніне таяу көл жағасында Бозақтан өзге тағы жеті көне қаланың орны бар екенін жазады. Кейін бұл мақаласы 1820 жылы Ресейдің императорлық «Сибирский вестник» журналында жарияланады.

Археолог әрі өлкетанушы Василий Солочинскидің 1955 жылғы зерттеулерінде Ақмола шаһарының астында жиырмаға жуық қалашық тапталып жатқаны туралы жазылған. Солардың біразы қаланың оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Силикат кірпіш зауыты, Ащыөзектің бойына тұрғызылған ғимараттардың табанында тапталып жатыр. Абылай хан даңғылының бойында Ауғанстандағы соғыста қаза тапқан жауынгерлерге арналған ескерткіш салу барысында жер астынан қола дәуіріне тән қоныс-зираттың орны табылған болатын. Археологтар шақырылып, ескі қорымның тарихи маңызы анықталып, мамандар құрылысты дереу тоқтату туралы мәселе көтерілді. Алайда бұдан еш нәтиже болмады. Қарағанды тас жолының бойында құрылыс нысандарын салу барысында да бағзы мәдениет ошақтары табылғанын айта кету керек.

Қамал қалаға айналды

1832 жылғы 22 тамыз күні тұсауы кесілген бекініс бірте-бірте өз іргесін кеңейте береді. 1845 жылы Ақмола станицасына айналды. 1862 жылғы 23 қазанда Ақмолаға қала мәртебесі берілді. Деректер бойынша, сол шақта шаһарда 4777 дворян, үй-жанымен 1320 солдат, 1487 қарулы казак, 130 татар, 1349 орта азиялық, 11 дін иелері, 300-ге жуық қазақ болыпты. Екі май балқытатын, бір сабын қорытатын, тері илейтін зауыт жұмыс істеген. Қаланың негізгі кәсібі сауда болды. Жиі-жиі жәрмеңкелер ұйымдастырылып тұрған. 1852 жылдан бастап, әр жылдың жиырма бірінші мамырынан бастап оныншы маусымына дейін болатын «Константинов жәрмеңкесі» өткізіліп тұрды.

1868 жылы Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Омбы, Атбасар сияқты бес уезден тұратын Ақмола уезі құрылды. Ал қаланың өзі уезд орталығына айналды. Жеке елтаңбасы да бекітілді. Бірақ бұл таңба да бізге жеткен жоқ. Ал 1910 жылы түрлі ұлт өкілдерінен тұратын қала тұрғындары 13000-ға жетті. 1916 жылы бүкіл облыс халқының саны бір жарым миллион адам болды. Осылайша шағын ғана қамалдан бастау алған бекініс жарты миллионнан астам адам тұратын облысқа айналды. Сауда нысандары, өндіріс орындары құрылды. Білім беру мекемелері мен банк, аурухана, мешіт салынып, тіршілігі қайнаған ортаға айналды. 1898 жылдардың өзінде облыста үш қалалық, он екі шіркеулік мектеп және бірнеше ауылшаруашылық училищесі болыпты.

Татар мектебі ашылған. Бұлардың бірі бұрынғы орталық базардың жанындағы үлкен мешіттің орнында 1920 жылға (қызылдар өртеп жіберген) дейін тұрған. 1913 жылы Ақмолада 40 кәсіпорын болыпты. Бұл кәсіпорындарда 208 адам жұмыс істеді. Сонымен қатар, 100 жел диірмен болды. Сол кездері бой көтерген ас үйлер мен көрнекі нысандар елорданың ескі орталығында бүгінгі күнге дейін сақталған.

Көненің көзі

Кезінде архитектуралық кескінділігімен ерекшеленген ғимараттардың бірі – Александр-Невский соборы болыпты.

Бізге 1881 жылғы 12 мамырда тұрғызылған бұл алып нысанның тек суреті ғана жеткен. Ол Александр үшінші мен отбасының құрметіне салынса керек. Собордың сәулетшісі – тобылдық инженер-технолог Павел Голышев. Большевиктер 1940 жылы қиратып тастаған.

Сондай-ақ, қалада бір класты училище, мешіттің жанынан (бұл бұрынғы орталық базардың жанындағы үлкен мешіттің орнында болған. 1920 жылы қызылдар өртеп жіберген) татар мектебі ашылған. 1868 жылы Ақмола уезд орталығына айналды.

Ақмола бекінісінде ең алғаш бой көтерген ғимарат бекіністің негізін қалаған Федор Шубиннің әскери казармалық бөлімшесі болды. Казармалар Есіл өзенінің жағалауында жатқан қазіргі № бірінші лицейдің аумағында болған. Бұлардың ең соңғысы 1973 жылдың қыркүйек айына дейін тұрыпты. 1890 жылдары Ақмоланың орталық алаңында екі корпустан тұратын бір этажды дүкендер, қонақ жайлар салынады. Жеке секциялар мен дүкендер шеттен келген саудагерлерге жалға берілетін болған. Қазір бұл қонақ жайлардың орнында «Sine Tempore» сауда орталығы орналасқан. Сондай ғимараттрдың бірі – «Метеор»

кинематографы. 1910 жылы іргесі қаланған жекеменшік «Метеор» кинематографы қазіргі Желтоқсан-Кенесары көшелерінің қиылысындағы сауда орталығының орнында болған ағаш үйге орналасқан.

Бекіністе Сәкен Сейфуллиннің ұйымдастыруымен 1917 жылы тұңғыш қазақ «Тіршілік» газеті жарық көрген. Редакциясы Астана қаласындағы «Абай» қонақ үйіне таяу жердегі екі қабатты ғимаратта болған. Өкінішке бұл ғиарат бізге жетпеген. Сондай-ақ, 1920 жылы 1 қазанда ашылған драма театры, атақты саудагер Семеновтың үйі деген тамаша құрылыстар болған. Семеновтың үйінің орнына тың игеру жылдары «Москва» қонақ үйі салынды. Соңғы жылдары адам танымастай өзгертілген бұл нысанда көпке дейін Қазақ ақпарат агенттігі отырды.

Ағайынды Қосшығұловтар осы өңірде алғаш рет конфет фабрикасын іске қосқан. Бұл ғимараттан да бүгінде із жоқ. «Абай» қонақ үйі салынғанда ысырылып тасталған дейді көз көргендер. Конфет фабрикасына төңкерістен соң түрлі мекемелер орналасты. Басында айтып өткен «Тіршілік» газетінің редакциясы да біраз уақыт осында болды. 1928 жылы қалада қуаты 18 квт-тық электр станциясы іске қосылыпты Деректерге қарағанда одан тартылған электр желісінің ұзындығы 8 шақырым аумақты қамтыған.

Алайда, аумалы-төкпелі заманға қарамастан көптеген нысандар жақсы сақталып қалды. Бұл ғимараттар күрделі жөндеуден өтіп түрлі мекемелерге қалқан болып, халық игілігіне жарап отырғанын айту керек. Бүгінде қалада тарихи мәні зор 40-қа жуық тарихи–мәдени орындар бар екен. Олардың 16-сы жергілікті дәрежедегі, екеуі республикалық дәрежедегі ғимараттар. Соңғыларының бірі деп Тың игерушілер сарайы (қазіргі Конгресс-холл мәдениет сарайы) мен Отырар көшесіндегі Сәкен Сейфуллиннің үйін айтуға болады. Ол үйде ол қазақ балаларына сабақ берген.

Казенцевтің үйі

Зұлматты жылдардан аман жеткен жәдігерлердің бірі – көпес Казанцев салдырған үй. Ол бүгінге дейін өз қалпын бұзбай сақталған үйлердің бірі. 1846 жылы салынған бұл құрылыс сексенінші жылдардың соңында Сәкен Сейфуллиннің мұражайына айналды. Оған жапсарлас салынған үйде Благовеценский деген дәрігер тұрған екен.

Көпес Кубриннің үйі

Қаладағы ең үлкен үй – Василий Кубриндікі болатын. Бұл үй бүгінгі уақытқа дейін сақталған. Кубриннің үйі 1910-1912 жылдары тұрғызылған. Ауласында ағылшын стилінде бақ болған. Кәсіпкер әр ағашты өз қолымен отырғызыпты. Ол ағаштар қазір де сақталған. 1913 жылы Василий Кубриннің үйін «Ресей» сақтандыру қоғамы 40 мың рубльге бағалаған. Яғни, сол кездегі баға бойынша, 700 жылқыға тең. Отызыншы жылдары бұл үйді НКВД иеленді, кейін милиция басқармасына айналды. Соңғы жылдарды өлкетану мұражайы қоныстанды. Кенесары және Әуезов көшелерінің қиылысында орналасқан ол үйде қазір Украина елшілігі орналасқан.

Ардагерлер емханасы

Астанадағы тарихи ғимараттардың санатындағы бүгінгі ардагерлер емханасын көпес Моисеев тұрмысқа шыққан қызы үшін салдырған. Құрылыс біткенде қалада қызылдар төңкерісі болады да, көпестің дүние-мүлкі тәркіленіп, қызы Қарағандының жанындағы Долинка концлагеріне айдалады. Мұнда кейін Ақмола уезінің Совдепі болыпты. Ресей коммунистік партиясының уездік комитетіне, одан соң облыстық кеңестің атқару комитетіне беріледі. Ұзақ жыл облыстық партия комитетінің емханасы болды.

Константин-Еленинский шіркеуі

Константин-Еленинский шіркеуі 1850 жылдары әскери бекіністің жанында қазіргі Қажымұқан стадионының орнына салынған

Ол да – өзінің бастапқы сәулет кескінін сақтап қалған ғимараттардың бірі. 1900 жылы христиан дінінің өкілдері қиратылып кету қаупін ерте аңғарып, қазіргі тұрған жеріне көшірген секілді.

Тарихтан сыр шертіп тұрған тағы бір ғимаратта бүгінгі таңда Тұрғын үй департаменті отыр. Қабырғасы 1915 жылы қаланған ғимарат бастапқыда солдаттарды емдейтін орталық болды. Большевиктер төңкерісінен соң Халық үйі атанды, кітапхана, тарихи-өлке тану

мұражайы, орыс драма театры орналасты. Бір өкініштісі, тарихи жәдігерлерді өз көзімізбен көруге барғанымызда талай зұлматты бастан өткерген ғимараттың қабырғасы шіріп, кей тұстары құлап жатқанын көрдік.

Қазіргі орыс драма театры

Қала Ақмола атанып тұрған кезде бой көтерген ғимараттың бірі деп қазіргі орыс драма (3-сурет) театрын айтуға болады. Шаңырақ көтерген кезі – 1943 жыл. Сол тұстарда театр сахнасында Мұхтар Әуезовтің «Еңлік – Кебек», Ғабит Мүсіреповтің «Қозы-Көрпеш» пьесалары қойылған. Алайда саяси режим қала басшылары өзін-өзі ақтай алмайды деген желеумен 1948 жылы қазақ тобын жауып тастаған. Ұлттық театр арада 42 жыл өткен соң, яғни 1990 жылы ғана ашылды.

С. Сейфуллин атындағы Аграрлық-техникалық университет. Ол – қаладағы алғашқы жоғары оқу орны. 1958 жылы құрылған аталмыш оқу орны Ақмола ауыл шаруашылығы институты деп аталған.

Ақмоланың одан кейінгі даму тарихы бәрімізге белгілі. 1939 жылдың қазан айында Ақмола облыс орталығы болып бекітілді. 1960 жылдың 26 желтоқсанында «Тың игеру өлкесін құру туралы» жарлық шығып, 1961 жылы аты Целиноград болып өзгертілді. 1992 жылы Целиноград қайтадан Ақмола болып өзгерді. Ал 1994 жылдың алтыншы шілдесінде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы Қаулы шығарып, Тәуелсіз қазақ елінің елордасына айналды. 1998 жылдың алтыншы мамырында Ақмола атауы «Астана» болып өзгерді. Бір қызығы, көне парсы және грек жазбаларында Есіл бойын мекендеген сақ тайпалық бірлестіктердің бірі «асседона» деп аталыпты.

Дереккөздері ретінде көрсетуге болатын дүниелер:

Мәтінде келтірілген деректер мен тұжырымдардың негізгі дереккөздері мен ғылыми-тарихи өзегі төмендегідей жүйеленген:

Пайдаланған әдебиеттер

1. Прокопий Кесарийский. Византия тарихшысы Прокопий Кесарийскийдің ғұндар дәуіріне қатысты тарихи жазбалары.

2. Вестник древней истории. – 1939. – [Прокопий Кесарийскийдің жазбалары мен «Ақмола» атауының этимологиясына қатысты зерттеулер].

3. Қайратханұлы Ғ. Қытайдың көне жазба деректеріндегі ғұндар дәуірі мен «Ақмола» атауының этимологиясына қатысты салыстырмалы тарихи зерттеулер. [Басылым туралы нақты мәліметтерді толықтыру қажет].

4. Каталон картасы. – 1375. [Орталық Азия мен Дешті Қыпшақ аумағының тарихи картасы].

5. Фра-Мауро. Дүниежүзі картасы. – 1459. [Монах Фра-Мауро құрастырған картографиялық еңбек].

6. Ремезов С. У. Чертежная книга Сибири. – XVII ғасырдың соңы. [Сібір аумағының тарихи картографиялық сипаттамасы].

7. Скибин Ф., Трошин М. Казачья орда: карта және жазба есептер. – 1694. [Әз Тәуке ханның ордасына жасалған елшілік сапар материалдары].

8. Рычков П. И. Ресей империясының Орталық Азия мен Қазақ даласына қатысты тарихи-географиялық еңбектері. [Нақты еңбек атауы мен басылым деректерін көрсету қажет].

9. Марғұлан Ә. Х. Бозақ қалашығы мен Орталық Қазақстанның археологиялық ескерткіштеріне қатысты зерттеулер. [Нақты еңбек атауы мен жарияланған жылын толықтыру қажет].

10. Ақышев К. А. Бозақ қалашығына қатысты археологиялық зерттеулер. – 1990 жылдар. [Нақты ғылыми еңбек пен басылым деректерін көрсету қажет].

11. Хабдулина М. Қ. Бозақ және өңірдегі ортағасырлық археологиялық ескерткіштерге қатысты ғылыми-зерттеу еңбектері. [Нақты еңбек атауы мен басылым деректерін толықтыру қажет].

12. Шангин И. Инженерлік-геодезиялық зерттеулер және Орталық Қазақстанның тарихи-географиялық ескерткіштеріне қатысты жазбалар. [Нақты еңбек атауы мен басылым деректерін көрсету қажет].

13. Солочинский В. Өңірдің көне ескерткіштері мен тарихи орындары туралы өлкетанушылық жазбалар. [Нақты еңбек атауы мен жарияланған жылын толықтыру қажет].

14. Сибирский вестник. – 1820. [Өңірдің тарихи-географиялық және археологиялық ескерткіштеріне қатысты жарияланымдар].

МРНТИ 03.91

Бүркіт НҰРАСЫЛ
Журналист

ГОРОД, ПОСТРОЕННЫЙ ГУННАМИ

Аннотация. *В статье рассматривается исторический путь развития города Астаны с древнейших времён до современного периода. Освещается положение о том, что история города начинается не только с основания Акмолинской крепости в 1830 году, но и с формирования древних поселений и городской культуры в междуречье Есиля и Нуры. Анализируются исторические предположения, связанные с эпохой гуннов, этимология названия «Акмола», сведения византийского историка Прокопия Кесарийского, а также данные древних карт. Описываются местоположение и историческое значение древних городов Батыгай, Бозок и других поселений, превращение Акмолинской крепости в город и его развитие как административного, торгового и культурного центра. В статье также рассматриваются историко-культурное наследие Астаны, сохранившиеся архитектурные памятники и исторические преобразования города до приобретения им статуса столицы.*

Ключевые слова: *Астана, Акмола, Каравткел, гунны, Батыгай, Бозок, Прокопий Кесарийский, историко-культурное наследие, древние города, история столицы.*

IRSTI 03.91

Bürkit NŪRASYL
Journalist

THE CITY BUILT BY THE HUNS

Abstract. *The article examines the historical development of the city of Astana from ancient times to the modern period. It highlights the view that the history of the city began not only with the establishment of the Akmolinsk fortress in 1830, but also with the formation of ancient settlements and urban culture in the area between the Esil and Nura rivers. The article analyzes historical interpretations associated with the Hun era, the etymology of the name "Akmola," the writings of the Byzantine historian Procopius of Caesarea, and information contained in ancient maps. It describes the location and historical significance of the ancient cities of Batygai, Bozok, and other settlements, the transformation of the Akmolinsk fortress into a city, and its development as an administrative, commercial, and cultural center. The article also addresses Astana's historical and cultural heritage, preserved architectural monuments, and the historical transformations of the city prior to its acquisition of capital status.*

Keywords: *Astana, Akmola, Karaötkel, Huns, Batygai, Bozok, Procopius of Caesarea, historical and cultural heritage, ancient cities, history of the capital.*

Paıdalanğan ädebïetter:

1. Prokopiy Kesariyskiy. Vizantiya tarihshysy Prokopiy Kesariyskiydiñ ğūndar däuırine qatıstı tarihi jazbalary.

2. Vestnik drevney istorii. – 1939. – [Prokopiy Kesariyskiydiñ jazbalary men «Aqmola» ataūynyñ etimologiyasyna qatıstı zertteuler].

3. Qayratḥanūly Ğ. Qıtaydıñ köne jazba derekterindegi ğūndar däuıri men «Aqmola» ataūynyñ etimologiyasyna qatıstı salıstırmalı tarihi zertteuler. [Basılım turalı naqtı mälimetterdi tolıqtıru qajet].

4. Katalon kartasy. – 1375. [Ortalyq Aziya men Deshti Qıpşaq aumağynyñ tarihi kartasy].

5. Fra-Mauro. Düniejüzi kartasy. – 1459. [Monah Fra-Mauro qūrastırğan kartografiyalıq eñbek].

6. Remezov S. U. Chertejnaya kniga Sibiri. – XVII ğasırdıñ soñı. [Sibir aumağynyñ tarihi kartografiyalıq sipattaması].

7. Skibin F., Troşin M. Kazaçya orda: karta jäne jazba esepter. – 1694. [Äz Täuke hannıñ ordasına jasalğan elşilik sapar materialdarı].

8. Rıçkov P. İ. Resey imperiyasınıñ Ortalyq Aziya men Qazaq dalasına qatıstı tarihi-geografiyalıq eñbekteri. [Naqtı eñbek ataūı men basılım derekterin körsetu qajet].

9. Marğūlan Ä. H. Bozaq qalaşığı men Ortalyq Qazaqstannıñ arheologiyalıq eskertkişterine qatıstı zertteuler. [Naqtı eñbek ataūı men jariyalanğan jılın tolıqtıru qajet].

10. Aqışev K. A. Bozaq qalaşığına qatıstı arheologiyalıq zertteuler. – 1990 jıldar. [Naqtı ğılımi eñbek pen basılım derekterin körsetu qajet].

11. Habdulina M. Q. Bozaq jäne öñirdegi ortağasırlıq arheologiyalıq eskertkişterge qatıstı ğılımi-zertteu eñbekteri. [Naqtı eñbek ataūı men basılım derekterin tolıqtıru qajet].

12. Şangin İ. Injenerlik-geodeziyalıq zertteuler jäne Ortalyq Qazaqstannıñ tarihi-geografiyalıq eskertkişterine qatıstı jazbalar. [Naqtı eñbek ataūı men basılım derekterin körsetu qajet].

13. Soloçinskiy V. Öñirdiñ köne eskertkişteri men tarihi orındarı turalı ölk etanuşılıq jazbalar. [Naqtı eñbek ataūı men jariyalanğan jılın tolıqtıru qajet].

14. Sibirskiy vestnik. – 1820. [Öñirdiñ tarihi-geografiyalıq jäne arheologiyalıq eskertkişterine qatıstı jariyalanımdar].

ХҒТАР 21.21.31

Қанат ӨСКЕМБАЕВ
т.ғ.к. Өнер және гуманитарлық ғылымдар
жоғары мектебінің профессоры,
Астана халықаралық университеті
k.uskembayev@gmail.com.

Самат ЕСҚАЛИЕВ
т.ғ.к. А. Құсаинов атындағы Еуразиялық
гуманитарлық институтының профессоры
Samat.Eskaliev@mail.ru.

КЕҢЕСТІК БИЛІКТІҢ 1920-1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ДІНГЕ ҚАРСЫ НАУҚАНЫ: ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа. *Мақалада 1920-1930 жж. кеңестік биліктің дінге, дін қайраткерлеріне қарсы жүргізген ұстанымдары мен саясаты айшықталады. Тоталитарлық қоғам тұсындағы халықты «құдайсыз» кейіпке түсіру үшін жүргізген арнайы іс-шаралары және дін қайраткелеріне байланысты ұйымдастырылған қуғын-сүргін, қозғалған қылмыстық істер жайлы баяндалады.*

Түйін сөздер: *қазақ діни қайраткерлері, ислам құндылықтары, қуғын-сүргін, қылмыстық істер, мемлекеттік саясат, халық жады.*

Кіріспе. 1920 жылдардың ортасында Кеңестер Одағында социализм орнатудың доктринасы іске асырыла бастады. Ол үш үлкен міндетті: индустриаландыруды (*аграрлық елден дамыған индустриялы елге*); ұжымдастыруды *(социалистік ұжымдық ауыл шаруашылығын құру)*, мәдени төңкерісті *(сауатсыздықпен күресу, кеңестік білім жүйесін енгізу)*, ғылым мен мәдениетті, кеңестік идеологияға қызмет ететін зиялы қауымды және жаңа өмір салтын жасауды көздеді. Соңғы міндетті орындау барысында Кеңес үкіметі құдайсыз қоғам құруға нық бағыт алып, соны орындауға құлшына кірісті. Құдайсыздар қоғамы өздерінен білімі және діни сауаты жоғары тұлғалармен күресу үшін кеңес үкіметінің аймақтарында дінге қарсы ұйымдар құра бастады. Солардың бірі 1920 жылдары РК(б)П– Б(б)КП (*1918-1925 жж. Ресей коммунистік большевиктер партиясы атанды – РК(б)П; 1925-1952 жж. БК(б)П – Бүкілодақтық коммунистік большевиктер партиясы; 1952–1991 жж. КОКП – Кеңес Одағының коммунистік партиясы – авторлар)* Орталық Комитетінің және Қазақстан аймақтық комитетінің (Казкрайком) жанында құрылған үгіт-насихат бөлімі (ҮНБ) немесе «уағыз-насихат» бөлімі еді. Орысшасы агитационно-пропогандисткий отдел (АПО). Бұл ҮНБ бөлімі біртіндеп басқа органдар мен мекемелерге жетекшілік етті және оларға бақылау жасады. ҮНБ құрамына басқа да бірқатар органдар мен мекемелер, атап айтсақ үгіт-насихат, мәдени-бұқаралық бөлімдер, комсомол, кәсіподақ. органдары, партиялық оқу органдары, баспасөз органдары, хабар тарату деп аталатын ерікті қоғамдар, бірлестіктер, соғысушы атеистер одағы, ОСОАВИАХИМ, *(ОСОАВИАХИМ – қорғаныс, авиация және химиялық құрылысқа көмек қоғамы – КСРО-да 1927-1948 жж. құрылған жаппай ерікті қоғамдық әскери-патриоттық ұйым – авторлар)* және білім беру қоғамдары т.б. кірді [1]. 1921 жылдың наурыз айынан бастап аты өзгерген «Саяси ағартушылық басқарма» бөлімі дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге басшылық жасай бастады.

Талқылау. 1920-1930 жылдардағы осы бөлімнің құжаттарында XX ғасырдың басынан бастап қазақтар арасында мұсылмандыққа қызығушылықтың артып келе жатқандығы туралы жиі айтылды. Қазақ ауылындағы қоғамдық қарым-қатынас, саяси, шаруашылықтағы жеке меншікке қатысты мәселелер ислам дінімен тікелей байланыстырыла бастады. Қазақ ауылындағы діндарлықтың артуына мұсылмандық ұйымдар мен діни тұлғалардың (ишан, молда) ықпалынан болады деген тұжырымдар жиіледі. Олар халық арасында буржуазиялық, ұлтшылдық ұрықтарды тастап, теріс ұстанымдарды енгізуде деп санады. Сонымен қатар, кеңес билігі қазақ ауылдарында кеңестік құқық нормаларының орнына шариғат соты мен ақсақалдар, ру басшылары мен байлардың қоғамдағы ықпалы жоғары деп есептеді. Тұрғындар арасындағы діндарлықтың артуы мен мұсылмандық қозғалыстың дамуы сырттан келетін мұсылмандық ұйымдар өкілдерінің (татар және өзбек) іс-әрекеттері нәтижесінен екендігі көрсетілді.

Сөйтіп толық билікті өз қолдарына алған большевиктер «Коммунистік идея мен дін үйлеспейді» деген ұранды басшылыққа алып, мәселенің шешімін мемлекетті дін басыларынан «тазартудан» көріп, оны жүзеге асыруға кірісті. Бұл күресте олар шектен тыс айуандық танытты, мораль мен құқықтың барлық нормаларын ашық түрде елеусіз қалдырды.

Қазақ ауылдарына өз идеологиясын енгізуге ислам дінін басты кедергі деп таныған большевиктер партиясы ескі дәстүрді сылтауратып, аз уақыттың ішінде оны жоюға кірісті. Бұл ретте олардың күш көрсету әдісінен басқа күрес әдістері болған жоқ, өйткені олардың барлық идеялары іске аспайтын қиял ғана болатын. Ал ислам ғұламалары әділдік пен имандылықтың терең білімді жақтастары, әділ қоғам үшін күресушілер ретінде большевиктерге бәсекелес болып қана қоймай, қоғам өмірінде топтастырушы, тәрбиелеушілік рөл атқарды. Кеңестік тоталитарлық жүйе дінге қатысты өзінің ерекше батылдығын, жеке адамның рухани дүниесіне араласуын, барлық адамгершілік принциптерді елемейтінін көрсетті.

Бірнеше жылдар бойы Кеңес үкіметінің дінге қарсы ұзақ уақытқа созылған саясатын зерттеуші ғалымдар оның келесі кезеңдерін былайша айқындайды:

1917-1928 жылдар – КСРО-дағы мемлекеттік-діни қатынастардың бірінші кезеңі. Бұл кезеңде мемлекет пен дін қатынастарының кеңестік үлгісінің дамуы – дін және құлшылық орындары (мешіт, шіркеу) туралы қаулылар, олардың жүзеге асырыла бастауы болды.

1929-1942 жылдар – ислам үшін ең қайғылы, жаугершілік атеизм мен дінге қарсы террордың салтанат құру кезеңі.

1943-1960 жылдар Ислам мен Кеңес мемлекеті арасындағы қарым-қатынастың үшінші кезеңі болды. Кезеңнің басталуы соғыс жағдайларының қысымымен дінге қарсы майдандағы биліктің шегінуімен сипатталды.

1960-1980 жылдардың ортасында мемлекет пен ислам арасындағы қатынастар күрделі эволюциядан өтті. Әлемдік отаршылдық жүйенің күйреуі және жаңа мемлекеттердің құрылуы жағдайында кеңестік мұсылман ұйымдары Шығыстағы сыртқы саясаттың құралы ретінде қарастырыла бастады.

1980-1991 жылдар, мемлекет пен ислам арасындағы қатал қарым-қатынас кезеңі болды. Кеңестік идеологтар КСРО-да исламның құлдырауы мен мүлдем жойылуы туралы болжам жасады, алайда дәл осы кезеңде қоғам исламның қайта жаңғыра бастауымен бетпе-бет келді [2].

Енді осы аталған алғашқы екі кезеңіндегі кейбір мәлеселерге тоқталсақ. 1917 жылы 25 қазаннан кейін заңсыз билікке келген большевиктер ымыраға келу арқылы мұсылман халықтарын бірте-бірте өз жағына тарту тактикасын біршама жүргізді. Ол үшін әр түрлі мұсылмандар съезін өткізіп, патша өкіметі кезінде тартып алған жерлерін қайтарып, халықтың біршама үмітін оятты. Мұсылман дінбасылары «Кеңес өкіметі үшін! Шариғат үшін! деп ұрандап бұқараны азаматтық борыштарын орындауға шақырған кездері де болды. Биліктің мұсылман халықтарына деген алғашқы әрекеттері ел арасында аңғал үміт тудырып, бұл жаңалықтар ислам мен социализм идеалдарының жақындасу мүмкіндігі деп түсінді.

Алайда, көп ұзамай 1918 жылғы қаңтардағы «Шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден бөлу туралы» Жарлықтың қабылдануымен-ақ, оны жүзеге асыру мақсатында қабылданған нұсқаулар барлық діни ұйымды заңды құқықтарынан айырды және олардың мүлкін ұлттық қазына, мемлекеттік меншік деп жариялады. Осы сәттен бастап мешіттерді, шіркеулерді және басқа да діни мекемелерді тонау және қирату басталды. Өз сенімдерін қорғаған ондаған имам-молдалар, жалпы діндарлар тергеусіз атылды.

Сонымен бірге кеңес үкіметінің уақытша шегініс жасаған уақыттары да болды. Мысалы, Азаматтық соғыс жылдарында кеңес өкіметіне төнген қауіп коммунистерді ымыраға келуге және шіркеулер мен діни бірлестіктермен достық саясат жүргізуге уақытша мәжбүр етті. Мысалы В. Ленинның өзі: «Біз діни наным-сенімдерге қарсы аса сақтықпен күресуіміз керек; Бұл күресте діни сезімдерді қорлайтындар көп зиян келтіреді, сондықтан үгіт арқылы, ағартушылық жұмыстар жүргізу арқылы күресу керек» деп атап көрсетті [3, 24-25]. Қазақ халқының қалың бөлігі ұлттық мәселелерді шешуге толықтай қолайлы болып көрінетін кеңістік декларацияларға сенді. Жарияланған бостандықтар көшпелі ортада өз жауабын тапты. Жаңа саяси жағдайларда оларды жүзеге асыру мүмкіндігі туралы сенім иллюзиялары да болды.

Алайда мұндай алдамшы саясат ұзаққа бармады. 1918 жылдың 18 ақпанында ақ, Мемлекеттік комиссия «Кеңес мектебі туралы» декрет шығарды. Бұл қаулы бойынша: «Халық комиссариатына қарасты барлық мемлекеттік, мемлекеттік және жеке ақылы оқу орындарында қандай да бір діни жоралғыларды орындауға тыйым салынды... – діни оқу орындарын біржолата жою туралы құжат қабылданды» [2]. 1918 жылы наурызда бұл құжат қабылданғаннан кейін дүние жүзіндегі құдіретті державалардың (шетелдік әскери интервенттердің) және бұрынғы жүйені қолдаушылардың (ақ гвардияшылардың) бастамасымен Кеңес өкіметіне қарсы азамат соғысы басталды. Аяусыз соғыс бүкіл Қазақстанды шарпыды, ал бейбір халық соғысқа тартылды, ашаршылықты, ауыр ауыртпалықтарды бастан кешті.

Сөйтіп, Қазақстанда дін қайраткерлерін қудалау Кеңес өкіметі орнаған кезден басталды деп айта аламыз, бірақ қуғын-сүргін әрекеттері мен жазалау шаралары әртүрлі кезеңдерде түрлі дәрежеде жүргізілді, яғни өз ерекшеліктері болды.

Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін елде халыққа қарсы «Кіші Қазан» бағдарламасын жүргізу басталғанда шын мәнінде кең ауқымды, жүйелі сипатқа ие болды. Бұл ретте, қудалаудың негізгі тетіктері мен әдістері: мешіттер, храмдар, синагогаларды тәркілеу, діни қызметшілерді қудалау және бас бостандығынан айыру, діни қауымдарды мемлекеттік тіркеуден айыру, діни мекемелер мен діни басылымдарды жабу, мешіттерден, шіркеулерден, синагогалар мен өзге де діни ғимараттардан тыс белсенді діни қызметке іс жүзінде тыйым салу болды.

Екі-үш жыл ішінде барлық мұсылман діни бастауыш және орта оқу орны жабылды. Араб әліпбиінде жазылған оқулықтар мен кітаптар латын әліпбиіне көшірілді. Солай, кеңес өкіметі дін саласынан бұқараға айтарлықтай әсер ететін және большевиктік-коммунистік идеологияны енгізуге мүмкіндік бермейтін күшті идеологияны көрді. Әсіресе көпшілік мойындаған ишандар, молдалар тергеуге алынды, жеке мүліктері тәркіленді. Сайлау хұқынан айырылып, тәркілеуге ұшыраған атақты ишандар мен хазіреттердің тізімі архив құжаттарында зерттеу барысында анықталды. 1927 жылдың 15 қаңтарындағы «Аса құпиялы» деген құжатта дауыс беру құқығынан айрылған діни қайраткерлер мен ишандар, молдалардың тізімдері жасала бастады.

8 тамыз 1927 жылы БК(б)П ОК ұйымдастыру бөлімі «Мұсылмандық діни қозғалысына қарсы күрес шаралары туралы» қаулы қабылдады [4]. Осы қаулының артынша Қазөлкелік Бюросы қазақ қоғамындағы діннің дамуын тежеу мақсатында, әсіресе ондағы мұсылмандық қозғалыстың қызметін ескеріп, оны толық тоқтатуды көздеген кеңес билігінің саясаты негізінде, ауқымды түрде дінге тікелей шауылға кірісіп, келесі төмендегі 20 бағыттан тұратын шешім қабылдап жіберді [5]. Олар: 1. 18 жасқа дейін діни білім алуға тыйым салу. 2. Қазақ қағамынан мұсылмандық діни басқарманы ажырату, діни қызметтің басшылық жүйесін, діни қайраткерлердің қызметін тоқтату, оларды жою, бірін-біріне қарсы қою. 3. Қазақ

ауылында партия қызметін жандандыру, тек қазақ қоғамында ислам дінін теріс түсіндіру, ислам дінін материалистік идеялармен түсіндіріп, қоғамдағы шариғат туралы түсініктерді жою. 4. Қазақ ауылында діни қайраткерлерді, молдалар, ишандар мен сопылардың діни сезімі мен ар-ожданынына қайшылық келтірмей, олардың қоғамдық, хұқықтық, біліми-ағартушылық, емшілік-тәуіптік қызметімен күресуді жүйелі жүргізуді ұйымдастыру. Ол үшін, қазақ ауылында кеңестік қоғамды дәріптейтін, қазақ тіліндегі мерзімді баспа, театр, жастар арасында комсомол ұйымын, кеңестік халықтық сот жүйесін құру. 5. Бүкіл кеңестік мектептер қазақ ауылында мәдени-ағартушылық пен саяси-ағартушылықтың орталығына айналдыру. Кеңестік мектептердің қызметін күшейту. Түрлі қоғамдық және мемлекеттік ұйымдар ұйымдастыру. Мысалы, табиғатты аялаушылар, өлкетанушылық, ауыл шаруашылығына бейімдеу , жан-жақты сауаттылық және т.б. 6. Жалпы білім беру мектептері мен сауат ашу курстарында белсенділік танытқан тұрғындарға әрдайым материалдық қолдау беру, оқулықтармен қамтамасыз ету. 7. Кеңестік мұғалімдердің саяси сауаттарын арттыру. Кеңестік қоғамды діннен бөлу, педтехникумдарда біліми және тәрбиелік мазмұндағы жұмыстарды жүйелеу. «Жаңа-Мектеп» журналында үнемі кеңестік білім мен қоғамды дәріптейтін мақалалар жариялау. 8. Заң актілері негізінде мешіттердің жанындағы мектептерді кеңестік мектеп типінде реформалауға жол бермеу. Олардың жалпы білім беруін және халықты сауаттандыру жұмыстарын тоқтатып, тек діни рәсім орнымен шектеу. 9. Тұрақты немесе уақытша оқытушыларға мұсылмандық діни білім беруге рұқсат етпеу. 10. Мешіттерде діни білім алуды ұйымдастыруды губерниялық әкімшілік бөлімдерден ғана рұқсат сұрауды ұйымдастыру. 11. Мұсылмандық сенім бойынша заңбұзушылықты діни қауымның мүшелеріне емес, діни қызметкерлерге жекелей жауапкершілікті арттыру. 12. Мешіттен тыс жерлерде заңсыз ашылған мұсылмандық мектептердің қызметін тоқтату. НКВД мен ОГПУ-дың басшылығымен ауылдарда тексеріс ұйымдастыру. 13. Қазақ қоғамындағы мұсылмандық діни басқарманың қаржылық жұмысын бақылауға алу, салық салу. Халық арасында молдаларға қаржылық көмек беру және садақа, қоғамдық қорлар қызметін тоқтату. 14. Мұсылмандық діни басқармалар мен ишандардың мүлкін, жерлерін тәркілеу. 15. НКВД-ң және МАК көмегімен қазақ қоғамдағы молдалардың «неке және отбасы» қызметін толық тоқтату. 16. Мұсылмандық діни басқарманың қызметін толық тоқтату мақсатында, олардың өкілдерін қазақ халқының бас қосатын орындардан шектеп. Жәрменкелер, ұлттық мейрамдар, әртүрлі съездер, жиналыстарда кеңестік қоғамды дәріптейтін саяси-ағартушылық жұмыстарды ұйымдастыру. 17. Мұсылмандық діни басқарманың жастар мен әйелдер арасындағы белсенділігі артқандықтан Қазөлкелік және Әйелдер бөлімі құзіретіне бір ай көлемінде нақты кеңестік қоғамды дәріптейтін іс-шараларды ұйымдастыру арқылы жастар мен әйелдер арасында дінге қарсы үгіт-насихатты арттыру қажет. 18. Қазақстандағы исламға қарсы жұмыстарды арттыруда келесі іс-шараларды атқару қажет. Атап айтсақ, 1927-1928 жылдары барлық мектептер, техникумдар, жоғары оқу орнындарында әсіресе педагогикалық бағытта білім алушыларға исламға қарсы үгіт-насихатты айқындайтын бағдарламаларды құру, әдіснамалар мен әдебиеттерді баспадан шығару және қамтамассыз ету мақсаты қойылсын. 19 және 20-шы бағыттары, Қарақалпақ өңіріндегі діни ахуалды зерделеу мен ондағы мұсылмандық қозғалыспен күресудің жолдарына баса назар аударылған [6].

Осылай, 1930 жылдары Қазақстандағы дінге байланысты саяси күрес үдей түсті. Діни қайраткерлер оның ішінде ишандар, хазіреттер, молдалар, сопылар және басқа да дін қызметкерлері (христиан, будда діндарлары т.б.) қудаланды, дауыс беру құқықтарынан айырылды, кеңестерге саяси көзқарасымен қарсылық пікір білдіргендерді «халық жауы» деген қара тізімге іліктіріп көзін жойды, ату жазасына кесілді, ондаған жылдарға еңбекпен түзеу лагерлеріне айдалды. Жалпы жазықсыз жапа шеккен діни қызметкерлерге үнемі кеңестік билік қылмыстық заңының 58, 59-баптарымен айып тағылып жатты.

Комиссиялардың құрылуының жұмысы осы құжаттан көргендей үкіметтің дінге қарсы күресте ең қатыгез әдістерді қолдана бастағанынан байқатады. Әсіресе ОГПУ, НКВД сияқты құқық қорғау органдарын тартудағы іс-әрекеттері. Соның бір мысалы 1928 жылы 4 желтоқсанда Орталық Комитетке «Ақмола губерниясындағы ислам ісі

туралы» «құпия» белгісі бар құжат ұсынылды. Онда ислам діні қызметінің жануы, Ақмола губерниясында бір жылда 6 мешіттің салынуы (1926 ж.), 2 мешіт құрылысының барысы, ауылдардағы тіркелген және тіркелмеген 80 молданың жұмысының соншалықты үреймен айтылуы.

Көненің көзін көрген ақсақалдар Қазан төңкерісіне дейін өлкеде шамамен 240 мешіттің болғанын айтады. Анықталған мұрағат деректерінде XX ғ. 20 жылдарында тіркеуге алынған 204-ке жуық мешіт, 88 православиелік шіркеу, 109 әртүрлі мінәжат үйлері болғандығын айғақтайды[4].

Нұр-Сұлтанда (Астана) 2021 ж. қазан айында өткен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның отырысында осыған байланысты Қазақстанда 1928-1933 жылдар аралығында 198 мешіт пен шіркеу жабылғаны жайлы мәлімет келтірілді. Сонымен бірге 1929 жылға дейін 2 469 ишан тұтқындалып, ауыр еңбекке салынған. Ал 1931-1932 жылдары республикамызда 19 800 дін қызметшісі тұтқындалып, қылмыстық жауапкершілікке тартылыпты. 1940 жылы «Қарлагта» 355 ишан қамауда болып, олармен бірге мешіттердің қатардағы қызметшілері де қуғын-сүргінге ұшыраған.

Қазақстанның православ шіркеуіндегі жағдайы да осылай болды. Астана және Алматы епархиясының әулиелерді канонизациялау жөніндегі комиссиясының төрағасы, Алматы теология семинариясының оқытушысы Яков Воронцовтың мәліметінше, бүгінгі таңда Қазақстан мен Орталық Азия аумағында осы сенімнің қуғын-сүргінге ұшыраған 5 379 қызметшісі анықталған. Олардың 4 000-нан астамы Қазақстан аумағында тұрған. Олардың 2 000-ының есімі сайтта көрсетілген. Бұл тізімдер іздеу жұмыстарының жалғасуына байланысты үнемі жаңартылуда [7].

Ең бір мән беретін жәйт сол кездерде қылмыстық істерді көтергенде бір іс бойынша бірнеше азаматты соттау тәжірибесі кеңінен қолданылғаны белгілі. Мәселен, Ақмола қаласында 1937 жылы 15-21 маусым аралығында Қорғаныс үйінде өткен ҚКСР Әскери шекаралық трибуналының тұрақты сессиясы мен Ішкі Күзет отырысының жабық сотында 25 адамның үстінен іс көтеріліп, контрреволюциялық идеялары үшін 16-сы сотталған. Соның ішінде Ақмола облысының имамы Темірғали Мирвалиев бастаған алты адам атылған, қалғандары әр түрлі мерзімге түрмеге жабылған. Сондай-ақ ойдан шығарылған істер бойынша шетелік діни ағымға қатысы бар контрреволюциялық қызметі үшін «Қарлагта» жазасын өтеген **Сергей Зверев** бастаған тоғыз православ діни қызметкерлері істі болып, барлығы да соңынан атылғандығы [7].

Енді осы жерде 1937 жылы 2 ақпандағы Ақмола қаласының аудандық ІІХК (НКВД) Мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінің мұсылман дінбасылары мен таптық жау элементтерін (оның ішінде *ишан, молдалар* бар) №11224 тергеу ісі бойынша 16 адамның үстінен іс қозғалғаны және сот шешімі туралы айта кетейік. Бұл іс бүгінде Астана қаласының Мемлекеттік архивінде сақталған[8].

Осы №11224 тергеу ісі бойынша өңірдің мұсылман дінбасылары мен «таптық жау элементтерінің» қалдықтары Ортаазиялық және Ресей мұсылмандарының орталық діни басқармасы басшылығымен *(ЦДУМ Центральное Духовное Управление Мусульман)* Қазақстанда ұлтшыл контрреволюциялық ұйым құрғаны баяндалады. Ұйымның мақсаты Кеңес өкіметін құлатып, өз алдына барлық түркі халқын біріктіретін тәуелсіз ұлттық буржуазиялық-демократиялық мемлекет құру. Тағы да ойдан шығарылған айыптар, қайдағы бір ұлтшыл контрреволюциялық ұйымдар, шет мемлекеттің қолдауымен тәуелсіз ұлттық мемлекет құру мәселесі. Ол үшін Ортаазиялық және Ресей мұсылмандарының орталық діни басқармасы мүшелерімен келіссөздер жүргізу, атап айтқанда Тарджыманов пен Мағқұлов (Уфа өкілдері) т.б. шет мемлекетте тұратын ұлтшыл эмигранттар арқылы барлау органдарымен болған тыңшылық жұмыстар тергеу ісінің негізі болған.

1936 жылға дейін орталығы Ақмола қаласы болған ұлтшыл контрреволюциялық ұйым өзінің жетекшісі, молда Мірәлиев арқылы Орталық мұсылмандар діни басқармасының мүшелері Тарджыманов пен Мағқұловпен тығыз байланыста болған. Орталық Мұсылман Діни Басқармасы мүшелерінің нұсқауымен өз өңірінде, яғни Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында мұсылман дін қызметкерлерін біріктірген. Тарджыманов

пен Мағқұловтың нұсқауымен Мірәлиев сыбайластары арқылы Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының экономикалық және саяси жағдайы туралы тыңшылық мәліметтер жинап, оны Тарджымановқа жеткізіп отырған. Сонымен бірге Мірәлиев өзі басқарған контрреволюциялық ұлтшыл ұйымға қатысушыларды колхоздарда заңсыз мешіттер салғызуға, антисоветтік үгіт жүргізуге, түркі-татар мемлекетін құру идеясын насихаттауға, жұмысшылар мен колхозшылар арасында кеңеске қарсы өлеңдер мен ұрандар таратуға, колхоздарды ыдыратып, көші-қон саясатын реттеуге, шаруашылық жоспарларын бұзу жұмыстарына үнемі араласып отырғаны баяндалады.

Аталған жоғарыда аталған антисоветтік әрекеттерді жүзеге асыру үшін Мірәлиев 25 адамнан тұратын топты таңдап алып, оның құрамына осы іс бойынша айыпталып отырған мына адамдарды тартқан. Олар: *Өтеуов, Измайлов, Аманов, Ғайнитдинов, Тұрысбеков, Жармағамбетов, Хасенов, Балтабаев, Үдербаев, Айтқұлов, Рахымқұлов, Сүлейменов, Ахметов, Тоқымов, Қазамбаев, Жүзбаев, Утеуов, Жүсіпов. Шөптібаев, Таубеков* пен *Әлжанов* (соңғысы тергеу барысында қайтыс болған) т.б. [8, 7 п.]. Осы тізім бойынша 25-іне нақты іс ашылып, сотталды. *(Төмендегі тізімде алғашқы 16-сы жайлы кеңірек ақпараттар берілген, қалғандарына дәл сондай мәліметтер жоқ – авторлар)*. Сот шешімі бойынша 25 адамның алтауына ең ауыр жаза - ату жазасы берілген. Олар: Миралиев Темірғали, Өтеуов Қартай, Измайлов Абдрахим, Жармағамбетов Саябек, Өдербаев Ысқақ, Рахимқұлов Ғалияутдин [8, 8-9 пп.]. *Олар Қылмыстық кодекстің 58 бабының 10 және 2 бөлігі* бойынша айыпты болып саналып, өлім жазасына кесілді. Бұл баптың мазмұнына тоқталсақ олар арнайы қорғалатын «аса құпия» болып табылатын мәліметтерді шетелдік мемлекеттерге, контрреволюциялық ұйымдарға немесе жеке тұлғаларға беру мақсатында жинау және ұрлау арқылы шпиондық жұмыс жүргізді деген айып еді. Қалған 12-сі де осы Қылмыстық кодекстің 58 бабының бөлімдері бойынша әр-түрлі жылдарға сотталып кете барды. Мал-мүліктері тәркіленді, жақын туыстары қуғынға ұшырады [8, 7 п.].

Жалпы тергеу ісінде контрреволюциялық жұмысты ауқымды жүргізу үшін Мірәлиев жоғарыда аталған топтың адамдарын жекелеген елді-мекендер мен колхоздарға бөлгені айтылады. Мысалы: Мірәлиев, Измайлов, Ғайнитдинов және Тұрысбеков Ақмолада; Үдербаев Ақмола станциясында; Жармағамбетов, Өтеуов Қарағанды қаласында; Жүзбаев және Ахметов «Политотдел» атындағы колхозда; Балтабаев «Жаңа-Ауыл» атындағы колхозда; Рахымқұлов «Қызыл ту» колхозында; Тоқымов «Нариман» атындағы колхозда; Жүсіпов «Октябрь» атындағы колхозда; Таубеков «Тайтөбе» атындағы колхозда, Айтқұлов «Еңбекші» колхозында [8, 7 п.]. үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгендері жазылған. Аталған елді-мекендерде, колхоздар мен ауылдар төңірегінде айыпталушылар 1933 жылдан бастап жоспарлы түрде заңсыз мешіттерде колхозшылар мен қазақ жұмысшыларын жинап, колхоздарды ыдыратуға, оларды жоюға бағытталған антисоветтік іс-әрекеттер жүргізген және Кеңес Одағының экономикалық қуатын әлсіретуге бағытталған жұмыстар жасағаны жөнінде ойдан шығарған фактілер берілген.

Сотталушылар Мірәлиев, Өтеуов, Измайлов және Тұрысбеков Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстары аумағында әрекет ететін ұлтшыл контрреволюциялық топтың барлық контрреволюциялық әрекеттерінің тікелей ұйымдастырушылары және жетекшілері болып табылды. Олардың бастамасымен және тікелей қатысуымен 1934 жылы 19 мамырда Ақмола мұсылмандары діни басқармаларының бір топ байлары заңсыз жиналыс өткізу үшін қаладан шығып, онда ұйымдастырушылар контрреволюциялық баяндамалар жасағаны айтылады [8, 8 п.]. Көріп тұрғанымыздай тергеу ісінде осындай «фактілер» жеткілікті, тіпті 1933-1937 жылдар арасындағы осы контрреволюциялық жұмысты жүргізушілердің жылдап, айлап немесе белгілі бір күндерде жүргізген іс-әрекеттері өте «сенімді» *дәлелдермен* көсетіліп жазылған. Істі қарап отырсақ діни қайраткерлердің тек діни құндылықтарды қорғағаны үшін ғана емес, кеңес үкіметіне қарсы астыртын үгіт-насихат жүргізгендері үшін деген желеумен олардың кейбірі Сібір, Қазақстандағы лагерлерге айдалып, абақтыға жабылса, көпшілігі имандылығы мен сеніміне берік болғандығы үшін өкінішке орай атылып кетті.

Сөйтіп, 1920 жылдардың басында басталған Кеңес өкіметінің дін басшыларына қарсы шабуылы 30 жылдары бүкіл жерлерде физикалық түрде оларды жоюға немесе түрмелерге топтап тоғытқан заманға әкелді. Шындап келгенде ол кезеңдегі діни қайраткерлердің көпшілігі жергілікті халықтың жанашырлары еді. Сол діни қайраткерлердің көпшілігі ислам құндылықтарын дамытып, елдің діни идеологиялық қызметіне белгілі бір дәрежеде үлес қосқан адамдар болатын. Олар халық арасында қарапайым түсінікті тілмен, күнделікті тұрмыс-тіршілікте ұлттық құндылықтармен астасқан исламның хақ дін екенін, әр адамның жүрегіне жеткізіп, үлкен идеологиялық қызметтер атқарды. Өздеріне сенім артқан халық көмегімен мешіт ашып, балалардың сауатын ашумен айналысты. Асыраушысы жоқ панасыз қалған жетім-жесірді жинап, мешітке түскен қаржыны соларға бөліп беріп отырды. Тіпті, кейде сол кезеңдегі архив құжаттарынан олардың елге арпа, бидай, тары т.б. дәнді-дақылдар еккізіп, ауыл шаруашылығына үлкен көңіл бөліп, халықты кәсіпке баулығаны туралы да деректер кездеседі. Олар кеңестік билік тұсындағы қазақ халқының терең өзгерістерге түсу себептеріне, оның әлеуметтік, саяси, идеологиялық және экономикалық «жетістіктерге» жетуіне басты қадам жасаған саяси, идеологиялық әрекеттеріне сын көзбен қарады. Өйткені олар ел басына төнген қайғы-қасіретті көзімен көріп, үнсіз, қимылсыз отыруды өздерінің бойына мін санады. Сол үшін атылды, қуғынға ұшырады, түрмеге қамалды

Осы жерде біз 1937 жылы 2 ақпандағы Ақмола қаласының аудандық IIXK (НКВД) мемлекеттік қауіпсіздік бөлімінің мұсылман бір топ дінбасылары мен таптық жау элементтерін (оның ішінде ишан, молдалар бар) №11224 тергеу ісі бойынша 16 адамның, сонымен бірге басқа істер бойынша сотталған діни қайраткерлердің тізімін беріп отырмыз. Бұл құжаттар жоғарыда жазғанымыздай бүгінде Астана қаласының Мемлекеттік архивінде сақталған [8]. Құжаттардың түпнұсқасы орысша болғандықтан сол күйінде, аздаған авторлық өзгерістермен беріледі. Олар:

1. Мирвалиев Темиргали Мирвалиевич. Год рождения: 1869 года, происходящего из гр-н деревни Старый Курмаш, Топорнинского района, Башкирского АССР. 1931 г. осужден по ст. 58-10 УК РСФСР Тройкой ПП ОГПУ к высылке на 5 лет, наказание отбыл. Обвиняется в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-6 ч. 2, 58-10 ч. 2 и 53-11 УК РСФСР. 1 раз судимый 1931 г.; 2 раз 1937 г. Образование – общее среднее, духовное высшее, беспартийный, женатый, по социальному положению **служитель религиозного культа (Мухтасиб)**;

2. Утеуов Картай. Год рождения: 1878 года, происходящего из баев аула № 10, Акмолинского района Карагандинской области, КазССР. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-6 ч. 2, 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. 1937 г. грамотный, образованный – общее среднее, духовное высшее, беспартийный. Не судимый, женат, по социальному положению – **служитель религиозного культа (мулла)**.

3. Измайлов Абдрахим Аюпович. Год рождения: 1868 года, происходящего из семьи служителя религиозного культа г. Акмолинска Карагандинской области, КазССР. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-6 ч. 2, 58-10 ч, 2 и 58-11 УК РСФСР. 1937 г. грамотный, образованный – общее среднее, духовное среднее, беспартийный. Ранее не судимый, женатый, по социальному положению – **служитель религиозного культа (мулла)**.

4. Туруспеков Сакен. Год рождения: 1874 года, происходящего на баев г. Акмолинска Карагандинской области, КазССР. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. Мера наказания: семь лет лишения свободы. *На какой срок лишен избирательных прав:* на ПЯТЬ лет. *Наименование суда, вынесшего приговор:* Постоянная Сессия Военного Трибунала КССР. 1937 г. Грамотный, беспартийный, не судимый, женатый, по социальному положению без определенных занятий, т.к. хотя формально и числился членом колхоза, однако в колхозе не работал. Год, месяц, число вынесения приговора: 21 Июня 1937 года. Год, месяц, число вступления приговора в законную силу: 17 Августа 1937 года.

5. Гайнитдинов Шайхитдин. Год рождения: 1858 года, происходящего на крестьян деревни Жульбет Маматышского района, Татарский АССР. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. Мера наказания: три года л/свободы. На какой срок лишен избирательных прав: ТРИ года. Наименование суда, вынесшего приговор: Постоянная Сессия Военного Трибунала КССР. 1937 г. Неграмотный, беспартийный, не судимый, вдовец, по социальному положению без определенных занятий (**мутаваллей мечети**). Год, месяц, число вынесения приговора: 21 Июня 1937 года. Год, месяц, число вступления приговора в законную силу: 17 Августа 1937 года.

6. Рахимгулов Галяутдин. Год рождения: 1875 года, происходящего из семьи служителя религиозного культа аула Нугербек Сталинского района Северо-Казахстанской области, КазССР. Осужден народным судом Кургальджинского района по ст. 61 УК к 5 годам высылки. Обвиняется в преступлениях, предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. 1 раз судимый 1929 г.; 2 раз 1937 г. Грамотный, беспартийный, образование духовное высшее. Женатый, по социальному положению служитель религиозного культа **(мулла)**.

7. Ахметов Искак. Год рождения: 1881 года, происходящего из крестьян бедняков аула № 2 Жана-Аркинского района Карагандаской области, КазССР. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. Мера наказания: пять лет л./свободы. На какой срок лишен избирательных прав: ТРИ года. Наименование суда, вынесшего приговор: Постоянная Сессия Военного Трибунала КССР. 1937 г. Грамотный, беспартийный, не судимый, женатый, по социальному положению служитель религиозного культа **(мулла)**. Год, месяц, число вынесения приговора: 21 Июня 1937 года. Год, месяц, число вступления приговора в законную силу: 17 Августа 1937 года.

8. Удербаев Искак. Год рождения: 1878 года, происходящего из баев аула №4 Акмолинского района Карагандинской области, КазССР. Осужден народным судам г. Акмолинска по ст. 61 УК к 5 годам высылки. Обвиняется в преступлениях, предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. Мера наказания: 10 лет тюремного заключения. Кем и когда арестован: 29.07.1936 г. Акмолинский РО НКВД. **Кем и когда осужден:** Военный Трибунал Пограничной и внутренней охраны НКВД Каз.ССР, 21.07.1937 г. Статья 58-10 УК РСФСР к ВМН. Дата и орган реабилитации: 28.02.1963 г. Военная Коллегия Верховного Суда СССР. Причина прекращения дела: за отсутствием состава преступления. 1 раз судимый 1931 г.; 2 раз 1936 г. грамотный, беспартийный, образование общее и духовное среднее. Женатый, по социальному положению служитель религиозного культа **(мулла)**. На какой срок лишен избирательных прав: на 5 лет. Наименование суда, вынесшего приговор: Постоянная Сессия Военного Трибунала КССР. Номер дела суда, вынесшего приговор: №70. Год, месяц, число вынесения приговора: 21-го Июня 1937 года. Год, месяц, число вступления приговора в законную силу: 17-го Августа 1937 года.

9. Айткулов Имам. Год рождения: 1886 года, происходящего из крестьян скотоводов Коскопичского аулсовета Акмолинского района Карагандинской области, КазССР. Постоянное местожительство: г. Акмолинск. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. Мера наказания: восемь лет л/свободы. На какой срок лишен избирательных прав: на пять лет. Наименование суда, вынесшего приговор: Постоянная Сессия Военного Трибунала КССР. 1937 г. Грамотный, беспартийный, образование общее и духовное среднее, не судимый, женатый, по социальному положению служащий **(в прошлом мулла)**. Год, месяц, число вынесения приговора: 21 Июня 1937 года. Год, месяц, число вступления приговора в законную силу: 17 Августа 1937 года.

10. Джусупов Абдыхалык. Год рождения: 1886 года, происходящего из баев аула № 1 Акмолинского района Карагандинской области, КазССР. Судимый в 1930 году Народным судом г. Акмолинска по ст. 61 УК на 4 года высылки. 1937 г. осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 РСФСР. 1 раз судимый 1930 г.; 2 раз 1937 г. Грамотный, беспартийный, вдов, по социальному положению служитель религиозного культа **(мулла)**.

11. Джузбаев Дюсенбай. Год рождения: 1882 года, происходящего из крестьян-скотоводов в аула № 6 Акмолинского района Карагандинской области, КазССР. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. 1937 г. грамотный, беспартийный, не судимый, женат, по социальному положению колхозник **(в прошлом мулла)**.

12. Жармагамбетов Саябек. Год рождения: 1879 года, происходящего из баев аула №5 Тельмановского района Карагандинской области, КазССР. Судимый в 1930 году ПП ОГПУ по ст. 58-10 УК к лишению свободы на 5 лет, наказание отбыл. 1937 г. осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. 1 раз судимый 1930 г.; 2 раз 1937 г. Грамотный, беспартийный, грамотный, образование общее и духовное среднее, женатый, по социальному положению служитель религиозного культа **(мулла)**.

13. Балтабаев Капу. Год рождения: 1868 года, происходящего на баев аула «Узун-Куль» Акмолинского района Карагандинской области, КазССР. Судимый в 1931 году Народным судом по ст. 61 УК. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. 1 раз судимый 1931 г.; 2 раз 1937 г. Грамотный, беспартийный, образование общее и духовное среднее, женат, по социальному положению служитель религиозного культа **(мулла)**.

14. Таубеков Сатмагамбет (Сатен). Год рождения: 1872 года, происходящего из баев аула №10 Акмолинского района Карагандинской области, КазССР. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. 1937 г. Неграмотный, беспартийный, не судимый, но привлекавшегося к ответственности за участие в родовой группировке «Алаш-Ординца» Макина, женатый, по социальному положению – колхозник.

15. Токумов Салык. Год рождения: 1879 года, происходящего на крестьян средняков, аула №6 Акмолинского района Карагандинской области, КазССР. Осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. 1937 г. Грамотный, беспартийный, не судимый, женатый, по социальному положению служитель религиозного культа **(мулла)**.

16. Бельгибаев Пушук. Год рождения: 1871 года, происходящего из баев аула № 10 Акмолиского района Карагандинской области, КазССР. Судимый в 1926 году за участие в **байской группировке** в перевыборной компании Советов, **вторично** осужден Народным судом в 1930 году по ст. 61 УК к 3 годам высылки. 1937 г. осужден в преступлениях предусмотренных ст. ст. 58-10 ч. 2 и 58-11 УК РСФСР. 1 раз судимый 1926 г.; 2 раз 1930 г.; 3 раз 1937 г. Малограмотный, беспартийный, женатый, по социальному положению колхозник.

17. Әділбаев Ахмет. Туған жылы, т.б. мәліметтер жоқ. Белгісіз. Ақмоладан. - Мәдинадағы «Ишфха» медресесін, Мысыр (Кайр) «Джамие Агхари» **жоғары медресесін XIX ғасыр соңында бітірген.**

18. Исабаев Маден. 1877 г.р., казах. Место рождения: Акмолинская обл., Сталинский район, аул № 6. Кем и когда арестован: 02.08.1937 г., Сталинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Тройкой УНКВД по СКО, 19.09.1937 г. Статья – 58-10, 58-11 УК РСФСР к ВМН. Дата и орган реабилитации: 05.08.1959 г. Акмолинский областной суд. Причина прекращения дела – за отсутствием состава преступления. 1937 г. Образование – начальное. До ареста проживал: Акмолинская обл., Кзыл ту колхоз. Должность – **мулла**.

19. Нетесов Григорий Васильевич. 1884 г.р., русский. Место рождения: Кокчетавский уезд, Щучинская волость, Дмитриевка с. Кем и когда арестован: 15.03.1928 г., Акмолинский губернский отдел ОГПУ. Кем и когда осужден: ОС при Коллегии ОГПУ, 29.07.1928 г. Статья: 58-10 УК РСФСР к ссылке, высылке сроком на три года. Дата и орган реабилитации: 19.09. 1989 г., Прокуратура Кокшетауской области. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 года. 1928 г. Образование – начальное. До ареста проживал: Акмолинская обл., Щучинский район, Дмитриевка с. Должность: **священник,** с. Дмитриевка.

20. Никонов Деомид Егорович. 1869 г.р. Образование – начальное. До ареста проживал: Акмолинская обл. (Целиноградская), Алексеевка с. Кем и когда арестован: 15.11.1929 г., Акмолинский отдел ОГПУ. Кем и когда осужден: Тройка при ПП ОГПУ,

30.01.1930 г. Статья: 58-10 УК РСФСР к ссылке, высылке сроком на три года. Дата и орган реабилитации: 19.09. 1989 г., Прокуратура Каз.ССР. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 года. 1929 г. Должность: Председатель **церковного** совета.

21. Приходченко Лука Семенович. 1880 г.р., белорус. Место рождения: Могилеская губерния, Гомельский уезд. Образование – начальное. Кем и когда арестован: 03.11.1930 г., Петропавловский окр. отдел ОГПУ. Кем и когда осужден: Тройка при ПП ОГПУ г. Петропавловска, 06.12.1930 г. Статья: 58-10 УК РСФСР к лишению свободы в ИТЛ на 5 лет. Дата и орган реабилитации: 05.09.1998 г., Генеральная Прокуратура РК. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 г. 1930 г. до ареста проживал: Акмолинская обл., Балкашинский район, с. Ново-Саратовка. Должность: **священник**.

22. Сулейменов Пазыл. 1888 г.р., казах. Место рождения: Карагандинская обл., Акмолинский район, Коскопинский с-с. Образование – среднее. Кем и когда арестован: 15.11.1936 г. Акмолинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Карагандинский областной суд, 30.05.1937 г. Статья 58-10 УК РСФСР к лишению свободы в ИТЛ на 8 лет. Дата и орган реабилитации: 08.07.1998 г. Генеральная Прокуратура РК. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 г. 1936 г. до ареста проживал: Акмолинская обл., колхоз Кызыл ту. Должность – **мулла**.

23. Токсамбаев Жармагамбет. 1860 г.р., казах. Место рождения: Карагандинская область, Кургальджинский район, 9 аул. Кем и когда арестован: 07.04.1936 г. Акмолинский РО НКВД. Кем и когда осужден: Карагандинский областной суд, 01.07.1937 г. Статья 58-10 УК РСФСР к лишению свободы в ИТЛ на 10 лет. Дата и орган реабилитации: 09.07.1998 г. Генеральная Прокуратура РК. Причина прекращения дела: Закон РК от 14 апреля 1993 г. До ареста проживал: Казахстан, с. Коскопа. Должность: **мулла**.

24. Усачев Петр Павлович. 1892 г.р., русский. Место рождения: Петропавловский округ, Балкашинское с. Образование – начальное. Кем и когда арестован: 16.08.1929 г., Петропавловский окротдел ОГПУ. Кем и когда осужден: ОС при Коллегии ОГПУ, 29.01.1930 г. Статья 58-10 УК РСФСР к лишению свободы в концлагере сроком на три года. Дата и орган реабилитации: 19.09.1989 г. Кокчетавская областная прокуратура. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 года. 1929 г. до ареста проживал: Акмолинская обл., Балкашинское с. Должность: **поп**.

25. Утеулин Абуталип. 1855 г.р., казах. Место рождения: Северо-Казахстанская обл., Энбекшильдерский район, 11 аул. Образование – начальное. Кем и когда арестован: 16.10.1930 г., Петропавловский округ ОГПУ. Кем и когда осужден: Заседание Тройки при ПП ОГПУ в Казахстане, 06.12.1930 г. Статья 58-10 УК РСФСР к лишению свободы в ИТЛ на 5 лет. Дата и орган реабилитации: 31.05.1989 г., Прокуратура Кокшетауской области. Причина прекращения дела: Указ ПВС СССР от 16 января 1989 года. 1930 г. до ареста проживал: Акмолинская обл. (Целиноградская), Энбекшильдерский район, 11 аул. Должность: **имам**.

Көріп отырғанымыздай істі болып, 58 бап бойынша сотталған тізімдегі адамдар толықтай діни қайраткерлер екенін байқаймыз. Кейбіреулері тіпті екі немесе үш рет істі болғандар. Барлығы да сол кездегі сауатты, көзі ашық, ел тізгінін ұстаған бай-қуатты азаматтар. Халық алдындағы адал қызметі және саяси көзқарастары үшін олар тыныштық таба алмай, құрығы ұзын кеңес өкіметі қолынан мерт болды.

Қорытынды

Қорытындылай келе айтарымыз, өткен ғасырдың 1920-1930 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін еліміздің тарихындағы жазылмаған, жазылуы қиын жара болып қала бермек. Сол кезеңдегі сот істерінің құпиялылығы, уақыт өте келе құжаттардың әдейі жойылуы немесе жасырылуы, өкінішке қарай, тарихи шындықтың толық ашылуына кедергі келтіріп, тарихымызда көптеген «ақтаңдақтардың» қалыптасуына себеп болды. Бүгінде сол қара-түнек заманда жазықсыз қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтардың барлығы толық ақталды деп айту қиын. Әрине, біз өткен уақытты өзгерте алмаймыз және саяси қуғын-сүргін қасіретін бастан өткерген адамдардың тағдырын қайта қалпына келтіре алмаймыз. Алайда келешек ұрпақ алдындағы басты парызымыз – жазықсыз жапа шеккен азаматтардың тарихи бейнесін сақтап, олардың тағдырын жан-жақты зерттеу, тарихи

әділеттілікті қалпына келтіру және толық ақталуына ықпал ету. Сондықтан саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу, мұрағаттық құжаттарды іздестіру, бұрын белгісіз болып келген деректерді ғылыми айналымға енгізу және жазықсыз жазаға ұшыраған азаматтардың есімдерін жаңғырту жұмыстары әлі де жалғасын табуы тиіс. Бұл – өткен тарих алдындағы ғана емес, келешек ұрпақ алдындағы да маңызды тарихи және азаматтық міндет.

Пайдаланған деректер мен әдебиеттер:

1. Холявченко Д.С., Ушакова С.Н. Очерки истории идеологической деятельности КПСС: В 2 кн. - М., 1985-1986. -416 с.

2. Мусагулова А.Б. Борьба Советской власти против религии и ее отрицательные последствия в национальном самосознании / А.Б. Мусагулова. - [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https: // pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow2/21755/84/2/4/0//.

3. Преодолевая религиозное влияние ислама (сборник документов и материалов) -Алма-Ата: «Казахстан», 1990. - 24-25 с.

4. Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архиві (РМӘСТА) 17 қ. 13 т. 315 іс, 19-23 пп. / (Российский государственный архив социально-политической истории (РГАСПИ). - Ф. 17. - Т. 13.- Д. 315. - Л. 19-23 с./

5. Сайынов Д. Кеңес үкіметінің дінге қарсы саясаты және діни тұлғалардың қудалануы [Электрондық ресурс] /Д. Сайынов. – Қолжетімділік тәртібі: https://alash24.kz/news/14201 22.09.2021.

6. ҚР ОМА. -81 қ, -4 т. -3 іс. -277-284 пп.

7. Тарихи сананы жоюдың ерекше тәсілдері қолданылған. https://egemen.kz/article/292935-tarikhi-sanany-dgoyudynh-erekshe-tasilderi-qoldanylghan 15 Қазан, 2021. Нұр-Сұлтанда 2021 ж. қазан айында өткен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның қызметін сүйемелдеу жөніндегі жобалық кеңсе Түркістан облысының әкімдігімен бірлесіп, «Дәстүрлі дін өкілдері – саяси қуғын-сүргін құрбандары бойынша материалдар жинау тәжірибесімен алмасу туралы» тақырыбында республикалық семинар материалынан.

8. Астана қаласының Мемлекеттік архиві (АҚМА). -65-қ. -1-т. 5381-іс.

МРНТИ 21.21.31

Канат УСКЕМБАЕВ
кандидат исторических наук, профессор
Высшей школы искусства и гуманитарных наук
Астанинского международного университета Астана
k.uskembayev@gmail.com

Самат ЕСКАЛИЕВ
кандидат исторических наук, профессор
Евразийского гуманитарного института имени А. Кусаинова
Samat.Eskaliev@mail.ru

АНТИРЕЛИГИОЗНАЯ КАМПАНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В 1920–1930-Е ГОДЫ: ОПЫТ КАЗАХСТАНА

Аннотация. *В статье освещаются установки и политика советской власти в отношении религии и религиозных деятелей в 1920–1930-е годы. Раскрываются специальные мероприятия, проводившиеся в условиях тоталитарного общества с целью превращения населения в «безбожное», а также репрессии против религиозных деятелей и возбужденные в отношении них уголовные дела.*

Ключевые слова: *казахские религиозные деятели, исламские ценности, репрессии, уголовные дела, государственная политика, историческая память.*

IRSTI 21.21.31

Kanat USKEMBAYEV
Candidate of Historical Sciences, Professor
Higher School of Arts and Humanities
Astana International University Astana
k.uskembayev@gmail.com

Samat YESKALIYEV
Candidate of Historical Sciences, Professor
A. Kussainov Eurasian Humanities Institute
Samat.Eskaliev@mail.ru

THE ANTI-RELIGIOUS CAMPAIGN OF THE SOVIET GOVERNMENT IN THE 1920S–1930S: THE EXPERIENCE OF KAZAKHSTAN

Abstract. *The article examines the attitudes and policies of the Soviet government towards religion and religious figures in the 1920s–1930s. It discusses special measures undertaken under the totalitarian regime to transform the population into a «godless» society, as well as the persecution of religious figures and the criminal cases initiated against them.*

Keywords: *Kazakh religious figures, Islamic values, repression, criminal cases, state policy, historical memory.*

Paydalangan derekter men adebietter:

1. Xolyavchenko D.S., Ushakova S.N. Ocherki istorii ideologicheskoy deyatelnosti KPSS: V 2 kn. – M., 1985–1986. – 416 s.

2. Musagulova A.B. Borba Sovetskoy vlasti protiv religii i ee otritsatelnye posledstviya v natsionalnom samosoznanii / A.B. Musagulova. – [Elektronnyy resurs]. – Rezhim dostupa: https://pps.kaznu.kz/2/Main/FileShow2/21755/84/2/4/0// .

3. Preodolevaya religioznoe vliyanie islama (sbornik dokumentov i materialov). – Alma-Ata: «Kazakhstan», 1990. – 24–25 s.

4. Rossiyskiy gosudarstvennyy arkhiv sotsialno-politicheskoy istorii (RGASPI). – F. 17. – T. 13. – D. 315. – L. 19–23.

5. Sayynov D. Kenes ukimetinin dinge karsy sayasaty zhane dini tulgalardyn kudalanuy [Elektrondyk resurs] / D. Sayynov. – Koldetimdik tartibi: https://alash24.kz/news/14201 . 22.09.2021.

6. Kazakhstan Respublikasynyn Ortalyk Memlekettik Arkhivy (KR OMA). – K. 81. – T. 4. – Is 3. – Pp. 277–284.

7. Tarihi sanany zhoiydyn erekshe tasilderi koldanylgan. https://egemen.kz/article/292935-tarikhi-sanany-dgoyudynh-erekshe-tasilderi-qoldanylghan . 15.10.2021. Nur-Sultanda 2021 zh. kazan ayynda otken Sayasi kugyn-surgin kurbandaryn tolyk aktau zhonindegi Memlekettik komissiyanyn kyzmetin suiemeldeu zhonindegi zhobalyk ken se Turkistan oblysynyn akimdigi men birlesip, «Dasturli din okilderi – sayasi kugyn-surgin kurbandary boiynsha materialdar zhynau tazhiribesimen almasu turaly» takyrybynda respublikalyk seminar materialynan.

8. Astana kalasynyn Memlekettik arkhivy (AKMA). – K. 65. – T. 1. – Is 5381.

ХҒТАР 16.01

Жақсыбек ҚАҚАН

Астана қаласы мемлекеттік архивінің
Ғылыми зерттеу бөлімінің бөлім басшысы

АҚМОЛА ӨҢІРІ: 1929 ЖЫЛҒЫ АРАБШАДАН ЛАТЫНШАҒА КӨШУ НАУҚАНЫ

Аннотация. *Мақалада 1920-жылдардың соңындағы Ақмола өңірінде жаңа әліпбиге көшу науқанының жүргізілу барысы Астана қаласының Мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар негізінде қарастырылады. Зерттеу барысында араб графикасына негізделген қазақ жазуынан латын әліпбиіне көшу үдерісінің қоғамдық-мәдени және ұйымдастырушылық қырлары талданады. Архив қорларындағы баяндамалар, мәжілісхаттар, қаулылар мен оқу орындарына қатысты құжаттар арқылы жаңа әліпбиді насихаттау, үйірмелер мен курстар ашу, мектептерде оқыту және жергілікті ұйымдардың атқарған қызметі сипатталады. Мақалада әліпби реформасының сол кезеңдегі саяси-идеологиялық ахуалмен байланысы, араб жазуын жақтаушылар мен латын әліпбиін қолдаушылар арасындағы пікірталастар, сондай-ақ реформаны жүзеге асыру барысында туындаған практикалық қиындықтар қарастырылады. Зерттеу архив құжаттарының аймақтық тіл тарихын, жазба мәдениетін және кеңестік кезеңдегі тіл саясатын зерделеудегі маңызын айқындайды.*

Кілт сөздер: *әліпби реформасы, Ақмола өңірі, латын әліпбиі, араб графикасы, архив құжаттары, тіл саясаты, жазба мәдениет, Астана қаласының Мемлекеттік архиві.*

Әлемде қанша халық бар, сонша тіл бар десек, жазу бұйырған, әріп жасаған халықтар саны санаулы ғана. Солардың арасында бірде түрік, бірде қазақ аталған халқымыз әлденеше әріпті хат-хабар, байланыс құралы етіпті. Алғашқы мыңжылдықта руна жазуы мен соғдылар жазуын пайдаланса, кейінгі мыңжылдықта толықтай араб графикасы негізіндегі Шағатай жазу үлгісіне көшіпті. Екінші мыңжылдықта қазақ осы арабшамен хат алмасты, жарлық, сәлемдер жеткізді дегендей. Қалай болса да өз әлінше тілін таңбалайтын харіп тауып, пайдаланып келген. Адамның миы мен жақ артикуляциялық құрылысы тікелей таңбалаған жазудың ыңғайына қарай бейімделетінін тіл ғылымы онша мақұлдай бермесе де, әріптің неше атасын ауыстырған біздің халықтың тілдік өмірі жақсы түсіндірсе керек.

20 ғасырдың басы, Кеңес үкіметі орнығып, ел қағазбастылыққа үйрене бастаған шақтағы құжаттық материалдарға сәп-сала кетсеңіз, 1924 жылға дейінгі материалдар дерлік қадымша жазылғанын байқайсыз. (Қадымша шағатайша мен Байтұрсынұлының төтешесі арасындағы жазу үлгісі). Ел 1924 жылы төтешеге көшіп, әрең дегенде қазақ өзінің тілдік нормасына сай, жазып-сызып рахаттана бастағанда 1929 жылы Кеңестік үкіметтің бұратана халықтар әліпбиін өзгерту науқанын бастап кеп жіберді. Ал, қазақ түгіл күллі түркі әліпбиінің атасы Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылғы Бакудегі Бірінші Бүкілодақтық түркітану съезінде төтеше жазу туралы былай дейді: «Фонетикалық жазуды біз, қазақтар, бірнеше жылдан бері іс жүзінде қолданып келеміз және нәтижесі өте жақсы болып отыр. Біздің әліпбиімізбен бір жыл оқығандар орыс мектебінің төртжылдығын бітіргендермен бірдей дәрежеде сауатты жазады. Ал төрт жыл оқығандар орыс мектебінің тоғызжылдығын

бітіргендермен бірдей дәрежеде сауатты жазады», [1] – деп дәйек келтіреді. Бірақ, бұл дәйекті сол кездегі саяси ауқым қабылдағысы келмеді, әрі жаппай фанислам науқаны астында арабшылдықты шектеу желеуімен енді сауатын ашқан халықты қайтара сауатсыздыққа ұрындыру есебі жатқандай көрінді.


Әлқисса, 1920-жылдардың екінші жартысында Қазақстанның қоғамдық-мәдени өмірінде үлкен өзгерістер жүріп жатты. Қазақ қоғамында 1928 жылы ірі-ұсақ байлардың бар мүлкі тартып алынса, 1929 жылы оңнан солға қарай жазылатын, ретке түскен жазуы кәмпескеге ұшырайды.

Осы жерден біз қолда бар деректерді ақтарып, Астана қаласы мемлекеттік архивінің 98, 241 және 244-қорларында сақталған құжаттарды сөйлетіп, науқанның қалай жүрілгенін, сол кездегі Ақмола өңіріндегі тіл күресінің жүрілу сипатына аз-кем тоқтала кетуді жөн санадық.

Архив құжаттарынан жаңа әліпбиге көшу мәселесін «мәдени-ағарту» мақсатында жүріліп отырғанын алға тарта үгіт-насихат жүргізеді.

Мәселен, архивте сақталған Қ.241. Тіз.2. Іс.4.-те «Жаңа әліппе туралы баяндамада» Ғалиұлы бұрынғы араб жазуына баға бере отырып, баспасөз бен әдебиетті дамыту үшін жазу жүйесін жетілдіру қажет деген пікір білдіреді. Баяндамада латын әліпбиін енгізу мәдениетті дамыту, баспасөзді жеңілдету және халықтың жазу-сызуын жетілдіру мәселелерімен байланыстырылған. Түп нұсқаны сөйлетіп көрелік:

«11 жылдық октиябрь төңкерісінің арқасында біз сияқты артта қалған қазақ ұлты болсақ та мәдениетіміз алға басып келеді. Мәдениеттің алға басуының құралы баспасөз бен әдебиеттер. Бұлай болса баспасөз бен әдебиеттер түзелу үшін әріптің түзелуі керек. Біздің бұрынғы қолданып келген әліппеміз араб әліппесі еді, ол әліппе бұрын 29 әріптен құралатын, онан кейін оны біздің арабшылдарымыз жамап-жасқап тағы көбейт(к)етін. Бұл әріпті жазуға қолданғанда хат-қағазды тез жазып үлгеруінде де қиындық болатын. Себебі: бір әріптің өзі бірнеше белгілерден құралып, оларды бірден жазып кетуге болмайтын.



Астана қ. МА. Қ.241. Тіз.2. Іс.4

Сонымен қиындық туады. Біздің еңбекшілердің көсемдері баспасөзге жеңіл болуын еске алып, латын әліппесін алуды лайық деп тапқан. Бұған бұрынғы араб әрпін жамап-жасқап жүрген ескі оқығандарымыз айтыса кететін, сөйтіп төрт-бес жылдай айтысып, ақырында еңбекшілердің көпшілік жағы латын әліппесін алуды мақұлдаған. Сонымен жуырда орталық атқару комитеті: «Латын әліппесін Қазақстанның негізгі әліппесі болуына, оның биылдан бастап аяққа басуына көңіл бөлінсін», – деп қаулы шығарып отыр. Сондықтан орталық атқару комитетінің қаулысының орындалып іске асу жағына көңіл бөліп, біз еңбекшілер болып латын әрпінің мүшелігіне кіруіміз керек», [2] – делінеді құжатта.

Баяндамадан байқайтынымыз – жаңа әліпби мәселесінің әріптерді ауыстыра салатын дүние деместен, қоғамның әдеби-мәдени дамуына ықпал ететін құрал ретінде түсіндірілген. Сонымен бірге құжатта бұрынғы араб жазуын қолдаушылар мен латын әліпбиін жақтаушылар арасындағы пікірталастың бірнеше жылға созылғаны айтылады. «Арабшылдарымыз жамап-жасқап» деп тиісіп отырғандағы жамап-жасқаған әліпбиі Байтұрсынұлының бірегей, оқырманға аударып беріп отырған төтеше жазу еді. Жалпы сол кезеңдегі республика көлемінде болып жатқан Алаштықтар тарапынан қатты қарсылыққа ұшыраған әліпби дауының салқыны Ақмола өңірінде шарпып өткенін байқаймыз.

Жергілікті жиналыстардағы шешімдер

Жаңа әліпбиді енгізу туралы жалпы шешімдер жергілікті жерлердегі жиналыстарда талқыланып, нақты міндеттерге айналған.

Ақмола қаласындағы техникум жанынан ашылған «ЖАҚ» (Жаңа әліппешілер қоғамы) үйірмесінің жалпы жиналысына қатысты мәжілісхат осының бір мысалы. Құжатта жиналысқа 40 мүше қатысқаны және аймақтық «Жаңа Әліппе» комитетінің өкілі Сымағұлұлының баяндама жасағаны көрсетіледі.

Баяндамада жаңа әліппенің қалыптасу тарихы, оның төңірегіндегі пікірталастар, жазуды үйренудің жеңілдігі және мәдени-ағартушылық маңызы сөз болған.

Жиын соңында үйірме мүшелері жаңа әліпбиді іс жүзінде енгізуге атсалысуға, ауылдар мен елді мекендердегі халық арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге уағдаласады.

Құжаттан:

«Мәжілісхат «2»

1 март күні Ақмола қаласындағы техникум жанынан ашылған «ЖАҚ» үйірмесінің жалпы жиылысы болды, жиылысқа қатынасушылар 40 мүше және аймақтық «Жаңа Әліппе» комитетінің мүшесі Сымағұлұлымен.

Мәжіліс ағасы Баймағамбетұлы

Хатшысы Әбілұлы

Күн тәртібінде латыншылар комитетінің жоспары арасындағы себептер туралы Сымағұлұлы баяндады.

Тыңдалды


Сымағұлұлы жаңа әліппенің қай жылдары көтеріліп, қандай таластар болып, ақырында еміле жағынан тез хат тануға оңай екендігін және шаруа көтеру ретіндегі маңызы жоғары екендігін дәлелдіді. Араб әліппесі ескішіл және шаруа көтеру ретінде, әрі мәдениет көтеруде кедергілері көп болып келді. Осы туралы қысқаша қортынды сөз айтып өтті.

Қаулы

Сымағұлұлының баяндамасын тыңдағаннан кейін техникум жанынан ашылған «ЖАҚ» үйірмесінің мүшелері мынадай қаулыға келді: шаруашылықты өркендету турасында мәдениетті ұлғайту жолында тура екендігін анық түсініп, әріпті іске асыруға атсалысуға уәде береміз. Араб әрпінің шырмауында жүргендердің пікірін дұрыс емес деп тауып, оларға келешекте ауыл деревнияларда латын жұмысын өркендетуге ынта салуға, сонымен қатар әрбір мүше жеке жүрген бұқараны латын үйірмесіне көп тартуға келісеміз деп санату керек. Бұл істі аяқасты қылып, болмаса тәртібін бұзған мүшелерге тиісті шарасын ісжүзінен қолданып отыруға.

Қаулы етілді

Жоғарғы көрсетілген азаматтардың бәрін мүшелікке жиылыс бекітіп, «жалғыз-ақ Біржан қызын кейінге қалдыра тұруға» деп қабылдады, себебі: «өзінің құқы жойылған» делінгендіктен.




Астана қ. МА. Қ.98. Тіз.1. Іс.33.

Мәжіліс ағасы қол қойған
Мүшелері қол қойған
Хатшысы қол қойған
Дұрыс көшірілді деп қол қойылған.[3]

Бұл құжаттан да жаңа әліпбиді енгізудің бір ғана мекеменің міндеті болмағанын, жаңа әліпби турасындағы науқанға жастар ұйымдары мен оқу орындары да тартылғаны көріп отырмыз. Қашан да бір дүниені мақұлдату үшін екінші дүниені терістету заңына сай түсіндірсек, «ескішілдерді» бас-көз демей төмпештеу барын аңғарасыз.

Төменде «ЖАҚ» үйірмесінің жарна бөлген мүшелер тізімі.



Астана қ. МА. Қ.98. Тіз.1.Іс.33.

Ақмола қаласындағы педтехникум жанынан ашылған «ЖАҚ» ұйымының әрбір мүшеге жарна бөлген тізімі

№	Аты-жөні	Жарна сомасы (тиын)	№	Аты-жөні	Жарна сомасы (тиын)
1	Ыбырайбекұлы Н	25	30	Жаңабай Әнеш	25
2	Есмұқанұлы К	25	31	Мажырайұлы А	30
3	Сымайылұлы А	25	32	Омаруұлы Т	50
4	Қартұлы Хамит	25	33	Есмырзақызы	30
5	Шопанұлы А	25	34	Шәріпұлы	25
6	Қаметұлы М	25	35	Мұхамбетжанұлы	50
7	Құрманұлы Қ	25	36	Қосжанұлы	Босатылған
8	Серікбекұлы А	25	37	Мұсаұлы	Босатылған
9	Мұқанұлы	25	38	Есұлы	Босатылған

10	Сүйінжанұлы Неғымат	25	39	Мұсабекұлы	25
11	Баймағамбетұлы	25	40	Уахитұлы	25
12	Әбішұлы Шерлан	25	41	Оңайбекұлы	25
13	Пайзоллақызы	25	42	Қалиұлы Ләсім	25
14	Жұмаұлы	25	43	Отарбайұлы	25
15	Досайұлы С	25	44	Тентекбайұлы	Босатылған
16	Садырбекұлы	25	45	Баратқызы Рабиға	1 сом
17	Манаұлы	25	46	Баратқызы М	25
18	Әлімжанұлы Удамбай	25	47	Ақжаруұлы	1 сом
19	Ержанұлы	25	48	Ақбергенұлы	25
20	Қартұлы Кәрім	50	49	Айсарыұлы А	1 сом
21	Тұяқбайқызы	25	50	Әбдірешқызы	1 сом
22	Сәтқожаұлы	25	51	Бауыржанұлы Қ	1 сом
23	Қайдарқызы Гүлсім	50	52	Жиенбайұлы	25
24	Рахымқызы Батима	25	53	Салық Келіні	50
25	Бөкенқызы	25	54	Әміреұлы	25
26	Қаржаубайұлы	25			
27	Жүнісұлы	25			
28	Айтжанұлы	25			
29	Айтуарқызы	25			

Қаулыдан нақты іске дейін

Жаңа әліпбиге көшу туралы шешімдердің жергілікті жерлерде жаппай ұйымдастырушылық сипат алғанын 1929 жылғы аудандық құжаттар да дәлелдейді. Ондай арабша және орысша мәтіндегі сақталған архивтік құжаттар топаны едәуір.

Мысалы, сол құжаттар арасында Нұраның 1-аудандық кеңестер тобы жаңа әліппе туралы баяндаманы тыңдап, арнайы қаулы қабылдаған. Қаулыда республикалық және одақтық деңгейде қабылданған шешімдер қолдау тауып, аудандарда жаңа әліппе курстарын ашу үшін қаражат бөлу, ел арасында үгіт-түсіндіру жұмыстарын күшейту мәселелері көтерілген.

Құжаттан:

«Қаулы»

«Жаңа әліппе туралы баяндаушы Ғалиұлының түсінісін тыңдағаннан кейін Нұраның 1-аудандық кеңестер тобы қаулы етеді:

1. Қазақстан үкіметінің IV-сессиясындағы жаңа әліппе туралы қаулысына қосылумен қабат одақтық III-пленумының жаңа әліппеге көшуді тездету туралы қаулысына қосыламыз;

2. Округтік жаңа әліппе комитеті бұл жұмысты жеделдету үшін аудандарда курс ашуға қаражат белгілеуін сұраймыз;

3. Аудандық жаңа әліппе комитеті ел ішінде жаңа әліппенің жүзеге тығыз түрде іске асуына үгіт-түсініс жұмысын күшейтсін;


4. Жаңа әліппе бұрынғы жазуымыздан көп жеңіл, түсінікті екендігіне көзіміз жетіп, түгелімен мүшелікке жазыламыз;

5. Жер-жерде осы жұмысты жүзеге асыруға бар ынтамызды салып шамамыздан келгенше ауылдас бұқараға түсініс берумен жаңа әліппеге тартуға уәде береміз, онымен қатар тілшілік жұмысын атқаруға ауылбасына бір кісі белгілеп береміз», [бұл да сонда] - деп аяқталады.

Бұл материалдан ауыл тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын жүргізу және осы бағыттағы қызметті ұйымдастыру үшін жауапты адам белгілеу көзделген және тым тығыз түрде іске асыруды міндеттеріне алған.

Бұл қаулыдан жаңа әліпбиге көшудің жергілікті деңгейде нақты ұйымдастыруға бей-жай қарамай, күнделікті шараларымен қатар жүрілгенін байқаймыз. Бір қызығы

коммунистердің осы тіл, әліпби турасындағы науқаншылдығын қазіргі күнгі біздің мемлекеттік жүйе үйрене алмай-ақ қойды. Қазақ тілі қолданысы жер-жерде кеңейе бастағанымен, дәл 1929 жылғыдай тоқпақтап тұрып тілді қолдануды үкіметтік сағаттың сын тезіне қоя алмай-ақ келеді.



Астана қ. МА. Қ.241. Тіз.1. Іс. 4.

Архив құжаттарынан жаңа әліпбиді енгізу жұмысы мектептерде де тыңғылықты жүргізілгенін айғақтай түседі. Ол туралы бір-екі материалды сөйлетсек.

Құжаттан:

Ақмоланың аймақтық оқу бөліміне

Сіздің осы жылғы 23/III-дағы «1060» санығызға, Сіздің жоғарғы санығызға біздің қарашаруа жастар мектебінде жаңаның барысы жайынан төмендегі мағлұматты береміз:

Даярлағыш негізгі бөлімде күніне екі сағат жаңа әліппе сабағы болады, бұның бір сағаты оқу-үйрену, бір сағаты жаңа әліппе жайында түрлі кітаптар, қолданбалар талқылау.

Мектеп жанынан ашылған «ЖАК» үйірмесінің он бес күнде бір рет кезекті жиылысы болады, бұл жиылыста әліппе жайында түрлі мәселелер сөйленіп, әліппені қалай қылса курспен ұштастырып тез тану жағы қарастырылады.


Түрлі жағдайдың жоқтығынан оқушылардан тыс шаруаны әліппе үйірмесіне тартқанымыз болмаса үйрету жөнінде істегеніміз жоқ.

Орыс жолдастарға жауап (әліппе жөнінде):

Қолданба жаңа әліппемен басылған кітаптар жоқтың қасы, жәрдем болғанымен алғашқы ретте басылған болғандықтан жәнеде дұрыс емес, сондықтан жаңа әліппемен қолданба кітаптардан мектебімізді мұңсыздандыруларыңызды сұраймыз.

Қ.Ш.Ж. мектебінің меңгерушісі Рахметұлы қол қойған

Хатшысы Қарасайұлы қол қойған [бұл да сонда]



Астана қ. МА. Қ.98. Тіз.1.Іс. 33.

Құжаттан:


Үзілме

Қалалық II санды жастар ұясының 30/III-да болған «5» санды мәжілісхатының күнтәртібі. Тыңдалды.

Жаңа әліппе туралы үйірменің құрамасын толықтыру туралы Қожахмет Сымағұлұлы баяндап өтті, сонымен бірге Округтік, одан қалды Қазақстанда жаңа латын әліппесінің қозғалысымен істеліп жатқанынан тоқталып өтті.

Қаулы етілді

Бірінші басқыш II қазақ мектебіндегі оқушылармен III санды комсомол ұясының мүшелерінің баяндамасын тыңдағаннан кейін мынадай қаулыға келді: баяндамаға қарағанда жаңа әліппе қозғалысының түркі елдерінде, басқа шығыс елдеріндегі, Қызылбас, Кавказ елдерінде жаңа әліппеге көшкендіктері байқалады. Арабтардың батағөйі болып жүрген қазақ, татарыстан арабшылардың оңшылдары көрінеді. Кейбір жердегі еңбекшілері жаңа әліппеге аса ынталы көрінеді, осылармен қатар II санды коммунис мүшелері бір ауыздан жаңа әліппені іске асыру жөнінде аянбай кірісіп, арабшылар мен олардың құйыршықтары болып жүрген молдабай, атқамінер қулармен күресуге бір ауыздан уәдемен келешекте мынадай істі істеуге ұсынады: 1) II санды ячейканың жанынан мектеп балалары ересектер мектебінде оқушылармен бірлесіп жаңа әліппе үйірмесі ашылатын болсын.



Астана қ. МА. Қ.98. Тіз.1.Іс. 33.

2) үйірмеге белгіленген адамдар алғашқы отырысын істеумен бірге тез уақыттың ішінде жоспар істейтін болсын. 3) жалпы комсомол мүшелері үйірмеге мүше болумен қоймай басқа еңбекші елді мүшелікке тартатын болсын. [бұл да сонда]

Осы жерде архивтік құжаттардан тағы бір байқалатын ерекшелік – сол дәуірдің қоғамдық-саяси тілінің түп-нұсқадан оқу мүмкіндігі. Әрине, кейбір кеңселік, ресми сөздердің әлі орнықпағанын, сөз қолданыстарының барынша ауызекі, қарапайым да түсінікті болған тұстарын көруге болады. Бұл қысқа мақалада бес парақты ғана төтешеден кирилшеге қотарып жаздық. Бұдан басқа да, осы әліпби турасында қаншама құжаттар барын айтып өттік. Сондағы «Жабайы еңбекшілер», «Жабайы әйелдер», «Арабшылдар», «Молдабай», «Атқамінер қулар» секілді кісіні табына, ұстанымына қарап атын атап, түсін түстейтін жерлері қазіргі оқырманға шынымен қызық көрінеді.

Араб графикасындағы түпнұсқаның маңызы не?

Астана қаласының Мемлекеттік архивіндегі бұл материалдардың ғылыми құндылығы олардың мазмұнымен ғана шектелмейді. Құжаттардың араб графикасындағы түпнұсқасының сақталуы – зерттеуші үшін аса маңызды дерек. Арабшылдық деп төте жазуға қарсы шығып отырған сол кезеңдегі қаулы, қаттама толтырған кісінің мәтінін міне бүгін төтешеден оқып отырмыз. Байтұрсынұлының 1924 жылы маусым айында Орынборда өткен қазақ-қырғыз білімпаздарының тұңғыш съезінде «Әліпби тақырыбы» атты баяндамасында бүй дейтіні бар: «Араб әрпінің ол артықтығы жалғыз баспада ғана емес, жазбада да артық болып тұрады. Өйткені араб әрпімен басылған сөзбен жазылған сөздің арасында айрымы аз болады. Онда оңай оқылса, мұнда да оңай болады. Жаман жазылған хаттарды айыруға келгенде де, араб әрпі латын әрпінен артық. Мұнда да әріптің тұрпаттары мен түрлі қосымша белгілері көп көмек болады», – дейді. Десе дегендей, төтеше жазылған қандай қиын мәтінді архивтегі төтеше оқитын мамандар, айналдырып жүріп оқып алады. Және де Ахаңдардың тағы бір пайғамбарлығы қазақ тіл дыбысының бұзылуына үзілді-кесілді қарсы тұруы еді. Ондағы себеп, латыншаның жазудағы қолайсыздығы өз алдында,

қазақтың фонетикасына жауап бере алмайтынын сол кезде білгендігі еді. Содан бері жүз жыл өтсе де, ел болып әлі күн латыншаның түпкілікті бірегей әліпбиін ұлт болып жасай алмай отырғанымыздың өзі, дәлелді қажет етпейтін дәйек десек те болады.

Біз бұл материалдарды қопсытып несін аударып отырмыз, себебі бұл материалдар бірнеше мәселені нақтылауға көмектеседі.

Біріншіден, әліпби мәселесінің Ақмола өңірінде қай уақытта және қандай мекемелерде қаралғанын анықтауға болады.

Екіншіден, жаңа әліпбиді енгізуге тартылған ұйымдар мен жауапты адамдарды анықтауға мүмкіндік береді. Құжаттардан олардың аты-жөндері мен қолтаңбаларын да кездестіруге болады.

Үшіншіден, реформаның мектептерде, жастар ұйымдарында, сауат ашу курстарында және жергілікті басқару органдарында қалай жүргізілгенін көруге болады.

Төртіншіден, жаңа әліпбиді меңгертудегі практикалық қиындықтар – оқу құралдарының жетіспеуі, мұғалімдер даярлығы және ұйымдастыру мәселелері дегендей.

Бесіншіден, араб графикасында сақталған түпнұсқалар сол дәуірдің жазба мәдениетін, тілдік қолданысын және ресми құжат тілін зерттеуге жаңа мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде Астана қаласының Мемлекеттік архивінде сақталған құжаттар Ақмола өңіріндегі жаңа әліпбиге көшу науқанын тым асығыс-үсігіс, жаппай науқаншылдық пен бір жақтылы айыптау мен терістеу арқылы жүрілгенін. Қазақтың тағдыр шешті мәселесі, яғни, рухани-мәдени өміріне тікелей әсер ететін дүниені тезден өткендей емес, тізеге салынып жүргізілгендігі бадырайып көрініп тұрады.

Сөзімізді Ахмет Байтұрсынұлының өз сөзімен аяқтасақ. 1926 жылғы Бүкілодақтық түркітану съезінде: «Осы жерде жазудың тарихи принципіне де тоқтала кетейін. Кейбір түркі халықтары осы күнге дейін қалыптасқан дәстүрлі жазуынан арыла алмай келеді. Мысалы, әзербайжандар мен османдар бұрыннан келе жатқан жазу дәстүрін әлі де сақтап отыр. Арабтардан жеткен жазуды өзгертуге олар қасиетті нәрсеге қол сұққандай қарайды. Меніңше, бұлай қарауға болмайды. Оның үстіне, өздері осы дәстүрді сақтай отырып, басқа жұртты да консервативті деп айыптайды. Шын мәнінде, көптеген адамдар: «Егер біз араб әліпбиін қолданатын болсақ, онда біз консервативті элемент болып саналамыз», – деп ойлайды. Ал, біз «қасиетті» жазумен әлдеқашан қоштасқанбыз» [1.2], – деген пікірі біраз дүниенің шетін қопарып тұрса керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. https://e-history.kz/ru/news/show/339832?utm_source
2. Астана қ. МА. Қ.241. Тіз.2. Іс.4
3. Астана қ. МА. Қ.98. Тіз.1. Іс.33

МРНТИ 16.01

Жақсыбек ҚАҚАН
Руководитель отдела научных исследований
Государственного архива города Астаны

АКМОЛИНСКИЙ РЕГИОН: КАМПАНИЯ ПО ПЕРЕХОДУ С АРАБСКОЙ ПИСЬМЕННОСТИ НА ЛАТИНИЦУ В 1929 ГОДУ

Аннотация. *В статье рассматривается процесс проведения кампании по переходу на новый алфавит в Акмолинском регионе в конце 1920-х годов на основе документов, хранящихся в Государственном архиве города Астаны. Анализируются общественно-культурные и организационные аспекты перехода от казахской письменности на основе арабской графики к латинскому алфавиту. На основе докладов, протоколов собраний, постановлений и документов, связанных с учебными заведениями, характеризуется деятельность по пропаганде нового*

алфавита, открытию кружков и курсов, обучению в школах и работе местных организаций. В статье рассматривается связь алфавитной реформы с политико-идеологической обстановкой того времени, дискуссии между сторонниками арабской письменности и латинского алфавита, а также практические трудности, возникавшие в процессе реализации реформы. Исследование раскрывает значение архивных документов для изучения региональной истории языка, письменной культуры и языковой политики советского периода.

Ключевые слова: *алфавитная реформа, Акмолинский регион, латинский алфавит, арабская графика, архивные документы, языковая политика, письменная культура, Государственный архив города Астаны.*

IRSTI 16.01

Zhaksybek KAKAN
Head of the Scientific Research Department
State Archive of the City of Astana

AKMOLA REGION: THE 1929 CAMPAIGN TO TRANSITION FROM THE ARABIC SCRIPT TO THE LATIN SCRIPT

Abstract. *The article examines the implementation of the campaign to introduce a new alphabet in the Akmola region in the late 1920s, based on documents preserved in the State Archive of Astana. It analyzes the sociocultural and organizational aspects of the transition from Kazakh writing based on the Arabic script to the Latin alphabet. Reports, meeting minutes, resolutions, and documents related to educational institutions are used to describe activities aimed at promoting the new alphabet, establishing study circles and courses, providing instruction in schools, and organizing the work of local institutions. The article explores the relationship between the alphabet reform and the political and ideological environment of the period, discussions between supporters of the Arabic script and the Latin alphabet, and practical difficulties encountered during the implementation of the reform. The study highlights the significance of archival documents for examining regional language history, written culture, and language policy during the Soviet period.*

Keywords: *alphabet reform, Akmola region, Latin alphabet, Arabic script, archival documents, language policy, written culture, State Archive of Astana.*

Paidalanǵan ädebïetter tizimi:

1. https://e-history.kz/ru/news/show/339832?utm_source
2. Astana q. MA. Q.241. Tiz.2. Is.4.
3. Astana q. MA. Q.98. Tiz.1. Is.33.

ХҒТАР 17.81.21

Әділет АХМЕТ

Алматы қаласы музейлер бірлестігі
А.Байтұрсынұлы музей-үйінің аға ғылыми қызметкері
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, түркітанушы докторант

ҚАРТҚОЖА ТОҒАНБАЕВ: ТАРИХИ ТҰЛҒА, АЛАШ ЗИЯЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМИ-АУДАРМА ТІЛІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Аңдатпа. *Мақалада Жүсіпбек Аймауытовтың «Картқожа» романының тарихи негіздерінің бірі болған Картқожа Жананұлы Тоғанбаевтың өмірі мен қоғамдық-ағартушылық, журналистік, редакторлық, аудармашылық қызметі қарастырылады. Картқожаның өмірбаянына қатысты архивтік және естелік деректер салыстырылып, оның Алаш зиялыларымен қарым-қатынасы, 1920–1930 жылдардағы педагогтік және баспа қызметі, қазақ тіліндегі ғылыми-оқулық әдебиетті қалыптастырудағы орны сөз болады. Сонымен бірге Картқожа Тоғанбаевтың редакторлық және аудармашылық мұрасын қайта жинақтау қажеттігі көрсетіледі. Мақалада Картқожа тұлғасын тек Жүсіпбек Аймауытов романының прототипі ретінде қарастыру жеткіліксіз екені, оны XX ғасыр басындағы қазақтың ғылыми-ағартушылық және баспа тарихының дербес тұлғасы ретінде зерттеу қажеттігі негізделеді.*

Түйін сөздер: *Картқожа Тоғанбаев, Жүсіпбек Аймауытов, «Картқожа» романы, Алаш, Ахмет Байтұрсынұлы, қазақ баспасы, аударма, терминология, ғылыми тіл, редакторлық қызмет.*

Кіріспе. Қазақ әдебиетінде өмірде болған тарихи тұлғаның көркем шығарма кейіпкеріне айналуы жиі кездеседі. Алайда мұндай жағдайда тарихи тұлға мен көркем образды бір-бірімен толық теңестіру ғылыми тұрғыдан дұрыс емес. Жүсіпбек Аймауытовтың 1926 жылы жеке кітап болып жарық көрген «Картқожа» романы да өмір шындығына негізделген көркем туынды. Зерттеулерде романның бас кейіпкеріне Картқожа Жананұлы Тоғанбаевтың өмірі негіз болғаны айтылады [1; 2].

Картқожа туралы кейінгі зерттеулерде оның мұғалім болғаны, Омбыда білім алғаны, Томскідегі жоғары оқу орнында оқығаны, баспа ісіне араласқаны және 1930-жылдары аудармашылық-редакторлық қызмет атқарғаны көрсетіледі [3]. Бірақ оның өмірі мен шығармашылық мұрасы әлі де толық зерттеліп болған жоқ.

Осы тұрғыдан алғанда, Картқожа Тоғанбаевты тек «Аймауытов романының прототипі» ретінде қарастыру оның тарихи тұлғалық ауқымын тарылтып жібереді. Өйткені қолда бар деректер оның журналист, мұғалім, редактор, аудармашы ғана емес, қазақ тіліндегі ғылыми және техникалық білімнің орнығуына қызмет еткен маман болғанын аңғартады [3; 4].

Архивтік дерек және тарихи тұлғаның өмірбаяны

Картқожа Тоғанбаев туралы ең маңызды деректердің бірі – Омбы облыстық мемлекеттік тарихи архивінде сақталған оның 1924 жылғы жеке ісі. Архивтік сипаттамада тұлғаның толық аты-жөні Тоғанбаев Картқожа Жананұлы деп көрсетіліп, туған жері

Семей губерниясы, Павлодар уезі, Ақкелін болысының №5 ауылы ретінде белгіленген [5]. Омбы архивіндегі бұл құжаттың ғылыми айналымға ену тарихын да нақтылап көрсете кетелік. Белгілі алаштанушы ғалым Қайырбек Кемеңгер Абай порталында жарияланған зерттеуінде Омбы облысының тарихи архивінен Қартқожа есімді қазақ туралы дерек кездестіріп, архив қызметкерінен қосымша құжат сұратқанын, нәтижесінде Қартқожа Тоғанбаевтың жеке іс қағаздарымен танысқанын жазады. Зерттеуші архивтік құжаттардағы Қартқожаның өмірбаянын Жүсіпбек Аймауытов романының сюжетімен салыстыра отырып, оның 1916 жылғы оқиғалардан кейін окоп қазуға алынғанын, әлеуметтік тегінің де романдағы кейіпкер өмірімен сәйкес келетінін атап көрсетеді. Осы салыстыру негізінде Қайырбек Кемеңгер: «Ж.Аймауытұлы шығармасының прототипі – Омбы архивінде көрсетілетін Қартқожа Тоғанбаев», – деген тұжырым жасайды [5; 6].

Бұл деректің маңызы ерекше. Себебі кейінгі жарияланымдарда Қартқожаның туған жылы әртүрлі көрсетіліп келеді: бір жерде 1895, енді бірінде 1896 жыл деп беріледі [6;7]. Ал кейбір кейінгі интернет жарияланымдарында тіпті анық қате даталар кездеседі. Сондықтан оның туған жылын нақтылау үшін кейінгі қайталама деректерден гөрі архивтік жеке істің түпнұсқасына сүйену қажет.

Қартқожаның өмірбаянындағы келесі маңызды кезең – оның білім алуы мен педагогтік қызметі. 2014 жылы жарық көрген арнайы зерттеу-мақалада оның 1927 жылы Омбы рабфагында оқығаны, кейін Томск технологиялық институтында білім алғаны көрсетіледі [3]. Сол жарияланым Қартқожаның 1926 жылы Қызылжардағы мұғалімдер курсында қызмет еткенін және кейін педагогтік жұмысты жалғастырғанын да баяндайды [3].

Осы деректерден Қартқожаның білім мен ағарту ісін өмірінің негізгі бағыттарының біріне айналдырғанын көруге болады. Оның инженерлік-техникалық білім алуы кейінгі аудармашылық қызметімен де тікелей байланысты болғаны байқалады.

Алаш көшбасшыларымен және Жүсіпбек Аймауытовпен байланысы

Қартқожа Тоғанбаевтың тарихи тұлғасын түсінуде оның Алаш зиялыларымен қарым-қатынасы маңызды. 2014 жылғы зерттеу материалында оның Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы және Сәкен Сейфуллин секілді қайраткерлермен араласқаны көрсетіледі [3].

Бұл мәліметтердің бір бөлігі кейінгі естелік сипатындағы деректермен де толықтырылады. Міржақып Дулатұлының қызы Гүлнар Дулатованың естеліктеріне сүйенген жарияланымдарда Қартқожа Тоғанбаев Міржақыппен жақын қарым-қатынаста болған адамдардың бірі ретінде аталады. Міржақыптың ұлы Әлібек қайтыс болғанда оны жерлеуге келгендердің арасында Ахмет Байтұрсынұлы, Елдес Омаров, Әлібек Қоңыратбаевпен бірге Қартқожа Тоғанбаевтың да болғаны көрсетіледі [6].

Бұл деректі қабылдағанда дерек табиғатын ескеру керек. Яғни ол – архивтік қызметтік құжат емес, кейінгі естелікке сүйенген мәлімет. Бірақ әртүрлі дерек арналарында қайталануы Қартқожаның сол кездегі зиялы ортадан оқшау болмағанын көрсететін қосымша дәлел ретінде маңызды.

Жүсіпбек Аймауытовпен қарым-қатынасы мәселесі де осындай салыстырмалы тәсілді қажет етеді. Қартқожа Тоғанбаевтың өмір жолы мен «Қартқожа» романының оқиғалары арасында байланыс бар екені бірнеше зерттеуде көрсетілгенімен, көркем кейіпкердің өмірбаянын тарихи тұлғаның өмірімен толық сәйкестендіруге болмайды [1; 2]. Демек, ғылыми тұрғыдан «Қартқожа – Тоғанбаевтың дәлме-дәл өмірбаяны» дегеннен гөрі, «Тоғанбаевтың өмір жолы мен тарихи ортасы романның өмірлік материалдарының бірі болды» деген тұжырым анағұрлым орнықты.

Қартқожа Тоғанбаев – редактор, аудармашы және ғылыми тіл қалыптастырушы

Қартқожа мұрасын зерттеудегі ең аз қарастырылған, бірақ болашағы зор бағыттың бірі – оның редакторлық және аудармашылық қызметі.

2014 жылғы арнайы жарияланымда Қартқожаның «Серке», «Қазақ елі», «Қазақ» басылымдарында қызмет атқарғаны көрсетіледі. Оның қатарында Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Ахмет Байтұрсынұлы сияқты қазақ зиялыларының есімдері аталады [3].

Одан да маңыздысы – Қартқожаның қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық әдебиетті қалыптастыруға қатысқаны туралы деректер. Аталған жарияланымда Қазақ мемлекеттік баспасының құжаттық материалдарына сүйеніп, оның физика, қоғамтану, геометрия, ауыл шаруашылығын механикаландыру, электр қуаты, комбайндар, слесарлық кәсіп, паровоз және басқа да ғылыми-техникалық тақырыптағы еңбектерді қазақшаға аударғаны көрсетіледі [3]. Авторлар көрсеткен еңбектер тізімі: «Физика бойынша есептер жинағы», «Қызыл әскердің даладағы санитарлық дайындығы», «Қоғамтану», «Геометрияның жүйелі курсы», «Ауылшаруашылығының механизациясы», «Электр қуаты мен физика бойынша ғылыми-техникалық әдебиет», «Бастауыш мектептерге арналған денешынықтыру бойынша бағдарлама», «Комбайндар», «Слесарлық кәсіп», «Паровоз» атты нұсқаулық еңбектер. Аталған деректер бойынша түпнсқалар іздестірілу үстінде.


Бұл деректерді жеке кітаптардың түпнұсқаларымен қайта салыстыру қажет. Өйткені қазіргі қолдағы мәліметтердің едәуір бөлігі кейінгі зерттеушілердің жарияланымдары арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге Қартқожаның қызметі тек аудармамен шектелмеген. 2014 жылғы материалда оның техника қауіпсіздігіне қатысты еңбектердің және 1937 жылы жарық көрген орыс-қазақ терминологиялық сөздікке қатысты жұмыстардың авторы болғаны айтылады [3]. Бұл мәлімет Қартқожаны қазақтың ғылыми тілін қалыптастыру тарихындағы тұлғалардың бірі ретінде арнайы қарастыруға мүмкіндік береді.

Осы арада бір маңызды ғылыми мәселе туындайды: егер Қартқожа ғылыми-техникалық мәтіндерді қазақшаға аударып қана қоймай, терминологиялық материалдар да жасаған болса, оның еңбектеріндегі терминдер кейінгі қазақ ғылыми тілінің қалыптасуымен қаншалықты сабақтас?

Бұл сұраққа жауап беру үшін оның аударған кітаптарын, редакциялаған басылымдарын, терминологиялық еңбектерін түпнұсқадан тауып, қазіргі терминдермен салыстырып зерттеу қажет.

Біздің қазіргі ізденісіміздің нәтижесінде Қартқожа Тоғанбаев редактор болған Г. И. Палеев пен А. В. Перышкин жазған «Физика» оқулығының екінші бөлімі, орта мектептің орта мектептің 7-сыныбына арналған, 1937 жылы баспадан шыққан, сол тұстағы латын әрпінде басылған қазақ тіліндегі аудармасы [7] және «Сталинград трактор зауытының тракторы» (түсіндіргісі) атты шағын қолданбалы құралдың 1934 жылы шыққан екінші басылымы [8] табылып отыр [1-2суреттер]. Екі кітап та ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар қорында сақталған. Бұл басылымдардың түпнұсқаларындағы титулдық бет, редакторлық белгі, баспа мәліметтері және мәтін ішіндегі редакторлық іздер Қартқожаның ғылыми-редакторлық мұрасын нақтылай түсетін дереккөздер қатарына қосылады. Аталған «Физикада» Қ. Тоғанбаев әрі жауапты редактор әрі аударушы ретінде көрсетілген. Жауапты редактор Тоғанбаев Қ. мен Сыдықов Ә; Аударушы Тоғанбаев Қ., техникалық редактор Куроскин, жауапты корректор Мұстафин Ә. қатарлы кісілердің есімі анық көрсетілген.

Бұған дейінгі ізденістерде Қартқожаның Перышкиннің физикасына қатысты қазақша басылыммен байланысы да айтылған [9]. Алайда мұндай мәліметті ғылыми мақалаға енгізгенде кітаптың нақты библиографиялық сипаттамасын түпнұсқадан тексеру қажет. Сондықтан Қартқожаның мұрасын зерттеу тек өмірбаяндық сипатта қалмауы тиіс. Оның аудармаларындағы терминдер, сөйлем құрау үлгілері, ғылыми стильді қазақша беру тәсілдері, редакторлық түзетулері жеке зерттеу нысанына айналуға лайық.



1-сурет. *«Физика», екінші бөлім, 1937. Қазақстан мемлекет баспасы*



2-сурет. *«Сталинград трактор зауытының тракторы» (түсіндіргісі) 1934. екінші басылым.*

Қуғын-сүргін және тарихи әділет мәселесі

Қартқожа Тоғанбаевтың өмірінің соңғы кезеңі Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін тарихымен тығыз байланысты. Кейінгі деректік жарияланымдарда оның 1937 жылы тұтқындалып, 1938 жылы атылғаны көрсетіледі [10]. Қартқожаның ұлы Төлеш Тоғанбаевтың естелігінде әкесінің 1937 жылы қазан айында ұсталғаны және 1938 жылғы ақпанда атылғаны айтылады [10].

Қартқожаның қуғын-сүргінге ұшырағаны туралы деректер оны XX ғасырдың 30-жылдарындағы қазақ зиялыларының тағдырымен сабақтастыра зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге оған тағылған нақты айыптар туралы айтқанда дереккөздің сипатын ажырату қажет: кейінгі жарияланымдарда әртүрлі тұжырымдар кездеседі. Сондықтан бұл мәселенің түпкілікті ғылыми шешімі тергеу ісі, үкім, ақтау туралы құжаттар секілді алғашқы деректерді қарастыруды талап етеді.

Қартқожа Тоғанбаевтың есімі саяси қуғын-сүргін құрбандары қатарында аталып, оның Қазақ ғылыми-зерттеу марксизм-ленинизм институтында аудармашы-редактор болғаны да көрсетіледі [11].

Осы тұста Қартқожа өмірінің трагедиялық аяқталуы оның 1930-жылдарға дейінгі қызметінің ауқымын көлеңкеде қалдырмауға тиіс. Керісінше, репрессияға дейінгі оның еңбектерін анықтау – сол кезеңдегі қазақ зиялыларының ғылыми-ағартушылық қызметін жаңаша танудың бір жолы.





3-4 суреттер. *Ұрпақтарының мұрағаттарынан*

Қартқожатану: зерттелмеген мұрадан ғылыми бағытқа дейін

Қартқожа Тоғанбаев туралы бүгінгі ғылыми және танымдық еңбектердің өзі оның мұрасы толық игерілмегенін көрсетеді. 2014 жылғы зерттеу авторлары оның өмірі мен еңбегін зерттеу әлі де жалғасуы қажет екенін атап өтсе, 2015 жылы А.Ф. Зейнулина тұлғаның шығармашылығындағы дәуір тынысы мен халық тарихын арнайы зерттеу нысанына айналдырды [3; 11]. Бірақ осы уақытқа дейінгі зерттеулердің көпшілігі Қартқожаның өмірбаянына, Жүсіпбек Аймауытов романының прототипі болуына, Алаш қайраткерлерімен байланысына және аудармашылық қызметіне қатысты жалпы мәліметтерді жинақтау деңгейінде қалып отыр. Ал Қартқожаның нақты шығармашылық мұрасын – өзі жазған еңбектерді, аударған кітаптарды, редакциялаған басылымдарды, терминологиялық материалдарды, газет-журналдардағы мақалаларын толық түгендеу ісі әлі жүйелі түрде атқарылған жоқ. Сондықтан «Қартқожатану» ғылыми бағыт ретінде енді ғана қалыптасып келе жатыр деуге негіз бар.

Осы мақала авторы біз де бұл бағыттағы ізденісті жалғастырып, Қартқожа Тоғанбаевтың өз қолымен жазған немесе редакциялаған, аударған еңбектерін кітапхана, архив және сирек қорлардан іздеу, библиографиялық тұрғыдан сипаттау жұмыстарын бастап отырмыз. Бұл ізденістің мақсаты – бұрынғы деректерді қайталау болмастан, Қартқожаның нақты мәтіндік мұрасын ғылыми айналымға енгізу.

Мұндай ізденістің нәтижесінде Қартқожа тұлғасына қатысты бірнеше маңызды мәселені қайта қарастыруға болады:

Біріншіден, тұлғаның нақты библиографиясын жасау;

Екіншіден, аудармаларының түпнұсқаларын анықтап, салыстырмалы мәтінтанулық зерттеу жүргізу;

Үшіншіден, оның ғылыми-техникалық терминдерді қалыптастырудағы үлесін анықтау;

Төртіншіден, редакторлық қызметінің қазақ баспа тарихындағы орнын белгілеу;

Бесіншіден, Алаш зиялыларымен байланысының архивтік негіздерін нақтылау;

Алтыншыдан, Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романындағы тарихи материал мен көркемдік қиялдың арақатынасын жаңа деректер негізінде қайта қарастыру.

Қорытынды. Қартқожа Жананұлы Тоғанбаевтың тарихи тұлғасын тек Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романының прототипі ретінде таныстыру жеткіліксіз. Архивтік және кейінгі зерттеу материалдары оның XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақтың қоғамдық-ағартушылық ортасында болғанын, мұғалімдік, журналистік, редакторлық және аудармашылық қызметтер атқарғанын көрсетеді [3; 5].

Әсіресе оның ғылыми-техникалық әдебиетті қазақшаға аударуға, оқулықтар мен терминологиялық еңбектер жасауға қатысуы Қартқожа тұлғасын қазақтың ғылыми тілінің тарихымен байланыстыра зерттеуге мүмкіндік береді [3].

Қартқожа туралы деректердің бүгінгі жағдайы бір маңызды ғылыми шындықты аңғартады: біз оның өмірін біраз білеміз, бірақ мұрасын әлі толық білмейміз.

Оның өмірбаянының негізгі кезеңдері жөнінде деректер бар. Бірақ өз қолынан шыққан еңбектерінің толық тізімі жоқ; аудармаларының бәрі анықталған жоқ; редакторлық қызметінің библиографиясы жасалмаған; терминологиялық мұрасы арнайы зерттелмеген. Демек, бұл зерттеуіміздің өзін де енді басталатын зерттеудің бағыты деуге болады.

Тарихи тұлғаларға берілетін баға да олардың кейінгі ұрпақ жадындағы бейнесімен ғана емес, өз дәуіріндегі нақты еңбектерімен өлшенуге тиіс. Қартқожа Тоғанбаевтың тарихи деңгейін анықтау үшін оның роман кейіпкеріне айналған тағдырына ғана емес, ұстаздық еңбегіне, баспа қызметіне, ғылыми-аударма жұмысына, терминологиялық ізденістеріне және қазақтың білім тілін қалыптастыруға қосқан үлесіне назар аудару қажет. Сондықтан Қартқожа Тоғанбаевтың мұрасын іздеу – бір адамның өмірбаянын толықтыру ғана емес. Бұл XX ғасыр басындағы қазақ зиялыларының ғылыми-ағартушылық еңбегінің бізге жетпей қалған бір қабатын қайта қалпына келтіру әрекеті.

Қартқожатану үшін ендігі міндет – Қартқожаның өзі жазған, аударған, редакциялаған мәтіндерді табу. Сонда ғана біз Қартқожа Тоғанбаевты әдеби кейіпкердің прототипі ретінде ғана емес, қазақтың қоғамдық, ағартушылық және ғылыми-мәдени тарихында өзіндік орны бар тарихи тұлға ретінде толық тани аламыз. Алаш заманындағы арыстардың көпшілігі сан қырлы, әмбебап болған. Қартқожаны зерттеу де бірер адамның қолынан келетін жеңіл-желпі жұмыс емес екені әмбеге аян. Осы тақырыпқа қатысты зерттеуді бірге жалғастыруға сала мамандарын қуана қатарымызға алғымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймауытов Ж. Қартқожа: роман. – Қызылорда, 1926.

2. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: Ана тілі, 1993.

3. Ларионов Д., Елещова Ж., Зейнуллина А.Ф. Қартқожа Тоғанбаев: өткен күндер жаңғырығы // SMS+. – 2014. – №4 (52).

4. Зейнулина А.Ф. Қартқожа Тоғанбаев шығармашылығындағы дәуір тынысы мен халық тарихы // С. Торайғыров атындағы ПМУ хабаршысы. Филологиялық серия. – 2015. – №3. – Б. 124–129.

5. Омбы облыстық мемлекеттік тарихи архиві. Ф. 318. Оп. 2. Д. 1780. Тоғанбаев Қартқожа Жананұлының жеке ісі. 1924.

6. Кемеңгер Қ. Тұңғыш роман. Ж.Аймауытұлының Қартқожасы окоп қазған… // Abai.kz. – 2016. – [электрондық ресурс].

7. Қартқожа кім болған? // Egemen Qazaqstan. – 2020.

8. «Физика», екінші бөлім, 1937. Қазақстан мемлекет баспасы

9. «Сталинград трактор зауытының тракторы» (түсіндіргісі) 1934. екінші басылым.

10. Қартқожа // Aq jol. – 2023.

11. Қартқожа // AnyFlip электрондық басылымы. – 2023.

12. Жаралы жылдар: Қартқожа Тоғанбаев // Almaty.tv.

13. Қойшыбаев Б. Жазықсыз жазаланған журналистер // Abai.kz.

14. Қартқожа Тоғанбаев шығармашылығындағы дәуір тынысы мен халық тарихы // С. Торайғыров атындағы ПМУ хабаршысы. Филологиялық серия. – 2015. – №3. – Б. 124–129.

МРНТИ 17.81.21

Әділет АХМЕТ
Старший научный сотрудник дома-музея А. Байтурсынова
Объединения музеев города Алматы
Докторант-тюрколог Казахского национального университета имени аль-Фараби

КАРТКОЖА ТОГАНБАЕВ: ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, ДЕЯТЕЛЬ АЛАША И ФОРМИРОВАНИЕ КАЗАХСКОГО НАУЧНО-ПЕРЕВОДЧЕСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация. *В статье рассматриваются жизнь и общественно-просветительская, журналистская, редакторская и переводческая деятельность Карткожи Жананулы Тоганбаева, одного из исторических прототипов романа Жусупбека Аймауытова «Карткожа». На основе сопоставления архивных и мемуарных источников, связанных с биографией Карткожи, анализируются его взаимоотношения с деятелями Алаша, педагогическая и издательская деятельность в 1920–1930-е годы, а также его вклад в формирование научной и учебной литературы на казахском языке. Особое внимание уделяется необходимости систематизации и дальнейшего изучения редакторского и переводческого наследия Карткожи Тоганбаева. Обосновывается положение о том, что рассмотрение личности Карткожи исключительно как прототипа героя романа Жусупбека Аймауытова является недостаточным; необходимо исследовать его как самостоятельную историческую фигуру в истории казахского научно-просветительского движения и издательского дела начала XX века.*

Ключевые слова: *Карткожа Тоганбаев, Жусупбек Аймауытов, роман «Карткожа», Алаш, Ахмет Байтурсынов, казахское издательское дело, перевод, терминология, научный язык, редакторская деятельность.*

IRSTI 17.81.21

Adilet AKHMET
Senior Researcher at the A. Baitursynuly House Museum,
Almaty Museums Association
Doctoral Student in Turkology at Al-Farabi Kazakh National University

KARTKOZHA TOGANBAYEV: A HISTORICAL FIGURE, AN ALASH INTELLECTUAL, AND THE FORMATION OF THE KAZAKH LANGUAGE OF SCIENTIFIC TRANSLATION

Abstract. The article examines the life and public-educational, journalistic, editorial, and translation activities of Kartkozha Zhananuly Toganbayev, one of the historical prototypes of Zhusupbek Aimauytov's novel Kartkozha. By comparing archival and memoir sources related to Kartkozha's biography, the article explores his relations with Alash intellectuals, his pedagogical and publishing activities in the 1920s and 1930s, and his contribution to the development of scientific and educational literature in the Kazakh language. The study also highlights the need to collect, systematize, and further examine Kartkozha Toganbayev's editorial and translation legacy. It argues that considering Kartkozha solely as the prototype of the protagonist of Zhusupbek Aimauytov's novel is insufficient; he should also be studied as an independent historical figure in the history of Kazakh scientific and educational thought and publishing in the early twentieth century.

Keywords: Kartkozha Toganbayev, Zhusupbek Aimauytov, Kartkozha novel, Alash, Akhmet Baitursynuly, Kazakh publishing, translation, terminology, scientific language, editorial activity.

Paydalanılğan ädebïetter

1. Aımaýytov J. Qartqoja: roman. – Qızılorda, 1926.

2. Qïrabaev S. Jüsipbek Aımaýytov. – Almatı: Ana tili, 1993.

3. Larïonov D., Eleşova J., Zeınullïna A.F. Qartqoja Toğanbaev: ötken künder jañğırığı // SMS+. – 2014. – №4 (52).

4. Zeınulïna A.F. Qartqoja Toğanbaev şığarmaşılığındağı däýir tınısı men halıq tarïhı // S. Toraığır¬ov atındağı PMÝ habarşısı. Fïlologïyalıq serïya. – 2015. – №3. – B. 124–129.

5. Omsbı oblıstıq memlekettik tarïhï arxïvi. F. 318. Op. 2. D. 1780. Toğanbaev Qartqoja Jananulınıñ jeke isi. 1924.

6. Kemenger Q. Tūñğış roman. J. Aımaýıtūlınıñ Qartqojası okop qazğan… // Abai.kz. – 2016. – [elektrondıq resýrs].

7. Qartqoja kim bolğan? // Egemen Qazaqstan. – 2020.

8. «Fïzïka», ekinşi bölim, 1937. Qazaqstan memleket baspası.

9. «Stalïngrad traktor zaýıtınıñ trakt¬orı» (tüsindirgisi). 1934. Ekinşi basılım.

10. Qartqoja // Aq jol. – 2023.

11. Qartqoja // AnyFlip elektrondıq basılımı. – 2023.

12. Jara¬lı jıldar: Qartqoja Toğanbaev // Almaty.tv.

13. Qoış¬ıbaev B. Jazıqsız jazalanğan jwrnalïster // Abai.kz.

14. Qartqoja Toğanbaev şığarmaşılığındağı däýir tınısı men halıq tarïhı // S. Toraığır¬ov atındağı PMÝ habarşısı. Fïlologïyalıq serïya. – 2015. – №3. – B. 124–129.

ХҒТАР 13.71.09

Ғазиза ИСАХАН

Архивтанушы, архив саласының үздігі

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АРХИВ ІСІ: МАРАТ ХАСАНАЕВТЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа. *Мақалада Қазақстанның тәуелсіздік қарсаңындағы және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы архив ісінің даму үдерістері қарастырылады. 1980 жылдардың соңы мен 1990 жылдардың басындағы қоғамдық-саяси өзгерістердің архив саласына ықпалы, бұған дейін қолжетімділігі шектеулі болған архив құжаттарын ғылыми айналымға енгізудің алғышарттары, сондай-ақ архив мекемелерінің тәуелсіз мемлекеттің жаңа жағдайларына бейімделу үдерістері талданады. Осы тарихи кезең аясында Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивін басқарған архив ісін ұйымдастырушы, архивтанушы және публицист Марат Жақсыбайұлы Хасанаевтың кәсіби және қоғамдық қызметіне ерекше назар аударылады.*

Мақалада М. Хасанаевтың архив құжаттарына қолжетімділікті кеңейтуге, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық, Алаш қозғалысы және ұлттық тарихтың басқа да күрделі мәселелеріне қатысты дереккөздерді анықтап, ғылыми айналымға енгізуге қосқан үлесі қарастырылады. Сонымен қатар тәуелсіз Қазақстанның архив жүйесінің құқықтық және ғылыми-әдістемелік негіздерін қалыптастырудағы рөлі сараланады. Оның архивтанушы мамандарды даярлау, зерттеушілермен өзара ынтымақтастық орнату, сондай-ақ архив құжаттарын тарихи сананы қалыптастыру мен қоғамның тарихи жадын сақтаудың маңызды құралы ретінде пайдалану бағытындағы қызметіне де назар аударылады.

Түйін сөздер: *архив ісі, архивтану, тәуелсіз Қазақстан, Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві, архив құжаттары, тарихи жады, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық, Алаш қозғалысы, Марат Хасанаев.*

Кіріспе. Архив – мемлекеттің тарихи жады мен құжаттық мұрасын сақтайтын, қоғамның өткенін ғылыми тұрғыдан зерделеуге мүмкіндік беретін маңызды әлеуметтік институт. Архивтік құжаттар мемлекеттің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени тарихын зерттеудің негізгі дереккөздерінің бірі болып табылады. Сондықтан архив ісінің даму тарихын зерттеу тек арнайы архивтану ғылымы үшін ғана емес, ұлттық тарихтың деректік негіздерін пайымдау үшін де маңызды.

Қазақстандағы архив ісінің дамуында XX ғасырдың 1980 жылдарының соңы мен 1990 жылдардың алғашқы жартысы ерекше кезең болды. Қайта құру, жариялылық және демократияландыру үдерістері қоғамның тарихи өткенге деген көзқарасын өзгертті. Бұған дейін ғылыми айналымға толық енгізілмеген немесе қолжетімділігі шектеулі болған құжаттарға деген сұраныс күшейді. Ұлттық тарихтың «ақтаңдақтарын» қайта қарау, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, ашаршылық тарихын зерттеу, Алаш қозғалысының қайраткерлерінің мұрасын зерделеу сияқты бағыттар қоғамдық және ғылыми күн тәртібіне шықты.

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы қоғамдық сананың жаңғыруына елеулі ықпал етсе, 1980 жылдардың соңындағы қоғамдық-саяси өзгерістер тарихи әділеттілікті қалпына келтіру үдерісін жеделдетті. 1989 жылы «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының құрылуы да осы қоғамдық сұраныстың көрінісі болды.

1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауы архив саласына да жаңа міндеттер жүктеді. Кеңестік мемлекеттік басқару жүйесінің құрамында қызмет етіп келген архив мекемелері тәуелсіз мемлекеттің тарихи-мәдени саясатына сәйкес жаңа институционалдық және құқықтық жағдайға бейімделе бастады.

Осы тарихи өзгерістер кезеңінде архив ісінің ұйымдастырылуы мен дамуына үлес қосқан тұлғалардың бірі – Марат Жақсыбайұлы Хасанаев.

Зерттеу әдістері мен деректік негізі

Зерттеудің негізгі деректік базасын Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің қорларында сақталған М. Хасанаевтың жеке тектік архив құжаттары, жарияланған мақалалары мен сұхбаттары, оның замандастарының естеліктері және архив ісіне қатысты нормативтік-құқықтық актілер құрайды.

Мақалада тарихи-салыстырмалы, тарихи-биографиялық, деректанулық және жүйелік талдау әдістері қолданылды. Тарихи-биографиялық әдіс М. Хасанаевтың кәсіби жолын архив саласындағы институционалдық өзгерістермен байланыстыра қарастыруға мүмкіндік береді. Деректанулық талдау оның қызметіне қатысты құжаттар мен естеліктердің мазмұнын салыстырып, олардың тарихи маңызын бағалауға бағытталды.

Мақаланың деректік базасы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивіндегі М. Хасанаевтың жеке тектік №2222 қоры.

1980–1990 жылдар тоғысындағы архив ісі.

1980 жылдардың екінші жартысында Қазақстан қоғамында болған саяси және әлеуметтік өзгерістер архив ісіне тікелей әсер етті. Жариялылық тарихи деректерге деген сұранысты күшейтіп, бұрын жабық немесе шектеулі пайдаланылған құжаттарды қайта қарауға алғышарт қалыптастырды.

Алаш қайраткерлерінің есімдерін қайтару, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау, ашаршылық салдарын зерттеу, ұлттық тіл мен мәдениеттің тарихын зерделеу бағытындағы ізденістер архив қорларындағы деректердің ғылыми маңызын арттырды.

Бұл кезеңде архивистің дәстүрлі қызметі – құжатты қабылдау, есепке алу және сақтау міндеттерімен қатар, архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізу, зерттеушілермен жұмыс жүргізу және қоғамға тарихи ақпарат жеткізу міндеттерімен толықты. М. Хасанаевтың кәсіби қызметін дәл осы тарихи өзгерістер аясында бағалау қажет.

Марат Жақсыбайұлы Хасанаев 1974 жылы Мәскеу мемлекеттік тарихи-архив институтын тәмамдағаннан кейін Қазақстанның архив жүйесінде кәсіби қызметін бастады. Ол Қазақ КСР Орталық мемлекеттік архивінде ғылыми қызметкер, кейін Архивтер мен құжаттама Бас басқармасында инспектор болып еңбек етті. 1980 жылдан бастап архив мекемесінің басшылық қызметіне келді. 1994–1997 жылдары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Архивтер мен құжаттама Бас басқармасының басшысы қызметін атқарды.

Оның кәсіби қызметінің маңызды кезеңі – Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі алғашқы жылдар. Бұл уақытта архив жүйесі жаңа мемлекеттік басқару жағдайына бейімделумен қатар, ұлттық тарихи мұраны сақтау мен ғылыми айналымға енгізудің жаңа тәсілдерін іздестірді.

М. Хасанаев архив ісін тек әкімшілік сала ретінде емес, тарихи ғылымның деректік инфрақұрылымы ретінде қарастырған архивистер қатарында болды.

Ол «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының жұмысына және саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі комиссия қызметіне араласып, саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық тарихына, Алаш қайраткерлерінің мұрасына қатысты құжаттарды іздеу жұмыстарына атсалысты.

Бұл қызметтің ғылыми маңызы – бұрын тарихи зерттеулерде жеткілікті пайдаланылмаған архив деректерін анықтап, оларды ғылыми айналымға енгізуінде.

Оның замандасы «Әділет» тарихи – ағарту қоғамы төрағасының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты Б. Қойшыбаев «...жазуының уыты өткір асыл азамат, тарихшы-қаламгер Хасанаевтың баспасөз бетіндегі үні зор, әрі өр шығушы еді. Оның публицистикалық ізденіс ауқымы өте кеңдігімен ерекшеленетін. Ол өзі басқарып отырған алып мұрағаттың мол қазынасын жақсы білетін және оларды өз орнымен тиімді пайдалана алатын» - деп еске алады.

Тәуелсіздік – архив ісінің құқықтық негіздерін жаңартуды қажет етті. Архив мекемелері кеңестік кезеңнен қалған басқару қағидаларымен қатар, егемен мемлекеттің ұлттық мүдделеріне сәйкес жаңа құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктерді қалыптастыруға тиіс болды.

М. Хасанаев осы кезеңде әлемдік архив ісінің тәжірибесін зерделеуге, Ұлттық архив қоры мен архивтер туралы заңнамалық негіздерді қалыптастыруға және архив ісіндегі ұлттық терминологияны орнықтыруға үлес қосты.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» заңы 1998 жылғы 22 желтоқсанда қабылданды. Заң Ұлттық архив қоры құжаттарын жинақтау, сақтау, мемлекеттік есепке алу және пайдалану, сондай-ақ архив ісін мемлекеттік басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Қазіргі редакцияда заң архив құжаттарын электрондық нысанға аудару және цифрлық архив мәселелерін де қамтиды.

Осы заңнамалық дамудың бастауларын тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы архив саласының кәсіби пікірталастарымен және құқықтық негіз қалыптастыруға бағытталған бастамалармен сабақтастыра қарастыруға болады.

Тәуелсіз Қазақстан архив саласының алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі – халықаралық кәсіби кеңістікке ену болды. Бұл бағытта архив мекемелерінің шетелдік әріптестермен байланыс орнатуы, тарихи құжаттарды бірлесіп зерттеу және архивтік мұраны халықаралық деңгейде қорғау мәселелері өзекті болды.

Қазіргі Қазақстан заңнамасында архив саласындағы халықаралық ынтымақтастық жеке тарау ретінде қарастырылған. Заң архив мекемелері арасындағы халықаралық байланыстарды кеңейтуге және халықаралық шарттар негізінде архив құжаттарын бірлесіп пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстанның архив саласының халықаралық кәсіби байланыстары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жандана түсті.

1991–1992 жылдары кеңестік партиялық құрылымдардың таратылуы архив қорларының тағдырына да әсер етті. Бұрынғы партия архивтерінің құжаттарын мемлекеттік архив жүйесіне қабылдау, сақтау және ғылыми айналымға енгізу мәселесі туындады.

Бұл үдеріс тәуелсіз Қазақстан архив ісіндегі институционалдық сабақтастық пен тарихи мұраны сақтаудың күрделі мәселелерінің бірі болды. Архив қорларының жаңа жүйеге интеграциялануы құжаттарды сақтау ғана емес, олардың құрамын анықтау, ғылыми сараптау және пайдаланушыларға қолжетімділігін қамтамасыз ету міндеттерін де қамтыды.

М. Хасанаевтың кәсіби қызметінің тағы бір маңызды бағыты – архивтану саласында мамандар даярлау. Ол Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде архивтану пәнінен сабақ беріп, студенттердің архив құжаттарымен практикалық жұмыс істеуіне мүмкіндік жасаған. 1994–1995 жылдары араб графикасын меңгерген тарих факультеті студенттерін архив тәжірибесіне тартып, тәркілеуге қатысты құжаттарды кириллицаға түсіру жұмыстарына қатыстырған.

Бұл тәжірибенің ғылыми-әдістемелік маңызы бүгінгі күні де өзекті. Себебі тарихи құжаттарды оқу, мәтінтанулық тұрғыдан саралау, транскрипциялау және цифрлық форматқа көшіру қазіргі архивтанудың маңызды бағыттарының бірі болып отыр.

Бүгінде архивтану пәнаралық сипатқа ие. Дәстүрлі деректану мен құжаттануға цифрлық гуманитаристика, ақпараттық технологиялар, электрондық құжат айналымы және цифрлық архив технологиялары қосылды.

М. Хасанаев архив ісін ұйымдастырумен қатар, зерттеушілік және публицистикалық қызметімен де танылды. Оның еңбектерінде Шығыс Түркістан тарихы, 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық, тіл саясаты, Желтоқсан оқиғасы, Алаш қайраткерлері және қазақ тарихының басқа да мәселелері қамтылды.

Оның «Абай. Өмірдің қара көлеңке шақтары» атты мақаласы тарихи тұлғаның өміріндегі күрделі кезеңдерді архив деректерімен сабақтастыра қарастыруымен ерекшеленеді.

М. Хасанаевтың публицистикасын архив құжаттарын ғылыми-көпшілік айналымға енгізудің бір формасы ретінде бағалауға болады. Бұл тұрғыдан оның қызметі қазіргі архивтердің ғылыми-ағартушылық функциясымен сабақтас.

Тұлғаның кәсіби қызметін зерттеуде оның замандастарының естеліктері қосымша деректік маңызға ие.

Саясаттанушы ғалым Әзімбай Ғали М. Хасанаевтың зерттеушілермен жұмыс істеудегі ашықтығын, архив қорларындағы деректерді іздестіруге бағыт-бағдар бергенін және ғылыми ізденістерге қолдау көрсеткенін атап көрсетеді. «Марат үлкен ғалым еді. Мұрағатқа келгенде, біз білмейтін, естімеген деректерді айтып, бағыт беріп, ғылыми жетекші рөлін атқаратын, көңілі мырза жан еді. Кейбір деректерді зерттеушілер өздеріне жеке тақырыпқа қалдырып қоятын. Марат кез келген адамға, зерттеушіге өзі деректерді беріп отыратын. Кеңес дәуірінен қалған әдет, мұрағат монополиялық мекеме болғандықтан мұрағат қорындағы, тарихи құжаттарды мейлінше бермеуге тырысып, мынаған рұқсат жоқ деп, сөйтіп үзіп-жұлып, барлығын шеңберге салып, тарихи үрдістің жүйесін жоғалтатындай жағдай жасайтын, яғни ғылыми жұмысқа кедергі жасау мақсатын қоятын. Ал Марат тарапынан керісінше қолдау болатын.

Екінші жағы, ол Мараттың жеке басының қайраткерлігі. Марат өзі мемлекеттік қызметте болса да, қоғамды демократияландыруға атсалысты. Біздің ең алғашқы назар аударғанымыз – өзінің жеке ізденістерімен, публицистикаларымен көзге түсті. Сондай жазғыш, зерттегіш үлкен қабілеті бар еді. Алғашқы тақырыптардың бірі, ол – ашаршылық жылдарындағы шығын болды. Невадовскаяның дәптерін, адамдардың өлеңдерін, суреттерін жариялаған, тағы-тағы сол сияқты еңбегі көп, мынау Алаш қайраткерлерінің дүниелерін шығаруға еңбек сіңірді, қандай бір тарихи, келелі проблемаларыңмен келсең, өзіңнің ойыңды кеңейтіп, алдыңа төгіп тастап, өзі соны саралап, жүйелеп беретін» – дейді.

Мұндай естеліктерді архивтік құжаттармен салыстыра пайдалану М. Хасанаевтың қызметін тек жеке тұлғалық сипатта емес, сол кезеңдегі архив ісінің даму контекстінде бағалауға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге естеліктер субъективті дерек түріне жататындықтан, оларды ресми құжаттармен және жарияланған материалдармен салыстыра отырып пайдалану қажет. Бұл – тұлғатану және архивтану зерттеулерінің маңызды методологиялық қағидаларының бірі.

М. Хасанаев қызметінің тарихи маңызын бүгінгі архив ісінің даму үрдістерімен байланыстыра қарастыру қажет.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында негізгі мәселе архив қоймаларында сақталған тарихи деректерді анықтап, оларды ғылыми айналымға енгізу болса, қазіргі кезеңде бұл міндеттер цифрландыру, электрондық құжаттарды сақтау, цифрлық архивтер құру және тарихи деректердің қашықтан қолжетімділігін қамтамасыз ету бағыттарымен толықты.

Қазақстанның қолданыстағы архив заңнамасында архивтік құжаттарды электрондық нысанға аудару және цифрлық архив ұғымдары заңнамалық деңгейде бекітілген.

Сондықтан архивтің қазіргі қоғамдағы рөлі «құжат сақтау» ұғымымен ғана шектелмейді. Архив – ғылыми зерттеу, білім беру, тарихи жадыны сақтау және қоғамдық коммуникация орталығы.

Осы тұрғыдан алғанда, М. Хасанаевтың архив құжаттарын зерттеушілерге қолжетімді етуге, тарихи деректерді ғылыми айналымға енгізуге және архивтің қоғамдық маңызын арттыруға бағытталған қызметі қазіргі архивтанудың негізгі міндеттерімен сабақтас.

Қорытынды. Қазақстандағы тәуелсіздік кезеңінің алғашқы жылдары архив ісі үшін институционалдық өзгерістермен сипатталатын маңызды тарихи кезең болды. Архив мекемелері кеңестік басқару жүйесінен жаңа мемлекеттік жағдайға бейімделіп қана қоймай, ұлттық тарихи мұраны сақтаудың және тарихи сананы қалыптастырудың маңызды институтына айнала бастады.

Осы үдерісте Марат Жақсыбайұлы Хасанаевтың қызметі ерекше мәнге ие. Оның кәсіби жолы Қазақстан архив ісінің кеңестік жүйеден тәуелсіз ұлттық архив жүйесіне өту кезеңімен тығыз байланысты.

М. Хасанаевтың архив ісін ұйымдастырудағы қызметі, тарихи құжаттарды іздеу және ғылыми айналымға енгізу жұмыстарына қатысуы, саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық сияқты күрделі тарихи тақырыптарды зерттеуге ықпал етуі, архивтану пәнін оқытуы және архив ісінің құқықтық-ұйымдастырушылық негіздерін қалыптастыруға араласуы оның кәсіби мұрасын архивтану тарихының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері М. Хасанаев феноменін тек архив мекемесінің басшысы немесе архивист ретінде ғана емес, тәуелсіздік кезеңіндегі архивтік реформалардың қалыптасуына ықпал еткен кәсіби тұлға ретінде қарастыру қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар оның қызметіне қатысты архивтік құжаттарды жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізу, жеке қорындағы материалдарды зерттеу, жарияланымдарын библиографиялық тұрғыдан саралау және замандастарының естеліктерін деректанулық талдаудан өткізу болашақ зерттеулердің перспективалы бағыттары болып табылады.

Қазіргі цифрлық дәуірде архив ісінің алдына жаңа міндеттер қойылып отыр. Цифрландыру мен электрондық архивтер тарихи деректердің қолжетімділігін кеңейтсе, жасанды интеллект пен цифрлық гуманитаристика архив құжаттарын сипаттау, іздеу және ғылыми зерттеу әдістерін жаңғыртуға мүмкіндік береді. Бұл жағдайда архивистің кәсіби рөлі де өзгереді: ол тек құжат сақтаушы емес, тарихи деректердің ғылыми айналымын ұйымдастырушы және қоғамның тарихи жады мен цифрлық білім кеңістігін байланыстырушы маманға айналады.

Марат Хасанаевтың кәсіби мұрасын осы жаңа ғылыми парадигма тұрғысынан қайта зерделеу Қазақстан архивтануының тарихын тереңірек түсінуге және тәуелсіздік кезеңіндегі архив ісінің қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Хасанаев М. Парыз. Сұхбаттар. Мақалалар. Құраст. Б. Қойшыбаев. Алматы: «Арыс», 2013. 192 б.

2. Құсанбек Б. Бір сәт және бүкіл ғұмыр. Алматы: Раритет, 2012. 368 б.

3. Хасанаев М. Парыз. Сұхбаттар. Мақалалар. Алматы: «Арыс», 2013.– 192 б.

4. Қазақстан Республикасының «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Заңы. 1998 жылғы 22 желтоқсан, №326-I.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 7 қазандағы №1538 қаулысы. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры туралы ереже.

6. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. №2222 қор. №1 тізімдеме. Марат Жақсыбайұлы Хасанаевтың жеке тектік құжаттары.

МРНТИ 13.71.09

Ғазиза ИСАХАН
Архивист, отличник архивного дела

АРХИВНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА НАКАНУНЕ И В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ: ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МАРАТА ХАСАНАЕВА

Аннотация. *В статье рассматриваются процессы развития архивного дела в Казахстане накануне обретения независимости и в первые годы независимого развития страны. Анализируется влияние общественно-политических изменений конца 1980-х – начала 1990-х годов на архивную сферу, предпосылки введения в научный оборот ранее ограниченных в доступе архивных документов, а также адаптация архивных учреждений к новым государственным условиям. В контексте этих процессов особое внимание уделяется профессиональной и общественной деятельности Марата Жаксыбаевича Хасанаева — организатора архивного дела, архивоведа и публициста, возглавлявшего Центральный государственный архив Республики Казахстан.*

Рассматривается вклад М. Хасанаева в расширение доступа к архивным документам, выявление и введение в научный оборот источников по политическим репрессиям, голоду, движению Алаш и другим сложным вопросам национальной истории, а также в формирование правовой и научно-методической основ архивной системы независимого Казахстана. Кроме того, анализируется его деятельность в сфере подготовки специалистов-архивистов, взаимодействия с исследователями и использования архивных документов как важного инструмента формирования исторического сознания общества.

Ключевые слова: *архивное дело, архивоведение, независимый Казахстан, Центральный государственный архив Республики Казахстан, архивные документы, историческая память, политические репрессии, голод, движение Алаш, Марат Хасанаев.*

IRSTI 13.71.09

Gaziza ISAKHAN
Archivist, Excellence in Archival Affairs

ARCHIVAL AFFAIRS IN KAZAKHSTAN ON THE EVE OF AND DURING THE EARLY YEARS OF INDEPENDENCE: THE CONTRIBUTION OF MARAT KHASANAYEV

Abstract. *The article examines the development of archival affairs in Kazakhstan on the eve of independence and during the early years of the country's independent development. It analyzes the impact of the socio-political transformations of the late 1980s and early 1990s on the archival sector, the prerequisites for introducing previously restricted archival documents into scholarly circulation, and the adaptation of archival institutions to the new conditions of an independent state. Particular attention is paid to the professional and public activities of Marat Zhaksybayevich Khasanayev, an organizer of archival affairs, archivist, and publicist who headed the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.*

The article examines M. Khasanayev's contribution to expanding access to archival documents, identifying and introducing into scholarly circulation sources relating to political repressions, the famine, the Alash movement, and other complex issues of national history. His role in establishing the legal and scholarly-methodological foundations of the archival system of independent Kazakhstan is also analyzed. Particular attention is given to his activities in training archival specialists, fostering cooperation with researchers, and promoting the use of archival documents as an important instrument for shaping historical consciousness and preserving the historical memory of society.

Keywords: *archival affairs, archival studies, independent Kazakhstan, Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, archival documents, historical memory, political repressions, famine, Alash movement, Marat Khasanayev.*

Paidalanılğan ädebïetter

1. Khasanaev M. Paryz. Sūkhbattar. Maqalalar. Qūrast. B. Qoishybaev. Almaty: «Arys», 2013. 192 b.

2. Qūsanbek B. Bir sät jäne bükil gūmyr. Almaty: Raritet, 2012. 368 b.

3. Khasanaev M. Abai. Ömirdiñ qara köleñke shaqtary // Paryz. Sūkhbattar. Maqalalar. Almaty: «Arys», 2013. 165–170-bb.

4. Qazaqstan Respublikasynyñ «Ūlttyq arhiv qory jäne arhivter turaly» Zañy. 1998 jylgy 22 jeltoqsan, №326-I.

5. Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 1999 jylgy 7 qazandagy №1538 qaulysy. Qazaqstan Respublikasynyñ Ūlttyq arhiv qory turaly ereje.

6. Qazaqstan Respublikasy Ortalyq memlekettik arhivi. №2222 qor. №1 tizimdeme. Marat Jaqsybaiūly Khasanaevtyñ jeke tektik arhivi.

Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві құрылғанына 20 жыл

Тұрсынгүл ҚҰСАЙЫНОВА

Архив саласының үздігі,
ҚР Ұлттық архиві директорының орынбасары

ҰЛТТЫҚ АРХИВТІҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Архив – уақыт пен ұрпақ арасын жалғайтын алтын көпір. Ол – өткеннің үнсіз куәгері ғана емес, ұлттың тарихи жадын сақтайтын, мемлекеттің саяси-құқықтық және мәдени сабақтастығын қамтамасыз ететін бірегей рухани институт.

Қазақстандағы архив ісінің қалыптасу тарихы XX ғасырдың алғашқы ширегінен бастау алады. Кеңестік кезеңде архив жүйесі орталықтандырылған мемлекеттік басқару қағидаттары негізінде қалыптасып, тарихи құжаттарды жинақтау, есепке алу, сақтау және ғылыми айналымға енгізу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді.

Осы кезеңде мемлекеттік архивтер желісі құрылып, құжаттарды сақтау мен есепке алудың бірыңғай тәртібі қалыптасты. Архив ісі біртіндеп мемлекеттік маңызы бар салаға айналып, құжаттық мұраны сақтаудың құқықтық әрі ұйымдастырушылық негіздері қаланды.

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ел тарихының жаңа парағы ашылды. Бұл – тек саяси тәуелсіздікке қол жеткізу ғана емес, ұлттық тарихи сананы қайта қалыптастырудың, өз мемлекеттілігіміздің құжаттық шежіресін жасаудың басталған кезеңі еді.

Сондықтан тәуелсіз Қазақстанға елдің жаңа тарихын жүйелі түрде жинақтайтын, сақтайтын және ғылыми айналымға енгізетін заманауи ұлттық архив қажет болды.

Қазақстан Республикасында архив ісін дамытудың құқықтық негізі Конституциямен, «Ұлттық архив қоры және архивтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және архив саласын реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілермен айқындалды. Бұл құжаттар Ұлттық архив қорының құрамын қалыптастыру, толықтыру, есепке алу, сақтау және пайдалану тәртібін белгілеп, архив мекемелерінің қызметін заманауи талаптарға сәйкес ұйымдастыруға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві қазіргі таңда осы заңнамалық негізде ұлттық құжаттқ мұраны жинақтап, сақтап, ғылыми және қоғамдық айналымға енгізіп келеді.



Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің тарихындағы маңызды белес – оның жеке ұлттық мекеме ретінде қалыптасуы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық архивінің ғимаратын салу туралы шешім 2002 жылғы 12 желтоқсанда қабылданып, ол Астана қаласының құрылыс нысандары тізіміне енгізілді.

Ал 2006 жылғы 19 шілдеде Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитетінің «Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві» мемлекеттік мекемесін құру туралы» № 692 қаулысы қабылданды.

Ұлттық архивтің ресми ашылуы Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 15 жылдығы қарсаңында – 2006 жылғы 14 желтоқсанда салтанатты түрде өткізілді.

Осылайша, Ұлттық архив өзінің тарихын тәуелсіз Қазақстанның алғашқы он бес жылдық даму кезеңімен сабақтастыра отырып бастады.

Бұл кездейсоқ сәйкестік емес еді. Өйткені Ұлттық архивтің дүниеге келуі – тәуелсіз мемлекетіміздің өз тарихын өзі түгендеуге, өз тағдырын өзі жазған кезеңнің құжаттарын өзі сақтауға деген тарихи қажеттіліктен туындады.

Бүгінде Ұлттық архив қорында 404 950 сақтау бірлігі жинақталған, 16 миллион кадрдан тұратын сақтандыру қоры жасақталған. Архивтің толықтыру көздері болып табылатын 278 ұйыммен тұрақты жұмыс жүргізіледі және оның қорларында тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңіне қатысты аса маңызды құжаттардың жүйелі түрде жинақталуы.

Архив қорларынан мемлекеттік басқару жүйесінің қалыптасуын, заң шығару үдерісін, конституциялық реформаларды, сыртқы саясатты, халықаралық қатынастарды, экономикалық жаңғыруды, әлеуметтік және мәдени саясатты, ғылым мен білімнің дамуын сипаттайтын мол деректерді кездестіруге болады.

Мәселен, Ұлттық архив қорларының қатарында Қазақстан Республикасының 1993 жылғы тұңғыш Конституциясының түпнұсқа мәтіні сақталған. Сонымен бірге Конституцияны әзірлеу мен қабылдау үдерісіне қатысты жобалар, Конституциялық комиссия отырыстарының стенограммалары, сараптамалық пікірлер, халықтық талқылауға қатысты материалдар және басқа да бірегей құжаттар бар.



Ұлттық архив қорларында бұдан бөлек Қазақстанның тәуелсіздік тарихына қатысты Президент Жарлықтары, мемлекеттік органдардың құжаттары, парламенттік материалдар, халықаралық байланыстарды сипаттайтын құжаттар, мемлекеттік рәміздер тарихына қатысты деректер, Астана қаласының қалыптасуы мен дамуына байланысты материалдар сақталады. Қазақстан тарихының әр кезеңіне қатысты осындай бірегей

деректер бар. Олардың арасында тәуелсіздік жылдарындағы мемлекеттілік тарихын айғақтайтын құжаттармен қатар, қазақ жерінің ежелгі және ортағасырлық тарихын тануға мүмкіндік беретін аса құнды материалдар да кездеседі.

Солардың бірі – ортағасырлық араб ғалымы әл-Идрисидің «Сурат әл-Ард» («Жер бейнесі») картасына қатысты дерек. Ұлттық архив материалдарында бұл карта XII ғасырға жататын аса құнды тарихи-географиялық жәдігер ретінде сипатталады. Карта ортағасырлық дүниенің географиялық түсінігін, сол дәуірдегі елдер мен жерлер туралы таным деңгейін зерделеуге мүмкіндік береді.

Ұлттық архив қорларының аса маңызды әрі мазмұнды бөлігінің бірі – жеке тектік қорлар.

Ұлттық архивте мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, жазушылардың, ақындардың, мәдениет және өнер өкілдерінің жеке құжаттық қорлары жинақталған. Олардың қатарында Әлкей Марғұлан, Жұмабек Тәшенов, Мырзатай Жолдасбеков, Әбсаттар қажы Дербісәлі, Мақсұт Нәрікбаев, Ақселеу Сейдімбек, Жандарбек Мәлібеков, Нұрлан Батпенов, Сұлтан Оразалин, Фариза Оңғарсынова, Илья Жақанов және басқа да көрнекті тұлғалардың жеке қорлары бар. Бұл қорлардың әрқайсысы – өз алдына бір әлем.

Мәселен, ғалымның жеке қорынан оның ғылыми еңбектерінің қолжазбасын, жұмыс дәптерлерін, зерттеу жазбаларын, хат-хабарларын, экспедициялық материалдарын кездестіруге болады.

Жазушы қорында шығарманың алғашқы нұсқасы, авторлық түзетулер, қолжазбалар, хаттар, күнделіктер, фотосуреттер мен шығармашылық жоспарлар бар.

Ал мемлекет қайраткерінің қорындағы құжаттар сол кезеңдегі саяси ахуалды, мемлекеттік шешімдердің қабылдану барысын, қоғамдық ойдың бағыттарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Демек, жеке қор – адамның өмірбаяны ғана емес, тұлға тағдыры арқылы ұлт тарихын танудың бірегей мүмкіндігі.

Ұлттық архивтің қорларын толықтырудағы маңызды бағыттардың бірі – шетел архивтерінде сақталған Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды іздестіру және елге қайтару.

Осы бағытта «Архив–2025» бағдарламасының орны ерекше.

Бағдарлама аясында шетелдік архивтерден, кітапханалардан және ғылыми орталықтардан қазақ халқының тарихына қатысты көптеген құжаттар анықталып, олардың көшірмелері Қазақстанға жеткізілді.

Қазіргі архив ісін цифрландырусыз елестету мүмкін емес. Қағаз құжаттың түпнұсқасы архивтің негізгі байлығы болып қала береді. Алайда цифрлық көшірме оны сақтаудың қосымша кепілі әрі зерттеушілерге қолжетімділікті арттыратын тиімді құрал.

Соңғы жылдары Ұлттық архивте цифрландыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Цифрланған құжаттардың үлесі 3 пайыздан 26 пайызға дейін өсті, электрондық форматқа 110 миллионнан астам бет көшірілді. Ірі форматтағы құжаттарды цифрлауға арналған зертхана жұмыс істейді, ал үлкен көлемдегі материалдар арасынан қажетті ақпаратты жылдам іздеуге мүмкіндік беретін интеллектуалды іздеу жүйесі енгізілді.

Сонымен бірге Қазақстандағы алғашқы автономды, интернет желісіне қосылмаған электрондық оқу залының ашылуы зерттеушілерге цифрлық құжаттармен қауіпсіз жұмыс істеуге мүмкіндік берді.

Бұл – архивтің дәстүрлі құндылықтарын сақтай отырып, заманауи технологиялық мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып отырғанын көрсетеді.

Соңғы үш жылдың өзінде мамандар 1 447 тарихи құжатты қалпына келтірді. Ұлттық архив бүгінде тек сақтау орны емес, ғылыми-әдістемелік орталық қызметін де атқарады. Мұнда Мемлекеттік қор каталогы жүргізіледі, архив ісіне қатысты нормативтік және әдістемелік құжаттар әзірленеді, ғылыми кеңестер мен семинарлар өткізіледі. Мемлекеттік тарих институтымен бірлесіп «Ғылыми зертхана» жобасы жүзеге асырылып келеді. Соңғы үш жылда республика көлемінде жиырмаға жуық ғылыми-тәжірибелік семинар өткізілді. Ұлттық архив жанындағы Біліктілікті арттыру орталығы мыңнан астам маманға сертификат табыстады.



Бұл – архив ісінің кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды жұмыстар.

Ұлттың тарихи жады ұрпақтан ұрпаққа берілуі үшін архивтің есігі жас ұрпаққа да ашық болуы керек. Осы мақсатта «Архив және болашақ ұрпақ» жобасы аясында ашық есік күндері тұрақты ұйымдастырылып келеді. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен бірлесіп «Қазақстан тарихы» кабинетінің ашылуы да осы бағыттағы маңызды бастамалардың бірі. Өйткені архивпен ерте танысқан жас зерттеуші тарихты оқулықтағы дайын мәтін ретінде ғана емес, түпнұсқа дерек арқылы қабылдай бастайды. Ал түпнұсқа құжатпен жұмыс істеген жас ұрпақтың тарихқа көзқарасы да өзгеше қалыптасады.



Ұлттық архивтің қоғамдық маңызы жоғары цифрлық жобаларының бірі – «Мәңгілік жадымызда – Вечная память» порталы. Бүгінде онда 705 мыңнан астам майдангер туралы мәлімет жинақталған. Бұл – тек статистикалық көрсеткіш емес. Бұл – әрқайсысының артында тағдыр, отбасы, сағыныш, үміт пен ел тарихы тұрған жүздеген мың адамның есімін ұмыттырмауға бағытталған үлкен рухани жоба. Архивтің адам тағдырын сақтайтын осындай миссиясы оның қоғамдық маңызын одан әрі арттыра түседі. Бүгінде Ұлттық архив зерттеушілер, тарихшылар, журналистер, студенттер және жалпы қоғам үшін ашық ғылыми-мәдени орталық ретінде қалыптасып келеді.



Архив құжаттарының ғылыми айналымға енуі – тарихи білімнің тереңдеуіне мүмкіндік береді. Жыл сайын архивте жүздеген мәдени-ағартушылық іс-шара өткізіліп, құжаттар жинақтары, фотоальбомдар мен әдістемелік басылымдар жарық көреді. Бұл ретте архивтің басты қағидаларының бірі – «сақтау» мен «пайдалануды» қатар алып жүру. Өйткені пайдаланылмаған құжаттың ғылыми және қоғамдық әлеуеті толық ашылмайды. Ал қоғамға ұсынылған, зерттелген, жарияланған құжат тарихи жадының белсенді бөлігіне айналады.

Ұлттық архив халықаралық архив қауымдастығымен ынтымақтастықты да тұрақты дамытып келеді. Шетелдік архивтермен, ғылыми орталықтармен және халықаралық ұйымдармен бірлескен ғылыми жобалар, көрмелер, конференциялар мен дөңгелек үстелдер ұйымдастырылады.

Мұндай байланыстар шетел архивтерінде сақталған Қазақстан тарихына қатысты құжаттарды анықтауға, олардың көшірмелерін елге жеткізуге және ғылыми айналымға енгізуге мүмкіндік береді.

Ұлттық архивтің халықаралық байланыстары Ресей, Өзбекстан, Түркия, Эстония, Франция, Сауд Арабиясы және басқа да мемлекеттердің архив мекемелерімен ынтымақтастықты қамтиды.

Бұл – Қазақстан тарихының әлемдік тарихи кеңістіктегі орнын айқындауға мүмкіндік беретін маңызды бағыт.

Бүгінде Қазақстан Республикасының Ұлттық архиві – тәуелсіз Қазақстан тарихының басты құжаттық қоймасы ғана емес, ғылыми-зерттеу, мәдени-ағартушылық және ақпараттық қызметті жүзеге асыратын жетекші мекеме.

Ұларбек ДӘЛЕЙҰЛЫ


Жазушы, тарихшы

ДАЛА ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ: МАРИ ФАВЕРО ЖӘНЕ АЛТЫН ОРДА ФЕНОМЕНІ

Әлемде Алтын Орда туралы жазылған кітап көп. Бірақ олардың дені бұл мемлекетті өз ішінен емес, өзгенің көзімен жазады. Орыс жылнамашысы үшін ол алым алушы Орда, парсы тарихшысы үшін Шыңғыс әулетінің батыстағы бір тармағы, еуропалық автор үшін Еуропаның қақпасына келіп тірелген қорқынышты атты әскер, ал кейінгі ұлттық тарихнамалар үшін әркім өзіне қарай тартатын ортағасырлық мұра.

Француз тарихшысы Мари Фавероның «Алтын Орда. Дала империясы әлемді қалай өзгертті» *(The Horde: How the Mongols Changed the World)* атты еңбегінің құндылығы – осы қалыптасқан көзқарасты төңкеріп, Алтын Ордаға сырттан немесе жат көзбен емес, Орданың өз ішінен қарауға ұмтылуында.

Алматыдағы **«Steppe & World Publishing»** баспа үйі шығарған қазақша басылымның «Алтын Орда. Дала империясы әлемді қалай өзгертті» деп аталуы оқырманға түсінікті. Алайда ағылшын түпнұсқасында кітаптың аты *The Horde* – «Орда». Мұның өзінде автордың бүкіл концепциясы жатыр. Фаверо «Орда» сөзін қазіргі тілдердегі «қаптаған тобыр», «жойқын қол» деген жағымсыз реңктен аршып алып, оның байырғы саяси мағынасын қалпына келтіруге тырысады. Орда – ханның көшпелі сарайы ғана емес, билік орны, әскер, адамдар қауымы, қазына, кеңсе, шаруашылық және билеуші әулеттің айналасына шоғырланған тұтас саяси жүйе. Фавероның басты ойы да осы: даладағы мемлекетті отырықшы дүниенің өлшемімен өлшеуге болмайды.



Бұл пікірге Фаверо бір күнде келе салмағаны белгілі. 2026 жылы Қазақстанға келген сапарында ол Алтын Орда тарихын зерттеуді Парижде студент кезінде, шамамен жиырма жыл бұрын бастағанын айтты. Ол кезде Батыста Жошы ұлысы туралы қолжетімді еңбектер аз, ал кеңестік тарихнаманың ықпалы күшті болатын. Көшпенді қоғам көбіне отырықшы өркениеттің сыртында қалған, қиратуға бейім, өзі дербес күрделі мемлекеттік жүйе жасай алмаған орта ретінде сипатталды. Фаверо осы түсінікке күмән келтіреді. Жазба деректерді ғана емес, археологияны, нумизматиканы, өнер тарихын, сауда мен дипломатия құжаттарын қатар қарастырып, Ресей, Қырым, Түркия, Орталық Азия архивтері мен тарихи орындарын аралайды. Оның кейінгі атақты кітабы – осы ұзақ жолдың қорытындысы.

Тіпті зерттеуінің тамыры автордың өзі атаған «жиырма жылдан» да әріде жатыр. Фаверо 2004 жылдың желтоқсанында Париж-Сорбонна университетінде **«Алтын Орда 1377-1502 жылдары: «тарихсыз ғасырдың" дереккөздері»** деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. Ол жұмыстың өзінде-ақ тарихнамада орныққан «XIV ғасырдың екінші

жартысынан кейін Алтын Орда тек құлдыраумен болды» деген қарабайыр схемаға қарсы шығады. Ең маңыздысы – Орда тарихын тек сыртқы бақылаушылардың сөзімен емес, хан кеңсесінің өзінен шыққан жарлықтар, дипломатиялық хаттар арқылы тануға ұмтылады. Яғни *The Horde* – кейінірек жазылған кітап болғанымен, оның ғылыми өзегі кемінде ширек ғасырға жуық қалыптасқан.

Фаверо бұл тақырыпқа аспаннан түсе қалған зерттеуші емес. Оның еңбегінің артында XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында Шыңғыс империясын жаңаша пайымдаған үлкен халықаралық мектеп тұр. Ең алдымен Томас Оллсеннің есімін атау керек. Ол Шыңғыс дәуірін жеке-жеке Қытай, Иран, Русь, Орталық Азия тарихына бөлшектемей, Еуразия кеңістігін байланыстырған біртұтас жүйе ретінде қарастыруға жол ашқан ғалымдардың бірі. Фаверо осы бағытты дамытады. Оның интеллектуалдық ортасынан Питер Джексон, Михал Биран, Ходоң Ким, Дэвид Морган, Тимоти Мэй секілді Шыңғыс империясын зерттеушілерді; Алтын Орданың исламдануын терең талдаған Девин ДеУизді; Жошы ұлысының Мысыр мәмлүктерімен қатынасын зерттеген Реувен Амитайды; Қара теңіз бен қыпшақ даласының тарихын қарастырған Иштван Вашариді бөле атауға болады. Шығыс Жошы ұлысын түсіндіруде Томас Оллсеннің Орда-Ежен әулеті туралы классикалық зерттеуінің салмағы айрықша.

Қазақстандық тарихшы Қанат Өскенбай да Фаверо кітабының осы шығыс қанатқа жаңа салмақ бергенін оның ең үлкен жетістіктерінің бірі деп бағалайды.

Фавероның жаңалығы жаңа дерек тапқанында ғана емес. Оның басты жаңалығы – бұрыннан белгілі деректердің арасындағы байланысты басқаша көруінде. Көптеген ескі еңбектерде көшпенді империяның ғұмыры қысқа болуы заңдылық секілді түсіндірілді: көшпенділер соғыс арқылы жер жаулап алады, біраз уақыт алым жинайды, кейін не отырықшы өркениетке сіңіп кетеді, не өзара қырқысудан ыдырайды. Фаверо бұған қарсы басқа сурет ұсынады. Оның Ордасы – жайылым мен сауда жолдарының қозғалысына бейімделген, орталығы қажет жағдайда бірге көшетін, билікті бір қолда қатырып қоймай, әулет мүшелері мен ақсүйек топтардың арасында үлестіре алатын аса икемді мемлекеттік құрылым.

Мұнда Фавероның өте маңызды байқауы бар. Біз мемлекет дегенде еріксіз астана, сарай, министрлік, шекара деген сияқты тұрақты мекеме іздейміз. Ал XIII-XIV ғасырдағы Қыпшақ даласының мемлекеті басқа табиғи ортадан туған. Ханның ордасы қыста бір жерде, жазда екінші жерде болуы мүмкін. Бірақ хан көшкенде билік жоғалып кетпейді: онымен бірге нөкер, кеңсе, қазына, күзет, елшілерді қабылдайтын орын, билік жүргізетін адамдар қозғалады. Мемлекеттік орталық ғимаратқа емес, билеуші әулет пен оны қоршаған саяси желіге байланған.

Осы тұрғыдан Фаверо Алтын Орданың табиғатын аша түседі. Сарай-Бату мен Сарай әл-Жәдид секілді қалалар аса маңызды болғанымен, Орда тек қалалық мемлекет емес еді. Дала мен қала біріне-бірі қарсы тұрған екі дүние емес, бір экономикалық кеңістіктің екі тынысы болатын. Дала мал, жылқы, тері және әскери күш берсе, қала ақша соқты, қолөнерді дамытты, базар мен халықаралық сауданы ұстап тұрды. Қырымдағы генуялықтар, Еділ бойындағы қалалар, Хорезм, Русь кінәздіктері, Мысыр мәмлүктері мен Орта Азия арасындағы байланыс осы кеңістікті Еуразияның аса ірі экономикалық күретамырына айналдырды. Сондықтан Фавероның Алтын Орданы алып әскери машина емес, тауар, адам, ақша, технология және идея қозғалысын қамтамасыз еткен империялық желі ретінде көрсетуі – кітаптың ең нанымды тұстарының бірі.

Мұндай көзқарас қазақ тарихы үшін айрықша маңызды. Өйткені Алтын Орда тарихының Батыста жазылған нұсқаларында оқиға көбіне Еділ бойы, Қырым және Русь төңірегінде жүреді. Бату әулеті алдыңғы қатарда да, қазіргі Қазақстан аумағын қамтыған Орда-Ежен ұлысы көмескі қалады. Фаверо осы теңсіздікті біршама түзеді. Ертіс пен Сырдария аралығындағы шығыс қанатты Жошы мемлекетінің шет аймағы емес, оның саяси-экономикалық жүйесінің маңызды бөлігінің бірі ретінде көрсетеді. Қанат Өскенбайдың «кітаптың шығыс Орда туралы тараулары ең сәтті бөлімдерінің бірі» деп бағалауы сондықтан орынды.

Дегенмен, *дәл* осы жерде кітапты мінсіз деп қабылдауға да болмайды.

Фаверо «орда» ұғымын қалпына келтіремін деп кей тұста оны тым кеңейтіп жібереді. *Ол* көшпелі саяси жүйені түсіндіру үшін «хандық» дегеннен гөрі «орда» мен «ұлыс» атаулары *дәлірек* деп есептейді. *Бұл* ойдың жаны бар: Жошы мемлекетінде билік жалғыз ханның әкімшілік аппаратына ғана тірелген жоқ. Ұлыстар, ордалар, әулет иеліктері, ханзадалар, әмірлер мен олардың әскери-саяси топтары қатар өмір сүрді. Бірақ «хандық» атауын мүлде екінші қатарға ысыру да дұрыс емес. Қанат Өскенбай орынды ескерткендей, *бұл* мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі бәрібір хан болды және хандық институт Еуразия көшпенділерінің саяси дәстүріндегі шынайы, заңды құрылым еді. Демек, Фавероның концепциясы мемлекетті жақсы түсіндіреді, бірақ оның терминологиясын даусыз ақиқат деп қабылдау шарт емес.

Осы сияқты Ақ Орда, Көк Орда атауларында да мәселе бар. Фаверо Орда-Ежен иелігін Көк Орда деп атайтын тарихнамалық дәстүрді пайдаланады. Қазақстан тарихнамасының елеулі бөлігі оны Ақ Орда деп таниды. Мұнда деректердің өзінде қайшылық бар, сондықтан бір атауды таңдап, екіншісін қате деу оңай емес. Қазақ оқырманы кітаптағы *бұл* атауды түпкілікті шешілген мәселе ретінде емес, әлі де пікірталастағы тарихнамалық нұсқалардың бірі ретінде қабылдағаны жөн.

Фаверо кейде батыл гипотеза мен *дәлелденген* фактінің арасын тым жақындатып та жібереді. Мәселен, Жошының Бөртенің меркіт тұтқынынан туғанына байланысты күмәнді биологиялық әкелік мәселесіне *ол* артық салмақ береді. Қанат Өскенбай мұны жеткілікті негізделмеген жорамал деп сынайды. Жошының Үргеніш қоршауынан кейін әкесінен біржола алшақтап, өзінің дербес саяси әлемін саналы түрде құра бастағаны туралы Фавероның желісі де әсерлі болғанымен, деректердің кейінгі дәуірлерде әулеттік саяси мақсатпен өңделгенін ескеру керек. *Бұл* – кітаптың әлсіз тұстарының бірі: кейде өте тартымды концепция деректің көмескілігінен алға шығып кетеді.

Тағы бір қауіп бар. Ғылым ұзақ уақыт көшпенділерді тек қиратушы күш ретінде қаралады деп сынаған Фаверо кей жерлерде таразының екінші басына тым ауып кетеді. Алтын Орданың саудаға жағдай жасағаны, діндерге төзімділігі, жергілікті басқару үлгілерін сақтап пайдаланғаны рас. Бірақ оның билігінің негізінде әскери күш те, алым-салық та, жазалау жорықтары да тұрды. Империяны тек қырып-жою тарихына айналдыру қандай біржақтылық болса, оны тек бейімделгіш, ашық, саудашыл жүйе ретінде жұмсартып көрсету де сондай қауіп тудырады. *Publishers Weekly* рецензиясы да кітаптың Шыңғыс әулеті билігінің қанды қырларын біршама көмескі қалдыратынын атап өткен.

Бірақ *бұл* сындар кітаптың басты ғылыми жаңалығын жоққа шығармайды. Фаверо Алтын Орданың қалай өмір сүргенін түсіндіруге келгенде өте сенімді. Оның мемлекеті «орталықтанбағандықтан әлсіз» емес, керісінше билікті таратып бере алғандықтан өміршең. Ұлыстың бір бөлігі дағдарысқа ұшыраса, саяси күш басқа әулетке немесе басқа аймаққа ауыса алады. Жергілікті халықтың тілін, дінін, құқығын түгел жойып, бәрін бір қалыпқа салуға тырыспайды. Өнім өндіретін қауымды орнында қалдырып, одан салық алады; пайдалы саудагерді қорғайды; жауынгер халықты әскерге қосады; шеберді қажет жерге көшіреді. Мұндай жүйе қазіргі орталықтанған ұлттық мемлекетке ұқсамайды, бірақ өз дәуірінің кеңістігіне таңғаларлықтай икемді бейімделген.

Осыдан келіп Қазақстан үшін ең өзекті мәселе туады: Фавероның зерттеу қорытындылары елімізде кең көлемде аталып өткен «Жошы ұлысына – 800 жыл» деген тұжырыммен қабысады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда **«Биыл Жошы ұлысының негізі қаланғанына 800 жыл толды»** деп атап көрсетті. Мұндағы 1224 жылды Жошы ұлысының саяси негізінің қаланған межесі ретінде қабылдау ғылыми негіз болған. Фавероның докторлық зерттеуінің өзінде Жошы иелігінің негізін 1220-жылдарға апарады

Бірақ «Жошы ұлысының құрылуы» мен біз кейін Алтын Орда деп атайтын толыққанды дербес мемлекеттің қалыптасуын бір мезет деп қарау дұрыс болмайды. Мұны Фавероның өзінің кейінгі академиялық еңбектері де айқын көрсетеді. Михал Биран мен Ходоң Ким редакциялаған *The Cambridge History of the Mongol Empire* жинағындағы Мари

Фаверо мен Роман Почекаевтың тарауы Алтын Орданың жеке саяси құрылым ретінде көтерілуін шамамен 1260-жылдардан бастайды. Яғни 1220-жылдары – Жошының ұлыстық иелігі қалыптасты; Батудың 1236-1242 жылдардағы батыс жорығынан соң оның кеңістігі орасан ұлғайды; ал XIII ғасырдың ортасынан кейін Берке дәуірінде Жошы мемлекетінің Ұлы қаған билігінен дербестігі барынша айқындалды.

Ал Президент Тоқаевтың «біз – Алтын Орданың тікелей мұрагеріміз» деген сөзіне келсек, бұл жерде Фавероның ұстанымы тіпті анық. Жақында берген сұхбатында одан дәл осы мәселе сұралғанда, тарихшы қазіргі Қазақстан аумағының басым бөлігі Алтын Орда құрамында болғанын айтып, Қазақстанды басқа халықтармен бірге оның тікелей мұрагері деп санауға болатынын ашық мәлімдеді. Президенттің 2026 жылғы халықаралық симпозиумда айтқан «Біз – мемлекет ісінде «Мәңгілік ел» идеясын ту еткен Алтын Орданың тікелей мұрагеріміз» деген тұжырымы мен Фаверо көзқарасының арасында бұл жағынан қайшылық жоқ.

Бірақ мұнда «тікелей мұрагер» деген сөзді «жалғыз мұрагер» деп те түсінбеу қажет. Қазақстанның тарихи сабақтастығының негізі өте салмақты. Қазіргі қазақ жерінің үлкен бөлігі Жошы ұлысының шығыс қанатына кірді. Орда-Ежен әулеті осы кеңістікте билік жүргізді. Кейінгі Ақ Орда, одан Қазақ хандығына өткен әулеттік желі Жошының тұңғышы Орда-Еженге барып тіреледі; қазақ хандарының билік заңдылығы Шыңғыс-Жошы әулетінен тарауына негізделді. Ұлыстық жер бөлу, хан сайлау, құрылтай, орда, әскери-әкімшілік дәстүр, дала дипломатиясының көптеген белгілері Қазақ хандығында жаңа жағдайда өмірін жалғастырды. Осы мағынада Қазақстанның Жошы ұлысымен сабақтастығы жай географиялық ұқсастық емес, аумақтық, әулеттік және саяси сабақтастық.

Мари Фаверо кітабының Қазақстан үшін ең үлкен маңызы осында болса керек. Ол біздің тарихымызға дайын ұлттық ұран ұсынып отырған жоқ. Керісінше, Жошы ұлысының қазақ тарихындағы орнын сыртқы тарихнаманың өзі мойындай алатын ғылыми негізге жақындатады. Бұрын Еуропа картасында «Русь үстіндегі татар билігі» болып көрінген мемлекеттің шығыс жартысы – Сарыарқа, Ертіс, Сыр бойы, Ұлытау кеңістігі – біртұтас Жошы әлемінің іргелі бөлігі ретінде қайта көрінеді.

Фавероның кітабы мінсіз еңбек емес. Оның кейбір болжамдары даулы, «орда» ұғымын әмбебап саяси кілтке айналдыруында асыра сілтеу бар, көшпелі жүйенің бейімделгіштігін кейде тым идеалдандырады. Жошы төңірегіндегі бірқатар жорамалдарына сақтықпен қарау керек. Ақ Орда мен Көк Орда атауы секілді Қазақстан тарихнамасы үшін принципті мәселелер де бұл кітаппен шешіліп қалған жоқ.

Ол «Алтын Орда нені қиратты?» деген ескі сұрақтың қасына «Алтын Орда нені құрды?» деген сұрақ әкелді. «Көшпенділер жаулап алған жерін қалай биледі?» дегенге қоса «дала қоғамының өзінің мемлекеттік ақылы қандай еді?» деген сұрақ қояды. Жошы ұлысын Мәскеудің алдындағы бір тарихи кезең немесе Шыңғыс империясының ыдырап түскен бөлшегі емес, үш құрлықтың арасындағы саудаға, дипломатияға, саяси құрылымдарға, этностардың араласуы мен жаңа мемлекеттердің тууына ықпал еткен дербес өркениеттік күш ретінде қарастырды.

Бір кездері тарихты тас қала тұрғызғандар ғана жасайтындай көрінген. Фавероның кітабы сол түсінікке қарсы бір қарапайым, бірақ салмақты ой айтады: кейде әлем тарихындағы ең ірі мемлекеттердің бірін құру үшін тас қабырға емес, кеңістікпен бірге қозғала білетін саяси жүйе қажет болған.

Ал Жошы ұлысының тарихы – соның ең ірі дәлелдерінің бірі.

ӘЛЕМ АРХИВТЕРІНЕН

HOW FIDA FUNDING HELPED STRENGTHEN ARCHIVAL RISK MANAGEMENT IN SENEGAL

Public archives in Senegal face growing risks, from physical deterioration to cyber threats. Discover how FIDA funding supported practical training, strengthened professional capacity and helped advance archival security through a nationally focused initiative.

Paris | 31 July 2026

Home » FIDA » How FIDA Funding Helped Strengthen Archival Risk Management in Senegal

Public archives are essential to preserving a nation's memory, supporting accountability and safeguarding cultural heritage. Yet without effective protection measures, they remain vulnerable to physical deterioration, disasters, cyber threats.

Recognising these challenges, a project led by **Assane Fall**, President of the Association Sénégalaise des Bibliothécaires, Archivistes, Documentalistes et Muséologues (ASBAD) *(Senegalese Association of Librarians, Archivists, Documentation Specialists and Museum Professionals)*, set out to strengthen archival risk management in Senegal. Supported by a grant from the Fund for the International Development of Archives (FIDA) following the **2026 FIDA Call for Projects**, the initiative focused on building professional capacity and promoting a stronger culture of archival security across the country.

Addressing the Need for Better Archive Protection

In Senegal, public archives face a range of challenges, including physical degradation, exposure to disasters, the absence of emergency response protocols and the increasing vulnerability of digital archives. At the same time, many professionals have had limited opportunities to receive specialised training in risk prevention and emergency preparedness.

The project responded to this need by equipping archivists with practical knowledge and helping lay the foundations for a national culture of archival security. It also aligned with the State's commitment to further structure the archival sector.



FIDA Support in Action

FIDA funding made it possible to organise **ARCHIPROTECT**, a two-day training workshop held in Dakar in partnership with the Directorate of Archives of Senegal.

The programme covered key aspects of archival risk management, including:

- Risk assessment;
- Physical security of archival repositories;
- Emergency response protocols;
- Cybersecurity;
- Preservation and backup planning.

Participants also explored practical case studies drawn from Senegalese institutions, including **OMVS, LONASE and UCAD**, allowing them to connect the training using case studies from Senegalese institutions.

The workshop brought together **25 professionals** from government bodies, local authorities and public institutions.

Beyond the training itself, participants developed practical action plans that could be implemented within their own organisations. They also produced shared recommendations, supported by ASBAD and the Directorate of Archives of Senegal, to contribute to the development of national archival security standards.

The project strengthened professional networks, and reinforced advocacy efforts for a national archives policy.



A Project with National Reach

By investing in professional knowledge and practical planning, the project helped create a stronger foundation for protecting archives in Senegal and demonstrated how targeted capacity-building can support long-term sector development.

Reflecting on the experience, project leader Assane Fall said:

The FIDA grant enabled us to transform a professional concern into concrete and lasting action. To those who hesitate: go for it. A well-targeted project, grounded in a real need and supported by strong partnerships, can have a national impact. FIDA does not just fund an activity: it gives credibility and momentum to an entire profession.

Photo credit: ASBAD

HOW PCOM FUNDING SUPPORTED SIATI 2026 AND ARCHIVAL COOPERATION ACROSS IBERO-AMERICA

How can project funding strengthen professional exchange and regional cooperation? Discover how PCOM funding supported SIATI 2026 in bringing archival professionals together across Ibero-America and explore the PCOM Call for Projects 2027.

Paris | 26 August 2026

Home » Governance and Operational » Programme Commission - PCOM » How PCOM Funding Supported SIATI 2026 and Archival Cooperation Across Ibero-America

Supported by a grant from the Programme Commission (PCOM) following the **2026 PCOM Call for Projects**, the 13th International Seminar on Archives of Iberian Tradition (SIATI) brought archivists, researchers and public officials together in Panama to exchange knowledge, share practices and strengthen regional cooperation.

Held in Panama in March 2026, **the 13th International Seminar on Archives of Iberian Tradition (SIATI)**, under the theme *Archives: Democracy, Innovation and Governance*, provided an opportunity for archival professionals, researchers and public officials from across Ibero-America to discuss emerging challenges and share experiences.

Led by **Alejandra Salazar**, President of the Latin American Regional Branch (ALA), the project addressed the need to strengthen professional exchange and regional cooperation among archival institutions across Ibero-America.

Addressing shared challenges in the archival field

The seminar created an opportunity to discuss issues including **digital transformation, documentary heritage, access to information and professional development**.

By bringing together archivists, researchers and public officials, SIATI supported the exchange of innovative practices and encouraged collaboration on these areas.

How PCOM Funding Supported SIATI

PCOM funding supported the participation of international keynote speakers and experts, contributing to the academic programme of the 13th SIATI.

The programme included lectures, panel discussions and knowledge-sharing sessions, providing participants with opportunities to exchange experiences and perspectives.





Strengthening professional networks

The seminar strengthened regional cooperation and facilitated the exchange of experiences among archival professionals from across Ibero-America.

It also promoted international networking, generated new opportunities for collaborative initiatives, supported the dissemination of good practices, and encouraged innovation in archival management and preservation.

As project leader Alejandra Salazar explains:

PCOM support made it possible to expand the international reach and academic quality of SIATI. Beyond funding, it strengthened collaboration, knowledge exchange, and professional networks, demonstrating how international cooperation can create lasting benefits for the archival community.

Photo credit: Asociación Latinoamericana de Archivos (ALA)



Inspired by this project?

The PCOM Call for Projects 2027 is still open for proposals for projects and initiatives planned for 2027. If you have a project that fosters professional development, knowledge sharing, capacity building, and innovation across the ICA network, PCOM offers an opportunity to turn it into action.

Applicants must be ICA members in good standing, or their parent organisation must already be an ICA member in good standing and partner with the applicant.

The application deadline is 18 September 2026.

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ЕЛОРДАЛЫҚ АРХИВТЕРДЕН

ҚАРАӨТКЕЛ – АСТАНА: ҒАСЫРЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ

Елорданың Мемлекеттік архиві Астана күніне орай «ASTANA LEGACY: Тарих. Жады. Болашақ» республикалық форумын өткізді. Іс-шараға Астананың қалыптасуына айрықша үлес қосқан азаматтар, қала әкімдігі мен мемлекеттік органдардың өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, архив саласының мамандары, тарихшы және әдебиеттанушы ғалымдар, қаламгерлер қауымы, жастар ұйымдары қызметкерлері қатысты.

Форумның басты мақсаты – елорданың тарихи дамуын архив құжаттары негізінде насихаттау, тарихи жадыны сақтау, ұлттық мұраны дәріптеу және қоғамның тарихи санасын нығайту болды. Жиын елорданың өткені мен бүгінін сабақтастырып, тарихи мұраны болашақ ұрпаққа насихаттауға бағытталған маңызды рухани алаңға айналды.



Форум аясында «Астана: кеше, бүгін, ертең» атты архивтік құжаттар көрмесі мен елорда тарихына арналған кітаптар көрмесі ұсынылды. Қараөткел өңірінің тарихи маңызын баяндайтын *«Қараөткел – Астананың тарихи негізі»* (Есіл бойындағы ғасырлар сабақтас¬тығы) атты деректі бейнеролик көрсетілді. Іс-шара барысында елорданың тарихи қалыптасуы, қоғамдық-әлеуметтік дамуы, рухани құндылықтары мен қазіргі келбеті әңгіме өзегіне арқау болды.

Жиынды ашқан Астана қаласы Мемлекеттік архивінің директоры Жангелді Бимолдин аталмыш басқосу елорда тарихына архив құжаттары арқылы жаңаша көз жүгірту мақсатында ұйымдастырылғанын айта келе, Астананың кешегі мен бүгінгі күнін сараптаудағы қалалық архивтің міндеттерін саралады.

Астана қаласы Ішкі саясат басқармасының басшысы Мирас Абдрахман елорданың бүгінгі әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық дамуымен таныстырды.

«Кеше ғана күшіне енген жаңа Конституцияда елорда мәртебесі айрықша орын алды.



Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп жиналғандарды жақындап қалған Астана күнімен құттықтай келе, күні кеше ғана жаңа Конституцияның күшіне енуі ел мен елорда өміріндегі үлкен оқиға болғанын, жалпы маңызды саяси шешімдер Астанада қабылданып жатқанын атап өтті.

Кешегі тарих архивте хатталса, бүгінгі тарих та содан орын алатынын айта келе, осы іс-шараның маңызын айтты.

Бұл бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Себебі Астана бүкіл өңірге үлгі болып келе жатыр» дей келе, басқарма басшысы қазіргі атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Соның ішінде осыдан үш-төрт жыл бұрын бас қалада су мен жылудан тапшылық болса, бүгіндері бұл мәселе толығымен шешілгенін, тіпті осы жағынан артық энергия өндіріліп жатқанын атап өтті.



Қазір елордада 1 млн 600 мың адам тұратынын, бұған қоса, бас қала маңындағы елді мекендерден күнде халық келетінін айта келе, барлық жұмыс халық санын ескеріп, жасалып жатқанын жеткізді, алда салынатын мектептер, т.б. әлеуметтік нысандар санына тоқталды.

Жиында Астана мемлекеттік қызмет хабы Басқарушы комитетінің төрағасы Алихан Байменов, мемлекет және қоғам қайраткері, Астана қаласының Құрметті азаматы Фарид Галимов, мемлекет және қоғам қайраткері Светлана Жалмағамбетова, «Астана» халықаралық университетінің магистранты Әділет Тұрсынбаев сөз сөйледі.

Форумның екінші бөлімінде әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Негимов кешегі Ақмола мен Целиноградтың қаламгерлері туралы айтып, елорданың бүгінгі қалам иелері жайында толғанды. Белгілі қаламгер, ғалым, ҚР ҰҒА академигі, «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы «Алаш және Астана» тақырыбында мазмұнды әңгіме өрбітті. Тележурналист, филология ғылымдарының докторы, профессор,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Тұрсын Құдайберген Целиноград телеарнасының тарихына тоқталып, қазір қалалық телеарна ашу керектігі жөнінде ойын жеткізді. Қалалық мәслихат депутаты Қанат Естек, белгілі журналист, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Мұратбек Тоқтағазин өздерінің елордаға келген жылдарынан естеліктерін айтты. Жиын Астана жайлы әсем әнмен көркемделді.





https://www.astana-akshamy.kz/news/qaraotkel-astana-gasyrlar-sabaqtastygy

ТАРИХТАН ТАҒЫЛЫМ, БҮГІНГЕ ТАҒЗЫМ, БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

2026 жылғы 19 тамызда Тарлан – Астана жеңіл метрополитені жүйесінің «Бәйтерек» станциясында Астана қаласының Мемлекеттік архивінің ұйымдастыруымен «Тарихтан тағылым, бүгінге тағзым, болашаққа бағдар» атты фото-құжаттық көрме өтті.



Елорданың өткені мен бүгінін сабақтастыра танытқан тағылымды шараның негізгі мақсаты – архив қорларында сақталған тарихи құжаттар мен фотоматериалдар арқылы Астананың қалыптасу және даму кезеңдерін кеңінен насихаттау, тарихи-мәдени мұраны дәріптеу және өскелең ұрпақтың туған өлке тарихына деген қызығушылығын арттыруКөрме бағдарламасы аясында Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының Архив ісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы Жангүл Құдабайқызы кіріспе сөз сөйлеп, тарихи құжаттардың ел жадын сақтаудағы маңызына тоқталды. Архив – өткен мен бүгінді жалғап, тарихи сананы қалыптастыратын құнды рухани-мәдени орта екені атап өтілді.



Көрме барысында көпшілік назарына ұсынылған фотосуреттер мен құжаттар елорданың әр кезеңдегі тыныс-тіршілігін, қала келбетінің өзгеруі мен заманауи Астананың қалыптасу жолын айшықтай түсті. Архивтік деректер арқылы кешегі Ақмоланың бүгінгі әлемдік деңгейдегі елорда – Астанаға дейінгі тарихи эволюциясын бағамдауға мүмкіндік туды.

Іс-шараның мазмұнын мәдени-рухани бағдарлама да толықтырды. Астана қаласының Нұра ауданы бойынша Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы жанынан құрылған **«Атамекен» өнер ұжымы** көрме қонақтарына арнайы өнер көрсетті. Ұжым мүшелері көрермендерге Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» және Сағи Жиенбаевтың «Айналдым, елім» әндерін орындап, шараның мазмұнын отансүйгіштік рухпен сабақтастырды.





Көрме – тарихи құжаттарды көпшілікке таныстырумен ғана шектелмей, ұлт жадын жаңғыртып, өткенге құрметпен қараудың, бүгінгі жетістіктерді бағалаудың және келешекке сеніммен қараудың маңызын айқындаған тағылымды мәдени-ағартушылық бастама болды.

Өткенді зерделеу – бүгінді бағалауға, болашақты бағдарлауға жол ашады. Архивте сақталған әрбір құжат – ел тарихының бір үзігі, ал сол тарихи мұраны ұрпақ санасына жеткізу – уақыт алдындағы жауапкершіліктің маңызды көрінісі.

ҚОСШЫҒҰЛОВТАР ӘУЛЕТІНІҢ КӘСІПКЕРЛІГІ ЭКРАНҒА ЖОЛ ТАРТПАҚ



XIX ғасырдың соңындағы Ақмоланы елестетіп көріңіз. Қалада сауда қызу жүріп жатыр. Жәрмеңкелерге алыс өңірлерден тауар келеді. Бірақ осы кезеңде қазақ кәсіпкерлерінің бірі дайын өнімді сырттан күтпей, оны өз қаласында өндіруге кірісті. Қосшығұловтар әулеті ашқан кондитерлік фабрика сол заман үшін жай ғана өндіріс орны емес, қазақ даласындағы жаңа кәсіпкерлік ойдың белгісіне айналды. Енді осы тарих «Қосшығұлов. Шоколад фабрикасы» атты тарихи фильм арқылы қайта жаңғырып жатыр.

Ақмоладағы тәтті өндірісінің бастауы

XIX ғасырдың екінші жартысында Ақмола біртіндеп сауда-саттық пен кәсіпкерлік дамыған қалалардың біріне айнала бастады. Қаланың экономикалық өмірінде жергілікті көпестердің рөлі артып, саудамен қатар өндіріс орындары да пайда болды. Сол ортада есімі ерекше аталған әулеттердің бірі – Қосшығұловтар.



Әулеттің негізін қалаған Баймұхамбет Қосшығұлов ұн тарту кәсібімен айналысып, кейін өндірісті кеңейтуге ден қояды. Оның ұлдары да отбасылық кәсіптің дамуына араласқан.

1895 жылы Ақмолада «Қосшығұлов пен ұлдары» атты кондитерлік фабрика іске қосылады. Бұл жерде бүгінгі түсініктегі бір ғана өнімге маманданған шағын цех емес, сол кезеңнің талабына сай түрлі тәтті өнім шығаратын кәсіпорын жұмыс істеген. Фабрикада пірәндік, печенье, кептірілген нан, зефир, халуа, шоколад пен кәмпиттің түрлері өндірілген.

Қосшығұловтардың кәсіпкерлігін ерекшелендіретін тұс – өндіріс пен сауданың қатар жүруі. Әулеттің Ақмолада бірнеше сауда дүкенін ұстағаны туралы деректер бар. Яғни олар тек өнім шығарып қана қоймай, оны тұтынушыға жеткізудің өзіндік жүйесін де қалыптастырған.



Бүгінгі тілмен айтқанда, Қосшығұловтар сол заманның толыққанды бизнес-моделін қалыптастыруға ұмтылған: шикізат, өндіріс, сауда және нарық – барлығы бір кәсіпкерлік жүйенің ішінде болған.

«Қазақ тек мал бақты» деген түсінікке сыймайтын тарих

Қосшығұловтар тарихының құндылығы шоколад немесе кәмпит өндірісінің өзінде ғана емес.

Қазақ қоғамының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы экономикалық тарихы көбіне мал шаруашылығымен байланыстырыла баяндалады. Ал Қосшығұловтардың тәжірибесі қазақ арасында саудамен ғана емес, өндіріс пен технологияға қызыққан кәсіпкерлердің де болғанын көрсетеді.

Кондитерлік фабрикамен қатар әулеттің басқа да өндіріс бағыттарына қатысы болғаны жөнінде тарихи деректер кездеседі. Олардың кәсіпкерлік ауқымы тері өңдеу, кірпіш өндірісі, сауда және басқа да салаларға тараған.

Бұл – Қосшығұловтарды жай ғана «бай көпестер» ретінде емес, өз дәуіріндегі экономикалық өзгерістерді түсінуге тырысқан кәсіпкерлер ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Олардың арманы мұнымен де шектелмеген. Деректерде Қосшығұловтардың автомобиль өндірісін қолға алуды жоспарлағаны айтылады. Яғни XX ғасыр табалдырығында Ақмолада өмір сүрген кәсіпкерлердің ой-өрісі сол кезеңнің жаңа технологияларына дейін жеткен.



Патша сарайына жеткен Ақмола өнімі

Қосшығұловтар фабрикасының тарихындағы ең қызықты деректердің бірі – оның өнімдерінің Ресей нарығына шығуы.

1915 жылы фабрикаға «Ресей император мәртебесінің сарайына тапсырушы» деген құрметті атақ берілгені туралы мәлімет бар. Бұл сол кезеңдегі кәсіпкер үшін өнімнің сапасы мен нарықтағы беделін білдіретін жоғары мәртебелердің бірі еді.

Осылайша Ақмолада өндірілген шоколад пен кондитерлік өнімдер жергілікті қала тұрғындарының ғана емес, кеңірек нарықтың тұтынуына жол тартты.

Бүгінгі Астана мен сол кездегі Ақмоланың арасы уақыт жағынан ғана емес, экономикалық тұрғыдан да алшақ көрінуі мүмкін. Бірақ осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын қалада өз өнімін жасап, оны басқа өңірлерге ұсынған кәсіпкерлердің болғаны – қаланың кәсіпкерлік тарихының терең тамыры бар екенін көрсетеді.

Тарих – архивтен экранға

Қосшығұловтар туралы деректердің бір бөлігі уақыт өте келе көмескіленіп, әулеттің есімі көпшілікке кеңінен таныла бермеді. Енді бұл тарих киноға айналмақ.

Бұл фильм «Шабдалы», «Жамбыл», «Zero қарыз», «Али» фильмдерінің режиссері Жандос Құсайыновтың алты жылдық ізденісінен шыққан туынды.

Режиссер «Қосшығұлов. Шоколад фабрикасы» тарихи драмасының сценарийін жазу барысында Ресейдің Санкт-Петербург, Омбы және Мәскеу қалаларының архивтерін қазбалап үлкен ізденіспен дүниеге келген туынды – қазақ тарихында көп айтыла бермейтін кәсіпкерлік тұлғаларды экранға шығаруды мақсат еткен.

Бұл ретте фильмнің атауындағы «шоколад фабрикасы» сөзінің өзі бір әулеттің ғана кәсібін емес, тұтас дәуірдің өзгерісін білдіреді.

Өйткені фабрика – қазақ қоғамында өндірістік ойлау қалыптаса бастағанының бір көрінісі. Ал оның иелері үшін кәсіп тек пайда табудың жолы емес, жаңа мүмкіндіктерді іздеудің құралы болған.

Ибраим БАБАЕВ

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі
Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің
Ұлттық архив қорын пайдалану және
мемлекеттік қызметтер басқармасының басшысы

ҚАЗАҚСТАН ТМД ЕЛДЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНДА АРХИВ ІСІН ДАМЫТУ ТӘЖІРИБЕСІН ТАНЫСТЫРДЫ

2026 жылғы 9-10 қыркүйекте Беларусь Республикасының Минск қаласында ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік архив қызметтері басшыларының консультативтік кеңесінің XXII отырысы өтті.

Отырысқа Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей Федерациясы, Тәжікстан және Өзбекстан Республикасының өкілдері, сондай-ақ ТМД Атқарушы комитетінің өкілдері қатысты.



Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы - мемлекеттердің мемлекеттік архив қызметтері басшыларының Консультативтік кеңесінің XXII отырысы. 9 қыркүйек 2026 жыл. Минск қаласы

Отырыс барысында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің басқарма басшысы Ибраим Әлімханұлы Бабаев Қазақстан Республикасындағы архив ісінің жай-күйі мен дамуы туралы хабардар етті.



“Сохранность Национальных архивных фондов: практика и перспективы” халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы. Минск қаласы

Атап айтқанда, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің мемлекеттік архив қызметтерінің басшылары 2025-2026 жылдары архив ісі саласында қабылданған нормативтік құқықтық актілер, ақпараттық жүйелер мен электрондық архив қызметтерін енгізу, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ архив саласын материалдық-техникалық жарақтандыру туралы мәліметтер ұсынылды.



Сонымен қатар, «Сохранность Национальных архивных фондов: практика и перспективы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында ҚР Орталық мемлекеттік архивінің директоры Сәбит Қамытбекұлы Шілдебай Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын сақтау жағдайы және мәселелері туралы баяндама жасады.

Іс-шара аясында Мемлекеттік архив қызметтерінің қызметін жетілдіру, заманауи цифрлық технологияларды енгізу, Ұлттық архив қорларының сақталуын қамтамасыз ету және архив құжаттарына қолжетімділікті кеңейту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

ТМД Атқарушы комитетінің Штаб-пәтері.
9 қыркүйек 2026 жыл. Минск қаласы

Қазіргі жағдайда архив саласының цифрлық трансформациясы ерекше маңызға ие. Ақпараттық жүйелер мен электрондық архивтік қызметтерді енгізу, архивтік құжаттарды жинақтау, сақтау, есепке алі және пайдалану процестерін жетілдіруге, сондай-ақ халыққа архивтік қызметтер көрсету сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Одан бөлек, ТМД елдерінен келген делегаттарға Беларусь Республикасы Ұлттық архивінің қоймасында сақтауда тұрған Ұлы Отан соғыс жылдарындағы қазақ, қырғыз, өзбек, әзірбайжан, тәжік, ресей жауынгерлеріне қатысты архивтік құжаттарды көрсетіп,

жалпы архивтің тыныс тіршілігімен таныстырды. Сондай-ақ, Беларусь пен Қазақстан Республикасының архив ісі саласындағы халықаралық ынтымақтастық жөнінде келіссөздер жүргізіліп, тәжірибе алмасу шаралары жүзеге асырылды.



Беларусь Республикасының мемлекеттік Ұлы Отан соғысы тарих музейі.
Қазақстандық делегаттар.
10 қыркүйек 2026 жыл. Минск қаласы

Құрметті әріптестер!

Астана қаласының мемлекеттік архиві Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресімен бірге «Архив хабаршысы» ғылыми-көпшілік, ақпараттық- әдістемелік журналын 2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығарады.

Журналда тарих методологиясы, тарихнама және деректану, архив ісінің тарихы мен тәжірибесі, іс жүргізу, өлкетану, тұлғатану мәселелері бойынша ғылыми мақалалар, архив деректері, сонымен қатар, танымдық, ағартушылық, ақпараттық бағыттағы шолулар, мақалалар мен пікірлер жарияланады.

Редакция қолжазбаларды электронды форматта қабылдайды. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) мәтінге жазылған жеріне қойылады. Мақала мәтіні ҒТАХР-нан басталуы керек (Ғылыми-техникалық ақпараттық халықаралық рубрикаторы мына сілтеме арқылы анықталады http://grnti.ru/)

Автор/авторлар туралы ақпарат *(әр жолы жаңа жолдан)*:

- Автордың/авторлардың аты, әкесінің аты, тегі
- Ұйым атауы, қаласы, елі
- E-mail

Мақаланың тақырыбы 10 сөзден аспауы керек:

- қалың қаріп
- бас әріптермен, ортасынан

Аннотация (200-300 сөз). Аннотация мәтінінде абзац, дәйексөздер, аббревиатура болмауы керек. Аннотацияда көлемді формула, мақала тақырыбын қайталау, жұмыс мәтіні мен әдебиеттер тізіміне сілтеме болмауы тиіс. Мақаланың ерекшеліктері мен құрылымын сақтай отырып, қысқаша мазмұны беріледі. Фрагменттерді курсивпен жазуға, астын сызуға және т.б. болмайды.

Кілт сөздер (10-12 сөз)

Кілт сөздер 12 сөзден аспайтын жеке сөздерден де, сөз тіркестерінен де тұруы мүмкін. Оларды курсивпен немесе қалың қаріппен жазуға болмайды.

Мақаланың құрылымы:

- Кіріспе
- Әдістер мен әдістеме
- Талқылау
- Нәтижесі (мақаланың негізгі бөлігі)
- Қорытынды
- алғыс (егер жұмыс грант бойынша дайындалған болса немесе осы мақаланың шығуына үлес қосқан, бірақ оның авторлары болып табылмайтын әріптестердің еңбегін көрсету қажет болса қосуға болады);
- әдебиет – референс. **Әдебиеттер тізімінде соңғы бес жылда жарияланған мақалалар қамтылуы керек.**

Қолжазбалар электронды форматта қабылданады. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, график, диаграмма және т.б.) мәтіннің ішінде орналастырылады.

Мәтін Times New Roman қарпімен теріледі, қаріп өлшемі – 14 кегль, жоларалық интервал – бір, жиектері (барлығы) – 2 см, абзац шегінісі – 1 см, мақалалар мен архив құжаттарының мәтіндерінің стандартты көлемі 50 000 таңбаға дейін (метадеректер мен әдебиеттер тізімін есепке алмағанда 14-16 бет), ақпараттық материалдар, оның ішінде шолулар мен сыни пікірлер – 1000-3000 сөз.

Дереккөздерге сілтемелер дәйексөзден кейін тік жақшада дәйексөз көзінің реттік нөмірін және бетті көрсете отырып беріледі, мысалы [1, *л*. 25].

Әдебиеттер тізімі мақала мәтінінен кейін орналастырылады. Ресурстың электрондық мекенжайын ғана көрсетуге рұқсат етіледі. Мысалы: URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377

Электронды кітаптарға, журналдарға, газеттерге және т.б. сілтемелер дәл осылай ресімделеді.

Кестелер мен графикалық ақпаратқа қойылатын талаптар

Егер ғылыми мақалаға кестелер мен графикалық ақпараттар (сызбалар, суреттер, фотосуреттер) қоса берілсе, онда олар электронды журналдың талаптарына сәйкес ресімделуі керек.

Кестелер тікелей мақала мәтініне енгізіліп, нөмірленуі және мақала мәтінінде оларға сілтеме болуы керек. Суреттер, графикалар стандартты форматтардың бірінде ұсынылуы керек: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Нүктелік суреттерді 600 dpi тұнықтықпен орындау қажет. Суреттерде барлық бөлшектер анық көрсетілуі керек.

Әдебиеттер тізімі

Мақала мәтінінде тек сілтеме жасалған дереккөздер (дәйексөздер ретімен немесе ағылшын алфавиті бойынша нөмірленген) ғана болуы керек. Нәтижелері дәлелдемеге пайдаланылған, бірақ жарияланбаған жұмыстарға сілтемелер жіберілмейді. Қолжазбаларды жариялау үшін авторлардан ақы алынбайды.

Әдебиеттер тізімінен кейін библиографиялық мәліметтерді (мақала атауы, автордың (авторлардың) аты-жөні, ұйымның толық атауы, қаласы, елі, автор(лар)дың электрондық поштасы), сонымен қатар, аннотация мен кілт сөздерді орыс және ағылшын тілдерінде (егер мақала қазақ тілінде жазылса), қазақ және ағылшын тілдерінде (егер мақала орыс тілінде жазылса), орыс және қазақ тілдерінде (егер мақала ағылшын тілінде жазылса) көрсету қажет.

Содан кейін библиографияның ағылшын және транслитерацияланған бөліктерінің тіркесімі беріледі. Транслитерация http://translit-online.ru/ онлайн платформасы арқылы жүзеге асырылады.

Бұл онлайн платформа қазақ әліпбиінің нақты әріптерін транслитерацияламайды. Авторлар бұл жерде қазақша мәтінді транслитерациядан кейін келесі ережелерге сәйкес түзетулер енгізуі керек:

ә ғ ң ө ү Ұ қ і

a ғ n o y Y k я

Егер дереккөздің ресми аудармасы болса және ағылшын тілінде жарияланған болса онда әдебиеттер тізімінің ағылшын және транслитерацияланған бөлігінің тіркесімінде ағылшын тіліндегі ресми аудармасын көрсету қажет.

Мақала қолжазбалары қайтарылмайды және оған пікір білдірілмейді. Мақаланың мазмұнына автор жауап береді.

Редакцияның мекен-жайы: *«Астана қаласының Мемлекеттік архиві» ММ, Қазақстан, 010000, Астана қ., М.Әуезов көш., 3, Телефон: 8-7172-280723 (134); E-mail:* info@gosarhiv.kz *немесе* s.bayakhmetov@gosarhiv.kz

Уважаемые коллеги!

Государственный архив города Астана с Национальным конгрессом историков Казахстана с 2021 ежеквартально выпускает научно-популярный и информационно- методический журнал «Архив хабаршысы».

В журнале публикуются научные статьи, исследование, архивные документы по вопросам методологии истории, историографии и источниковедения, истории и практики архивного дела, делопроизводства, краеведения, персонализма, а также обзоры, сообщения познавательного, просветительского и информационного характера.

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т.д.) помещаются внутри текста. Текст статьи должен начинаться с МРНТИ (Международный рубрикатор научно-технической информации; определяется по ссылке http://grnti.ru/)

Информация об авторе/авторах *(каждый раз с новой строки):*

• Имя, отчество, фамилия автора/авторов

• Название организации, город, страна

• E-mail

Название статьи не должно содержать более 10 слов:

• шрифт полужирный

• расположение по центру страницы

Аннотация (200-300 слов). Текст аннотации не должно быть абзацев, цитирование, аббревиатур. Аннотация не содержит громоздких формул, не повторяет название статьи, не содержит ссылок на текст работы и список литературы. Аннотация дает краткое изложение статьи, отражая ее особенности и сохраняя структуру статьи. Не допускается выделение фрагментов курсивом, подчеркиванием и т. д.

Ключевые слова (10-12 слов)

Ключевые слова могут состоять как из отдельных слов, так и из фраз, не более 12 слов. Их нельзя писать курсивом или жирным шрифтом.

Структура статьи:

• Введение

• Методы и методология

• Обсуждение

• Результат (основная часть статьи)

• Заключение

• благодарность (если работа подготовлена по гранту или по данной статье труда коллег, которые внесли свой вклад в создание, но не являются его авторами можно добавить, если нужно показать);

• литература – референс. **Список литературы должен включать статьи, опубликованные за последние пять лет.**

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т. д.) помещаются внутри текста.

Текст набирается шрифтом Times New Roman, размер шрифта - 14 кеглей, межстрочный интервал-одинарный, поля (всего) - 2 см, отступ абзаца-1 см, стандартный объем текстов статей и архивных документов до 50 000 знаков с пробелами (14-16 страниц без учета метаданных и списка литературы), информационные материалы, в том числе обзоры и критические комментарии-1000-3000 слов.

Ссылки на использованные источники приводятся после цитаты в квадратных скобках с указанием порядкового номера источника цитаты и страницы, например [1, л. 25].

Список литературы размещается после текста статьи. Допускается указание только электронного адреса ресурса. Пример: URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377

Аналогично оформляются ссылки на электронные книги, журналы, газеты и т. д.

Требования к таблицам и графической информации

Если к научной статье прилагаются таблицы и графическая информация (чертежи, рисунки, фотографии), то они должны быть оформлены в соответствии с требованиями электронного журнала.

Таблицы должны быть включены непосредственно в текст статьи, должны быть пронумерованы и сопровождаться ссылкой на них в тексте статьи. Рисунки, графики должны быть представлены в одном из стандартных форматов: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Точечные рисунки следует выполнить с разрешением 600 dpi. На чертежах должны быть четко представлены все детали.

Список литературы

Ссылка должно содержать только те источники (пронумерованные в порядке цитирования или в английском алфавитном порядке), на которые есть ссылки в тексте статьи. Ссылки на неопубликованные работы, результаты которых используются в доказательствах, не принимаются. Авторам рекомендуется исключить ссылки на страницы и следовать следующему шаблону: номер главы, номер абзаца и т.д.

После списка литературы необходимо указать библиографические сведения (наименование статьи, Ф. И. О. автора (авторов), полное наименование организации, город, страну, адрес электронной почты автора(ов)), а также аннотацию и ключевые слова на русском и английском языках (если статья написана на казахском языке), казахском и английском языках (если статья написана на казахском языке если статья написана на русском языке), на русском и казахском языках (если статья написана на английском языке).

Затем предоставляется комбинация английской и транслитерированной частей списка литературы. Транслитерация осуществляется с использованием онлайн-платформы http://translit-online.ru/. Эта онлайн-платформа не транслитерирует специфические буквы казахского алфавита. Авторам следует внести здесь исправления после транслитерации казахского текста в соответствии со следующими правилами:

ә ғ ң ө ү Ұ қ і

a g n o u Y k ya

Если источник имеет официальный перевод и опубликован на английском языке, официальный перевод на английский язык должен быть указан в сочетании английской и транслитерированной частей ссылок.

Плата за публикацию рукописей не взимается с авторов. Рукописи статьи не возвращаются и не комментируются. За содержание статьи отвечает автор.

Адрес редакции: *ГУ «Государственный архив города Астана», Казахстан, 010000, г. Астана, ул. Ауэзова, 3, Телефон: 8-7172-280723 (134); E-mail:* info@gosarhiv.kz *или* s.bayakhmetov@gosarhiv.kz

Dear colleagues!

The State Archive of the city of Astana with the Kazakhstan National historians' congress beginsto publish a popular scientific and information-methodical journal «Arhiv habarshysy».

The journal publishes scientific articles, archival data on the methodology of history, historiography and source studies, the history and practice of archival affairs, local history, personalism, as well as reviews and comments of cognitive, educational and informational orientation.

The editorial board accepts manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, diagrams, etc.) are placed inside the text. The text of the article should begin with IRSTI (International rubricator of scientific and technical information; determined by the link http://grnti.ru/)

Information about the author / authors *(each time on a new line):*

- Name, patronymic, surname of the author/authors
- Organization name, city, country
- E-mail

The title of the article should not contain more than 10 words:

- font bold
- location in the center of the page

Abstract (200-300 words). The text of the abstract should not contain paragraphs, citations, abbreviations. The abstract does not contain cumbersome formulas, does not repeat the title of the article, contains links to the text of the work and the list of references. The abstract gives a brief summary of the article, reflecting its features and maintaining the structure of the article. Selection of fragments in italics, underlining, etc. is not allowed.

Keywords (10-12 words)

Key words can consist of both individual words and phrases, in any case not exceeding 12 words. They cannot be italicized or bold.

Article structure:

- Introduction;
- Methods and methodology
- Discussion
- Results (main part of the article)
- Conclusion
- gratitude (this section is included if the work was prepared under a grant or there is a need to acknowledge colleagues who contributed to the appearance of this article, but are not its co-authors);
- literature - reference. References should include articles published in the last five years.

The editors accept manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, charts, etc.) are placed inside the text.

The text is typed in Times New Roman, font size is 14 pt, line spacing is single, margins (total) are 2 cm, paragraph indentation is 1 cm, the standard volume of articles and texts of archival documents is up to 50,000 characters with spaces (14-16 pages without taking into account metadata and list of references); information materials, including reviews and reviews - 1000-3000 words.

References to the sources used are given after the quote in square brackets, indicating the ordinal number of the source of the quote and the page, for example [1, l. 25].

The list of references is placed after the text of the article. Only the e-mail address of the resource is allowed. Example: URL:http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377 Accessed:

Links to e-books, magazines, newspapers, etc. are formatted in the same way.

Requirements for tables and graphic information

If a scientific article is accompanied by tables and graphic information (diagrams, figures, photographs), then they must also be formatted in accordance with the requirements of the electronic journal.

Tables should be included directly in the text of the article, should be numbered and accompanied by a link to them in the text of the article. Figures, graphics must be submitted in one of the standard formats: PS, PDF, TIFF, GIF, JPEG, BMP, PCX. Bitmaps should be done at 600 dpi. The drawings must clearly show all the details.

Bibliography

The reference should contain only those sources (numbered in citation order or in English alphabetical order) that are referenced in the text of the article. References to unpublished works whose results are used in proofs are not accepted. Authors are advised to exclude page references and follow the following pattern: chapter number, paragraph number, etc. Otherwise, incorrect references may occur when preparing the English version of the article.

After the list of references, it is necessary to indicate bibliographic data (title of the article, full name of the author (authors), full name of the organization, city, country, e-mail address of the author (s), as well as annotations and keywords) in Russian and English (if the article is written in Kazakh), in Kazakh and English (if the article is written in Russian), in Russian and Kazakh (if the article is written in English).

Then a combination of the English and transliterated parts of the bibliography is provided. Transliteration is carried out using the online platform http://translit-online.ru/. This online platform does not transliterate specific letters of the Kazakh alphabet. Authors should make corrections here after transliterating the Kazakh text in accordance with the following rules:

ә ғ ң ө ү ұ қ і

a g n o u y k i

If the source has an official translation and has been published in English, the official English translation must be given in a combination of the English and transliterated parts of the references.

The authors are not charged for the publication of the manuscripts.

The manuscripts of the article are not returned and are not commented on. The author is responsible for the content of the article.

Editorial office address: *State Archive of the city of Astana, Kazakhstan, 010000, Astana, st. Auezova, 3, Phone: 8-7172-280723 (134); E-mail:* info@gosarhiv.kz *or* s.bayakhmetov@gosarhiv.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген
тіркеу № KZ04VPY00027990

Біздің мекен-жайымыз:
010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы,
М. Әуезов көшесі, 3-үй
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 119,134)
e-mail: info@gosarhiv.kz

ЕЛОРДА ТАРИХЫНАН



1920 жылдардардағы Ақмола өңіріндегі ауыл мектебі

Астананың білім беру тарихы бір күнде қалыптасқан жоқ. Оның бастауында Ақмола қаласы мен уезіндегі алғашқы мектептер, ауылдардағы оқу орындары, ұстаздар мен ағарту ісін ұйымдастырушылар тұр. Сол тарихтың үнсіз куәгерлері – архив сөрелерінде сақталған құжаттар.

1918 жылғы наурыз айында Ақмола Совдепінің (Кеңес депутаттары кеңесінің) қаулысы негізінде Ақмола уездік халық ағарту кеңесінің (УОНО) ұйымдастырылуы – осы кезеңдегі маңызды оқиғалардың бірі.

Ал 1919 жылғы желтоқсанда Ақмола ревкомы жанынан уездік халық ағарту бөлімі құрылды. 1920 жылғы шілдеден бастап ол Ақмола уездік атқару комитеті жанындағы халық ағарту бөлімі ретінде жұмыс істей бастады.

Осылайша, Ақмола уезінде білім беру ісін жүйелі түрде ұйымдастыратын арнайы құрылым қалыптасты. Бұл құжаттар Астана қаласының мемлекеттік архивіндегі 116-қорда сақталған. Құжаттар 1920 жылдан басталады.

